



YESSENOV
UNIVERSITY

12 **ҒЫЛЫМ**
сәуір қызметкерлерінің күні

**«ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ ӨНДІРІСІНІҢ
ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары

14 сәуір 2023

Ақтау

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

14 сәуір, 2023

ТОМ II

Ақтау

**ӘОЖ 001
КБЖ 72
К96**

**Жалпы редакциясын басқарған – Есенов университетінің
президент-ректоры Б.Б.Ахметов**

Редакциялық алқа:

**А.А. Сейдалиев, С. Сырлыбыққызы, М.М. Ибраева, Г.Ж. Жүнелбаева
А.М. Джанисенова**

**ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары. Ақтау:**

**Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
2023, - 412 б.**

ISBN 978-601-308-712-2

Жинаққа еліміздің және шетелдің білім беру және STEM-білім беру саласының негізгі мәселелері, Жаратылыстану мен іргелі ғылымдар және экология саласындағы зерттеулер нәтижелері мен Маңғыстау өңірінің тарихы мен туризм, логистика және экономиканың даму перспективалары бойынша өзекті мәселелері зерделенген шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың, студенттердің мақалалары енгізілген.

Жинақ ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

**ӘОЖ 001
КБЖ 72
К96**

**© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2023**

ISBN 978-601-308-712-2

СЕКЦИЯ №3 БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕР, STEM-БІЛІМ БЕРУ

СЕКЦИЯ №3 НАУЧНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ В ОБЛАСТИ
ОБРАЗОВАНИЯ, STEM-ОБРАЗОВАНИЕ

SECTION №3 SCIENTIFIC AND APPLIED ASPECTS IN THE FIELD OF
EDUCATION, STEM EDUCATION

UDK 37.022

TEACHER'S PERCEPTIONS OF STEM EDUCATION AND DIFFICULTIES IN
IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN

A. Sautkali¹, A. Beisenbek²

¹Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

²Suleyman Demirel University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The purpose of this study was to investigate teachers' perceptions regarding science, technology, engineering, and mathematics (STEM) education in Kazakhstan. This study included 44 science teachers from various regions of Kazakhstan as participants. Male participants made up 27.3% of the total, while females made up 72.7%. We used cross-tabulation and chi-square analyses to look at differences in teachers' personal characteristics and the number of STEM lessons they teach per month. The findings indicated that math teachers had a favorable opinion of the STEM lessons ($p=0.025$). The Kruskal-Wallis test was used to determine the connection between teachers' perceptions of STEM education and their individual qualities. The outcome demonstrates There is no link between teachers' attitudes toward STEM education and their personal characteristics. ($p=0.279$).

Keywords: science, technology, engineering, mathematics

The importance of education focused on developing the so-called "skills of the 21st century", such as thinking critically, solving problems, creating digital solutions and products, etc. is being emphasized. All schools were forced to switch to a distance learning format after Covid-19, and the demand for specialists who are equally familiar with their subjects and digital tools has increased many times over. International PISA, TIMSS, and other studies have shown that we need STEM education for the development of education and the country's economy. [1]

All countries nowadays are interested in STEM education, because the statistics show us the brilliant results: having STEM lessons and integrating STEM into real life impacts the whole country's growth.

In the United States, STEM education has been acknowledged as a significant educational innovation and as an instructional strategy to educate students for the global economy of the twenty-first century (Yakman & Lee, 2012). [2] Therefore, Hong Kong emphasizes STEM education as a vital step in encouraging students to develop a creative attitude (EDB 2016) etc. [3] A simple Google search with the term "STEM," "STEM education," or "STEM education research" all returned more than 450,000,000 items. Such a large amount of data reflects the active and quickly evolving subject of STEM education (2020) [4]. There is so much research about STEM education generally that it becomes a trending subject to discuss and involve in.

For instance, Korea made brief research on why they are interested in STEM, in the most recent PISA (i.e., 2012), Korea reached the fifth highest mean score in mathematics among the 64 PISA participating countries, however Korean students show less interest in studying science and mathematics (OECD, 2014). [5] For them was interesting this contradictory situation, and that's

why they invest to understand where the mistake is and to be guided by this they want to implement this education.

Across OECD countries in 2018 PISA, an average of 76% of students have achieved this level of proficiency in mathematics. 2% of students in Kazakhstan achieved level 5 or higher in mathematics, compared with an OECD average of 11%. So that's why our last Ministry of Education of Kazakhstan tried to enroll in the educational system STEAM as the main idea. In the "State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025" the word STEM occurs only once, and in the previous program (2016-2019) twice... [1]. There is no exact reform about the involvement of STEM because to enroll it, will take too much time and effort, that's why the people who work in the educational field, and in universities do abbreviations about it. Such educational organizations such as Caravan of Knowledge have appeared, which promotes STEAM education in Kazakhstan, professional development of teachers, teach school children knowledge and skills outside the school curriculum and conduct pieces of training, courses, workshops, and lectures.

So some reforms will be done immediately if the people are ready to perceive it first. In a while, considering STEM education in schools is important because effective science and mathematics integration greatly relies on teachers' knowledge (Pang & Good, 2000) [6]. As mentioned in (Anderman et al., 2012; Schwichow et al., 2015), many Liberian teachers have limited experience and poor performance in teaching STEM-related subjects. Since numerous studies have shown that practical experience and innovative problem-solving remain essential in the educational process, it is becoming more and more crucial to develop the STEM skills of these scientific teachers. [7-8] So it means that the perception and knowledge of teachers about STEM education become the main tool in this field. That's why in this article we want to find Kazakhstan's teachers' perception of STEM education precisely.

Research questions:

- Is there a difference between school type (location, teacher's educational level, experience, subjects) and the amount of STEM lessons per month?
- What is the relationship between teachers' perceptions of STEM education and their personal characteristics (educational level, age group, school type and subjects) ?

Methodology

The aim of the study is to understand the current status of stem education in Kazakhstan. In this study 44 teachers were surveyed 19 items across Kazakhstan. Responses were collected by google forms and sent by social networks. In this study questionnaires participants set 5-point Likert scale, scaled questions (1 = "Strongly Disagree", 5 = "Strongly Agree") measuring teacher's perceptions of STEM education and difficulties in implementation in Kazakhstan. The questions were developed by H. Park's team in 2016. The use of questions was approved by the appropriate authorities. Kazakhstan teacher simplified the language of the questions to aid comprehension.

Participants

The respondents involved 44 science teachers aged between 17 and 60 years old and from different regions in Kazakhstan. Gender proportion of participants male 27.3% and female 72.7%. The frequency was determined by the number of times they taught each month (1-2 lessons per month, 3-4 lessons per month, every lesson and other). Frequencies of subjects which they taught STEM lessons (54.5% maths, 6.8% physics, 13.6% computer science, 11.4% biology, 4.5% geography, 9.1% chemistry) and the proportion of teaching experience was also determined. School types and educational level of teachers are involved in the study. The respondents were divided into 3 groups which are based on location they taught (77.3% city, 6.8% city region, 15.9% village).

Results

The Shapiro-Wilk test was used to determine the normality of the obtained data. In this study we used non-parametric ANOVA, i.e., the Kruskal-Wallis test, for non-normally distributed data.

Our first question was: is there a difference between school type and the amount of STEM lessons per month? In our study there were five types of school. We carried out a cross tabulation method and chi square to see the teacher's STEM lessons per month and school type. There was not a statistically significant difference between school type/school location/educational level/teaching experience and the amount of STEM lessons per month ($p=0.580$, $p=0.841$, $p=0.347$, $p=0.144$). In our study there were six types of subjects. We carried out a cross tabulation method and chi square to see the difference between the teacher's STEM lessons per month and teaching subjects ($p=0.025$). Cross tabulation and chi square results show that there was a statistically significant difference between teaching subjects and the amount of STEM lessons per month. For example, math teachers who taught STEM lessons 1-2 times per month in the expected area have a 7.091 and a 10 in the observed section. It indicates that a math teacher is interested in STEM lessons during the class. We also discovered that physics and biology teachers are enthusiastic about STEM education.

Our second question was: what is the relationship between teachers' perceptions of STEM education and their personal characteristics? (educational level, age group, school type and subjects). The normality of teacher scores in STEM education was assessed. According to the Shapiro-Wilk test, the scores were not-normally distributed ($p=0.001$). Hence, we offered the Kruskal-Wallis test in this instance. The nonparametric alternative to ANOVA is Kruskal-Wallis. There is no connection between teachers' perceptions of STEM education and their personal characteristics, according to the Kruskal-Wallis test (Table 2)

χ^2	df	p	
General information about STEM	1.1698	1	0.279
Impact of STEM	1.1628	1	0.281
Challenges in implementing STEM	0.0116	1	0.914

Table 2. Kruskal-Wallis test

Discussion and conclusion

In this study, we discovered that, in general, teachers have a positive attitude toward STEM education and the subjects that they teach. In general, math teachers are eager to create STEM lessons (H. Park et. al, 2016). In this study, we can also see that the majority of teachers answered "others" to STEM lessons per month, indicating that they either lack general STEM knowledge or lack the necessary qualifications to prepare STEM lessons (Sanders M, 2009).

We sought to discover the relationship between teachers' perceptions of STEM education and their personal characteristics in this study. The findings show that there is no significant relationship between them.

REFERENCES

1. N.Imangaliyev, D.Sagadatova, M. Omasheva, G. Khairiyeva, D. Turdaly, N.Karimova, Y. Akkisev. STEM образование в Казахстане: текущее состояние и перспективы развития, 2020, 4-133.
2. Yakman, G., & Lee, H. (2012). Exploring the exemplary STEAM education in the US as a Practise Educational framework for Korea. Journal of Korea Association Science Education, 32(6), 1072-1086.
3. Hong Kong EDB. (2016). Promotion of STEM education: Unleashing potential in innovation. Hong Kong: Hong Kong Education Development Bureau.
4. Yeping Li, Ke Wang, Yu Xiao and Jeffrey E. Froyd. Li et al. International Journal of STEM Education (2020) 7:11
5. OECD. (2014). PISA 2012 results: What students know and can do – Student performance in mathematics, reading, and science volume I. Paris, France: OECD Publishing.

6. Pang, J., & Good, R. (2000). A review of the integration of science and mathematics: Implications for further research. *School Science and Mathematics*, 100(2), 73–82.
7. Anderman, E. M., Sinatra, G. M., & Gray, D. L. (2012). The challenges of teaching and learning about science in the twenty-first century: Exploring the abilities and constraints of adolescent learners. *Studies in Science Education*, 48(1), 89–117.
8. Schwichow, M., Croker, S., Zimmerman, C., Höffler, T., & Härtig, H. (2015). Teaching the control-of-variables strategy: A meta-analysis. *Developmental Review*, 39, 37–63.
9. Sanders, M. (2009). STEM, STEM education, STEMmania. *the technology teacher*.
10. Park, H., Byun, S. Y., Sim, J., Han, H. S., & Baek, Y. S. (2016). Teachers' perceptions and practices of STEAM education in South Korea. *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 12(7), 1739-1753.

ӘОЖ 372.853

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

А. Туркменбаев, А. Айтуварұлы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Орта білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңінің неғұрлым өзекті мәселесі тез өзгеретін цифрлық қоғамның жағдайларына бейімделуге дайын, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті болашақ физика мұғалімдерін даярлау болып табылады. Мақаланың мақсаты физика курсының демонстрациялық эксперименттерін жетілдіруде цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Бұл мәселені зерттеудің жетекші әдісі - модельдеу әдісі, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-техникалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау, сауалнама жүргізу.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, демонстрациялық эксперимент, физика курсы, болашақ физика мамандары, жетілдіру.

Физиканы оқытуда эксперименттік зерттеулердің мүмкіндігі ғылым ретінде физиканың негізгі артықшылығы болып табылады. Эксперимент деп түсіндірілетін белгілі бір жағдайларда зерттелетін құбылыстарды бақылау мен талдау құбылыстардың барысын бақылауға және тіркелген жағдайлар барысында оны қайталауға мүмкіндік береді [1]. Ғылыми зерттеулерде де, физиканы оқытуда да эксперимент білімнің қайнар көзі, физикалық құбылыстардың дәлелділік белгісі, логикалық және математикалық операцияларды жүргізу үшін бастапқы нүкте, теория мен тәжірибенің байланысының дәлелі болып табылады [2].

Физика курсы өте күрделі, қабылдауы оңай емес біршама ұғымдардан тұратындығы белгілі. Ғылымдамуының жылдам қарқыны мұндай ұғымдардың, айғақтардың, идеялар мен заңдылықтардың ұлғаюына әкеледі [3]. Бұл жағдай оқу материалдарын қандай дидактикалық қағидалар негізінде баяндауды таңдап алу ісінде қиындық туғызуда. Физика құбылыстары мен заңдылықтарын студенттерге түсіндірудің бір қиыншылығы - олардың көбінің көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар екендігінде. Кейбір орта және жоғарғы оқу орындарында оларды эксперименттік тұрғыда сабақта түсіндіруге де қажетті демонстрациялық не лабораториялық приборлардың жетіспеушілігі әрі жасау да оңай емес. Физикалық эксперимент сабақтың маңызды бөлігі болғандықтан, мұндай кемшіліктер мектеп оқушыларымен қатар жоғары оқу орнының білім алушылары үшін де ғылыми-зерттеу орталықтары мен өндірісте қолданылатын қондырғыларда орын алатын аса күрделі

құбылыстарды елестетіп, олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіру көптеген қиындықтарды туғызады[1-2].

Осындай қиындықтардан шығудың негізгі жолы физикадан демонстрациялық эксперименттерді цифрлық технологиялар негізінде жетілдіру болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жағдайында білім берудің мазмұнын, мақсатын, ұстанымдарын, педагогикалық негіздерін және білім беру сапасын арттыруда бағалау ынталарының жүйесін дамытуды бірнеше шетелдік және отандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Е.Ы.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев, С.М.Кеңесбаев, А.Е.Абылкасымова, К.М.Беркимбаев және т.б. қарастырған.

Аталған ғалымдардың еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқытудың озық тәжірибелерін оқу үдерісіне енгізудің қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар, болашақ физика мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің негіздерін, ерекшеліктері мен қызметтерін, физиканы оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелерінде цифрлық технологиялардың рөлін шетелдік және отандық ғалымдардан, А.Л.Рудольф, Б.Леймен, М.Жойс, Х.Вигноллес физиканы оқытуда ақпараттық технологиялар көмегімен интербелсенді оқыту мәселелерін[3], Г.Бриссенден физикалық құбылыстарды ақпараттық жүйелер негізінде түсіндіруде интерактивті әдістердің алатын орнын [2], В.Н.Косов, С.А.Красиков физика курсына классикалық тәжірибелерді статикалық компьютерлік модельдеуді [3] зерттеді.

Демек, заман талабына сай физика саласында білімалушылардың жетістікке жетуі үшін физикалық экспериментке баса назар аудару қажет. Физикалық тәжірибелерді жасау, эксперимент жүргізу арқылы жаңалықтарға қол жеткізу үшін студенттердің бойында цифрлық технологиялар негізінде ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру қазіргі заманның өзекті мәселесі болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- философиялық, психологиялық, физикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу негізінде мәселені теориялық талдау.

ScienceDirect, Scopus, Web of science дерек көздерінен зерттеу бағытына байланысты бірнеше ғылыми мақалалар талқыланды. Зерттеу бағытының әлемдік деңгейдегі маңыздылығы айқындалды:

- жалпы физика курсына оқыту теориясы мен әдістемесін талдау. Физиканы оқыту әдістемесі саласы бойынша оқу құралдарына талдау жасалынды, физикалық эксперименттің оқу үдерісінде қолданыстағы түрлері айқындалды.

- физикалық негіздерді зерттеуде цифрлық ресурстарды, компьютерлік модельдеуді қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін талдау жасалынды. Зерттеу бағытының өзектілігін айқындау мақсатында жүргізілген сауалнамаға физика пәні бойынша 150 оқушы қатысты. Сауалнаманың негізгі мазмұнында келтірілген сұрақтарды қарастырайық. Сауалнаманың мақсаты – физика курсына демонстрациялық экспериментті орындауда цифрлық технологияларды пайдаланудың маңыздылығын анықтау.

1. Сіздің болашақ кәсібіңізде цифрлық технологиялар қаншалықты мөлшерде қажет деп санайсыз. (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте қажет, ..., 1-мүлдем қажеттілігі жоқ)
2. Физиканы оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану өз мамандығыңыз бойынша білім мен білікті қалыптастыруда тиімді деп санайсыз ба? (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте тиімді, ..., 1-мүлдем тиімділігі жоқ)
3. Қазіргі дамып жатқан ақпараттық қоғамда адамдар ақпаратты өндірушілер және ақпаратты қолданушылар болып бөлінеді. Қалай ойлайсыз сіз болашақта өз кәсібіңізде:

- Ақпаратты қолданушы

- Ақпаратты өндіруші

- Екі жақтыда

- Басқа

4. Төмендегі бағдарламалардың ішінде сіздің болашақ кәсібіңізге қажетті деп санағаныңызды таңдаңыз.

- Графикалық редакторлар
- Мультимедиялық презентация жасау бағдарламалары
- Физикалық модельдер
- Компьютерлік эксперименттер
- Демонстрациялық эксперимент бағдарламалары (Открытая физика, Физикон)

5. Физиканы меңгеруде цифрлық ресурстарды өздігіңізден қажетті білім қорын немесе қажетті ақпаратты дайындау, алу, жасау үшін қаншалықты қолдана аласыз? (10-балдық жүйемен бағалаңыз: 10-өте жақсы қолдана аламын, ..., 1-мүлдем қолдана алмаймын)

6. Цифрлық технологияларды физиканы оқып үйренудің қай жағдайында қолданасыз? Зерттеудің бұл әдістері зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін айқындауға мүмкіндік берді.

Физика -эксперименттік ғылым болып табылады. Сондықтан, физикадан өткізілетін оқу эксперименті студенттердің физика бойынша алатын білімдерінің көзі және физикалық құбылыстарды зерттеудің әдісі, физика сабақтарындағы басты көрнекілік болып табылады.

Арнаулы құралдардың жәрдемімен физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және студенттердің өздерінің істеп, зерттеп, бақылауы физикалық оқу эксперименті деп аталады. Ол физика пәнін оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып саналады, себебі оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар (үдеу, өріс, жарық дисперсиясы т.б.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күші мен кедергі, жылудың механикалық эквиваленті т.б.) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары т.б.) тексеріледі. Ұйымдастыру формасына қарай физикадағы оқу экспериментінің жүйесі б түрден құрылады. Демонстрациялық эксперимент немесе тәжірибелер сабақ үстінде көрсетіледі, сондықтан, ол сабақтың бір бөлігі болып есептелінеді және оқытудың басқа тәсілдерімен (әңгімелеу, дәріс, проблемалық баяндау, т.т.) бірігіп қолданылады. Демек, демонстрациялық тәжірибелер көрсетпейінше физика сабақтарын сапалы өткізуге болмайды.

Сабақ үстінде физикалық тәжірибелерді көбінесе мұғалім көрсетеді, кейде оларды білім алушылардың өздеріне де жасатуға болады. Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтижелі, әсерлі әдістерінің бірі. Демонстрациялық тәжірибелер көрсетілгенде физика сабағы қызықты өтеді.

Зертханалық жұмысты (экспериментті) орындағанда, физикалық құбылыстарды студенттердің өздері бақылайды, тексеріп көреді; табиғат заңдылықтарын зерттейді; "қолдан қайта жасайды", сандық және сапалық қасиеттерін байқап, өлшейді; өз бетінше қорытынды жасауға үйренеді, физикалық процестерді біліп-тануға және өмірде қолдануға мүмкіндік болатындығына сенімі артады. Зертханалық эксперимент оқытудың ең әсерлі және нәтижелі әдістеріне жатады. Оны физика ғылымындағы эксперименттік зерттеу тәсілдерінің бейнесі және тікелей "көшірмесі" деп түсіну керек. Сондықтан ол физика пәніне ғылыми-зерттеу сипат береді. Физиканы оқытудың мақсаттарын орындайтындай зертханалық, демонстрациялық экспериментті цифрлық технология негізінде ұйымдастырудың мынадай әдістемелік ерекшелік маңызы бар.

1. Демонстрациялық тәжірибені көрсеткенде студенттер тек қана пассивті түрде бақылаушы рөл атқаратын болса, цифрлық технологиялар негізінде демонстрациялық экспериментке олардың өздері белсене қатынасады, физикалық құбылыстарды өздері компьютер арқылы істеп көріп, өлшеулер жүргізеді, физикалық шамалар мен тұрақтыларды тағайындайды.
2. Цифрлық ресурстар арқылы демонстрациялық эксперимент жасау үстінде студенттер бізді қоршаған табиғат құбылыстары туралы өзінше қорытынды жасауға үйренеді, физика заңдарының практикалық маңызын түсінеді, физика ғылымының техникамен және

өмірмен байланыстылығына сенетін болады. Бұл физиканы оқытудағы формализмді жоюға жәрдемдеседі.

3. Цифрлық ресурстар арқылы демонстрациялық эксперимент сабақтарында студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізуге дағдыланады, физика ғылымының танымдық күшіне сеніп, оқуға деген олардың ынта-жігері артады.

Айналамыздағы бізді қоршап тұрған денелер мен процестер әлемінде тұнып тұрған физикалық сыр-құпия мен таңғаларлық тамаша құбылыстар мол. Тіпті, аяқ бассаң, қозғала кетсең, тамақ пісірсең, ойыншықпен ойнасаң, машинамен жүрсең, сырғанақ тепсең, суда жүзсең, ән салсаң, домбыра тартсаң -бәрі физика екендігін физик-мұғалім ешқашан естен шығармауы тиіс. Мұны білім алушыларғаұқтырудың, оған нандырудың ең тиімді жолы -оларға цифрлық ресурстар арқылы физикалық тәжірибелер мен бақылауларды жасаттыру.

Физикадағыоқу экспериментінің түрлері эксперименттік есептер шығару демонстрациялық эксперимент, лабораториялық эксперимент, физикалық практикум аудиториядан тыс жүргізілетін эксперимент қолдан физикалық приборлар мен көрнекі құралдар жасау.

Қорыта келе, білім алушының компьютерлік модельдермен жұмысы аса пайдалы, себебі, компьютерлік модельдер табиғи тәжірибелердің бастапқы жағдайларын түрліше өзгерте алатындықтан, олар көптеген виртуалдық тәжірибелер жасауға мүмкіндік алады. Мұндай интерактивтілік білімалушыға кең көлемдегі танымдық мүмкіндіктерді бере отырып, оларды бақылаушы ғана емес, жүргізілетін тәжірибелердің белсенді қатысушыларына айналдырады. Кейбір модельдер тәжірибе барысымен қатар сәйкес графикалық байланыстардың құрылуын бақылай отырып, олардың көрнекілігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер ерекше құнды, себебі, білімалушыларәдетте графикаларды құру мен оқу барысында қиналады.

Әрине, компьютерлік зертхана табиғи зертхананы алмастыра алмайды. Дегенмен, компьютерлік зертханалық жұмыстардың орындалуы табиғи тәжірибеге тән дағдыларды – бастапқы жағдайларды таңдау, тәжірибе өлшемдерін орнату және т.б. талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚұрбанбековБ.Ә. «Физиканы оқытуда білімгерлердің тәжірибелік-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары мен қағидалары. Қазақстанның ғылымы мен өмірі»,-№3(46), -2017. 54-59б.б.
2. Бидайбеков Е.Бі. «Білімдіақпараттандырусаласы бойынша болашақ педагогтарды дайындау мәселелері»// Педагогика және Психология. -2012. –№3-4. –С. 221-231
3. КеңесбаевС.М. «Жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану үрдісінде студенттерді кәсіби әрекеттерге дайындаудың ғылыми-теориялық негізі» // Білім -Образование. –2010. – №2. –Б. 28-32.

ӘОЖ 372.8

САБАҚТАРЫНДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Аблякиева А, Омарбаева Б.Қ.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: жоғары технологиялық инновациялар, ақпараттың қарқынды ағыны, сын тұрғысынан ойлауды дамыту біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Түйін сөздер: математика, STEM, акт, компьютерлік сауаттылық

АКТ тиімді қолдану кез келген ақпаратпен жұмыс істеуді тездетеді. Білім берудегі басымдылық – оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру болашақта ғылым, техника, білім беру және медицина салаларында жақсы әсерін тигізуі мүмкін. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деп бір сөзбен біріктіреміз.[1]

STEM - бұл нақты ғылымдардың принциптерін оқытудың біріктірілген тәсілі.

STEM технологиясының артықшылықтары:

Интеграцияланған оқыту;

Іс-тәжірибеде ғылыми-техникалық білімді қолдану;

Сыни ойлауды дамыту

Белсенді қарым-қатынас, жұптық және топтық жұмыс.

Техникалық пәндерге бейімділігін, қызығушылығын дамыту.

Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.

Ерте кәсіптік бағдарлау.

Өзіне сенуге үйрету.

STEM-нің ерекшелігі түрлі технологиялар мен платформаларды пайдалану арқылы басқа пәндермен байланыстырып біріктірілген сабақ ретінде қарастыруға болады. [2]

Мысалы мектеп курсында өтілетін «Түбір» тақырыбын қарастырайық.

Математика пәнінің мұғалімі көзқарасымен:

Анықтама. a санының n -ші дәрежелі түбірі деп n -ші дәрежесі a санына тең болатын x санын айтады.

$$\sqrt[n]{a} = b \text{ , } b^n = a$$

Анықтама бойынша. $\sqrt[n]{a}=b$, мұндағы n - түбір көрсеткіші, a – түбір ішіндегі өрнек

Қасиеттері:

1) Көбейтіндіден түбір шығару үшін әрбір көбейткіштен түбір шығарып, нәтижелерін көбейту керек (көбейтіндіден түбір шығару ережесі)

2) Бөлшектен түбір шығару үшін алымынан және бөлімінен жеке түбір шығарып, алымының нәтижесін бөлімінің нәтижесіне бөлу керек (бөлшектен түбір шығару ережесі)

3) Түбірдің дәреже көрсеткіші мен түбір таңбасының ішіндегі өрнектің көрсеткішін қысқарту ережесі

4) Түбірді дәрежеге шығару үшін түбір таңбасының ішіндегі өрнекті осы дәрежеге шығару керек (түбірді дәрежеге шығару ережесі)

5) Түбірден түбір шығару үшін түбір таңбасының ішіндегі өрнекті өзгеріссіз қалдырып, көрсеткіші берілген екі түбірдің көрсеткіштерінің көбейтіндісіне тең түбірден шығару керек (түбірден түбір шығару)[3]

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі көзқарасымен:

Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі.

Түркі тілдерінде түбір өзгермейді, ал славян тілдерінде өзгеріске түсіп отырады. Түркілік түбір негізінен бір, кейде екі буынды болып келеді. түбірдің негізгі ерекшелігі ретінде толық мағыналылығы, тұлғалық сипатының өзгермеуі, әрі қарай бөлшектеуге келмейтіндігі аталады. Дәстүрлі түркітануда түбір “формадан мазмұнға” принципі негізінде қарастырылатындықтан, оның тұлғалық дамуы сөз болады. Н.А. Баскаков әуелгі түбірдің сипаты “Дс.Д.Дс.” (Дс. – дауыссыз, Д. – дауысты) тұлғасында, Г.И. Рамстедт “Д.” түрінде, В.Котвич, Э.В. Севортян, А.Н. Кононовтар “Д.Дс.Д., Д.Дс.” жүйесінде болған деп пайымдайды. Өзге түркі тілдеріндегі секілді қазақ тіліндегі түбір құрамы негізінен бір буынды. Түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлер толық мағыналы болғандықтан, жеке атау

ретінде анықталып, сөз тіркесінде, сөйлем жүйесінде, мәтінде жұмсала береді. Түбір термині тілді тарихи-динамик. тұрғыдан зерделеуде өзгеше, қазіргі тілдің статик. жайын анықтауда басқаша қарастырылады. Тарихи тұрғыда Т. түбіртектерге (силлабофонемаларға) бөлшектенеді, мағынасы синкретті болады. Түбірдің “әрі қарай бөлшектеуге келмеуі” – шартты ұғым. Мыс., қазіргі тіліміздегі тау, тас, тіл, сөз, кел, анық, асық, айт, бала, баға, тұр, жүр, жатыр, оқы, т.б. сөздер түбір ретінде танылады, ал тарихи даму жүйесінде бұл сөздер морфтарға жіктеледі. Түбір туынды сөз жасаудың негізгі ұйтқысы саналады. Түбір – негізгі морфема, өйткені өзге (көмекші) морфемада лексик. мағына болмайды. Түбір жеке тұрып та, граммат. жағынан түрленіп те семантик. дербес сөз болады, жеке сөздің қызметін атқара алады.

Бұл айтылғандар - дара түбірлер. Бұдан басқа екі сөздің қайталануы арқылы жасалған түбірлер (тау-тау, қора-қора), сөздердің бірігуінен жасалған түбірлер (белбеу, басқұр), сөз тіркестері арқылы жасалған түбірлер де (он екі, қара сұр) болады. Егер түбір өздігінен ешқандай қосымшасыз жеке тұрып, белгілі бір мағынаға ие болса, оны негізгі түбір деп атайды. Егер түбірге қосымша қосылып, жаңадан түбір сөз жасалса, онда оны туынды түбір деп атайды. Ал осы туынды түбірден әрі қарай тағы да екінші бір сөз жасалса, онда мұны туынды сөз деп атайды. Мысалы: мал (негізгі түбір) мал-шы (туынды түбір), мал-шы-лық (туынды сөз). Сондай-ақ, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі (құрама), қысқартылуы арқылы жасалған сөздер күрделі сөздер делінеді. Тек қана түбірдің өзінен болған сөздер мен түбірге жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды түбірлер және туынды сөздер жалаң сөздер деп аталады.

Ғылыми грамматикада жеке түбір сөздерді, сөздің мағыналы бөлшегін негізгі морфема дейді де, қосымшаны көмекші морфема дейді.[4]



Биология пәнінің мұғалімі көзқарасымен:

Тамыр (лат. radix) — Тұқымды және жоғары сатыдағы споралы өсімдіктердің (мүктен басқасы) топыраққа бекіп, одан су, қоректік зат сіңірген, оларды бірқатар бастапқы өзгеріске түсіретін, зат алмасуда пайда болған кейбір заттарды бөліп шығаратын негізгі вегетативті орган.

Кейбір өсімдіктерде Тамырда қоректік зат жиналады, атпа тамырлы өсімдіктер Тамырымен вегетативті көбейеді. Гүлді өсімдіктердің Тамыры тұқымның қрығынан басталады және бұны алғашқы тамыр деп атайды. Тамыр бой конусындағы өсу нүктесі жасушалары бөлінуі нәтижесінде ұшынан өседі.

Тамырдың 3 түрі болады:

Негізгі тамыр - Тамырдың ұрықтан өсіп шыққан түрі. Өсімдік сабағы мен бұл Тамыр аралығындағы жер тамыр мойны (сабақтың топыраққа кіре берген жеріндегі жіңішкелеу жері). Негізгі тамыр тұқымының ұрық тамыршасынан дамиды. Ол төмен қарай бағыттталып, топыраққа тереңдей береді. Негізгі тамырдың жан-жағынан жанама тамырлар таралады. Топырақтан өоректік заттарды соруға қатысады.

жіп тәрізді (мысалы, зығыр),

шашақ тәрізді (көбінесе астық тұқымдас өсімдіктерде),

білеу түрі (бұршақ тұқымдас өсімдіктерде) кездеседі.

Жанама тамыр - негізгі тамырдан тарайды.

Қосалқы тамыр - құрылысы күрделі өсімдіктердің жапырақтары мен перицикл қабатынан өсіп шығады. Қосалқы тамыр дара жарнақты және көп жылдық қос жарнақты шөптесін өсімдіктер сабағының түп жағынан және тұқым жарнағының астыңғы қылтасынан дамиды. Пияздың түбіртегі, орамажапырақтың көсеу сабағы сияқты түрі өзгерген, сабақтардан да қосалқы сабақ өседі. Қосалқы тамыр Тамыр жүйесін ұлғайтады, негізгі және жанама тамыр жоқ жағдайда олардың қызметін атқарады, бұның кесіндісімен өсімдікті вегетативті көбейтуге болады.[5]

Сабақтан тыс жұмыстарда STEM технологияларын келесі жобаларда қолдануға болады

Робототехника
3D модельдеу
3D анимациялар
веб-дизайн
бағдарламалау

Қорытындылай келе, Қазақстанда STEM-білім беру ортасын қалыптастыру қажеттілігі өзекті. Қазіргі уақытта инвесторлар, ірі бизнес арасында ғылыми-инновациялық жобаларға қызығушылықтың өсуі байқалады. Көптеген прогрессивті әзірлемелердің пайда болуы үшін пәндерді біріктіру, сондай-ақ мұғалімдерді біріктіру қажет. STEM білімі дәстүрлі аудиториялық білім мен нақты тапсырмалар бойынша практикалық жұмыс арасындағы қабырғаны бұзу арқылы нақты өмірге жақсы дайындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» // «Білімді ел — Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» // «Білімді ел — Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
3. А.Н.Шыныбеков, Д.А. Шыныбеков. Алгебра 8 сынып // Оқулық – 2017
4. Ермекова Т.Н., Отарбекова Ж., Мұнасаева Р. 5 сынып // Оқулық – 2017
5. Соловьева А., Ибраимова Б., Алина Ж. 7 сынып // Оқулық – 2017

ӘОЖ 37.026

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

М.Ж. Аимова, А. Жәнібекқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі күн талабынан туындап отырған мәселе –білім беруді цифрландыру жағдайында инновациялық білім беру технологияларын пайдалануға болашақ педагогтарды дайындау. Білім берудің инновациялық технологияларының басты мақсатын айқындап, оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін талдау. Қазіргі жаһандық ақпараттық қоғам жағдайында кез келген мамандық иесі үшін ең маңызды қасиеттерінің және бәсекеге қабілеттігі өлшемінің бірі бұл инновациялық қызметке дайындық деңгейі.

Түйін сөздер: инновация, білім беруді цифрландыру, инновациялық білім беру технологиялары.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік

іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы. Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамып, ақпараттар ағыны заманында білім алушылардың тұлға ретіндегі өзіндік ой-пікірлерін қалыптастырып, қабілетін, талантын дамыту барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің басты міндеті болып табылады. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияны қолданудың ролі зор. Сонымен қатар технологияны тиімді пайдалана білу оқытушының шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- оқу моделін құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау;
- оқушылардың жаңа материалды меңгеруінде деңгейленген жаттығулар жасау;

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып үнемі өзгеріс үстінде болады. Заман өзгерген сайын білім беру жүйесінде қойылатын талап, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс тәсілдері де өзгереді. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- кейс-стади;

сұрақ-жауап ойындары;

цифрлық білім беру ресурстары.

Проблемалық оқыту - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы мен мектеп жасына дейінгі балалардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын ескере отырып жасаған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңажүйесі.

Дамыта оқыту - мектеп жасына дейінгі балада білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән.

Дәстүрлі оқыту - балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білімш, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді.

Цифрлық білім беру контентін электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми - әдістемелік зерттеулер құрайды.

Цифрлық білім беру түрлері:

Демонстрациялық – оқушы тек бақылаушы ролінде болады. Интербелсенді (ақпараттық-іс-әрекеттік) – оқушы тек бақылап ғана қоймай, сабақ барысында ресурс сұрақтарына жауап іздеу, ресурс көмегімен практикалық және лабораториялық тапсырмаларды орындау, электронды анықтамалардан керегін іздеу, интербелсенді оқыту ойындарын ойнау, топтық жұмыс (мини - жобалар) орындау, ресурстың бағалау мүмкіндігіне болады.

Жаңаша әдіс - тәсілдерді сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: балалардың оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікір таластыра біледі, ойын жүйелі түрде жеткізуді, зерделеу қабілетін дамытуды, салыстыру, байқағыштық қасиеттерін үйренеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық күшін қалыптастыру және оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда әр түрлі бизнес-ойын түрлері, топтастыру, сәйкестендіру, толықтыру стратегиялары, онлайн басқатырғыш, сергіту жаттығулары, мультимедия, интернет кеңістігін, электронды оқулықтар кеңінен қолданылады. Бұл технологияның ерекшелігі – оқушының танымдық белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыра білу. Оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыру мұғалімнің оқушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен іс-әрекет ету даралық қабілеттерінің артуына себін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында оқытушыға қойылатын негізгі талап баланың берген жауабын түзету, берілген тапсырманы орындау жолдарын көрсету, балаға өз ойын рет-ретімен толық жеткізуді үйрету болып табылады. Өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру баланың сол сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар сабақ барысында интерактивті тақта, мультимедия, электронды оқулық, көрнекіліктерге жүгіну оқытушыға уақытты үнемдеуге, аз уақыттың ішінде бірнеше баланың білімін бағалауға, бағдарламадағы материалды қай дәрежеде меңгергенін айқындауға мүмкіндік береді, яғни бұл арқылы баланың білім деңгейін қадағалаудың ең тиімді тәсілі.

Қорыта келгенде, кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу және сұрыптау қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру. Педагог жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында өзін-өзі дамытады және қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Әдістемелік нұсқау, 2002.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. - //Қазақстан мектебі, №4, 2008
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007

4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеру деп пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

ӘОЖ 373.31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Ж. Айбалина, Ж.А. Таджибаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, оған тез бейімделу және қызмет ету қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың іргетасы бастауыш мектепте қаланады, мұнда сөйлеу әрекетінің әр алуан түрлеріне – жазу мен оқу, сөйлеу және тыңдау қарқынды түрде оқытылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, бастауыш сынып оқушылары

Функционалдық сауаттылық, қарапайым тілмен айтқанда, мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірде қолдана білу. Бұл мектепте оқу кезінде қол жеткізуге болатын білім деңгейі, оның әртүрлі салаларындағы өмірлік мәселелерді шеше білуді білдіреді. «Функционалдық сауаттылық» түсінігінің басқа да, анағұрлым ғылыми анықтамалары бар – мысалы, адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, оған тез бейімделу және қызмет ету қабілеті.

Біз ақпараттық технологиялардың қарқынды дамыған дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Сіз оларға басқаша қарауға болады, бірақ мұның мәні өзгермейді - бұл біздің заманауи шындықтарымыз. Бүгінгі күні бізге шексіз ақпарат ағыны күн сайын және сағат сайын түсіп жатыр, егер бұрын оның көзі тек газеттер, журналдар мен теледидар болса, бүгінде жаһандық ғаламдық желіні пайдаланбайтын жас адамды елестету қиын. Желіде тауар сатып алуға, жұмыс істеуге, білім алуға, вебинарларға және бейнеконференцияларға қатысуға, тіпті мемлекеттік органдарға хабарласып, медициналық көмекке жүгінуге болады.

Сондықтан ең маңызды дағды - кез келген кіріс ақпаратты түсіну, талдау және пайдалану қабілеті. Осылайша, білім берудегі екпін ақпаратты жинау мен есте сақтаудан оны дұрыс қолдану дағдысын меңгеруге ауысады. Бұл дағды қазіргі жастың қоғамда өзін сенімді сезінуі үшін өте қажет.

Мұғалімнің мақсаты – баланы дамыту.

Ойлауды дамыту - көрнекі-тиімділіктен оны абстрактілі-логикалыққа аудару

Сөйлеу, аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін дамыту, есте сақтау мен зейінді, қиял мен қиялды дамыту

Кеңістікті қабылдау

Қозғалыс қызметін, өз қимылдарын басқару қабілетін, сонымен қатар ұсақ моториканы дамыту

Қарым-қатынас дағдыларын, қарым-қатынас жасау, эмоцияларды басқару, өз мінез-құлқын басқару қабілетін дамыту. Осы есептерді шеше отырып, мұғалім нәтижесінде функционалды дамыған тұлға алады.

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктері:

- оқу сауаттылығы – өз бетінше оқуға ынталандыру; әртүрлі оқу түрлерінің мәтіндерін мағыналық оқуды меңгеру; кез келген түрдегі мәтінде берілген ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі; мәтін бойынша шығармашылық әрекетке дағдыландыру.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы – оқу сауаттылығы.

Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істей білу (ең алдымен оқу) табысқа жетудің алғы шартына айналууда.

Саналы оқу – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының негізі – сауатты оқырман мәтінді түсінеді, мазмұнына ой салады, өз ойын жеңіл жеткізеді, еркін сөйлеседі. Оқудағы кемшіліктер интеллектуалдық дамудағы кемшіліктерді де тудырады, бұл әбден түсінікті. Орта мектепте ақпарат көлемі күрт артады, көп оқып, есте сақтау ғана емес, ең алдымен талдау, жалпылау, қорытынды жасау қажет. Дамымаған оқу дағдысымен бұл мүмкін емес. Саналы оқу орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында табысқа жетудің негізін ғана емес, сонымен қатар кез келген пәндік салада табысқа жетудің кепілі, негізгі құзыреттіліктерді дамытудың негізі болып табылады.

- ақпараттық сауаттылық – оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерден ақпаратты іздеу, интернеттен және білім беру мазмұнының компакт-дискілерінен, сондай-ақ басқа да әртүрлі көздерден ақпаратты алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну;

- коммуникативті сауаттылық – сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді білдіреді; басқа біреудің ауызша және жазбаша сөзін барабар түсіну қабілеті; ауызша және жазбаша сөйлеуде, сондай-ақ сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшеліктерін біріктіретін компьютерде өз ойын өз бетінше жеткізе алады;

- әлеуметтік сауаттылық - әртүрлі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге дайын болу, соның ішінде. төтенше жағдай; өз мінез-құлқының салдарын болжай білу, жағдайды түзету мүмкіндігін бағалау; ерікті мінез-құлықты, тәртіпті қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттердің болуы;

- іс-әрекеттік сауаттылық – ұйымдастырушылық дағдылардың (регуляторлық UUD) және дағдыларының көрінісі, атап айтқанда іс-әрекеттің мақсатын қою және ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, -құрметтеу, өзін-өзі түзету.

- жаратылыстану сауаттылығы – адамның жаратылыстану идеяларына қатысты мәселелер бойынша белсенді азаматтық позициясын ұстануы: құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру; жаратылыстану зерттеулерінің ерекшеліктерін түсіну; деректерді түсіндіру және ғылыми дәлелдерді пайдалану.

- математикалық сауаттылық – математиканы әртүрлі контексттерде тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті: математикалық пайымдауды қолдану; математикалық ұғымдар мен құралдарды қолдану.

- қаржылық сауаттылық – қаржылық түсініктерді, тәуекелдерді білу және түсіну, сондай-ақ жеке тұлғаның және қоғамның қаржылық әл-ауқатын жақсартуға, экономикалық өмірге қатысуды қамтамасыз етуге бағытталған тиімді шешімдер қабылдау үшін дағдылар, мотивация және осындай білімді сенімді қолдану.

- шығармашылық ойлау – адамның өз қиялын идеяларды дамыту және жетілдіру, жаңа білімді қалыптастыру, бұрын кездеспеген мәселелерді шешу үшін пайдалана алуы. PISA сәйкес креативті ойлау – бұл адамның өз дамуын сыни тұрғыдан ойлау және оны жақсарту қабілеті.

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірін қарастырайық. Оқу сауаттылығы кіші жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының негізгі дағдысы болып саналады. Бұл адамның өзінің өмірлік мәселелерін шешу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, талдау, зерттеу қабілеті. Оқырманның мәтіннен алатын ақпараты оның білімі мен өмірдегі мүмкіндіктерін кеңейтуі керек.

Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыс жасау кезеңдері

1 сынып. Педагог балаларды оқып, оқыған мәтіннің мағынасын түсінуге үйретеді.

2-сынып Педагог балаларды мәтінмен жұмыс істеуге – қайталап айтып беруге, бөліктерге бөлуге, жоспар құруға, тірек сөздерді бөліп көрсетуге, кейіпкерлерді анықтауға, олардың тұлғасы мен іс-әрекетіне мінездеме беруге үйретеді.

3-4 сыныптар. Мұғалім балаларға ақпаратты табуға, оқығаны бойынша өз бағасын беруге, мәтіндегі негізгі және қосалқы ойларды бөліп көрсетуге, өз сенімдерін кейіпкерлердің өмірлік ұстанымдарымен салыстыруға, мазмұнын болжауға, өз бетінше сұрақтар құрастыруға, мәтіндерді салыстыруға үйретеді. мазмұны ұқсас әртүрлі жанрлар.

Ал қорытындылай келе, мұғалімнің сабақтағы күнделікті жұмысы мен таңдаған білім беру технологиялары оқушылардың жас деңгейіне сәйкес функционалдық сауаттылығын қалыптастыратынын айтқым келеді. Сондықтан қазіргі мұғалімнің кәсіби дамуының ең маңызды мәселесі оның технологиялық құзыреттілігін арттыру мәселесі болып табылады, ол терең теориялық дайындық пен заманауи білім беру технологияларын сабақта өнімді пайдаланудағы практикалық тәжірибені қамтиды.

Әрбір техника сияқты, оның жақсы және жаман жақтары бар.

+ оқуға деген ынтасын және оқушының жақсы жақтарын дамытуға көмектесу, білім алушыларды өз бетімен білім алуға үйрету, пәнге деген қызығушылығын арттыру, кітаппен және мәтінмен жұмыс істеуге үйрету, танымдық белсенділігін дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту; оқушылардың коммуникативті дағдыларын, оқу -ақпараттық және тәрбиелік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үдерісін белсендіруге мүмкіндік береді.

- бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан олар өз эмоцияларын басқара алмайды, есептерді талқылау кезінде сыныпта қолайлы жұмыс шуы пайда болады;

Оқушылар арасында пікірталас, ынтымақтастық мәдениетін тәрбиелей отырып, әдіс-тәсілдерді біртіндеп енгізген дұрыс; бұл әдістемелердің барлығын бір сабақта қолдану міндетті емес, ең бастысы жұмыс жүйеде жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2010ж.

2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру 2012 ж.

3. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, Б.Алтынсари атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000. – 30

4. Мемлекеттік тілді оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту проблемалары // Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқулықтарды жетілдірудің қазіргі тенденциялары. 4 халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2004. – 163 б.

5. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы грамматиканың рөлі // Международная научно-практическая конференция «Развитие национальной системы образования в условиях глобализации», – Астана, 2010 г.

6. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері». Астана, 2013ж.sabak.kz

ӘОЖ 159.922

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ә.А. Айқожа, Ж.А. Таджибаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ақалада жасөспірімдердің психологиясы негізінде іс-әрекеттер мен оқиғаларға, жағдаяттарға, кейіпкерлердің мінез – құлқы мен қарым –

қатынастарына баға беру маңыздылығы туралы мәселесі көрсетіледі. Жасөспірімдік кезеңдегі келіспеушілік пен жасөспірім шақтан ересек шақтағы өтер кездегі мінез қиындылығын жеңуге мүмкіндік беру, жасөспірімдерге өзін – өзі дамытып, бағалай білу қағидаларын меңгерту керек деген қорытынды жасалынды.

Түйін сөздер: жасөспірімдік шақ, әлеуметтік рөлдер, эмоциялық бағалау, өзіндік сана- сезім, рефлексия, психикалық даму, қиын.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақпен ересектік арасында жатқан адамның дамуы мен жетілуінің белгілі - бір кезеңі. Ол 16-18 жас аралығын қамтиды, яғни 9 - 11 сынып оқушылары болып табылады. «Жасөспірім» сөзі тәуелді балалық шақпен өзіндік және жауапкершілікті үлкен өмірге ауысудың фазасы ретінде белгіленеді. Бұл бір жағынан денелік, соның ішінде жыныстық жетілудің аяқталғандығын білдірсе, екінші жағынан - әлеуметтік жетілуге қол жеткізуді білдіреді. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектердің арасындағы аралық жағдайда пайда болады. Баланың жағдайы оның ересектерге тәуелділігімен сипатталады, бұл оның өмірлік іс-әрекетінің басты мазмұны мен бағытын белгілейді. Баланың атқаратын рөлі ересектердің рөлінен сапалық тұрғыда өзгеше болады және екі жақта мұны анық ұғынады. Өмірлік іс-әрекеттің күрделене түсуімен бірге жастарда әлеуметтік рөлдер мен мүдделер диапазонының сандық ұлғаюы ғана болып қоймайды, сапалық тұрғыдан да өзгеріп, ересектік рөлдер бірден-бірге көбейеді, осыдан барып дербестік пен жауапкершілік өлшемі шығады. Жоғары сынып жасы арнайы және жалпы қабілеттерінің негізгі жетекші іс-әрекеті: оқу, қарым-қатынас және еңбек базасында дамуының жалғасуымен сипатталады. Оқуда жалпы интеллекттік қабілеттер, әсіресе, түсініктік теориялық ойлау қалыптасады. Бұл түсініктерді игеру, оларды пайдалану ептіліктерімен, логикалық және абстрактілі талдай алумен жүзеге асады. Қарым-қатынаста оқушылардың коммуникативті қабілеттері қалыптасады және дамиды. Еңбекте олардың практикалық ептіліктері және дағдыларының қалыптасуы белсенді түрде жүреді, бұлар болашақта кәсіби қабілеттерінің жетістіктерге жетуіне ықпал етеді. Жасөспірімдік шақ түрлі қабілеттер дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде барлық мүмкіндіктерді практикалық қолдану жекелік ерекшеліктерге әсерін тигізеді. Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзіндік бағалауы, әдетте, ата аналарынан және басқа да беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ, бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзіндік бағалауға соғұрлым бағдар алады. Алайда, өз қасиеттерін әсіресе, батылдық, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі құлықтық – психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады. Жасөспірім шақтағылар да жеткіншектер секілді өзінің қандай екенін, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді.

Өзіндік бағалаудың екі тәсілі бар:

Олар өзі туралы алдын –ала көзделген мақсатын қаншалықты жүзеге асырғанымен салыстырып, теңестіреді. Егер өзінің бұл туралы ойлағаны мен өзгелердің соған қойған бағасы дәл келсе, осы жетістікке жеткеннің белгісі деп санайды.

Әрбір адамда «Мен» деген біреу болғанымен, осылардың тиісті жағдайларға байланысты неше түрлері кездеседі: 1. «Мен шынында кіммін?» (шындықты көздейтін мен); 2. «Мен»-өзімді өзгелер қалай бағаласын деп ойлар едім? (эмпатикалық мен); 3. «Мен»-тілегім бойынша қандай болғым келеді? (тілек, яғни фантастикалық мен); 4. «Мен» келешекте кім болғым келеді? (болашақ мен). Сонымен, өзіндік бағалауда жасөспірімдік шақта тіпті, тұлға өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігіне ие болады. Өзіндік бағалау адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімдігін дамытады. Осы шақта практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі, тұлға ретінде ұғынуы және бағалауы яғни, өзіндік сана- сезімі қалыптасады.

Жасөспірімдік шақ ақыл-ойына келсек, мұның өзі жеткіншек жасына қарағанда сапа жағынан да, көлем жағынан да біршама қалыптасып қалған. Қалыптасуда мынадай екі тетік

бар: Біріншіден, бұлар өзі қоршаған әлеумет ортасынан соның ішінде жеке адамдар арасында кездесетін неше түрлі қатынастың мәнісіне түсініп, әр нәрсенің себебіне және одан шығатын нәтиженің мәнісіне түсініп, әр нәрсенің дүниеде себепсіз нәтиже болмайтынын ұғына бастайды; Екіншіден, егер жеткіншек жасында ересек уақытының көбін мұң, фантазия сияқты нәтижесіз объектілерге жіберетін болса, енді сол фантазиядан нәтиже шықпайтынын біліп, күші мен жігерін шындық нәрсені меңгеруге жұмсайды. Осының өзі ақыл-ойдың дамуындағы үлкен жетістіктің бірі.

Баланың жастық шағындағы рефлексивтік процестер шындықты дұрыс қабылдау негізінде қалыптасады. С.Л. Рубинштейн рефлексия деп күтпеген кедергіні жеңуге байланысты адамның ойын айтып отыр. Болған оқиғаға орай, сол оқиғаның себебін білуге тырысу рефлексияның өзінше бір түрі. Қазіргі кезде оқушылардың оқу тапсырмасын қалай орындағанына сын көзімен қарап, соның қалай орындалғанын ересектердің үнемі тексеріп отыруына ылғи да мән беріледі және осының өзі тапсырманы ойдағыдай орындаудың шарты болып есептелінеді. Осындай талаптың нәтижесінде оқу үстінде ересектің рефлексивтік қабілеті дамиды. Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады.

Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Мысалы, жеткіншек төменгі кластарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады.

Кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімде әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жасөспірім бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек. Жасөспірім осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жасөспірімдерінде де бірдей тән. Мұнымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ. Біз ілгеріде өткен дәуірлерде бала кіші жасынан материалдық игіліктерді өндіруге (мал бағуға, от не пішен шабуға) жегілетінін ескердік. Қазір де бұл сияқты міндеттердің көпшілігі үй – ішінде кездесіп жарымайды. Керісінше ата-аналар жасөспірім оқу тапсырмасын орындай алмайды деп, үй шаруасынан босатады. Ал жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарыан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп еесптесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Жасөспірімнің өз беттілік қасиетке ұмтылып, үлкендердің қамқорлығына босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғаны мен бір қатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді.

Оқушылардың өзіндік жұмысы оқыту формасының тиімді әдісі ретінде сабақтан тыс мезгілде жасөспірім радиотехника электротехникамен танысып едәуір білім алады. Мұнымен қатар бұл жастағылар бойынан әлі де балалық кездесіп тұрады. Мысалы: ұлдар

қыздардың шашын тартып мазалауы т.б бірақ сол жеткіншек таныс емес үлкен адамдардың алдында өзін мәдениетті түрде ұстауға тырысады. Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны біріншіден бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатыныннан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін. Бірақ өзгеріске ұшырау жасөспірімде бір уақытта кездеспейді. Екіншіден осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрит жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық» деп түсіндірді. Бұл пікірге көптеген психологтар қарсы. Жасөспірімдердің тәрбиеге көнгісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттың бірі.

Қорыта айтқанда, қоғамдық ортаның жеткіншекті тәрбиелеуге ықпалы зор. Қоғам дамуының ерекшелігіне қарай жастарға қойылатын талап үнемі өзгеріліп отырады. Осы талапқа сай жеткіншек бала жасынан үлкендер жасына өтерде қоғам жағдайы оған түрліше әсер етіп, баланы әр-түрлі фантастикалық іске ұмтылтырады. Мұндай уақытша келіспеушілікпен күресу мектептегі және үй ішіндегі тәрбие жұмысының негізінде болады. Егер тәрбие не оқу жұмысы жеткіншектермен жақсы жүргізілсе ұнамсыз әдеттерден аулақ болады.

«Әкесіне қарап ұлын, шешесіне қарап қызын» демекші, қандай жағдай болмасын балаларға ата – анасындай беретін ешқандай тәрбие жоқ. Бала шыр етіп өмір ашқаннан баланың тәрбиесін басты назарда ұстап, өзін – өзі бағалата білу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алдамұратова Э. Жалпы психология. – Алматы: «Білім», 1996.
2. Снежевской Р.Д. Мир подростка. - М, 1996.
3. Қыдыршаев А. Балалардың жас ерекшеліктерін ескерту. «Ұлағат»,2006.
4. Роджерс К. К науке о личности / История зарубежной психологии. Тексты. - М, 1986.
5. Рубинштейн С.С. Человек и мир / Проблемы общей психологии. – М, Педагогика, 1993. Похожая статья: Психологиялық денсаулықты қалыптастыруда жаңа технологияларды пайдалану.
6. Кон И.С. Психология юношеского возраста – М: Просвещение, 1979.
7. Липкина А.И. Психология самооценки школьника: Автореф. Дис...канд. психол. наук. – М, 1994.
8. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқу құралы) Алматы 2001.
9. Кон И.С Открытие «Я». – М., 1978
10. Абрамова Г.С. Психологическое консультирование. – М, 2001.

ӘОЖ 913.1

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЛАЙЫҚТЫ МАҢЫЗЫ ЗОР ҒЫЛЫМИ ИДЕЯЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Л.Е. Бисенова, Д. Ақжігітова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Андатпа. Шетелдік педагогтардың еңбегі болып табылатын «Ғылыми білім берудің принциптері мен үлкен идеялары» кітабында жарияланған идеяларға қазақстандық білім беру ортасына сай қандай өзгерістер қажет екенін шешу үшін біз алдымен қолданылған

іріктеу критерийлерін қарастырдық және олар біздің жағдайымызда да өзгеріссіз қалуы мүмкін деген қорытындыға келдік.

Түйін сөздер: педагогтар, даму тұжырымдамалары, ізденіс, дағды.

Шетелдік педагогтардың еңбегі болып табылатын «Ғылыми білім берудің принциптері мен үлкен идеялары» кітабында жарияланған идеяларға қазақстандық білім беру ортасына сай қандай өзгерістер қажет екенін шешу үшін біз алдымен қолданылған іріктеу критерийлерін қарастырдық және олар біздің жағдайымызда да өзгеріссіз қалуы мүмкін деген қорытындыға келдік, яғни үлкен идеялар:

- оқушылардың мектеп кезінде және одан кейінгі өмірінде кездесетін заттардың, оқиғалар мен құбылыстардың кең ауқымын түсіндіру мүмкіндігі болуы;
- энергияны пайдалану, оқушылардың өз денсаулығы мен әл-ауқатына және қоршаған ортаға әсер ететін шешімдер қабылдау сияқты мәселелерді түсіну үшін негіз қалыптастыру;
- адамның өзі және қоршаған әлем туралы сұрақтарына жауап табу мүмкіндігінен қуаныш пен ләззат алуына жетелеу;
- мәдени құндылыққа ие болуы–мысалы, адамның өмір сүру жағдайлары туралы, ғылым тарихындағы қол жеткен табыстарды бейнелейтін, табиғатты зерттеуден шабыт табатын, адам қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы көзқарастарға әсер ету.

Төмендегі тізімде оқушылар міндетті білім беруді аяқтаған кезде география пәні аясында алған біліміне сүйене отырып, зерттей алатын идеялардың қысқаша сипаттамасын беріп отырмыз

Жердің және оның атмосферасының құрамы, сондай-ақ олардың ішінде болып жатқан процестер Жер бетін және оның климатын қалыптастырады. Күн энергиясының радиациясы Жер бетін қыздырады және ауада және мұхиттарда климат қалыптастыратын конвекциялық ағындарды тудырады. Жердің ортасынан келетін жылу жер бетінің астында магманың қозғалысын тудырады. Бұл, өз кезегінде, жер қыртысын құрайтын тақталардың қозғалысына әкеліп, жанартау атқылауы мен жер сілкінісін тудырады. Жердің қатты беті тау жыныстарының пайда болуына және бұзылуына байланысты үнемі өзгеріп отырады [1].

Біздің Күн жүйесі–ғаламдағы миллиардтаған галактикалардың біріндегі кішкене бөлшек. Біздің Күн планетасы мен сегіз планета, сонымен қатар орбиталық серіктері мен кішігірім нысандар Күн жүйесін құрайды. Күн мен түн және жыл мезгілдері жердің күнді бағдарлауымен және айналуымен түсіндіріледі. Күн жүйесі жұлдыздар, газ және шаң галактикасының бөлігі болып табылады, ғаламдағы көптеген миллиардтаған галактикалардың бірі, бір-бірінен үлкен қашықтықтармен бөлінген. Көптеген жұлдыздар планеталарға ие.

Ғылыми идеяларды түсіну формальды білім беру кезінде және одан тыс жерде жалғаса беретін біртіндеп жүретін және прогрессивті процесс. Ол құбылысты зерттеу барысында қалыптасқан жергілікті маңызы бар шағын және нақты идеялардан басталып, индуктивті және дедуктивті ойлауды қамтиды.

Оқушылар белгілі бір оқиғаның идеяларын соған ұқсас немесе онымен байланысты оқиғаны түсіндіру үшін пайдаланған кезде, олардың идеялары әртүрлі контексте қолдану үшін пайдалырақ болады.

Әрбір білім алушы өзінің нақты тәжірибесімен байланысты бастапқы идеялардан бастап құбылыстардың кең ауқымын түсіндіретін үлкен идеяларға дейін дамиды. Оқушылардың идеялары бойынша көптеген зерттеулер анықтап бергендей, бала алғаш мектепке барған кезде олардың санасында орын алып, бекіп қойған ғылыми дүниетанымға жиі қайшы келетін идеялар мен дүниетанымдар болатыны белгілі болып отыр.

Терең ғылыми дүниетанымға апаратын жол оқушылардың барлығында бірдей болмауы мүмкін, ол оқушының жеке тәжірибесіне және осы жолда қандай көмек алатынына байланысты. Идеяларды түсінудегі ілгерілеушілікті сипаттау – идеялардың уақыт өте

өзгеруі—оқу бағдарламасын қалыптастыру және оқуды қолдау және құжаттау үшін бағалауды пайдалану үшін маңызды.

Ең бастысы, мұғалімдер әртүрлі оқу кезеңдеріндегі оқушылардың оқу тәжірибесі мен үлкен идеяларды түсінудің жалпы мақсаты арасындағы байланысты көре білуі тиіс.

Даму тұжырымдамалары. Оқушылар ғылымға бет бұрған алғашқы қадамынан бастап мектеп бітірген кезге дейінгі олардың бойында дамуы тиіс ғылыми дағдылардың дамуын сипаттаудың ең тиімді нұсқасын іздеу біздің басты мақсатымыз болды.

Оқу бағдарламасы аясында оқу мақсаттарын қалыптастырудың әртүрлі тәсілдеріне байланысты бала бойында ғылыми дағды қалыптастырудың үш негізгі моделін тауып, соларға талдау жасадық.

Бірінші, кеңінен қолданылатын модель ғылыми дамуды баспалдақпен жоғары көтерілу принципімен түсіндіреді, келесі қадамды жасамас бұрын алдыңғысын аяқтау қажет. Әрбір кезеңде аяқтау қажет нәрсе оқу мақсаттары ретінде тұжырымдалады. Қадам өлшемі үлгіге байланысты өзгеруі мүмкін; бұл бір жыл немесе бірнеше жыл немесе бірнеше қадам болуы мүмкін.

Бұл тәсіл ғылыми дағды қалыптастырумен міндетті түрде байланысты емес, жеке кезеңдердің сериясы және ақырғы мақсат түріндегі прогресі бар бекітілген сызықтық қозғалыс секілді әсер береді. Егер мұндай түсінбеушілік орын алса, онда ғылыми тәжірибенің мақсаты мен маңызы оқушыларға түсініксіз болуы мүмкін [2].

Екінші модель түпкі мақсатты ғана көздейді, оған әр түрлі жолдармен қол жеткізуге болады деп күтіледі. Бұл модельдің басты кемшілігі мұғалімдер мен бағдарламаны жоспарлаушылар оңтайлы оқыту тәжірибесі қандай болу керектігі туралы әдістемелік ақпаратпен жеткілікті қамтамасыз етілмейді.

Үшінші модель жалпы мақсаттарды бірнеше бағыттарға бөледі. Әрбір бағыттағы идеялар уақыт өте келе біртіндеп, көбінесе спиральдық оқу жоспары бойынша дамиды. Дегенмен, бұл жағдайда да әртүрлі бағытта дамитын идеялар арасындағы байланыстарды жоғалту қаупі түріндегі кемшілік орын алады.

Әрбір модельдің артықшылықтары мен кемшіліктері бар және әр модельде пайдалы нәрсе бар, өйткені идеяны әзірлеу үшін қажетті тәжірибенің сипаты мен әртүрлілігі идеялардың өзіне байланысты өзгереді. Мысалы, кей жағдайда әр түрлі жағдайда байқалған бір құбылысты түсіндіру кезінде оқушылардың өз идеялары оларды әртүрлі идеяларға жетелейді. Мысалы, дымқыл киімнің күн сәулесінің және жоғары температураның әсерінен кебетіндігін түсіндіре отырып, олар жолдағы шалшықтардың жоғалып кетуін судың жердің астыңғы қабатына қарай өтуімен түсіндіре алады.

Ғылыми ізденіс дағдысын қалыптастырудағы прогрестің сипаттамасы.

Ғылым табиғаты мен мәні туралы түсінік қалыптастыруға қалай қол жеткізуге болатыны туралы, ғылыми дүниетаным қалыптастыруға қалай жетуге болатынын сипаттауды, яғни ғылымның табиғаты мен мәні туралы идеяларды жоғары сынып оқушыларының бойында қалай дамытуға болатыны туралы еңбектерге және дереккөздерге жасаған шолуымызды және тұжырымымызды ұсынамыз.

Біз мысал ретінде спиральды түрде қалыптасуы мүмкін екі тақырып аясында ғылыми зерттеушілік қабілетті қалай қалыптастыруға болатыны жөнінде талдау жасап, нәтижесін ұсынып отырмыз:

1 тақырып. «Жердің және оның атмосферасының құрамы, сондай-ақ олардың ішінде болып жатқан процестер Жер бетін және оның климатын қалыптастырады»

2 тақырып «Біздің Күн жүйесі—ғаламдағы миллиардтаған галактикалардың біріндегі кішкене бөлшек»

Әрбір тақырыптың басында біз мұғалімнің қолдауымен және тиісті іс-әрекеттер арқылы география пәнінің бастапқы курстарында оқушылар меңгере алатын мүмкіндігінше шағын және қарапайым ғылыми түсініктен бастадық. Олардан кейін негізгі орта мектеп оқушылары меңгере алатын түсініктер ұсынылды, бұл кезде абстрактілі ойлау дамып келе

жатқандықтан, оқушылар оқиғалар немесе құбылыстар арасындағы байланысты көруге мүмкіндік алады.

Жоғары сыныптарда табиғатты, қоршаған әлемді зерттеу білігі мен дағдысының кеңеюіне байланысты заңдылықтар мен табиғаттағы байланыстар туралы үнемі хабардар болу оқушыларға жаңа және бұрынғы эксперименттер ауқымын білуде қолдануға болатын қарым-қатынастар мен үлгілерді түсінуге мүмкіндік береді.

Біз қапталдық бағананы өзіміз қарастырып отырған тақырыптың бөліктерін мектептегі оқытудың әртүрлі кезеңдеріне қалай сәйкес келетінін көрсету үшін пайдаландық.

Әр оқушының танымдық дамуы жолында оларға білім бере отырып, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беру өте маңызды. Оқытудың белгілі бір кезеңінің деңгейіне сәйкес түсінуге негізделген логикалық құрылымдарға қатысты дамудың негізгі бағытын сақтау маңызды. Әр кезеңде әзірленетін идеялар осы үздіксіз дамуға көмектесуі керек.

Әрбір қадамның мақсаты - тапсырмалар мен ең қиын түсініктер арасындағы байланысты бұрмалауға тырыспай, негізгі ғылыми түсінікке бірте-бірте жақындау. Оқушылардың бұл бағытта қаншалықты алысқа баруы оларға әсер ететін педагогикалық шарттарға ғана емес, бірқатар басқа да факторларға байланысты.

Төменде Жердің және оның атмосферасының құрамы, сонымен қатар олардың арасында болып жатқан процестер жер бетіне және оның климатына әсер ететіні туралы түсінік қалыптастыра отырып, оқушылардың бойында ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастырудың спиральды моделін ұсынып отырмыз.

Бұл тақырыптың оқу-ғылыми контексті мынадай: «Күн энергиясының радиациясы Жерді қыздырып, атмосфера мен мұхиттарда конвекциялық ағындарды тудырады, климаттық жағдайлар жасайды. Жердің ортасынан шығатын жылу лаваның қозғалуына себепші болады. Бұл өз кезегінде жер қыртысын құрайтын тақталардың қозғалуына, жанартаулар мен жер сілкіністерінің пайда болуына әкеледі. Жердің қатты беті тау жоталарының қалыптасуы мен бұзылуына байланысты үнемі өзгеріп отырады»:

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 80 б.
2. Захаров А.Г. Использование метода проектов в обучении географии. // География и экология в школе XXI века. №4-2007.

ӘОЖ 004

ЖОБАЛАУ – БІЛІМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

М.С. Ақзамова, З.Т. Көкшеева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл жариялымоқыту технологиясының түрі жобалау технологиясын, оның кезеңдері мен қызметін зерттеуге арналған. Мақалада жобалар түрлері А.М.Новиков бойынша құрылған жүйелік жіктеме негізінде қарастырылған. Зерттеу жұмысында жобалау технологиясының оқу әдісі ретінде пайда болуы және оның педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асырылу сұрақтары зерттелді. Мақалада жобалау әрекетінің негізіне алынатын білім беру үрдісіне қатысушылардың қарым-қатынастарының жаңа түрлері және білімнің жаңа мазмұны мен жаңа білім беру технологиялары туралы ақпарат берілген. Зерттеу жұмысын

жазу барысында ғылыми материалдарды, тілдік деректерді жинақтау, сипаттау, жүйелеу, саралау, тұжырым жасау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: жоба, жобалау, рефлексия, оқыту технологиясы, жобалаудың кезеңдері, жобалау әдісі.

Бүгінгі таңдағы ақпараттар мен жаңалықтардың пайда болу жылдамдығы бұрынғы қалыптасқан дағдыда жұмыс жасаудың мүлдем тиімсіз екенін көрсетіп отыр. Осыдан келіп, адамдар практикасында жаңа табиғи даму жолдарын пайдалану – әлеуметтік, экономикалық, технологиялық, білім беру т.б. жүйелердің өзіндік инновациялық модельдерін құрастыру: авторлық модельдер, технологиялар мен әдістемелер, т.б. жасап, жобалар түрінде тәжірибеге ендіру кеңінен тарай бастады. Осы жаңа ұйымдастырушылық мәдениеттің тірек ұғымдары: жоба, жобалау, технологияландыру, рефлексия – пайда болып, бүгінгі күні кеңінен қолданылысқа енуде. Назар аударатын нәрсе, осындағы жоба мен рефлексия ұғымдарының бір қарағанда бір –біріне қарама –қарсы сипатта екені: біріншісі –алға қарай көз тастау, екіншісі –кейін қарай қарау деген түсініктерді береді.

Дәстүрлі «жоба» ұғымы энциклопедиялық сөздіктерде техникада, құрылыста, т.б. өндірістік салаларда белгілі бір бұйым жасау, немесе ғимарат салуға қажет құжаттардың суреттер, есептеулер, т.б. жиынтығы деп қарастырылады. Жобаның бүгінгі мәні одан өзгеріп, оны жеке адамнан, ұжымның, ұйым не мекеменің, немесе, бірнеше ұйымдар мен мекемелердің бірлескен өнімділік әрекетінің аяқталған циклы деген түсінігі кеңінен тарауда. Ғалымдардың еңбектерінде жобаға бірнеше анықтамалар берілген, (М.Ньюэлл, В.Дункан, М.Грашина, Д.А.Новиков). Жобалар түрлерінің, оларды қолдану аясының тым көптігі оларды жіктеуді қажет етеді, оны А.М.Новиков бойынша құрылған жүйелік жіктеме негізінде қарастырып көрейік.

Жоба типтері немесе салалар бойынша: техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім беру, аралас салалар, т.б.

Жоба кластары немесе жобаның құрамы мен құрылымы, пәндік аясы бойынша: моно – жобалар, мульти – жобалар, мега – жобалар. Олар қолданылуына қарай сипатталды, мысалы, моно – дербес жобалардың белгілі бір масштабтағы түрліше дара жобалар екені атынан көрініп тұрса, мульти –жобалар бірнеше дербес жобалардан тұратын кешенді жоба болса, мега –жобалар – белгілі бір экономикалық саланы, не аймақты дамытудың мақсатты бағдарламалары, оның құрамына моно – жобалар да, мульти – жобалар да еніп кетеді.

Жоба көлемі: шағын, орташа, ірі және өте ірі деп шартты түрде белгілене алады.

Жоба ұзақтығы: қысқа мерзімді – 3 жылға дейінгі, орта мерзімді, – 3-5 жылға, ұзақ мерзімді – 5-тен көп жылдарға созылатын жобалар;

Жоба түрлері: инвестициялық, инновациялық, білім беру, ғылыми –зерттеу, аралас, т.б.

Енді осы «жоба» ұғымының білім беру саласында қатысты сапаларын қарастыратын болсақ, оның түрлерін ғылыми–зерттеу жобалары, педагогикалық, немесе білім беру жобалары, әр білім алушының оқу әрекетінде қолданылатын жобалары деп бөлуге болады. Әрбір жоба идея пайда болғаннан бастап, толық аяқталғанға дейін өз дамуының бірнеше сатыларынан өтеді. Ф.И. Перегудов пен Ф.П.Тарасенко зерттеулерінде даму сатыларының жиынтығы *жобаның өмір сүру циклын* құрайды, ал ол фазаларға бөлінеді, фазалар – сатыларға, сатылар –кезеңдерге бөлінеді.

А.М.Новиков *жоба* мен *жобалау* ұғымдарының айырмашылығын анықтайды, ол *жобалауды* жобаның бастапқы кезеңіне тән әрекет деп түсіндіреді. Шын мәнінде, кез келген өнімді, немесе инновациялық қызмет нақты мақсат қойылуын, дәлірек айтқанда, жобалауды қажет етеді. Педагогикалық іс-әрекет тәжірибесінде *білім беру жүйесін* жобалау іске асырылады, мысалы, білім мазмұнын дамытуды жобалау, оған білім беру үрдісін жобалау т.б. әрекетерді жатқыза аламыз.

Жобалау - білім саласын дамытудың және кәсіби –педагогикалық белсенділіктің қайнар көзі ретінде мәдениет тарихында ұзақ жылдар бойы қалыптасып келді. Бұдан

бірнеше ғасыр бойы өмір сүрген педагогикалық теорияның негізін қалаушы Я.А.Коменский мұғалім әрекетінде зерттеушілік бағыттар қосу оқытудың табысты болуына ықпал ететіні туралы былай дейді: «адамдарды оқытқанда олардың кітаби білімді алуына емес, олардың өздеріне аспан мен жерді, түрлі ағаштарды бақылап, заттарды зерттеу мен тануға үйреткен жөн, сонда олар біреулердің бақылағаны мен түсіндіргенін ғана есте сақтап отырмайды». Осы идея кейін көптеген белгілі философтар мен педагогтардың еңбектерінде одан әрі жалғастырылды. [1] Мысалы Ж.Ж.Руссо баламен қарым –қатынаста оның шамасы жететін мәселелерді қойып, оны шеше білуге үйретудің маңызын айтады, ол туралы «бала үлкендердің айтуымен емес, өзі түсінуіне, білімді жаттап алу емес, өзі ойлап шығаруға» мүмкіндік жасалуын қолдайды. Оқушының ойлау әрекеттері арқылы айналадағы құбылыстарды танып білуінің маңыздылығын швейцар ғалымы И.Г.Песталлоци да атап өткен. Педагогикалық идеялар мен тәжірибенің даму барысында Сократтың әңгімелесу әдісін, А.Дистервегтің эвристикалық әдісін атауға болады. Осылайша, кәсіби – педагогикалық ой –пікірдің даму барысында *жобалау идеясы педагогикалық практикадан педагогикалық теорияға* қарай ауыса бастады. XX ғасырдың бірінші жартысында *жобалау әрекетін* әлеуметтік және білім саларында ғылыми –әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге ғылымның әртүрлі салаларының өкілдері үлес қосты. Олардың ішінде Дж.Дьюи, К.Поппер, Г.Саймон, В.Х.Килпатрик және т.б. бар.

Жобалау әрекетін педагогикалық ұғым ретінде енгізуші –Дж.Дьюидің ізбасары В.Х.Килпатрик болып табылады, ол осы жаңа жүйенің үш негізгі компоненттерін бөліп көрсетеді. Олар: оқушылардың табиғаты мен қызығушылығына құрылған оқу материалдары; мақсатқа бағытталған әрекет; оқытуды – өмірді үздіксіз жаңғырту және одан жоғары сатыларға көтеру құралы ретінде қарастыру. Оның еңбектерінде жобаның төрт түрі көрсетілген: өндірістік, немесе жасампаздық; тұтынушылық; интеллектуальдық, немесе басқа да проблемаларды шешуге бағытталған; жоба–жаттығулар.

XX ғасырдан бастап Д.Дьюи еңбектерінде педагогикада «жобалау әдісі» түсінігі қолданылса, В.Килпатрик «жоба» түсінігін әрекет нәтижесі ретінде қарастырған. В.Килпатриктің айтуынша, кез келген әрекет, егер ол белгілі бір мүддені көздей отырып бірлескен және жоғары деңгейдегі өз бетіндік жұмыс ретінде орындалған білім алушылар тобының әрекеті болса, онда ол жоба болып есептеледі. Батыстық педагогикада (Д.Дьюи, К.Роджерс, Э.Фромм) оқытудың жобалау мәдениеті тұрғысынан қарастырылуы білім алушының жобалау әрекеттеріне қатысуы арқылы тұлғалық өсуіне, жеке әлеуметтік тәжірибесінің дамуына, шығармашылық еркіндігін көтермелеуге бағытталған педагогикалық жағдайлар туғызылады деп қарастырылды.

Джон Дьюидің «Демократия және тәжірибе» атты еңбегінде оқытудың қоғамдық сипаты қарастырылуына байланысты, жобалау әрекеті қоршаған ортада, шынайы өмірде туған проблемаларды шешуге негізделген білім мазмұнын әлеуметтендіру амалы ретінде мақсатты түре дамытыла бастады. Өткен ғасырдың басында С.Т.Шацкийдің жетекшілігімен оқыту барысында жобалаудың бірнеше түрлерін пайдалану жұмыстары ұйымдастырылды. Одан соң, В.А.Герд практикалық жұмыстағы жобалау әдістерін, А.П.Пинкевич жаратылыстану ғылымындағы сынақ–тәжірибелік жұмысында, Б.Е.Райков зерттеу жұмыстарында, К.П.Ягодовский зертханалық жұмыстарда жобалау әдістерін дамыта бастады. Шетелдер тәжірибесінде, атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, т.б. көптеген елдер жобалау әдістері ең тиімді гуманитарлық әдіс ретінде кеңінен тарады.

Кеңестік мектептерде жобалауды педагогикалық ойлау логикасы тұрғысынан А.С.Макаренко қолданды, ол нақты бір тәрбиеленушінің қабілеті мен қызығушылықтары негізінде тәрбиелеу мақсатындағы тұлғаның оқу –тәрбие әрекеттерін жобалау әрекеттерін қарастырды. Кейіннен жобалау түсінігін педагогикалық әрекеттердің әдіснамасына қатысты Г.П.Щедровицкий 1968 жылы шыққан «Педагогика және логика» еңбегінде пайдаланған болатын, бірақ сол кездері жарық көре алмаған еңбек 1994 жылы толықтай басылып шықты. 1970- жылдары Н.В.Кузьмина еңбектерінде жобалау компоненті педагог

әрекеттерінің құрылымына енгізілді, қазіргі кезде терминологиялық аппараттан «педагогикалық жобалау», «мұғалімнің жобалау әрекеті» т.б. ұғымдары орын алып отыр. Мәдениеттің технологиялық түрлерінің пайда болуы соңғы кездері зерттеуші – ғалымдардың жобалау әрекетінің әдіснамалық негіздеріне ерекше құбылыс ретінде талдау жасауға әкелді. Жобалау әдістерімен оқыту үрдісінен педагогикалық қоғам оқытудағы жобалауға, немесе жобалау негізінде оқытуға, жобалау негізіндегі тәрбиелеуге (О.И.Газман), жобалау негізіндегі білім беруге (Г.Ильин) көшу жүзеге асырылып, жобалық орта білім беру ұғымына айналуға. Кеңестік және ресейлік педагог – ғалымдар В.В.Давыдов, Генисаретский, Н.Г.Алексеев, А.В.Петровский, И.В.Якиманская, В.И.Безруков, т.б. жобалауды білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған әрекеттер негізінде зерттейді. И.А.Зимняя білім берудің жобалылығын білім тенденциясының болашағы ретінде қарастыра отырып, оны айқын байқалып келе жатқан пәндік – бағдарлы оқыту жүйесінің тұлға әрекетіне бағытталған жобалық – құрастырушылық оқытуға ауыса бастауымен түсіндіреді.

Білім беруді дамытудың перспективалық бағыты ретіндегі жобалаудың негізгі идеялары Ресейдің педагогикалық инновациялар институты ғалымдары құрастырған білім беруді жобалау тұжырымдамасында көрініс тапқан. Аталған тұжырымдаманың мәнін В.И. Слободчиков білім берудегі инновациялық әрекеттер тұрғысынан зерттейді. Инновациялық жобалау әрекеттері төмендегі өзара байланысты қызметтерді қамтиды, олар: ғылыми – зерттеу әрекеттері, немесе жаңа білімді ашу, игеру; жобалау әрекеттері, немесе жаңа білімді технологияда пайдалану арқылы тағы да жаңа білімді құрастыру; білім беру әрекеттері, немесе субъектілердің өз тәжірибесі негізінде өзіндік білімді игеруі; Осылайша, жаңа әлеуметтік – мәдени жағдайлар ұлттық білімнің жаңа бейнесін, оның мәні мен белгілері – қоғамдақ тәжірибенің өз бетіндік түрі, тарихи тәжірибенің әмбебап түрде берілуі, адамдық мәннің қалыптасуы мен күшеюінің жалпы тарихи – мәдени түрі ретінде қалыптастыра бастады. Білімнің аталған жаңа бейнесіне сәйкес оның құрылымы өзгереді, білім саласы құрылымының көрінісі үш қырынан байқалады, олар:

білім беру ортасы – білімнің әлеуметтік – мәдени мазмұны ретінде;

білім беру институттары – білім беру субъектілері әрекетінің ұйымдастырылған жүйесі ретінде;

білім беру үрдісі – білім беру субъектілері әрекетінің мазмұны мен нақты жолдары ретінде;

білім беру саясаты – білім беру қызметін басқа жүйелер арасында қамтамасыз ету;

Қалыптасып келе жатқан жаңа жобалау парадигмасы педагогикалық ғылымдармен қатар білім берудің инновациялық мәдениетінің негізі бола алады. «Педагогикалық жобалау» түсінігі В.Безруковтың анықтамасы бойынша «гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылар білімінің нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу». Егер «жоба» тұрақты күйдегі ұғымды білдірсе, онда «жобаны жасау» оны құрастыру қозғалыстары болып табылады, өйткені ойлау әрекеттері ұйымдастырушының бірқатар ізденістік – зерттеу қызметтерін, ойлау операцияларын көздейді, олар – болжау, жобалау, модельдеу, құрастыру. Ал жобаны жүзеге асыру – ұйымдастырушының әрекеттеріне қатысты операцияларын – бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау, т.б. қажет етеді.

Олай болса, болжам жасау, жобалау, модельдеу, құрастыру, бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау әрекеттері жобалау қызметінің өз алдына жеке түрлері ретінде қарастырыла алады. Мысалы, белгілі бір ауқымды проблеманы болжау барысында төмендегідей жобалау әрекеттері орындалады: проблеманы *нақтылау*; оның «болашағын» *болжау* – қазіргі жағдайдағы проблемалар, күні ертең шығуы айқын және алдағы уақытта пайда болуы мүмкін проблемалар; оларды ескере отырып, әрекетті дамытудың тиімді жолдарын *жобалау*; қолайлы нәтижеге жету жолдарын *жоспарлау*; қабылдануы қажетті шешімдерге *баға беру*; Осы әрекеттердің ішіндегі ең маңызды рольді жобалау атқарады, өйткені, ол оған қатысты барлық әрекеттермен тығыз байланыста, сонымен қатар, аталған

әрекеттердің барлығы да жобалау объектісі қызметін атқара алады. Жобалау әрекетінің негізіне алынатындар: білім беру үрдісіне қатысушылардың қарым –қатынастарының жаңа түрлері; білімнің жаңа мазмұны; жаңа білім беру технологиялары. Жобалау қызметінің кезеңдері:

1. Даярлық немесе *бастапқы кезең*. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау объектісінің қазіргі жағдайын талдау, диагностикалау, бағалау; орын алып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау; осы бағыттағы ғылыми –зерттеулерді талдау; проблеманы теориялық негіздеу; жобаны ресурстармен қамтамасыз ету.

Бірінші кезеңнің нәтижесі – жобалаудың қажеттігін анықтау, оны ақпараттық – материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, тиісті жағдайлар туғызу.

2. Негізгі кезең немесе негізін салу кезеңі. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау мақсатын айқындау; мақсатқа қол жеткізетін жолдарды болжау; жобаның шектелу аясын белгілеу; жобалаудың түпкі ойын тұжырымдау; жобаның тұтас бағдарламасын, жоспарын жасау; бақылау түрлерін анықтау.

Екінші кезеңнің нәтижесі – объектінің құжаттық жобасын жасау, олар: тұжырымдамасы, моделі, бағдарламасы, жоспары.

3. Жүзеге асыру кезеңі. Бұл кезеңде жобаны жүзеге асыру жолдары, оны байқаудан өткізу орындалады. Нәтижесі –білім беру жүйесінің жаңа сапаға өткендігін назарға алу;

4. Қорытынды кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобаны және оны эксперименттік байқаудың сапалық нәтижелерін бағалау; жобаның тиімділігін тәуелсіз эксперттердің бағалауы; пайда болған проблемаларға сыни рефлексия жасау; жобаны коррекциялау, түзетулер енгізу. [2]

Бұл кезеңнің нәтижесінде жобаның жаңғыртылған түрі құрастырылады.

Сонымен, қорыта айтқанда білім мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау мәселесі кеңінен алғанда, білім берудегі жаңа қарым қатынастарды, оқытудың жаңа мазмұны мен технологияларын, ойлау және қызмет етудегі жаңа әрекеттерді тудыратын үрдіс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Меңжанова А. Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. Алматы, 1996.
2. Жарылқасын Садықов ХХІ ғасыр білім берудің жаңа технологиясын оқыту жүйесінде пайдаланудың келелі мәселелері. ЮКГУ, им.М.Ауезова, Шымкент, 2001ж.

ӘОЖ 54.378

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕН ДЕРБЕСТІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Р.Д. Мухашева, Н. Алдонгарова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Оқушылардың өзіндік жұмыстары оқу-тәрбие процесін қарқындатуға, материалды неғұрлым мағыналы зерттеуге, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын игеруге, жүйелі білімді жүйеге айналдыруға ықпал етеді, оқушылардың танымдық іс-әрекетін, олардың өз бетімен жұмысжасауға және үлгерімі орта және төмен оқушылардың химияны оқуға деген қызығушылығын дамытуға көмектеседі, білімнің беріктігі мен тереңдігін арттырады, қарым-қатынас тапшылығын жояды, әсіресе әр оқушының жеке басын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: өз бетімен жұмыс; өзін-өзі бақылау; өзін-өзі даярлау; өзін-өзі оқыту; өзін-өзі бағалау; жүйелеу; белсенді танымдық қызмет; оқу қызметі; оқу қызметін

ұйымдастырудың фронтальды, ұжымдық және жеке формалары; проблемалық мәселелер; оқушылардың жеке ерекшеліктері; проблемалық оқыту; химиялық эксперимент

Жаңа материалды үйрену кезінде оқушылардың белсенділігін арттыру. Сабақта жаңа материалды үйренуге көшу қалыпты түрде жүреді. Сабақтың басында өткен материалды қайталануынан жаңа сабақтың оқу міндеті туындайды. Зерттелетін материалға деген қызығушылықты арттыру үшін зерттелетін мәселенің практикалық немесе теориялық маңыздылығы туралы сенімді әңгімеден бастау керек. Бұл ретте, мүмкін болса, оқушылардың өмірде алған тәжірибесін қарай тартуға тырысу керек. Тарихи мәліметтерді пайдаланып жаңа заттарды ашқан немесе алған, белгілі бір құбылыстардың табиғатын түсіндіре алған, жарқын мәлімдемелер, химик ғалымдардың жұмысы, мақалалары мен кітаптарынан үзінділер туралы айту керек. Оқушылар жаңалықтың ашылу уақыты мен авторларын есіне түсіре алмауы мүмкін, бірақ мұндай әңгімелер із-түзсіз өтпейді: табиғат туралы білім оңай емес, көптеген адамдардың еңбегінің нәтижесі деген сенім алады.

Мысалы, 11-сыныптағы бензолды зерттеу бойынша сабақ есеп шығарудан басталады: 1825 жылы ағылшын ғалымы Майкл Фарадей жарықтандырғыш газда 92,3% көміртегі мен 7,7% сутегі бар көмірсутегіні анықтады. Оның ауа бойынша тығыздығы 2,69. Оның молекулалық формуласы қандай? Оның молекулаларының қандай құрылысын болжауға болады? Есепті шешіп, талқылағаннан кейін, бұл затқа атау 1834 жылы неміс ғалымы Митчерлих бензой қышқылынан алғаннан кейін ғана берілген. Бұл зат майлы сұйықтыққа ұқсайтындықтан, оның атауында "ол" жалғауы пайда болды. Осылайша "бензол" атауы пайда болды.

Тапсырма

Бейорганикалық қышқылдардың жалпы қасиеттерін еске түсіріп, сірке қышқылы осы қасиеттерді көрсетеме, тексеріңіз.

1. Сірке қышқылының ерітіндісін индикатормен тексеріңіз. Сірке қышқылының электролиттік диссоциациясының теңдеуін жазыңыз.

Ескерту. Диссоциация процесі қайтымды.

2. Сірке қышқылы ерітіндісінің көмірқышқылының құрғақ тұздарына әсерін зерттеңіз: пластинаның ұяшығына құрғақ калий карбонаты мен бірнеше тамшы сірке қышқылын салыңыз. Реакция теңдеуін иондық түрде жазыңыз.

Сұрақ. Жұмыртқаны қабығынан сындырмай қалай жұмыртқаны алуға болады?

Нұсқаулар қысқаша қорытындылармен, осы материал қарастырылған оқулықтың беттерін көрсетумен аяқталады. Үйге тапсырма беріледі [40].

Білім мен дағдыларды жетілдіру кезінде оқушылардың белсенділігін арттыру. Білім мен дағдыларды қайталау және бекіту, зерттелген материалды жалпылау және жүйелеу әр сабақта дерлік жүзеге асырылады. Бұл үшін арнайы сабақтар да ерекшеленеді.

Сұрақтардың көмегімен оқушыларға зерттелген материалды әр қырынан "қарауға", жаңа және қолда бар білімдердің байланысын анықтауға және анық түсінуге, бұрын түсініксіз құбылыстарды түсіндіру үшін алған білімдерін пайдалануға және т.б. мүмкіндік беріледі. Мысалы, 9-сыныптағы кристалдық торлардың түрлерін зерттеуге арналған сабақта оқушылар заттың физикалық қасиеттері ең алдымен олар түзетін кристалдық тордың түріне байланысты екенін жақсы түсінуі үшін бекіту сұрақтарының арасында "тіке" және "кері" бағытты болды. Мысалы: 1. Заттың молекулалық кристалдық торы бар. Ол қандай физикалық қасиеттерге ие болады? 2. Күкірт-жеңіл балқитын, сынғыш зат, электр тогын өткізбейді. Қатты күйдегі күкіртке кристалдық тордың қандай түрі тән? 3. Қатты оттегі қандай типтегі кристалдық торға ие болады? 4. Карборунд-кремний мен көміртектің қосылысы, өте қатты, отқа төзімді зат. Оның кристалдық торы туралы не айтуға болады?

Оқушылардың білімін жетілдіруде және дербестігін дамытуда сапалы (ауызша, жазбаша, эксперименттік) және есептеу міндеттерін шешуге үлкен рөл беріледі. Оқушылардың өздері тапсырмалардың шарттарын жасау әдісі кеңінен қолданылады. Шығармашылық тапсырмалардың барлық түрлерін оқушылар белгілі бір форматтағы

карточкаларда ресімдейді, содан кейін кабинеттің дидактикалық материалының картотекасын толықтыруға болады. Тақырып зерттеліп жатқанда, карталар дәптер мұқабасының соңғы бетіне жапсырылған конвертке салынады. Сабақ барысында оқушыларға кез-келген оқушы құрастырған карточкалар бойынша тапсырмаларды орындау ұсынылады; осылайша, бірнеше адам бірден жауап береді: тапсырмаларды құрастырушылар да, олардың орындаушылары да. Карточка тақырыбын оқудың соңында (олар тапсырманы құрастырған оқушының сыныбы мен тегін көрсетеді) оқушы-ассистенттер мен мұғалімге тексеру үшін тапсырылады. Ең жақсы құрастырылған тапсырмалар жаттығу және тексеру жұмыстарын жүргізу үшін қолданылады. Бұл жұмыстың тәрбиелік және дамытушылық маңызы ғана емес, тәрбиелік рөлі де бар екені түсінікті. Оқушылар тапсырмаларды құра отырып, ұжым алдында, жолдастарының алдында үлкен жауапкершілік сезімін сезінеді, олар ұқыптылыққа, адалдыққа, жұмыста жүйеге тәрбиеленеді.

Егер 8-9 сыныптарда тапсырмалардың шарттарын жасау шығармашылық жұмысы үйде орындалады, жоғары сыныптарда өзіндік жұмысты сабақта орындайды. Сонымен, 11-сыныпта алкендердің қасиеттерін зерттегеннен кейін бес минуттық тапсырма беріледі: келесі қасиеттерді қолдана отырып, кез-келген типтегі тапсырма жасаңыз: этенді бромдау (1-вариант), пропеннің сутегі галогенімен әрекеттесуі (2-вариант), этенді ылғалдандыру (3-вариант), этенді гидрогенизациялау (4-вариант), этенді хлорлау (5-вариант), толық этеннің тотығуы (6-вариант). Содан кейін бір үстелде отырған оқушылар тапсырмалардың шарттарымен алмасып, алынған тапсырманы орындайды. Біраз уақыттан кейін барлық есептердің шешуі тақтада тексеріледі.

Сабақтың соңында үйге тапсырма ұсынылады: алкендердің кез-келген екі қасиетін қолдана отырып, екі есепті құрастырып және шешеді. Бірінші тапсырмада екі бастапқы заттың массасы мен көлемдері белгілі, олардың біреуі артық берілген, ал екінші есепте - Авогадро заңын қолдану. Үй тапсырмасы формасы бойынша сабақта орындалғаннан ерекше және шығармашылық болып табылады.

Олардың білімі мен дағдыларын тексеру кезінде оқушылардың белсенділігін арттыру. Оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің ерекшелігі-жаңа материалды қабылдауға дайындықтан бастап, игеру нәтижелерін тексеруге дейін оқушыларды оқу процесінің барлық деңгейлерінің белсенді қатысушыларына айналдыру керек. Сондықтан оқушылардың көпшілігі бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын жақсы меңгерген. Сабақтарда олар тақтада жолдастарының берген жауаптарын үнемі талдап, толықтығы, дәлелі, жүйелілігі сияқты тараптарға назар аударады. Жауап берушілерге қосымша сұрақтарды кез-келген оқушы мұғалімнің қалауы немесе шақыруы бойынша қоя алады.

Кейбір тақырыптарды оқудың соңында орта мектепте кейде тақтада әдеттен тыс сауалнама жүргізіледі. Бірнеше адам ауызша пайымдауды ғана емес, формулаларды, реакция теңдеулерін және т.б. жазуды қажет ететін сұраққа жауап беруге дайындалуда, мысалы: 1) фенол молекуласының құрылымы, фенол молекуласындағы атомдардың өзара әсері; 2) фенолдың химиялық қасиеттері; 3) фенолды алу және қолдану. Әр екі оқушының сұрақтары бірдей болғандықтан, бірақ кеңестерден аулақ болу үшін олар тақтаға жақын жерде дайындалмайды. Сыныптың қалған оқушылары осы уақытта материалды қайталайды.

Жазбаларды орындап болған кезде жауап дайындаушылар орындарына отырады, ал үш оқушы жазбаларды тексеру үшін тақтаға шақырылады. Тексерушілердің әрқайсысы бір тақырыптағы екі жазбаны талдап, қателерді басқа түсті бормен түзетіп, қажет болған жағдайда бірден қосып, баға қоюы керек. Тақтада дайындалған студенттер өз пікірлерін қорғай алады, тексерушілермен нақты тапсырманың мазмұнын талқылап пікірталасқа қатыса алады. Сыныптағы басқа оқушылар пікір айтады. Нәтижесінде мұғалім жауап берушілерге де, тексерушілерге де баға қояды.

Оқушылар үй тапсырмасы туралы тек сабақ соңында ғана емес сабақ барысында да біледі. Жаңа материалды түсіндіру кезінде мұғалімнің мектеп оқушыларынан

дәптерлердегі және қызыл жолдағы жазбалар, үйде орындалатын сұрақ немесе тапсырма жаңа қарастырылған материалмен тығыз байланысты. Содан кейін оқу материалының келесі үзіндісі зерттеліп, оқушылар сабақтың қысқаша конспектісін жасайды.

Үйде өз жазбаларын қарап отырып, оқушылар осы, басқа тапсырманы жіберіп алмайды, өйткені ол үшін дәптерде ерекше орын бар. Бұл әдіс мектеп оқушыларының үй жұмысын бақылауды жеңілдетеді. Бұл техниканың басты артықшылығы-оқушылар сынып пен үй тапсырмасының тығыз байланысын жақсы көреді, әр тапсырманы саналы түрде орындайды, өйткені ол сабақта алған білім жүйесіне "сәйкес келеді". Оқушылар үйде берілген тапсырманы дұрыс орындай алатындығын түсінеді, олар осы тапсырманың шартына дейін дәптерде жазылған материалды есептің берілгенінен кейін ғана мүмкін болады.

Осындай әр түрлі жұмыс барысында әр оқушының мінезі мен қабілеттері ашылады, қарым-қатынастар нығаяды, болашақ белсенді „еңбекқордың,, жеке басы қалыптасады, тәуелсіз іс-әрекет дағдылары қалыптасады. Оқушылардың дербестігін арттыру мәселесі-мектептердің практикалық жұмысындағы маңызды мақсаттардың бірі. Сабақты жетілдірудің қазіргі кезеңі жаңа жағдайда оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасының ерекшеліктерін зерттеумен сипатталады, мұнда сабақтың тиімділік көрсеткіштері тек оқушылардың алған білім деңгейімен шектелмейді, бірақ олардың танымдық дағдылары мен дағдыларын игеру, олардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру және дамыту дәрежесін қамтиды. Сабақта өзін өзі жетілдірудің маңызды бағыты оның негізгі компоненттерінің: білім беру міндеттері, оқу материалының мазмұнын тәрбиелеу және дамыту, оқыту және оқыту әдістері, оқу процесін ұйымдастыру әдістері және оқушылардың танымдық іс-әрекеттері сияқты онтайлы үйлесімі мен өзара әрекеттесуін орнату болып табылады. Бұл мәселені шешуде ең алдымен сабақтың міндеттерін, әр сабақтың оқу-тәрбие міндеттерін бірге жоспарлау қажет.

Қазіргі сабақтың тиімділігіне қойылған міндеттердің барлық қойылған тапсырмаларды шешу, оқушылардың зерттелетін тақырыптың негізгі, жетекші идеялары мен тұжырымдарына назар аударып, ойлауы, оқушылардың танымдық қызығушылығының пайда болуы мен дамуына оң әсер ететін іздеу қызметін ұйымдастыру жағдайында қол жеткізіледі. Сондықтан сабақты жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі-дидактикалық принциптерді жүзеге асыру, оқыту әдістерін ұтымды үйлестіруді таңдау, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары, оқытудың қол жетімділік принципін сақтау кезінде қиындықтың онтайлы деңгейін қамтамасыз ету.

Сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында әр оқушының мүмкіндіктерін бағалаудың бірыңғай жүйесі негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу ерекше маңызды. Оқушыларды мұндай зерттеу мұғалімге сабақтың әр кезеңіндегі оқу-тәрбие процесінің мазмұнын дұрыс анықтауға, оқушыларға жеке және сараланған көзқарасты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. М.: Юрайт, 2000. - 523 с.
2. Цветков Л.А. О преподавании первых тем курса органической химии // Химия в школе. - 1982. - №4. - С. 23 - 26.
3. Жуковский И.В. Внеклассные мероприятия по химии // Хімія: праблемывыкладання. - 2003. - №3. - С. 44 - 45.
4. Артеменко А.И. Практикум по органической химии. М.: Высшая школа, 1983. - 208 с.
5. Монова Г.В. Универсальные дидактические карточки и их использование на уроках химии. Мозырь: ООО ИД «Белый Ветер», 2002. - 36 с.
6. Цветков Л.А. Преподавание органической химии. М.: Просвещение, 1973.-287 с.
7. Бабанский Ю.К. Педагогика. М.: Просвещение, 1988. - 479 с.
8. Макареня А.А., Обухов В.Л. Методология химии. М.: Просвещение, 1985. - 160 с.

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

У.К. Аманкулова, Г.А. Нуридинова
М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ЖОО студенттерінің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылады, осы іс-әрекеттің мәні, мазмұны, қағидалары ашылады.

Түйін сөздер: өзіндік іс-әрекет, өзіндік жұмысты басқару, белсенділік, дербестік, қағида.

Қазіргі адамның маңызды қасиеттерінің ішінде белсенді ойлау белсенділігі, сыни ойлау, жаңаны іздеу, білімді өз бетінше игеруге деген ұмтылыс пен қабілет ерекшеленеді. Осылайша, білім беру саласына тұлғаның белсенділігінің, жауапкершілігінің дамуына ықпал ететін, оның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған функция жүктеледі. Демек, оқудағы жетістік студенттердің өзіндік іс-әрекетінде көрінетін ішкі белсенділіктің рөлін арттырмай мүмкін емес.

Студенттерінің өзіндік іс-әрекетінің табиғатын және оны оңтайлы ұйымдастыру жолдарын анықтау бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Студенттердің өзіндік іс-әрекеті құбылысының күрделілігі, жан-жақтылығы, біздің ойымызша, қазіргі уақытта оның әртүрлі анықтамаларының болуының объективті негізі болып табылады.

З. Комарова студенттердің өзіндік іс-әрекетін оқу жұмысының барлық компоненттерінде (аудиториялық және аудиториядан тыс) студенттердің өздері жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады, сондықтан бұл басқарылатын іс-әрекет [1]. Бұл студенттердің оқу мотивтерін негіздеу, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және ұтымды жүзеге асыру және оны түзету қабілетімен байланысты іс-әрекеті.

Т. Ю. Гречухина өзіндік іс-әрекетті студенттердің сабақтардан емесе аудиториядан тыс уақытта оқытушының тікелей басшылығынсыз жеке, топтық және танымдық іс-әрекетінің әртүрлі түрлері ретінде қарастырады [2].

А. Ю. Кожиспиров сөздің кең мағынасында студенттердің өзіндік жұмысы деп студенттердің мұғалімнің басқаруымен және басқаруысыз оқу аудиториясында да, одан тыс жерлерде және ол болмаған кезде де студенттердің өзіндік іс-әрекеті жиынтығы ретінде түсіндіреді. Бұл реттестуденттердің өзіндік жұмыстағы белсенділік елеулі және тұрақты уәждеме болған жағдайда ғана мүмкін болады [3].

М.Е.Нургалиева студенттердің өзіндік жұмысын, оқу тапсырмаларын орындау барысында студенттердің оқытушы басшылығымен жеке, топтық, фронтальды түрде орындалатын оқу жұмысының түрі ретінде айқындайды[4].

П.И. Пидкасистый студенттердің өзіндік жұмысын, оқытушының жетекшілігімен студенттердің білімді, дағдылар мен икемдерді игеру, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен мінез-құлық жүйесін дамыту мақсатында студенттердің орындайтын оқу өндірістік немесе зерттеу тапсырмаларының түрлерінің ол әртүрлілігі деп түсінеді[5].

Өздік жұмысты ұйымдастыруды студенттердің өзіндік жұмысын басқарудың кейбір құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, П. И. Пидкасистый студенттердің өзіндік жұмысын басқарудың келесі қағидаларың тұжырымдайды:

- 1) оқытылатын пәннің оқу материалын оқу бірліктеріне бөлу;

2) студенттердің бақыланатын іс-әрекетін білдіретін терминдердің көмегімен оқу бірліктерінің дидактикалық мақсаттарын айқындау;

3) әдістемелік нұсқаулықтардың көмегімен студенттердің өзіндік жұмысын басқару;

4) өзін-өзі бақылау түрінде әрекеттетін және оқытушы тарапынан бақылауды да қамтитын жүйелі кері байланыс;

5) әрбір оқу бірлігінің танымдық міндеттеріне қайта аударылған тиісті дидактикалық мақсаттарды толық игеру.

Г. Н. Диниц «Өзіндік жұмыс студенттерді кәсіби даярлау құралы ретінде» зерттеуінде жоғары мектептегі өзіндік жұмыстың келесі негізгі белгілерін анықтайды:

-мақсаттылық, яғни саналы түрде қойылған мақсатқа жетуге бағытталған белсенділік;

- ойлану, яғни мақсат қойылғаннан кейін адам әрекететуі үшін жағдайды талдайды және мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын, болашақ әрекеттердің реттілігін таңдайды;

- нәтижені саналы түрде жоспарлау және болжау, логикалық схеманың болуы;

- іс-әрекеттердің құрылымы, нақты жиынтығы және оларды жүзеге асырудың реттілігі;

- нәтижелік, яғни іс-әрекеттің тиімділігі оның нәтижесінде көрінуі[6].

С. И. Архангельский «өзіндік жұмыс» ұғымын қажетті ақпаратты дербесіздеу, білім алу, осы білімді оқу, ғылыми және кәсіби мәселелерді шешу үшін пайдалану ретінде түсіндіреді [7].

Басқа авторлар (Р.А. Низамов, И. И. Ильясов, В. Я. Ляудисжәнет. б.) өздік жұмыс ты студенттердің сабақтан емес аудиториядан тыс уақытта тікелей басшылықсыз, бірақ оқытушының бақылауымен жеке және топтық танымдық іс-әрекетінің әртүрлі түрлері ретінде қарастырады.

Кейбір ғалымдар өзіндік жұмысты жоғары мектепте ұйымдастыру тұлғаның жеке қасиеттер ретінде, белсенділікпен тәуелсіздікке тәрбиелеу пайдалы ақпаратты ұтымды алу дағдыларын дамыту шаралары жүйесі ретінде қарастырады.

Сондай-ақ, өзіндік жұмысты бір қатар авторлар мұғалім болмаған кезде болатын оқу іс-әрекетін басқаруды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды ұйымдастыру жүйесі ретінде түсінеді.

Осылайша, өзіндік жұмыс-бұл оқытушының әдістемелік басшылығымен тапсырма бойынша орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз студенттердің жоспарланған жұмысы.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көрініп тұрғандай, өзіндік жұмыс бір жағынан белсенділікті, тәуелсіздікті, танымдық қызығушылықты, өзін -өзі тәрбиелеуді, одан әрі біліктілікті арттыруға ынталандыратын іс-әрекет түрі ретінде, ал екінші жағынан студенттердің өзіндік іс-әрекетін басқаруды қамтамасыз ететін іс-шаралар немесе педагогикалық жағдайлар жүйесі ретінде қарастырылады.

Өзіндік жұмыс үлкен дидактикалық әлеуетке ие, өйткені оның барысында оқу материалын игеру ғана емес, сонымен бірге оны кеңейту, әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, аналитикалық қабілеттерін, бақылау дағдыларын дамыту және оқу уақытын жоспарлау процестері жүзеге асады.

Көріп отырғанымыздай, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде өзіндік жұмыс және өзіндік іс-әрекет ұғымы синоним ретінде қолданылады, олар студенттердің өз бетінше белсенді іс-әрекеттену жолында өте маңызды, бұл әрекеттер көп жағдайда мұғалім тарапынан міндетті түрде студенттердің іс-әрекетін ынталандыратын белсенді іс-әрекетін талап етеді. Белсенді оқыту әдісі бола отырып, өзіндік жұмыс жеке тұлғаның іс-әрекетінің мотивтерін тудырады, олардың негізгілері: білімдерін кеңейту, жаңаны білу, қандайда бір шеберлікті игеру қажеттілігі; тапсырманы бөгде адамның көмегінсіз орындауға дербестік танытуға ұмтылу; өз білімімен мүмкіндіктерін тексеру қажеттілігі.

«Өзіндік жұмыс» термині: оқытушының тапсырмасы бойынша көрсетілген мерзімдерде, бірақ оның қатысуынсыз орындалатын жұмыс; жеке тұлғаның мақсатты, ішкі ынталандырылатын және түзетілетін іс-әрекеті; жаңа міндеттерді шешу үшін тәжірибе мен білімді қолдануға бағытталған білім алушының іс-әрекетіретінде түсіндіріледі.

Осылайша, оқытушы бақылайтын білім беру процесінің міндетті элементі ретінде өзіндік жұмыс, студенттерге дербестіктің қалыптасу деңгейіне және студенттердің жеке мүмкіндіктеріне байланысты өзін-өзі тәрбиелеу техникасын үйрететіні анық. Оқу процесінің мақсатына жетудің нәтижесі студенттердің дербестігін дамыту, оқу процесінде де, оқу орнын бітіргеннен кейінде қажетті ақпаратты ала білу болып табылады. Оқытушы студенттің өзіндік іс-әрекетін жоспарлайтын, бағалайтын және бақылайтын кеңесші мәртебесіне ие болады. Бұл ретте педагогикалық қолдау ерекше рөл атқарады және студенттің шығармашылық әлеуетін іске асыру жолында туындайтын қиындықтарды анықтауға және жоюға бағытталған педагогикалық үдеріс субъектілерінің ынтымақтастығы ретінде қарастырылады.

Сонымен, өзіндік жұмыс бұл оқу іс-әрекетінің барлық құрылымдық компоненттеріндегі студенттердің дербестігімен белсенділігінің белгілі бір деңгейі талап ететін оқу іс — әрекетінің түрі, яғни проблеманы қою, өзін-өзі бақылау және түзету, қарапайым жұмыс түрлерін орындаудан ізденушілік сипаттағы күрделіге ауыса отырып және студенттердің танымдық қабілеттерін, олардың бағдарлануын қалыптастыру құралы ретінде үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Комарова З. И. Азбука самостоятельной работы студента-лингвиста. Екатеринбург, 2003.
2. Гречухина Т. Ю. Воспитательные аспекты самостоятельной работы студентов // Самостоятельная работа в современном образовательном учреждении: теория и практика : сборник научных трудов по итогам Международной конференции, 17-20 марта 2010 г. : в 3-х ч. Ч. 1 / Урал. гос. пед. ун-т. Екатеринбург, 2010.
3. Каджиспарова С. М., Каджиспаров А. Ю. Словарь по педагогике. М., 2005.
4. Нургалиева М.Е. С. Торайғыроватындағы ПМУ студенттерінің өздік жұмысын ұйымдастыру диагностикасы // «XIX Сәтбаевоқулары» атты жасғалымдар, студенттер және оқушылардың халықар. ғыл. конф. матер. – Павлодар, 2019. – Т. 14. – Б. 362-367.
5. Пидкасистый П. И., Беляев В. И., Межериков В. А. Юзефовичус Т. А. Педагогика. СПб., 2010.
6. Диниц, Г.Н. Самостоятельная работа как средство профессиональной подготовки студентов: дис. ... канд. пед. наук / Г.Н. Диниц. М., 2003. – 176с.
7. Архангельский, С.И. Учебный процесс в высшей школе и его закономерные основы и методы / С.И. Архангельский. – М.: Высшая школа, 1980. – 368 с.

ӘОЖ: 159.96 (043.3)

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Н.Қ. Арашова, З.Ж. Айджанова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «ерекше балалар» түсінігіне талдау жасай отырып, аутизмнің туындау мәселесінің негізі мен аутист балалардың психикалық дамуының ерекшелігін теориялық тұрғыда анықтау, аутизм диагнозы қойылған балалардың қарым-қатынас

жасауындағы қиындықтардың болу себебін зерттеу және қарастыру болып табылады. Ерекше балалармен жұмысты қалай жүргізуге болады және осы процеске қатысатын мамандардың қызметтері, анықталған мәселелердің өзектілігі, тәжірибенің талаптары және кешенді түзету-дамыту жұмыстарының жүйесін жасап, өзін-өзі тану ерекшеліктерін, физикалық даму белсенділігін үй жағдайында балаларды дамытудың жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: психика; интеллект; аутизм; коррекция; шизофрения; мотивация; логопедия; психология; ПМПК; ЗПРР; ЗРР; музыкатерапия; ЛФК; АФК; эрготерапия; невропатология т.б.

Бүгінде елімізде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, бейімдеу, қандай да бір кемсітушілікке жол бермей қоғамда өзін жайлы сезінуге жағдай жасау мемлекет алдында тұрған аса маңызды мәселелердің бірі. Оларға өз деңгейінде білім беруден бөлек, қоғамға, өзге балалармен араласуға үйрету – бірінші кезектегі мәселе. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕБҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар).

Еліміздегі ерекше білімді қажет ететіндер статистикасы. Бүгінгі таңда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны 161 мыңнан асады. Өкінішке қарай, бұл санаттағы балалардың саны жыл сайын 3 пайызға өсіп отыр.

- Психикалық дамуы тежелген балалардың саны 50 мыңнан асады;
- Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың саны 47 мыңнан асады;
- нашаркөретіндер – 8 004;
- нашареститіндер – 3 857;
- ақыл-есі кем – 25 045;
- тірек-қимылаппаратының бұзылуы – 18 841;
- аутизм спектрінің бұзылуы – 5 193;
- естімейтіндер – 2 054;
- көзікөрмейтіндер – 313.

Айта кетейік, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шамамен 50 пайызы ерте жаста оңалтылуы мүмкін. Мұндай санатқа кіретін балаларды оқытумен, тәрбиелеумен қамту мектепке дейінгі ұйымдардан ЖОО-ларға дейін жүргізіледі. БҒМ-нің мәліметінше, мектепке дейінгі балабақшаларда 37 970 астам бала тәрбиеленеді. Орта білім беру ұйымдарында 95 497 бала оқиды. Колледждерде 2 900 бала және ЖОО-ларда 3 520 бала оқиды.

Ерекше балалардың тоғыз санаты бар, соның ішінде біз тоқталатын сала аутизм диагнозы қойылған балалар. Соңғы уақыттары ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың қатары көбейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Жаңа статистикаға сүйенсек («Autism Speaks» халықаралық ұйымының) АҚШ-тың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының ақпаратына жүгінсек:

2022 жылы әлемдегі әрбір 44-ші балаға осы диагноз қойылған.

2004 жылы 166 баланың – бірі,

2006 жылы 150 баланың – бірі,

2008 жылы 125 баланың – бірі,

2010 жылы 110 баланың – бірі,

2012 жылы 88 баланың – бірі,

2018 жылы 68 баланың – бірі,

2022 жылы 44 баланың – бірі,

Бұл талдаудан әлем бойынша аутизм диагнозымен ауыратын балалар санының күрт өскендігін байқаймыз. Олардың мәселесін әп-сәтте шешу мүмкін емесі белгілі. Алайда, бұл жұмыс қазірден басталмаса, кейін кеш болады.

Маңғыстау облысындағы статистикалық мәліметтерге тоқталсақ, «Арнайы білім беру және балалардың құқықтарын қорғау» бөлімінің меңгерушісі Байдуллаева Шынар Аманғалиқызының айтуы бойынша облыста психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда тіркелген ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың саны – 8210, оның ішінде аутист саны - 535.

Аталған санаттағы балаларға 19 арнайы білім беру ұйымы қызмет көрсетеді.

- 3 арнайы балабақша,
- 4 арнайы мектеп,
- 1 оңалту орталығы,
- 6 ППТК,
- 5 ПМПК.

Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1657 (балабақшада 289, мектепте 1350, колледже 18) бала білім алады. Облыстың барлық мектептерінің штаттық кестесіне арнайы мамандар мен педагог - ассистенттің лауазымдық бірліктері енгізілген.

«Аутизм» түсінігі (грек тілінен аударғанда «auto» - өзім) адамның өз-өзіне кетуі, айналадағы болып жатқан дүниелерге назар аудармау дегенді білдіреді. Бала аутизмі - қарым-қатынас және эмоционалдық қабылдау аймағындағы қиындықтардан тұратын, жүріс-тұрыстың стереотиптілігімен көрініс беретін психикалық дамудың туа біткен бұзылыстары болып табылады.

Аутизм - ми дамуының бұзылысы нәтижесінде туындайтын психикалық бұзылыстар. Қазіргі кезде аутизмның неден болатыны нақты анықтала қойған жоқ, ғалымдар әртүрлі тұжырымдарды ұстанады. Бұл аз зерттелген, түсініксіз кұбылыс: әлеуметтік байланыс пен қарым-қатынастың болмауымен, бірнеше мәрте қайталанатын іс-әрекеттерден тұруымен, эмоциялық қабылдаудың бұзылысымен суреттеледі. Қазіргі кезде аутизм диагнозы қойылған балалардың жылдан-жылға көбеюі барлық елдерде көрініс беруде, сондықтан да, бұл мәселені зерттеу практикалық психология саласында ең бір өзекті мәселеге айналууда. Аутизм диагнозының не себепті туындауы, ерте балалық шақта диагнозды дұрыс қою мәселесі және түзету-дамыту шараларын дұрыс ұйымдастыру қазіргі күнде терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде аутист балалардың психикалық ерекшелігін зерттеген ғалымдардың Л. Каннер 1943, В.Е.Каган 1981, В.В.Лебединский 1985, Е.М.Мастюкова, Ульянова 1990, С.С.Морозова 1990 және т.б. еңбектері қарастырылды. Сондай-ақ, аутизмге шалдыққан балалардың сөйлеу тілінің бұзылысы мен психикалық белсенділіктің жетіспеушілігі арасындағы байланысты зерттеген ғалымдардың Н.Б.Ловрентьева, Л.С.Выготскийдің және т.б. еңбектері негізге алынды. Сондай-ақ, Ұлттық ғылыми-практикалық орталықтың психологы М.Баймұхановнаның қазақ балаларының психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету тәсілдері мен жолдарын зерттеген Н.Д.Ұнарбекованың, дамуында ауытқушылығы бар боз балаларды зерттеген С.О.Баянқұлованың, тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысын зерттеген М.Ә.Перленбетовтың еңбектері негізге алынды.

Аутист балалардың арнайы даму деңгейлеріне байланысты диагноздары болады. Бұл жандарға арнайы білім беру мекемелері мен арнайы мамандар жұмыстар жүргізеді. Яғни атап айтсақ тек педагогтармен ғана емес, арнайы логопед, психолог, дәрігер, әлеуметтік педагог, ЛФК мамандар және т.б. Әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу барысында әр маман баланың дамуына байланысты әр түрлі бағытқа жауап береді. Логопед баланың сөйлеу қабілетіне байланысты жұмыс жасаса, ал психологтар балалармен психологиялық дамыту жұмыстарын жүргізеді. Дефектолог баланың жалпы дамуымен, академиялық және әлеуметтік-тұрмыстық қабілеттерімен жұмыс істейді.

Баланың қалыпты ортада дамуы, ол үшін барлық қажеттіліктің жасалуы ерекше бала тәрбиелеп отырған кез-келген ата-ананың арманы. Сондықтан, ата-аналармен тығыз қарым-

қатынас жасалып, үйде баланы қалай дамыту, оқыту керектігі көрсетілу керек. Себебі, балалар үнемі қайталап отырмаса, білгені мен үйренген машықтарын тез ұмытып қалады. Өзім осы баламен жұмыс барысында тәртіпке, төзімділікке, мейірімді болуға, сынаққа сынбайтын қайратты болуды үйрендім. Бұл жұмыс моральдық және физикалық қаншама энергияны қажет ететіні сөзсіз. Алайда көрінген әр жетістік сол баланың ата-анасы үшін – бақыт, тәрбиешілер үшін – жеңіс. Біздің міндет – ерекше балаларды ешкімнің көмегінсіз, өз бетінше өз қажеттіліктерін өтей алатындай деңгейге жеткізу.

Баланы дамыту өте жауапты, әрі маңызды іс. Әдетте ата-аналар баланы дамыту бала-бақшалар мен оқу-дамыту орындарының міндеті деп есептейді. Алайда баланы ерте жастан бастап үй жағдайында дамытуға толық мүмкіндік бар. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дүниетанымын кеңейтуді, олардың сезіне білу тәжірибесін байыта түсуді, балалардың сөйлеу және ақыл – ойының дамуын, танып білу әрекетімен ең алғаш ата-ана айналысуы керек. Мұндағы негізгі мақсат оларды қоғамдық өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру. Балаңыз сөз түсінбесе де сөйлесе біліңіз. Мысалы: балам мен саған ақ майка кигізіп жатырмын, енді көк көйлек, қара шалбар, жасыл носки деп барлық атауларды ретімен, нақты атымен айту керек. Тамақтану процесінде де осылай жеке-жеке аталу керек. Мысалы: күріш каша, картоп, сүт, кампот және т.б. Баламен не айтамын деп уайымдамай, ортақ тіл табысу керек. Көп ата-ана балаларын сөзімді сезбейді деп ойлайды. Олай емес, олар сізге сезімін айтпаса да, сіздің сезіміңізді сезе алады. Сол себепті сезіміңізді көрсетіп қана қоймай, балаңыздың көрсетуіне көмектесіңіз.

Баламен жұмыс жасалғанда тек бір бағытта болмау керек. Өйткені жақсы нәтиже барлық дамыту аймақтарымен жұмыс жасалғанда өнімді көрініс береді (1-кесте).

Зерттелетін аймақтар	Мінез-құлық
	Қарым-қатынас
	Қабылдау
	Таным сферасы
	Сөйлеу
	Ойын
	Жалпы моторика
	Ұсақ моторика
	Өзін-өзі күту

1-кесте. Баланың зерттелетін аймақтары

Қазіргі кезде «ұсақ моторика» деген тіркесті жиі естиміз. Сол ұсақ моторика дегеніміз не? Оны қалайдамыту керек?

Физиологиялық тұрғыдан айтқанда ол қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Сонымен қатар «қол мен көздің» тепе-теңдігін де ұмытпауымыз керек, себебі қолдың ұсақ қозғалысы көздің бақылауымен жүзеге сады, яғни қарапайым қозғалыстың өзі баланың көп энергиясын кетіреді. Неліктен баланың ұсақ моторикасын дамытуымыз керек? Адам миының сөйлеуге және қолдың ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан, яғни ұсақ моторикаға стимул жасау арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз. Ұсақ моторика баланың өсе келе киініп шешінуіне, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының қалыптасуына, кеңістікті бағдарлауға, заттық іс-әрекетті орындауға, өзіне деген сенімдікті нығайтуға көмектеседі.

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А.Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды, яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, соғұрлым қимыл-әрекеті мен белсенділігі

де

артады.

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын бала туылған кезден бастау керек. Кішкентай

сәбидің қолына массаж жасау арқылы біз алақандағы ми қыртыстарының жұмысын жақсарта аламыз. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға қарай жалғасады. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады. Су-Джок терапиясының құралдарын пайдаланған дұрыс. Балалардың сөйлеу құзыреттілігін және қимыл әрекеттерін қалыптастыруға төмендегі ұсақ моторика жұмыстары үлкен көмек тигізеді:

- түйме тағу мен оны шешу, замок жүргізу;
- аяқ киім бауын байлау, липучка салу;
- арнайы рамкалардағы бау;
- мозаикалармен ойын және моншақ, ілгектерді бір жіпке тізу;
- құрғақ бассейн және пластилинмен жұмыс;
- конструкторлармен ойын (түсі, пішіні, көлемі бойынша ажырату);
- әртүрлі пішіндерді бояу (карандаш, маркер, акварелді бояу көмегімен)
- тандап алу немесе ажырату жаттығулары (мысалы: фасоль мен бұршақты, горохты араластыру).

Ұсақ моториканы дамыту барысында біз мынадай нәтижеге жетеміз:

1. Сөйлеу тілі жетіліп, қимыл қозғалыс қабілеті артады;
2. Икемділігі артып, логикалық ойлау қабілеті дамиды;
3. Танымдылық деңгейі, түсінігі көбейеді;
4. Баланың бойында сенімділік пайда болып, өмірге деген құлшынысы артады.

Бұл жаттығулар мен ойындар арқылы, біздер баламен қарым-қатынасты нығайтып, баланың өзіне деген көзқарасын өзгертіп, белсенділік пен қызығушылық, жалпы танымдылық қабілеттерін дамытамыз.

Әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеуге бағытталған жаттықтыру жұмыстары – мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және тұрмыстық жұмыстарға бейімдеу арқылы өмірде өздерінің деңгейлері мен ынтасына қарай болашақ қызметіне үйрету және көмектесу болып табылады. Сондай ақ балалар тұрмыстық жұмыстарды ешкімнің көмегінен істеуге, қоғамдық ортада өздерін емін-еркін ұстап, сіңісіп кетуге, қоғамдық ортаның талаптары мен сұраныстарына бейімделуге көмектеседі.

Баламен жұмыс жасалғанда, міндетті түрде ата-аналардың қолдауы қажет. Ата – аналар қалай қолдау көрсете алады:

- Шыдамдылық таныту арқылы;
- Балаға өзінің тілімен дұрыс сөйлеу арқылы;
- Тапсырманы нақты және түсінбеген жерін ұстаздан сұрау арқылы;
- Білімнің белестерін бағындыру үшін, балаға қолдау арқылы;
- Баланың бойындағы озық қасиеттерін басты назарда ұстау арқылы;
- Үйден артикуляциялық жаттығуларды қайталау арқылы.

А.С.Макаренко: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл – кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие - тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі - өнеге көрсетуінде», - дейді. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Ал ерекше балалар үшін ата-ананың қолдауы екі есе жоғары болмақ.

Әр бала бақытты болуға лайық! Сондықтан да мүмкіндігі шектеулі балаларды аяқтан тұрғызу – ата-ананың парызы болса, екіншіден, әлеуметтік жағдай жасау – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі екенін ұмытпайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Б.Айтбаева «Арнайы педагогика негіздері», Алматы-2017
2. Г.К.Айкынбаева, Б.Б.Кашхынбай, А.А.Наурызбаева «Аутизм диагнозы қойылған балалардың психологиялық сипаты», Алматы-2018
3. В.В.Морозова «Логопедическая работа с детьми с задержкой психического развития», Москва-2020

4. Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова «Балалар психологиясы», Алматы-2019
5. Г.Ә. Омарова «Арнайы педагогика және логопедия» пәнінен оқу-әдістемелік құрал, Шымкент-2018

ӘОЖ 54.378

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ТІЛДІҢ РӨЛІ

Р.Д. Мухашева, Н. Асылжанова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Тақырыптың өзектілігі химиялық терминологияны білу, терминдер мен атауларды тек энциклопедиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар олардың этимологиясы тұрғысынан да түсіндіре білу химиялық ұғымдар мен заңдарды саналы түрде игеруге, химияға деген қызығушылықты дамытуға ықпал ететіндігімен байланысты. Әрбір жаңа терминді күнделікті өмірге енгізген кезде студенттер (оқушылар) сөздің мағынасын түсініп қана қоймай, оны әріптік бүтін сан ретінде есте сақтауы, сонымен қатар сөздің шығу тегін түсінуі қажет

Түйін сөздер: химиялық терминология, химиялық терминдер мен атаулар, номенклатура, символизм, химиялық тіл, химиялық эксперимент, модельдеу, экрандық құралдар

Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын, олардың танымдық белсенділігін, тәуелсіздігі мен қызығушылығын дамыту - қазіргі мектептің маңызды міндеті. Бұл мәселеге жалпы білім беретін мектептің әдістемелік әдебиеті мен практикасында үлкен көңіл бөлінеді.

Тақырыптың өзектілігі химиялық терминологияны білу, терминдер мен атауларды тек энциклопедиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар олардың этимологиясы тұрғысынан да түсіндіре білу химиялық ұғымдар мен заңдарды саналы түрде игеруге, химияға деген қызығушылықты дамытуға ықпал ететіндігімен байланысты. Әрбір жаңа терминді күнделікті өмірге енгізген кезде студенттер сөздің мағынасын түсініп қана қоймай, оны бүтін әріп ретінде есте сақтауы, сонымен қатар сөздің шығу тегін түсінуі қажет.

Сонымен қатар, химиялық терминдер мен атаулардың шығу тегімен, олардың тарихымен танысу оқушылардың сөздігін байытады. Өкінішке орай, химия мұғалімдері жаңа, алғаш рет енгізілген химиялық терминдер мен атауларды түсіндіруге әлі жеткілікті көңіл бөлмейді, этимологиялық талдаудың болмауы жаңа сөздерді нашар есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар осы сөздермен көрсетілген ұғымдарды үстірт игеруге әкелетінін ұмытып кетеді.

Білім адамға тіл түрінде беріледі. Ғылыми білімді білдіру үшін ғылымның табиғи және жасанды тілдері қолданылады. Оларға химиялық терминология, номенклатура және символизм бар химиялық тіл жатады. Химия ғылымының тілінен айырмашылығы, мектептегі химиялық тіл қарапайым, оқу мақсаттарына бейімделген. Химиялық тілсіз химия негіздерін үйрену мүмкін емес. Ол пәнді оқытудың барлық кезеңдерінде кеңінен және белсенді қолданылады және оқушылардың білімінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Химиялық тілдің көмегімен химиялық ұғымдар беріледі және игеріледі, ілімді жүзеге асыру үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің әртүрлі әдістері игеріледі.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты оқушылардың химия ғылымына деген қызығушылығын қалыптастыруда, олардың танымдық белсенділігін дамытуда этимологиялық талдаудың рөлін көрсету қажеттілігі туындайды.

Мектептегі химия курсының маңызды білім беру міндеті-химиялық ұғымдарды қалыптастыру. Олар әлемнің химиялық бейнесін бейнелейтіндіктен, бұл ұғымдар студенттердің ғылыми-материалистік дүниетанымын қалыптастыратын негіз болып табылады.

Ғылымның даму процесінде ғылыми ұғымдар өзгереді, жетілдіріледі, танымның белгілі бір кезеңдерінен өтеді. Мектептегі химия курсының түсініктері де өзгеріссіз қалмайды. Жалпы химия курсы зерттеуге тарихи-логикалық көзқарас, ең алдымен, ұғымдардың дамуымен сипатталатын таным сатылары бойынша біртіндеп қозғалысты қамтамасыз етеді.

Химиялық ұғымдарды жіктеудің әртүрлі принциптері белгілі. Ең қарапайым жіктеу- бұл мектеп химия курсының барлық кезеңдерінде оқылатын жалпы кең категориялар бойынша ұғымдарды топтастыру. Бұл зат, химиялық элемент, химиялық реакция және химиялық өндіріс туралы түсініктердің күрделі жүйелері. Мектептегі химия курсының мазмұнын талдау мектептегі химия курсының барлық ұғымдарын осы санаттарға топтастыруға болатындығын көрсетеді.

Ұғымдарды қалыптастыру шарттары келесідей:

1. Жаңадан қалыптасқан тұжырымдама оны қабылдау үшін жеткілікті тірек білім болған кезде енгізіледі.

2. Тұжырымдаманы қалыптастыру кезінде оның маңызды белгілері (құрылымы) оқшауланады, олардың ашылу реті анықталады және олардың арасында байланыс орнатылады.

3. Әрбір нақты тұжырымдаманы қалыптастыру кезінде ішкі байланыстар ғана емес, сонымен бірге оның басқа ұғымдармен байланысы да байқалады.

4. Тұжырымдаманың маңызды белгілері тұжырымдаманың дамуына мүмкіндік беріп, оны қолдануды жеңілдетуі керек. Егер бұл белгілер жеткіліксіз болса, қосымша белгілерді енгізу қажет.

5. Белгілі бір тұжырымдаманы — дедуктивті немесе индуктивті қалыптастыруда қолданылатын логикалық тәсілге қарамастан, тұжырымдама оған үлкен сенімділік беру және догматизмнен аулақ болу үшін фактілермен күшейтіледі.

6. Тұжырымдаманы қалыптастыру кезінде идеялардың түбегейлі күресі туралы материалды оқытуға тарта отырып, тарихизм принципін қолдану керек. Бұл жағдайда материалды саналы түрде игеруге ықпал ететін проблемалық тәсілді қолданған жөн.

7. Кейбір химиялық ұғымдардың дерексіз сипаты заттардың сыртқы қасиеттерін зерттеуге арналған химиялық эксперимент, модельдеу, экрандық құралдар — заттардың ішкі құрылымын түсіну үшін және т. б.

8. Әртүрлі нұсқалар индуктивті және дедуктивті тәсілдерді біріктіреді.

9. Ұғымдарды қалыптастыру процесінде пәнаралық байланыстар қолданылады.

Мектептегі химия курсына барлық төрт ұғымдар жүйесі бір блокқа байланыстырылады. Олардың қалыптасуы мен дамуы оқыту сатылары бойынша дәйекті түрде оқу сатысына қарай жүзеге асырылады. Олардың әрқайсысын қалыптастыру әдістемесін қарастырайық.

Химиялық тіл оқытудың даму функциясын жүзеге асыруға айтарлықтай үлес қосады. Оның оқушылардың ойлауын дамытудағы және олардың шығармашылық қызметін қалыптастырудағы рөлі ерекше, өйткені химиялық тілдегі барлық операциялар ақыл-ой болып абылады. Көбінесе химиялық тілмен жұмыс жасау кезінде талдау, синтез, салыстыру, абстракция және басқа да ойлау операциялары қолданылады.

Химиялық тіл оқытудың тәрбиелік функциясын жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Оны оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың белсенді құралы ретінде пайдалануға болады, өйткені ол көптеген дүниетанымдық мәселелерді ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Д.И. Менделеевтің химиялық элементтерінің символдық түрде көрсетілген периодтық жүйесі диалектика заңдарын растау үшін қолданылады.

Осылайша, мектеп оқушыларының химиялық білімді, шеберлікті және дағдыларды игерудегі химиялық тілдің рөлі өте зор. Тақырыпты дәйекті меңгеру процесінде химиялық тіл теориялық білімнің дамуымен, химиялық фактілердің жинақталуымен және химиялық ұғымдардың күрделенуімен тығыз байланысты жетілдіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бусев Л.И., Ефимов И.П. Определения, понятия, термины в химии. М.: Просвещение, 1972.
2. Дьякович С.В. Этимологический анализ при изучении химических терминов и названий // Химия в школе. 1971. № 3.
3. Дьякович С.В., Чагочкина Л. Изучение химических терминов и названий на уроках химии / Некоторые вопросы химии и методики ее преподавания: Научные труды НГПИ. Вып.37. Новосибирск, 1969.
4. Зырянова О.И. Химический диктант как средство закрепления основных химических понятий // Химия в школе. 1978. № 1.
5. Кузнецова Н.Е., Шорова Ж.И. Изучение химического языка на первом этапе обучения // Химия в школе. 1981. № 5.
6. Лидин Р.А. Современный химический язык. 1. Неорганическая номенклатура - формулы и названия веществ // Химия. Методика преподавания в школе. 2002. № 2.

УДК 35.08

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ РК – ОДИН ИЗ КЛЮЧЕВЫХ НАПРАВЛЕНИЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ИНСТИТУТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РК

Г.Ж. Атабаева, Г.А. Саймаганбетова

Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова
Ақтау қ, Казахстан

Аннотация. Предметом исследования являются нормы законодательства Республики Казахстан о государственной службе, определяющие механизм профессионального развития государственных служащих. Объектом исследования выступают профессиональное развитие государственных служащих, как одна из приоритетных направлений государственного управления в Казахстане. Эффективность всех реализуемых реформ во многом будут зависеть от государственного аппарата, от профессионализма работы государственных служащих. Автором в рамках статьи особое внимание уделено правовым основаниям направления, проблемам их реализации. Сформулированы предложения по совершенствованию механизма профессионального развития государственных служащих.

Ключевые слова: профессиональное развитие, государственный служащий, укрепление кадров, карьерного продвижения, внедрение инноваций.

Подготовленные, хорошо обученные и высокопрофессиональные кадры всегда являлись залогом конкурентоспособности государства. И от способностей каждого государственного служащего эффективно выполнять свои функциональные обязанности, их умения оказывать населению качественные услуги зависит в целом успешная реализация государственной политики. Профессиональное развитие государственных служащих – один из ключевых направлений модернизации института государственной службы. Актуальность вопроса эффективности профессионализации государственных служащих

связана с реализацией задач, которые необходимы для реализации институциональной реформы.

Успешность реформирования государственной службы взаимосвязано с эффективностью государственного управления, а происходящие изменения в организации профессионального развития государственных служащих одни из необходимых факторов трансформации гражданской службы.

В системе государственной службы необходимо создать для каждого служащего возможности для реализации собственного потенциала, роста и профессионального развития. Система профессионального развития государственного служащего должен включить квалификационный подход, который содержит описание требований к профессиональным и личностным качествам (компетенциям).

Если рассмотреть систему профессионального развития госслужащих зарубежных стран, то в США, в отличие от, например, Великобритании или Канады, система профессионального развития госслужащих характеризуется значительной децентрализацией, многоуровневостью программ, а также достаточно глубокой взаимосвязью с другими программами обучения, например, в сфере бизнеса. В США широко развита система внутриведомственной подготовки государственных служащих, при этом специфика образовательной программы зависит от должностных обязанностей конкретного чиновника и результатов экспертных опросов, регулярно проводящийся в ведомствах [1].

В Сингапуре действует развитая институциональная система, специализирующийся на повышении квалификации чиновников. Отдел государственной службы при кабинете премьер-министра Сингапура занимается совершенствованием как институтов государственной службы, так и их сотрудников. Целью Отдела является создание единой и эффективной государственной службы. Работа данного ведомства в широком смысле делится на пять секторов: укрепление кадров государственной службы – центральной администрации; повышение безопасности; социальное и экономическое развитие; развитие инфраструктуры и окружающей среды. Отдельное внимание уделяется программам для государственных управленцев [1].

Великобритания уделяет значительное внимание непрерывному повышению квалификации государственных служащих. Одним из направлений по модернизации государственной службы является сервис «Образование на государственной службе» (CivilServiceLearning – CSL), обеспечивающий обучение и развитие всех государственных служащих. CSL предоставляет широкий спектр образовательных программ, который способствует предоставлению «отличных» государственных услуг [1].

Казахстан ставит перед собой сложные и большие реформы по дальнейшему социально-экономическому развитию страны. При этом качество реализации и эффективность всех реформ во многом будут зависеть от государственного аппарата, работы госслужащих. Однако, недостаточная разработанность обеспечения профессионального развития государственных служащих негативно влияет на показатели эффективности их профессиональной деятельности. При этом профессиональное развитие государственных гражданских служащих «является одним из ключевых направлений модернизации института государственной службы Казахстана и повышения эффективности функционирования всей системы государственного управления.

Мы полагаем, что в системе государственной службы более значимым является определение компетентности, чем выявление и оценка отдельных навыков и полномочий. Особенности организации управления персоналом в системе государственного и местного управления обусловлены спецификой труда служащих. С одной стороны, государственная служба представляет собой основной субъект государственного управления, нормативно установлено, что основной целью деятельности органов государственной власти является выполнение функций государства. И в то же время как в литературе, так и в общественном мнении чиновники не рассматриваются в качестве ключевых лиц, принимающих значимые

решения. Концепция нового государственного менеджмента предложила рассматривать государственную службу в качестве института оказания государственных услуг, снизив статус государственных служащих до статуса административных функционеров [2-4].

К сожалению, управление персоналом государственной службы не учитывает места и значимости этого института в системе социального управления. По нашему мнению, как социальный институт государственная служба распространяется на всех, кто интериоризировал составляющие ее нормы и ценности и согласен с легализованными ею ролями. В казахстанском законодательстве статус государственного служащего был определен как «работник органов государственной власти» и означал включение в состав государственной службы только тех акторов, которые выполняют функции государства на условиях служебного контракта, что исключило из числа служащих лиц, замещающих государственные должности.

Институциональные компетенции опираются на правовое понятие и связываются в первую очередь с тем кругом полномочий, которые определены для органов исполнительной власти. Их перечень определяется объемом властных полномочий и местом конкретного государственного органа в иерархии. Так, например, А.В.Бородина в качестве основных компетенций в сфере государственного и местного управления (ГМУ) называет «системное аналитическое мышление, самоорганизацию, командную работу, креативность, коммуникационные и информационные компетенции, компетенции управления проектами, компетенции планирования и организации деятельности в профессиональной сфере» [5]. Н.С.Огневенко, анализируя зарубежный опыт внедрения компетентностного подхода, предлагает включить в модель компетенций: 1) качества, свойственные предпринимателям (способность к ведению бизнеса, инновационность, решительность, умение выстраивать стратегию);



Модель компетенций государственных служащих РК.

2) лидерство, способность к планированию и ориентация на качество, убедительность в общении; 3) профессионализм, выражающийся в специальных знаниях, анализе и решении проблем, устных и письменных коммуникациях; 4) личные качества специалиста (межличностное понимание, гибкость, устойчивость, личную мотивацию) [6]. А.Кекез, М.Хоулетт и М.Рамеш (А.Kekez, M.Howlett & M.Ramesh), опираясь на рекомендации, разработанные Советом Европы, предложили модель компетенции, которая включает аналитические, управленческие и политические навыки. На индивидуальном уровне аналитические компетенции подразумевают способность определить проблему и разработать пути ее решения, управленческие — способность эффективно использовать государственные ресурсы для достижения стратегических целей, а политические — умение осуществлять взаимодействие в сфере предоставления государственных услуг [7].

В настоящее время в Казахстане прослеживаются тенденции, согласно которым постоянное повышение квалификации государственных служащих рассматривается как

один из основных приоритетов развития государства. Согласно «Закону Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан» предусмотрена непрерывность обучения государственных служащих и развития необходимых компетенций; практическая ориентированность подготовки, переподготовки и повышения квалификации государственных служащих [8].

На образовательном рынке Казахстана представлено большое количество семинаров и курсов повышения квалификации, профессиональной подготовки государственных служащих (в Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, крупных вузах и частных компаниях).

В январе 2021 года Указом Президента РК была принята Концепция развития государственного управления до 2030 года, в которой говорится о необходимости деюрократизации госаппарата, проведения оптимизации и реинжиниринга бизнес-процессов в госорганах [9].

В стране запустили проект «Начни изменения с себя», нацеленный на трансформацию мышления государственных служащих. В рамках него применяются новые подходы к модернизации сознания самих чиновников, а также и к изменению стереотипного восприятия обществом отечественных госслужащих.

Одним из главных факторов, согласно данному проекту, который влияет на модернизацию сознания госслужащих, начиная от руководителей, является развитие «софт скиллов» – гибких навыков. В нынешних условиях перехода к цифровизации высокий эмоциональный интеллект должен быть одним из ключевых критериев отбора на государственную службу.

Процесс профессионального развития государственных служащих является суммарным результатом процесса профессиональной подготовки и получения дополнительного профессионального образования, включающего профессиональную переподготовку, повышение квалификации и стажировку государственных служащих.

Сегодня каждый государственный служащий при наличии профессионального опыта имеет возможность карьерного продвижения не только в своем государственном органе, но и так и в любом другом на всей территории республики благодаря институту внутренних конкурсов. Для участия в конкурсе необходимо предоставление всего двух документов: заявления и послужного списка. При этом, на сегодняшний день данный процесс автоматизирован. Документы подаются в электронном виде посредством систем «Е-кызмет», «Е-gov» либо на адрес электронной почты госоргана [10].

Развитие информационного общества, интенсивное внедрение инноваций во все сферы государственного управления, быстрые темпы старения информации делают необходимым увеличение периодичности повышения профессионального развития государственных служащих. В этом процессе, одной из важнейших проблем является оценка самими государственными служащими уровня своей квалификации, его заинтересованности в регулярном приобретении новых знаний и навыков, актуализации несоответствий уровня знаний и умений требованиям эффективности служебной деятельности [11].

Таким образом, механизм успеха всего замысла модернизационного процесса в государственном управлении Казахстане напрямую зависит от профессионального развития государственных служащих. Для этих целей приняты нормативно-правовые акты, определены стратегии, задачи поставлены. Государственные служащие как проводники этих реформ должны усердно работать и приложить все усилия для качественной их реализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Зарубежный опыт повышения квалификации госслужащих. Москва, 2021. 42 с.
2. //chrome-extension://mhjfbmdgcfjbbpaeojfohoefgiehjai/index.html.

3. Kettl D. The Global Public Management Revolution: A Report on the Transformation of Governance. Washington, Brookings Institutions press, 2000. 117 p.
4. Peters G., Pierre J. Introduction: The Role of Public Administration in Governing. Handbook of Public Administration. Ed. by B. Peters, J. Pierre. London, Sage Publications, 2003. 640 p.
5. Hood C. Public Management: The Word, the Movement, the Science. In: The Oxford Handbook of Public Management. Ed. by E. Ferlie, L. Lynn Jr., C. Pollitt. Oxford, Oxford University Press, 2007. 804 p.
6. Borodina A. V. "Competences of the future" and the features of their formation among students in the programs of additional professional education (on the example of state and municipal government). Vestnik VEGU, 2018, no. 6 (98), pp. 15–27. (In Russian).
7. Ognevenko N. S. Foreign experience in developing models of professional competencies in the field of public administration. Vestnik ekspertnogosoveta, 2018, no. 4 (15), pp. 166–169. (In Russian).
8. Kekez A., Howlett M., Ramesh M. Varieties of collaboration in public service delivery. PolicyDesignandPractice, 2018, no. 4. DOI: 10.1080 / 25741292.2018.1532026.
9. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2021 г.)
10. Об утверждении Концепции развития государственного управления в Республике Казахстан до 2030 года. Указ Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 522.
11. Еварович С.А., Готовщикова Н.Э., Лаврова Т.Б. Новая модель организации профессионального развития государственных гражданских служащих как фактор трансформации государственного управления // Проблемы управления. Государственное и муниципальное управление. Ученые записки. 2019. № 4. С.11-16.
12. <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1812444-karerna-model-v-dejstvii-kak-gossluzasie-mogut-polucit-povyshenie/>.

УДК 54(072) – 021.131:373

СМАРТФОНҒА АРНАЛҒАН ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ОЙЫНДАРЫНА ДОРАМИНЕҚОСЫМШАСЫН ЖАСАУ

О.С.Атагази, М.М. Ибраева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Андатпа. Мақалада орта мектептегі химия сабақтарында сандық зертханалық элементтерді қолдану туралы ақпарат берілген. Сонымен қатар, виртуалды зертхананы пайдалану кезінде оқу материалын игеру мен нақты практикалық жаттығуларды салыстыру негізінде виртуалды зертхананы пайдалану кезінде студенттердің сіңімділігін арттыру туралы қорытындылар жасалды. Бүгінгі таңда ең үлкен проблемалардың бірі оқытуда тиімді әдістемелік ұсыныстарды таңдау кезінде байқалады. Себебі дәстүрлі форматта оқытудың бірқатар маңызды кемшіліктері бар. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы төмендейді, өйткені олар сыныптан сыныпқа ауысады және көшбасшының белсенділігі олардың қызығушылығын іздейді. Сондықтан мен дәстүрлі форматта сабақ беріп, сыныптан сыныпқа ауысқандарды қызықтыра алмаймын. Ақпараттық технологиялардың даму дәуірінде біздің мақсатымыз болашақ ұрпақты қызықтыратын білім беру болып табылады. Химия-тәжірибелі ғылым, сондықтан біз әр сабақта тәжірибе жасауымыз керек.

Түйін сөздер: дәстүрлі оқыту, виртуалды зертхана, тәжірибе, практикалық жұмыс.

Бүгінгі таңда ең үлкен қиындықтар әртүрлі оқу орындарында оқытудың тиімді әдістерін жасау кезінде туындайды. Қазіргі уақытта осы пәндерді оқытудың дәстүрлі әдістері (дәрістер, практикалық және зертханалық сабақтар, оқушылардың өзіндік жұмысы) бірқатар маңызды кемшіліктерге ие: әлсіз даму және өзіндік жұмыс тиімділігінің төмендігі және т.б. Мектеп оқушыларына тән табиғи қызығушылық сыныптан сыныпқа ауысқан сайын айқын төмендейді, мектеп бағдарламаларына деген қызығушылық төмендейді, сонымен бірге жас белсенділігі өз жолын іздейді, балалардың назары басқа істерге ауысады.

Қазіргі мектептің негізгі мақсаты – әр оқушының білім беру қажеттіліктерін оның бейімділігіне, қызығушылығына және мүмкіндіктеріне сәйкес қамтамасыз ететін оқыту технологиясын табу[1].

Қазіргі заманғы химия ғылымы жаратылыстану білімі мен ғылымы –техникалық прогрестің іргетасы болып табылады. Сондықтан, химияны оқыту оқушыларды ғылыми – таным әдістерімен қамтамасыздандырылған, олардың білім деңгейіне сәйкес табиғи қбылыстар мен технологиялық процестерді өз бетінше зерттей алатындай жоғары интеллектуалдық және практикалық біліктіліктерін дамытуға бағдарлануы тиіс. Осымақсатта жалпы білім беретін мектептегі химия пәнінің бағдарламасында оқу экспериментінің орындалуына ерекше мән беріледі. Себебі, бағдарламада атап көрсетілгендей «демонстрациялық тәжірибелер, зертханалық жұмыстар мен химиялық практикумдар жүйесі оқушылардың химиялық шамаларды өлшеу принциптерін түсіне, өлшеу тәсілдері мен техникасын меңгере білуіне көмектеседі»[2].

Заман ағымына сай білім беру технологияларының көпшілігі ақпараттық технологияларды белсенді пайдалануды ұсынады. Ақпараттық технологиялар (АТ) – ақпаратты жинау, өдеу, сақтау, тарату, көрсету және қолданушылардың игілігі үшін пайдалану мақсатында біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің, бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы[3].

Ал мұғалім қызметінің мақсаты осы технологияларды оқытудың заманауи әдістеріне еңгізу және кіріктіру арқылы білім сапасын арттыру болып табылады және мұнда ақпараттық технологиялар басты орын алады.

Қоғамның қазіргі даму кезеңі ақпараттық технологиялардың даму әсерімен сипатталады, олар адамның қызыметінің барлық салаларында қоғамдағы ақпараттық ағындардың таралуын қамтамасыз етеді және жаһандық ақпараттық кеңістікті құрайды. Қоғамды ақпараттандырудың ажырамас және маңызды бөлігі білім беруді ақпараттандыру болып табылады.

Сонымен қатар, білім беруді ақпараттандырудың қазіргі кезеңінің бағыттарының бірі пәндерді оқыту үшін мобильді технологияларды қолданумен байланысты.

Мобильді оқыту – бұл портативті құрылғылар яғни смартфондарды, планшеттерді, кейді ноутбуктерді және де сол сияқты құрылғыларды пайдалану арқылы оқу әрекеті болып табылады.

Мобильді қосымша – бұл әртүрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір функционалдылығы бар платформада орнатылған бағдарламалар тобы [4].

Ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер және компьютерлер адамның цифрлық өмірінің негізгі бөлігіне айналды.

Егер де қазіргі ғылым мен техника дамитын болса, онда болашақта мобильді оқытуға толықтай көшетіміз айдан анық. Сондықтан мобильді қосымшалардың мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет.

Кез-келген инновациялық жоба бастаған кезде оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне де дайын болу керек, сондықтан мобильді оқытудың сөзсіз артықшылықтарын да, кемшіліктерін де қарастырамыз. Осылайша, жалпы білім беретін мектептерді химия пәні бойынша мобилді құрылғылар мен технологияларды пайдаланудың артықшылықтары:

Кез келген уақытта, кез келген жерде оқу және анықтамалық ресурстар мен бағдарламаларға жылдам қол жеткізу;

Сынықтар мен бақылау жұмыстарын жүгізу ұтымды әрі уақыт жағынан тиімді;
Мұғалім және оқушы арасындағы үнемі кері байланыстың болуы;
Оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, проблемаларға диагностика жасау арқылы ұтымды шешім қабылдау арқылы оқыу қарқынын арттыру;

Ақпараттық техникалық құралдар мен виртуалды ортаны пайдалану арқылы оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру;

Өмір бойы үздіксіз білім алу дағдылар мен қабілеттерін дамыту.

Қазіргі заманғы мұғалімдер мобильді қосымшаларды қолдану арқылы сабақты сапалы әрі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра алады.

Химия пәніне арналған мобилді қосымша түрлері.

Аналитикалық химия[5]курсында катиондарға сапалық рекация кезіндегі катиондарың тұмба түстері, атом құрлысын бақылау арқылы түсінік қалыптастырі, сабақтан тыс тақырыпқа қатысты қызықты эксперименттік жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қой, болашақ химик профессорларды дайындауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда мұғалімдер мен оқушыларға көмектесу үшін көптеген ойындар мен қосымшалар жасалды, олармен бұрын ойға келмейтін тәжірибелер жасап қол жетімді болды.

Химия сабағында **Chemist** қосымшасын пайдалануға болады [6]. Бұл мобилді қосымша рақылы химия пәні бойынша виртуалды зертханалық жұмыстар жасауға болады. Мұнда әр түрлі заттармен тәжірибелік жұмыстар жасап. Күтпеген реакцияларды байқауға болады. Виртуалды кеңістікте тіпті жаралғыш және радиоактивті зерттармен тәжірибе жұмыстарын жасауға болады. Тәжірибелердің нәтижелері нақты уақыт режимінде модельденеді, ал бағдарлама көптеген параметрлерді ескереді: ауа құрамы, қоршаған ортаның температурасы, аралас заттардың массасы мен көлемі және т.б. Жаңадан бастап химия пәніне қызығушылығы ашылған оқушыларға тапсырмаларды жеңілдету үшін қосымшада периодтық жүйедегі әрбір элемент үшін негізгі реакциялар базасы бар.




Сурет – 1. Chemist мобильді қосымшасы.


Химия сабағында қолдануға болатын тағы бір мобильді қосымша – **Chemik**[7].Бұл қосымша арқылы элементтердің белсенділігімен танысуға, тотығу-тотықсыздану реакцияларын зерттеуге, реакциялардың соңғы өнімдерін алуға және коэффициенттерді теңестіруге мүмкіндік беретін химияны зерттеуді тағы бір құралы болып табылады.Қосымшада бір жарым мыңнан астап химиялық қосылыстардың реакцияларының сипаттамасы бар. Мобильді қосымшаның интерфейсі өте қарапайым, оқушыларға түсінікті тілде жазылған. Реакция теңдеуін көру үшін кестеден қажетті элементті таңдап, оларды қосу жеткілікті.

Келесі қосымша Қазақстанда жасалып жатырған **Dopamine** мобилді қосымшасы [8]. Оның аталған қосымшадан артықшылығы бұл қосымша химиялық эксперименттер мен зертханалық жұмыстарға негізделген. Қосымшада қазіргі таңда 9-сынып оқушыларына арналған 17 зертхана жұмыс[9,10] және тақырыпқа негізделген 8 қызықты тәжірибелік жұмыстар бар. Сонымен қатар оқушыларға арналған 25 демонстрациялық зертханалық

Кейінге қалдыру адамның көп уақытын өткізетін қалыпты «жұмыс» күйіне айналғанда проблемаға айналады. Мұндай адам барлық маңызды нәрселерді «кейінге» қалдырады және мерзімі өтіп кеткені белгілі болған кезде, ол жоспарланған нәрседен бас тартады, немесе қысқа мерзімде кейінге қалдырылғанның барлығын жасауға тырысады.

Соның салдарынан істер сапасыз шығады немесе уақытынан кеш жасалады және толық орындалмайды, бұл мектептегі қиындықтар, жіберіп алған мүмкіндіктер мен міндеттемелерді орындамау салдарынан басқа жұмыстарға қанағаттанбау және т.б. түрлеріне сәйкес жағымсыз әсерлерге әкеледі.

Егер үнемі жұмыстарыңызды кейінге қалдыра берсеңіз мынадай қиындықтарға тап боласыз:

өзін-өзі бағалаудың прогрессивті төмендеуі,
мазасыздықтың жоғарылауы,
стресс,
эмоционалды жану,
оқу үйінділері,
оқу үлгерімінің төмендеуі т.с.с

Кейінге қалдыру саласы өте кең болып келгендіктен, ол субъектінің кез-келген: оқу, еңбек, әлеуметтік, тұрмыстық салаларына әсер етуі мүмкін. Кейінге қалдырушы әртүрлі себептерді қолдана отырып, мерзім аяқталғанға дейін жоспардың орындалуын кейінге қалдырады. Кейінге қалдыруды өз бетінше жеңу күрделі мәселе болып табылады және субъектіден айтарлықтай күш-жігерді талап етеді, бұл кейінге қалдыруды зерттеудің өзектілігін анықтайды, яғни, оның көріністерін, күресу стратегияларын, оған бейім адамдардың жеке-жеке қасиеттерін.

Кейінге қалдыруды "XXI ғасыр ауруы" деп атауы жәйдан жәй емес. Істерді "ертеңге" үнемі кейінге қалдыру көбінесе өмірдің күрделі мәселелерін тудырады. Істер мен міндеттер көбінесе ертең де, ертең де, тіпті бір аптадан кейін де шешілмейді. Оларға үсті-үстіне жаңалары қосылып, орындалмаған тапсырмалардың үлкен массивін құрайды. Нәтижесінде, кейінге қалдыру сіз жай ғана жинақталған қиындықтарға батып кете алатындығыңызға әкеледі және олардан құтылу өте қиын болады.

Кешіктіру өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеледі және бұл ғылыми дәлелденген факт. Кейінге қалдыру кезінде тұрақты нәтижелер болмайды және бұл өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Кейінге қалдыру әдетке айналған адамдар уақыт өте келе өзіне деген сенімділігін және мақсаттарына жетем деген күштерін жоғалтуы мүмкін.

Кейінге қалдыру созылмалы кінәнің дамуына ықпал етеді. Өзіңізге және басқаларға берілген уәделер мен міндеттемелерді үнемі орындамау көңіл-күйді түсіреді, шабытты жоғалтады, өнімділікті бірнеше рет төмендетеді, табысқа деген сенімді жояды. Бірақ мұның бәрі тұрақты болып, жұмыс сапасына, қарым-қатынасқа және жалпы өмірге теріс әсер ететінін де ұмытпағағ жөн.

Кідіріс зейінге теріс әсер етеді-ол шоғырлану мен фокустау қабілетін нашарлатады. Егер адам үнемі кейінге қалдырса, олар өз ойларын керек емес қоқыс ойлармен толтыра бастайды және олар жұмысты аяқтағанға дейін болады. Бұл дереу шешуді қажет ететін ағымдағы тапсырмаларға назар аударуға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде нәтижелер мен тиімділік қайтадан зардап шегеді.

Кейінге қалдыру басқалармен қарым-қатынастың нашарлауына әкеледі. Басқа адамдарды байыпты қабылдамайды, және сенуге болмайтын жауапсыз адамдар болып саналады, оларға сенуді тоқтатады. Айналасындағылар кейінге қалдырушылардан алшақтайды, ал соңғылары өздерін жауып, өзін-өзі қазып, "бүкіл әлемге" деген ренішпен өмір сүре бастайды.

Кешіктіру психосоматиканың дамуына әкелуі мүмкін-жағымсыз психикалық күйлер аясында дамиды аурулар. Көптеген зерттеулер кешіктіру депрессияға, созылмалы шаршау синдромына, метаболикалық бұзылуларға, вегетативті дистонияға және басқа ауруларға әкелетінін көрсетті. Бұл көбінесе шығарылмаған энергияның ағзаға теріс әсер етуіне байланысты болады.

Істерді кешіктіру тағы бір іргелі мәселеге әкеледі - өмірлік белгілерді жоғалту. Үнемі психологиялық ыңғайсыздық сезімі, кінә, нәтиженің болмауы және басқа факторлар

басымдықтарды өзгертеді. Адам өмірден не қалайтынын түсінуді тоқтатады, өзін-өзі шатастыра бастайды және оның барлық ұмтылыстары мен тілектері орындалмай қалады.

Кейінге қалдыру тәуелділікке айналады. Ол жаман әдет сияқты, одан бас тарту қиынға соғады, адам өміріне мықтап енеді. Ал ең дамыған кезеңдерде одан өз бетінше құтылу мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселені бүкіл әлемдегі психологтар, психотерапевтер мен психоаналитиктер байыпты зерттеп, оның шешімін табуға тырысуда.

Енді прокрастинациямен күресу жолдарын қарастырайық:

Уақытты дұрыс бөлу. Егер сізге бір күнде бірнеше тапсырманы үйіп-төксе, не істеріңізді білмей қаласыз. Қайсысынан бастарыңызды білмей ештеңе бітірмеуіңіз де мүмкін. Сол үшін маңыздылығына қарай істі бөліп қойыңыз. Осылайша сол іске зейін қоясыз. Эйзенхауэр матрицасын қолданып көрсеңіз болады.

Шынайы мақсат қою. Өзіңіздің шамаңызды біліңіз. Ағылшын тілін білмейтін адамға бір аптада ағылшынша сөйлеп үйрен десе, ол орындалмайтыны хақ. Сол үшін де қай уақытқа дейін орындап бітіру керегін дұрыстап ойластырыңыз. Тым қатаң режим ұстанбаңыз.

Жоспар құру. Мынаны істеу керек деп ойлап қою жеткіліксіз. Орындалу керек тапсырмаларды күнделікке тізіп қойыңыз. Орындаған нәрсеге + қойып отырыңыз. Осы кезде ішкі мотивация оянады.

Мотивация. Мақсатыңыз құр арман болып қалмас үшін оны жиі еске алу керек. Стикерге, күнделікке мақсатыңызды жазып қойыңыз. Әр орындаған ісіңіз үшін өзіңізге сыйлық жасаңыз. Мысалы кітаптың әр 50-ші бетіне сағыз салып қойыңыз. Ал орындамай қойсаңыз жаза қолданыңыз. Сол күні бір нәрседен бас тартыңыз.

Қателесуден қорықпау. Прокрастинацияның бір себебі – қателесуден қорқуымыз. Қателесудің жаман емес екенін ұғыну керек. Мінсіз ештеңе болмайды. Ал қателесудің арқасында тәжірибе жинаймыз.

Жұмыс орнын ретке келтіру. Жұмыс істейтін орныңызда артық нәрсе болмасын. Шашыраңқылық сізді алаңдатады. Зейін қойып, ләззатпен іске кірісе алмайсыз. Сол үшін жұмыс орнын ретке келтіріп болғасын іске кірісіңіз.

Қатаң күн тәртібінен бас тарту. Күн тәртібіңізге расымен маңызды істерді жазыңыз. Бірақ әр минут, секундын жоспарлау қажет емес. Жоспарланбаған істерге де уақыт қалдырыңыз. Тым қатаң күн тәртібімен жүру жалықтырады.

Тамақтану және үзіліс уақыты. Үзіліс уақыты болмаса, шаршап қалуыңыз мүмкін. Сол үшін аз-аздан демалып тұрған жөн. Тамақтану уақытын да ұстану керек. Әйтпесе қарныңыз ашып, жұмыс уақытында асханаға қарай жүгіре беретін боласыз.

Қызықты ету. Жұмыс қалай қызық болуы мүмкін деп ойладыңыз ба? Оны ойын ретінде, әріптесіңізбен жарысу арқылы қызықты ете аласыз.

Алаңдататын нәрселерден аулақ болу. Бос әңгіме, телефон дыбысы, т.б. алаңдатады. Әріптесіңізбен тек үзілісте ғана әңгімелесіңіз. Ал жұмыс біткенше телефон дыбысын сөндіріп қойғаныңыз дұрысырақ.

Есеп беру. Кешке өзіңізге есеп беріңіз: не істедіңіз, не бітірмедіңіз? Өзіне есеп бермейтін адам шаруаны ертеңге қалдырып, істі қиындататынын түсінбейді. Есеп беру арқылы қалай жеңгеніңізді байқайсыз. Ертерек бітіру арқылы бос уақыт пайда болғанына қуанасыз.

Бос қиял. Нәтижені ғана ойлаудың қажеті жоқ. Одан да шешу жолын ойластырған жөн. Қиялдай берсеңіз, энергияны соған жұмсайсыз әрі іске жеңіл-желпі қарайсыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Варваричева Я. и. кейінге қалдыру құбылысы: зерттеу мәселелері мен перспективалары. // Психология сұрақтары, 2010, № 3.

2. Карловская Н. Н., Баранова Р. А. әр түрлі академиялық үлгерімі бар студенттердегі жалпы және академиялық кідіріс пен мазасыздықтың байланысы // университет психологиясы. 2008, №3

3. Мичко В. Н. қазіргі адамның феномені және өмір салты ретінде кейінге қалдыру / / Жас ғалым. — 2016. — № 25 (129). - 651-654 ББ. - URL: <https://moluch.ru/archive/129/35866/>.

4. Руднева Н. А. іс-әрекеттің өзін-өзі реттеуінің сипаттамасы кейінге қалдыру факторы ретінде. // Пермь университетінің хабаршысы. Философия. Психология. Әлеуметтану-2018. — № 4 (36). - 551-561 ББ. <https://cyberleninka.ru/article/n/harakteristiki-samoregulyatsii-deyatelnosti-kak-factory-prokrastinatsii>

5. <https://externat.foxford.ru/polezno-znat/put-off>

6. <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=46&id=9826>

ӘОЖ 332.14

STEM - ӘДІСІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Н. Бекбай, И.Т.Тажиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қоғамның барлық саласының дамуы білім мен ғылымға тікелей байланысты. Қарқынды даму қарқыны білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Заманауи технология заманында жастардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, білімі терең, алған білімін кез келген салада қолдана алатын. Осы мақсатта бірнеше білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Соның бірі білім берудің жаңа бағыты – білім беру үдерісінде STEM-ді қолдану.

Түйін сөздер: STEM-технология, ғылым, инженерия, цифрландыру, инновация
Адам қызметінің барлық салаларына еркін енгізілген заманауи ақпараттық технологиялар күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану цифрлық көптеген ақпарат түрлерімен жұмыс істеу процесін жылдамдатады және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі – оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру.

Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру ғылымға, техникаға, медицинаға, білім мен мәдениетке үлкен әсер етуде.

Қазіргі уақытта әлемде ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертуде. Қоғамның талабы да, жеке адамның мүддесі де өзгеруде [1]. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландырухалықтың өмір сүру сапасын арттыруда маңызды екенін атап айтты.

Білім беруде жаңа әдістер пайдаланудың да маңызы зор. STEM- әдісі оқу процесіндегі инновациялық технология.

STEM білім беру дегеніміз не? Осы уақытқа дейін барлық ғылыми пәндер бір-бірімен байланыссыз жеке қарастырылып оқытылып келді. Ғылыми пәндерді біртұтастыққа біріктіру жоғары технологиялар саласында серпіліс жасауға мүмкіндік берді. Жалпы STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) біріктіретін

жаратылыстану, математика, технология және инженерия сияқты негізгі академиялық салаларда бір уақытта дамуы.

STEM – бұл пәнаралық және қолданбалы тәсілді қолдана отырып, студенттерді төрт нақты пән бойынша оқыту идеясына негізделген оқу бағдарламасы. Төрт пәнді жеке пән

ретінде оқытудың орнына, STEM оларды нақтыәлемде қолдануға негізделген бір оқу парадигмасына біріктіреді. STEM бұл оқытудың интеграцияланған тәсілі. Яғни, осы көзқарас аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдар нақты өмірде зерттеледі. Бұл тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында берік байланыс орнату,

STEM сауаттылығын және жаһандық экономикадағы бәсекеге қабілеттілікті дамытуға ықпал ету. Нақты өмірде академиялық ғылым мен технология тұжырымдамаларын зерттейтін STEM біріктірілген оқыту тәсілі.

STEM білім беруді енгізу білім алушыларға ақпарат ағынын жылдам қабылдауды және алған білімдерін іс жүзінде қолдануды үйренуге көмектеседі.

STEM білім беру – бұл инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технология

интеграциясына негізделген жобалық және пәнаралық тәсілдерді байланыстыратын жаңа ойлау мен жаңа технологияларға бағытталған ғылымдар бірлестігі.

STEM білім берудің артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту, ғылыми-техникалық білімдерді күнделікті өмірде пайдалану, өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру, белсенді қарым-қатынас пен топтық жұмыс, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға шығармашылық және инновациялық көзқарас, білім мен мансап үйлесімі.

STEM білім берудің негізгі мақсаты студенттердің өнертапқыштық шешімдерге, зерттеу қызметтеріне және практикалық форматтарға қабілеттерін көрсету болыптабылады.

Күтілетін нәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылығы, олардың өмірлік және кәсіби болашағы, өзіне деген сенімділігі.

STEM-білім беруді дамыту перспективаларының арасында үш негізгі бағытты атап өтуге болады:

- білім беруді жекелендіру
- жобалық ойлауға және топтық жұмысқа назар аудару
- аралас оқыту форматы.

Білім беруді жекелендіру. Әлемнің жетекші университеттерінің көпшілігі білім беру бағдарламаларын дербестендіреді - студенттер тек бірнеше негізгі пәндерге баруы керек, ал қалғандарын өздері таңдайды. Бұл тәсіл бір жағынан әрбір студенттің әлеуетін ашса, екінші жағынан әлеуетті жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне бейімделуге көмектеседі. Білім беруде дизайнды ойлауға және топтық жұмыс жасауға бағыттау. Қарапайым инженерлер қазіргі бизнес үшін қызық емес. Оған командада жұмыс істей алатын және топты басқара алатын дизайнерлік көзқарасы бар инженерлер қажет.

Аралас оқыту форматына көшу. Қашықтықтан онлайн білім беруді сауатты ұйымдастырудың маңыздылығы мен болашағын айқын көрсету. Алынған нәтижелерді пайдалана отырып, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аралас форматқа көшірген жөн.

STEM - әдісінің түйіндік ерекшелігі - бұл практикалық есептерді шешу мен жобалар жасауды өтілген теориялар негізінде техникалық пәндер тоғысында қарастыру. Мысалы, Иннополис Университетінің STEM орталығының бағдарламалары үш пәнді біріктіреді: математика, программалау және робототехника.

STEM - оқушылар мен студенттердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді ескере отырып жасалған. STEM-нің әрбір жобасында өлшемді, түсінікті нәтижелер. Кімнені үйренді, кім не жасады, нақты жұмыс көрініп тұрады. Модель жұмыс жасайды, бағдарлама өз міндетін атқарады т.с.с. Егер бір нәрсе дұрыс болмаса, оны оқушы көріп отырады. Әр тапсырма қатысушының теориялық білімін, практикалық дағдысын пайдалануға итермелейді. Қатысушылар бір мезгілде бірнеше пәндік білімді қолданады. Әрбір STEM ойын қатысушыларды өте қатты әсерлендіреді және пәнге терең кіруге итермелейді.

STEM - әдісімен білім берудің өзектілігі. Технологияның қарқынды дамуы алдағы уақытта программистер, IT-мамандар, инженерлер, жоғары технология саласының мамандары және т.б. ең қажетті мамандарға айналатындығына әкеле жатыр. Жақын болашақта осы жоғары технология мамандарының жетіспеушілігі байқала бастайды, қазір біз білмейтін, тіпті елестете де алмайтын жоғары технологиялық өндірістерге қажетті, жаратылыстану ғылымдарымен байланысты, әсіресе, био- және нано-технология бағытында жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін және болады да. Сонымен қатар, дәстүрлі мектептегі білім беру жүйесімен салыстырғанда, STEAM эксперименттер жүргізуге, үлгілерді жобалауға, өз бетінше шығармашылық жұмыстар жасауға, өз идеяларын шындыққа айналдыруға бағытталған тәсіл. Нәтижесінде тыңдаушылар өз қызметінің өнімін алады, бұл өте маңызды. Олар өз жұмыстарының нәтижесін көреді. Осылайша, STEM-әдісімен білім беру студенттерге алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстырып, жобалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда STEM мамандары әлемдік еңбек нарығында ең көп сұранысқа ие адамдар болып табылады. АҚШ-тың еңбек статистикасы бюросы сарапшыларының болжамы бойынша, алдағы он жылда STEM мамандарына деген қажеттілік басқа мамандықтардан 76%-ға асып түседі.

Ұзақ мерзімді перспективада STEM университеттердің ғана емес, мектептердің де білім беру бағдарламаларының бөлігі болуы керек. Бұл кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесін құруға, бүкіл білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, отандық ғылым мен өндірістің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Еліміз дамыған елдермен бір бағытта келе жатыр. STEM – әдісімен білім беру – біліммен мансап арасындағы көпір. Оның тұжырымдамасы білім алушыларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды. Болашақ мамандарға жан-жақты дайындық пен ғылымның, техниканың, технологияның және математиканың әртүрлі білім беру салаларына алынған білімі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ «Білімді ел – Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \ «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
3. Тұрғанбаева Тоғжан Рахметуллақызы STEM - новая методика обучения школьников и основной тренд мирового образования
4. Анисимова, Т.И. Подготовка педагогов для STEAM-образования / Т.И.Анисимова, Ф.М.Сабирава, О.В.Шатунова // Высшее образование сегодня. 2019. - С.31 - 35.
5. Ведущие вузы объединили усилия по созданию инновационной образовательной площадки «STEAM Академии 2030» [Сайт]. - URL: <https://pikabu.ru> (дата обращения: 15.11.2021)
6. Барсай Б.Т., Матжанова STEM дайындықтың құзыреттілік моделі \ «Физика–математика ғылымдарының қазіргі білім беру кеңістігіндегі рөлі» VI халықаралық ғылыми-практикалық конференция \ Атырау. 7.12.2021

ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ CLIL ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

М.С. Бекешова, А.А. Иманбаева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде мектептерде үш тілді жетік меңгерген мектеп оқушысының көптілді тұлғасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Білім берудің осы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру барысында мектептегі білім беруді бейіндеу және бірқатар пәндерді шет тілдерінде оқыту процесін жүргізу қолға алынды. Бұл мақалада пән мен тілді кіріктіріп оқыту CLIL әдісін (Content Language Integrated Learning) пайдаланып, оқыту қарастырылған. Білім беру жүйесінде CLIL әдісінің ерекшеліктерін, артықшылықтарын дәйекті түрде ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: CLIL (Content and Language Integrated Learning), көптілділік, құзыреттілік, дағды, мазмұн, таным, оқыту.

Көптілділік 2006 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті «Тілдердің үштұғырлығы» жобасын ұсынған кейін бастау алды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050 – дамыған ел стратегиясының жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында үштілділік еліміздің азаматтары үшін шексіз мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Сондай-ақ әлем Қазақстанды 3 тілді еркін қолданушы ретінде тануы керектігін айтты [1].

Үш тілді білудің негізгі мақсаты – көптілді, әлеуметтік және саналы жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі ғылымның дамуы бірнеше тілді білуді талап етеді. Осы мақсаттың жүзеге асуында ұстаздардың үлесі өте зор.

Біріктірілген пән және тілдік оқыту (CLIL) идеясы әдістемеді жаңалық емес. CLIL (Content and Language Integrated Learning) терминін ғылымға Дэвид Марш 1994 жылы пәннің мазмұнын қосымша шетел тіл арқылы оқытылатын оқу процесі үшін енгізген. Сонымен қатар, осы әдістемелік тәсілдің шеңберінде шет тілі оқу пәнінің мазмұны мен оқу мақсатын меңгеру құралы ретінде қарастырылады: «CLIL – мазмұнды және тілді меңгеруді алдын ала анықталған деңгейлерге көтеру мақсатымен білім алу және тілді үйрену үшін қосымша тіл пайдалануға бағытталған қосарлы білім беру тәсілі» [2].



Сурет – 1. CLIL әдісінің 4 негізгі қағидалары

Мұғалімдер оқу процесін тұтас немесе жалпы қарастырмай, жеке және оқшауланған «нәтижелерге» жетуге тырысады.

Егер мұғалімдер сақтық шараларын төмендетіп, жаңа мүмкіндіктерге, соның ішінде ынтымақтастық пен топтық жұмыстарға ашық болса, олардың барлығы институционалдық мақсаттар барлық мұғалімдері үшін жеке мақсаттарды алмастыратын «CLIL көзқарасы» бойынша жұмыс істей алар еді.

Мазмұнды да, ағылшын тілін де оқытатын пән мұғалімі үшін қиын процесс болуы мүмкін. CLIL әдісін пайдалануда қиындық тудыратын мәселелерді жеңілдету мақсатында CLIL-Т деп атайтын CLIL әдісі арқылы сабақтарында топтық оқытуды ұсынуға болады. Дәлірек айтқанда, пән мұғалімі мен тіл мұғалімі бірге сабақты жүргізеді. Олар оқытудың алдында әр сабақтың мазмұны да, тіл үйрену мақсаттары да жоспарлады. Мазмұнға назар аударылды, бірақ тіл мұғалімі сыныпта тілге қатысты мәселелер көтерілген кезде сөзге араласады.

CLIL әдісін қолдануда келесі артықшылықтарын айтуға болады:

1. Кіріктірілген сабақтар оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады, өйткені оқушылар тіл арқылы басқа пәнді меңгеру және жаңа қызықты ақпарат алу құралы ретінде қарастырады.

2. Оқушылардың өздері бақылайтын және талдайтын процестер туралы сөйлеуге, жазуға және ақпарат алуға көбірек мүмкіндіктері болады. Оқушылар өз тәжірибесінде алған ақпараттарын сыныптағы басқа оқушылармен бөлісе алады.

3. Оқушылар жаңа білім мен дағдыларды қолдануға үйренеді.

4. Тіл үйрену кәсіби білім мен дағдыларды кеңейтудің маңызды құралына айналады.

5. Ой-өрісін, мәдени құндылықтарын кеңейтуге көмектеседі.

6. Оқушылар ынтымақтасуға және тәуелсіз болуға үйренеді.

7. Ол «нақты өмірлік» тәжірибені жасайды және бізде кішкентай балалар мен жасөспірімдерде болған туа біткен тілді үйрену қабілетіне назар аударады.

8. Бұл тәсілдің икемділігі айқын, өйткені оны әртүрлі оқу контекстіне, оқу жоспарына немесе білім беру жүйелеріне оңай қолдануға болады [3].

CLIL әдісін қолдану арқылы биология пәнін оқытуда студенттерді сөздік қорын молайтуға, әртүрлі зерттеулер жүргізуге және шыққан тілде жаңа ақпаратты алуға ынталандырады.

CLIL әдісін қолдануда кейбір қиындықтары бар және олар айқын көрінеді. Мазмұнды шет тілінде математика, физика, психология және т.б. пәндерде жеткізу мұғалімдерге қиындықтар туғызуы мүмкін және оларға шет тілін үйрету қиын болуы мүмкін.

Бастауыш және орта мектептен жоғары оқу орындарына дейін кеңейген сайын CLIL мұғалімдерінің саны артуда. Көптеген елдердегі мұғалімдерді дайындайтын оқу орындары мұғалімдерді CLIL-ге дайындамайды. Берілген CLIL әдісін пайдаланып шет тілінде сөйлейтін және пәндік біліктілігі бар мұғалімдердің саны шектеулі. Мұндай дағдыларға ие болса да, барлық мұғалімдер мазмұн мен тілдік мақсаттарға назар аударуға дайын емес. Бірінші - мұғалімдердің тілдік дағдыларын тексеру қажет. Кейбір адамдар тілді жетілдіру курсы қажет етуі мүмкін және шет тілдерін оқыту курстарды ұсынып, ынталандыру қажет. CLIL әдісін салыстырмалы түрде жақсы білетін кейбір мұғалімдерді алмасуды қарастыруға болады. CLIL әдісін пайдаланып шетел мұғалімін, яғни өзінің ана тілінде сөйлейтін адам келуі мүмкін, ал біздің еліміздегі мұғалім шетелге барып, өзінің тілдік дағдыларын дамытуы мүмкіндік туатын еді. Сондай-ақ жергілікті билік органдары кадрлардың болашақ қажеттіліктерін түсіну және қолдау көрсету үшін оларды тарту өте маңызды. CLIL технологиясы күрделі, үлкен командалық жұмыс пен ынтымақтастықты талап етеді, өйткені олар кәсіби қиындықты құрайды [4].

CLIL әдісін пайдаланып оқытатын мұғалім қамтитын кәсіби дағдылары:

1. Мұғалім ең алдымен пән бойынша білім жүйесін білу, пәндік мазмұнын меңгеруге және қолдануға дайындығы мен қабілеті, берілген пәндік саладағы негізгі заңдар мен принциптерді түсіну, қажетті ақпаратты мақсатты түрде іздеуді жүргізу мүмкіндігі, ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білу.

2. Мұғалім B2/C1 деңгейінде тілді меңгеру, кәсіби бағытталған салада тілді пайдалану мүмкіндігі.

3. Мұғалім проблемалық жағдаяттарға жүйелі талдау жүргізе білу, талдау, синтез, салыстыру, фактілерді, пайымдауларды және қызмет нәтижелерін бағалау қабілеті, өзіндік идеяларды тудыру.

4. Мұғалімнің оқушы тұлғасын адекватты түрде қабылдап, оның қоғамның жан-жақты дамыған мүшесі, өз елінің патриоты азаматы болып қалыптасуына ықпал ету қабілеті және мектеп оқушыларының бойында шет тілі арқылы ең жақсы адами қасиеттерді тәрбиелеу қабілеті.

5. Пәндік саланың және шет тілінің адамзат үшін рөлі мен маңызын түсіну, мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде тілдің рөлін сезіну, тілге құндылық қатынастың болуы,

6. Тілді меңгерудің және көптілді білім берудің негізгі заңдылықтарын түсіну, дидактиканың негізгі принциптері мен шет тілін оқыту принциптеріне және CLIL әдісіне назар аудара отырып, қазіргі мектептегі сабақтарды жоспарлау, тапсырмалар мен жаттығуларды құрастыра білу, оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді диагностикалау мүмкіндігі, пәннің мазмұнын және оның қазіргі мектеп мұғалімі ретіндегі рөлін білу, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі дамытуды жүзеге асыру қабілеті [4].

Сонымен, біз CLIL – бұл екеуін де қалыптастыру және дамыту мақсатында пәнді және шет тілін кіріктірілген оқытуды қамтитын әдістемелік тәсіл екенін анықтадық. Бұл тәсілді әртүрлі модельдер тұрғысынан түсінудегі айырмашылықтарға қарамастан, тәсілді сипаттайтын және осы бағытта жұмыс істейтін мұғалімнің стратегиясымен тактикасын анықтайтын бірнеше маңызды белгілер бар. Сонымен, CLIL әдістемесінің қарастырылған ерекшеліктерімен сипатты белгілері білім беру жүйесімен жалпы қоғамның қазіргі даму кезеңін деп әнмен тілді кіріктіріп оқытуды пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, пән мен тілді кіріктіріп оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін ең алдымен осы әдістемелік тәсілдің ерекшеліктерімен нәзіктіктерін толық меңгерген, жоғары білікті кадрларды дайындау қажет екенін айта кеткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Президента РК Н.А. Назарбаеванароду Казахстана "Стратегия «Казахстан - 2050»:новый политический курс состоявшегося государства» :материалы мероприятий, посвященных обсуждению ПосланияГлавыгосударства../ - Алматы: КИСИ, 2013.-228с.

2. Coyle, D., Marsh, D. &P. Hood. (2010) Contentand Language Integrated Learning .Cambridge: Cambridge University Press.

3. Liz Dale, Rosie Tanner (2012) CLIL activities.A resource for subject and language teachers Cambridge: Cambridge University Press.

4. Phil Ball, Keith Kelly and John Clegg (2014)Putting CLIL into Practice. Oxford university press

5. Kay Bantley (2010), The TKT course CLILmodule. Cambridge University press

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

Ж.Ж. Бисекешова

М. Құрманғалиева атындағы 32 гимназиясы
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігі күннен-күнге айқындала түсуде. Ғылыми таным – белгілі бір адамның шығармашылық күш-жігерінің нәтижесі. Бұл білім беру жүйелерінің әлеуметтік тапсырысын сауатты, зерделі, дені сау, дамып келе жатқан тұлғаны ғана емес, ғылыми ізденістерге қабілетті тұлғаны дайындауды міндеттейді.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу жұмыс, бастауыш мектеп, жаратылыстану пәні

Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және дамыту жастармен шығармашылық жұмыстың негізгі формаларының бірі болып табылады. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте баулу балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Олардың оқу процесіне де, мектеп түлектерінің болашақ тағдырына да игі ықпалы сөзсіз. Дәл осы уақытта ғылымымыздың болашағы, қоғамымыздың болашағы дайындалуда.

Қазіргі таңда қоғамда білімге деген қызығушылық зор. Оқу материалын табысты игерудің негізінде танымдық қызығушылық жатыр. Оқушыларға бақылаулар жасауға, эксперименттер орнатуға, соның негізінде бастауыш сыныптағы оқушылар өз бетінше қорытындылар мен қорытындылар жасай алатындай жағдай жасалса, ол үнемі оқу әрекетімен бірге жүреді.

Бастауыш мектеп жасы зерттеу дағдыларын дамыту үшін өте қолайлы. Оқушылар жаңа білімді өздері көру, есту немесе қолмен ұстау арқылы алған жағдайда жақсырақ меңгереді. Бірақ бұл жаста балалардың еріксіз зейіні барынша дамығанын ескеру қажет, сондықтан олар ұсынатын зерттеулер жарқын және есте қаларлық болуы керек. Олай болса, сабақта зерттеушілік әрекет элементтерін пайдаланатын мұғалімнің міндеті – кіші оқушының табиғатына тән зерттеушілік мүмкіндіктерін дұрыс бағытқа бағыттау.

Мектеп жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал ететін танымдық іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін оқушылардың меңгеруін қамтамасыз етуге арналған. Мұғалімнен бастауыш сыныптағы оқушыларды белсенді танымдық іс-әрекетке баулу үшін дидактикалық жағдай жасау, оқытудың зерттеу әдістерін қолдану талап етіледі, мұнда білімді меңгерумен қатар балалардың өзіндік практикалық әрекеттері де ұйымдастырылады.

Жалпы білім беретін мектептің міндеті нақты көлемде жаратылыстануды оқытып қана қоймай, сонымен бірге табиғат құбылыстарына биологиялық талдау машығын қалыптастыруға, табиғат пен қоғам қатынасының мәнін түсінуге, өзінің тәжірибелік көмегінің маңыздылығын сезінуге үйрету. Мектепте ғылыми-зерттеу жұмысының жоғары деңгейде өтуі үшін білім беру мекемелері жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғалымдары және мамандарымен тығыз қатынас орнатуы шарт, яғни оқушыларға жаратылыстанудан іс-тәжірибелер мен факультативтерді өткізіп, жекелеген экспериментальді тақырыптарға басшылық еті. Әсіресе жүргізілетін жұмыстың практикалық бағыттылығы үлкен маңызға ие болады.

Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми жұмысқа баулудажаратылыстану сабақтарындағы оқушыларды ғылыми жұмысқа баулудың мүмкіндіктері мол.

Заманауи жағдайларда педагогикада түрлі білім беру сатыларында білім алатын оқушылардың зерттеу қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ғылыми материалдар жеткілікті жинақталған, оны жүзеге асырудың педагогикалық талаптары да анықталып ұсынылуда.

Мұғалім білім беруде оқушының өзі оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында білім мен білік алғысы келетіндей етіп ұйымдастыруы қажет.

Жаратылыстану пәні бойынша оқу-зерттеу қызметін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Табиғат туралы ғылымдар оқушыларға әлемнің қазіргі ғылыми бейнесін ашуға арналған, ал оларды зерттеу барысында алынған білім заманауи адамның дүниетанымның табиғи ғылыми негізін құрайды [2, 23-266].

Мұғалімнің негізгі қызметі оның жаңа ақпаратты тасымалдаушы ретінде емес жаңа білімді игеру, зерттеушілік қабілеттер мен дағдыларды меңгеру, сонымен қатар ақыл-ой әрекетінің әдістерін меңгеру үшін оқушылардың өз бетінше іздену әрекетін шебер ұйымдастыруы керектігінде екенін ескеру қажет. Бұл бастауыш сынып оқушылары арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде ойдағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі оқытушының басты қызметі – білім беру мен жеке тұлға тәрбиесін сабақтастыру болса, оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың өзін-өзі дамыту, шығармашылық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру. Сондықтан мұғалім оқушының қабілеттерін дамыту, талантты балалардың талабын ұшқырлау мақсатында заман талабына сай, жаңа технология қолдану арқылы жұмыс жасау керек деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы жүргізу бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :

өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;

іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;

өз пікірін, ойын ашық айту;

өз бетімен қорытынды жасау;

өзі үшін жаңалық ашу.

қызығушылығын қанағаттандыру.

Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі.

Пән мұғалімдері қазіргі кезде мектепте білім беру процесінің сипаты өзгеріп отыратындығына назар аударуы керек.

Оқу бағдарламасына сәйкес, оқу міндеттері мен зерттеу міндеттерін шешу процесінде оқытылатын ғылымды игеруге бағытталған Жаратылыстану пәнінен 3-сыныпта өткізілген «Көлеңке қалай пайда болады?» деген тақырыпта мұғалім мен оқушының бірлескен сабағын мысал ретінде көруге болады. [4, 45-486]

Бөлім:	Табиғат физикасы. Жарық, дыбыс, электрлік, магниттік	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Көлеңке қалай пайда болады?	

Дәл осы сабақтар мен іс-шаралар бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың жоғары деңгейіне жетуге ықпал етеді. Сонымен,

бастауыш сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. «Педагогика». – Астана: Фолиант, 2003
2. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. Бигазина П.К., Жаманқұлова А.Ж., Кажекенова Ә.А., Тураканова Г.А., Хонтай М. 88б.
3. Блялова Г. Жаратылыстану пәнін оқытуда оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру // № 12.2011.
4. Жаратылыстану. 3-сынып. Андриянова Т.А., Жакупова Н.Ш

ӘОЖ 574

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЯРЛАУ

Г. Болатбекова, А. Иманбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда биологиядан олимпиадаларға дайындау оқу бағдарламасының негізі бөлігі болып қалыптасып келеді. Бұл бір жағынан оқушыларды биология пәніне қызықтырып ынталандырса, екінші жағынан оқушылардың білімін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Олимпиадаға дайындық курстарының мазмұны мен алға қойылған міндеттердің жоғары деңгейде құрастырылудың арқасында және тақырыптардың мағыналарының ашылуы негізінде оқушы пән бойынша терең білім алып, нәтижесінде биологиялық эрудициялы тұлға қалыптасады.

Түйін сөздер: биология, олимпиада, білім, бағдарлама

Биологиялық олимпиаданың «жаңа ғасыры» 1951 жылдан кейін басталды. 1995 жылдан бастап олимпиада бес этаптан тұрды. Бірінші: мектептік; екінші: аудандық, қалалық; үшінші: облыстық, өлкелік; төртінші: республикалық; бесінші: халықаралық.

Орта мектептерінде олимпиада өткізудің мазмұны мен маңызы. Педагогика тарихынан белгілі, мәдениеттің жас ұрпақты «өз бетінше шешім қабылдап, әрекет ете алуға» тәрбиелеу білім мазмұнында мәдениеттанымдық қызметтің дамуына себепші болды. Сондықтан, бүгінгі күні білімнің даму көзі - мәдениет болып белгіленіп, оқушы – оны қабылдаушы және оның шығармашысы тұрғысынан тәрбиеленеді.

Мектепте жеке пәндерді оқуда ерекше білім жетістіктерін көрсеткен оқушылардың мәлімет банкісі құрылып, оқушылардың білім жетістіктері мен психопедагогикалық диагностикалары салыстырылып, әр оқушыға күнделік жүргізілен. Ғалымдар анықтағандай дарынды немесе талантты оқушылармен жасалынатын жұмыс түрлері төмендегідей:

1. Баланың қызығушылығына әрі табиғатына қарай ғылыми жұмысқа баулу;
2. Пәндік олимпиадалық жұмыстарға дайындау;
3. Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттарға, пікір – сайыс яғни интеллектуальды ойындарға дайындау;
4. Мектептің ғылыми қоғамындағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру. Байқап отырғанымыздай оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау маңызды орынға ие.

Пәндік олимпиадалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, кәсіби және ақпараттық құзыреттілік деңгейлерін арттыру мен қатар, дарынды оқушының өзін қызықтыратын пәнде шығармашылық белсенділігін ынталандыру және қызығушылығын дамыту, ғылыми білімді насихаттау болып табылады.

Биология пәнінен олимпиада өткізу әдістемесі. Қазіргі ұрпақ қоғамдағы қарқынды өзгерістер жағдайында өсіп келе жатыр, ол динамикалық жағынан өзгеріске ұшырауда, мұнда жастарды өздерінің тұлғалық өзінділігін. Олимпиадаларға қатысу танымдық өзінділікті белсендіруге, оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға септігін тигізетін қызмет нысаны болып табылады. Міндеті – мектеп пәндерін зерделеуге оқушылардың қызығушылығын арттыру және талантты балаларды анықтау. Олимпиадалар өз мүмкіндіктерін тексеруге және сыни бағалауға, білім алудың алдағы жолдарына таңдау жасауға мүмкіндік береді. Қандай да бір оқу курсы бойынша білімдердің кең ауқымын қамтиды және эрудицияның қалыптасуына септігін тигізеді, пәнді зерделеуге шығармашылық бастау енгізеді.

Қандай да бір ғылыммен әуестенген балалар шығармашылықты ертеңге қалдырмайды, олар өз күштерін бүгін, жеткілікті шынайы сынақтарда байқап көреді. Олимпиадалардың түрлері: мектепшілік; қалалық; облыстық; республикалық; халықаралық; президенттік; жасөспірімдік; қашықтық.

Қатысушылар – 8-11-ші сынып оқушылары. Өткізер алдында оқу жылының басынан дайындық жүреді. Оқушылар өздеріне факультатив бойынша дайындалатын пән таңдайды. Биология бойынша факультативтік сабақтардың мақсаты: көлемі мектеп бағдарламасынан ауқымды болатын биология ғылымының жекелеген тақырыптары бойынша неғұрлым терең білімді қалыптастыру. Олар жұмыс істеуді немесе білімін биологиялық саладағы (медициналық, педагогикалық, биологиялық, ауылшаруашылық, малдәрігерлік, фармацевтикалық, орман техникалық және т. б.) арнайы оқу орындарында жалғастыруды жоспарлайтын оқушылардың кәсіби бағдарына үлкен әсерін тигізеді. Пәнге қызығушылық танытатын және оқуда неғұрлым жақсы нәтижелерге жеткен балалар тобы іріктеледі. Олар үшін жеке дайындық керек болады. Биологияны салалық пән ретінде зерделетін оқушыларға дайындық оңайға соғады, олардың білімі неғұрлым негізді және терең болып табылады. Олар пәннің қандай да бір негізгі курсына тереңдететін немесе кеңейтетін экологиялық, ботаникалық және басқа да бағыттағы элективті курс жүйелері арқылы алынады. Іс-шараны ұйымдастыру және өткізу кезінде қандай да бір проблемаларды шешудің бірегей идеяларына, оларды нақты негіздей отырып, орындаудың оңтайлы әдісін таңдауға, дәлелді шешімдерге басымдылық беріледі.

Мектептік кезеңде жеңімпаздарды іріктегенде қиын сұрақтарды ескерген жөн. Оларды шешу үлкен күш-жігерді талап етеді. Зияткерлік дамудың және биологиялық ілімдер жүйесін меңгерудің біршама жоғары сатысында тұрған оқушылар ғана еңсере алады. Тапсырмалардың шығармашылық сипаты танымдық өзінділік машықтарының көрініс беруіне септігін тигізеді. Типтері: жадыда бар ақпаратты жұмылдыруды талап ететін міндеттер; суреттері және нобайлары бар сұрақтар – бақылаушылыққа, атап шығуға, салыстыруға, жаһандық байланыстарға арналған; «қатесін тап» сынды жаттығулар; қисындық тапсырмалар; тест-тапсырмалар және т. б. Қалалық кезеңге дайындық әрбір қатысушы үшін дербес бағдарлама әзірлеуді қажет етеді, ол мектептік оқытудың түрлі бөлімдерінің материалдарын оның іс жүзінде игеру дәрежесін, танымдық өзінділіктің қалыптасу деңгейін, шығармашылық әлеуетті, ойлау ерекшеліктерін және басқа да факторларды есепке алады. Әзірлеуден кейін ретті бағдарламалық жүзеге асыру басталады.

Олимпиаданың мақсаты: оқушылардың жаратылыстық ғылымдарға деген танымдық қызығушылықтарын дамыту, ғылыми – зерттеу әрекеттерінің дағдыларын қалыптастыру, экологиялық білімдерді насихаттау, табиғатқа деген аяушылық қатынасқа негізделген терең патриоттық сезімге тәрбиелеу, сонымен қатар белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру.

Бұл олимпиаданың өтілуі зияткерлік әрекет саласында білімін ғылым жолымен жалғастыруға негіздеген дарынды оқушыларды айқындау мен қолдауды, жаратылыстану саласындағы түрлі байқауларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлауды жорамалдау, Қазақстан Республикасында білімнің беделін көтеру болып табылады.

Олимпиада мақсаты:

- биологиядан тірі және өлі жүйелер арасындағы байланыстарды, заңдылықтарын, жекелеген түрлердің таралуын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің шығу тегі мен эволюциясын, классификациясын, табиғи қорларын анықтауды үйрету;

- 8-11-сынып оқушылары арасынан талапты, білімді және ізденімпаз жалынды жастарды анықтап, қолдау көрсету.

Олимпиада міндеті:

- биология пәнінің ерекшеліктері туралы білімді меңгерту;

- биология ғылымының біртұтас жүйе екендігі туралы білімдерін қалыптастыру;

- өсімдіктер мен жануарлар құрылысын зерттеу, жан-жақты анықтау әдістеріне дағдыларын қалыптастыру;

- биология ғылымы арқылы жас бітіруші түлектердің бойына таңдаған мамандықтары бойынша қызығушылықтарын арттыру.

XXI ғасырдың жан – жақты зердері, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Егеменді ел болып, таңдаулы елу елдің қатарына ену басты мақсатымыз болған соң, білім мен ғылым саласы дүние жүзілік деңгейге сай болуы керек. Елімізде болып жатқан өзгерістер мектеп жұмысына да елеулі жаңалықтар әкеліп отырғаны даусыз.

Қазіргі кезде баланы дамыту және дамуына жағдай жасау керектігі ешкімге таңсық емес. Сондықтан да олимпиадаға қойылатын талаптар күшеюде. Облыстық, республикалық олимпиада мектеп бағдарламасынан да білімді тереңдетуді қажет етеді. Олимпиадаларда биологияны өте жақсы меңгерген, қызығушылықтары жоғары балалар күш сынасады. Сондай жарыстарға оқушыларды іріктеу мақсатында арнайы курс жүргізіледі, курстың материалдары олимпиада тапсырмаларының теориялық жағын қамтуы керек. Биологиялық есептерді шығару арқылы оқушылардың ойлау қабілеті оқу материалдарын терең меңгеруі артады. Теориялық алған білімдерін практикада қолдана білу де есептер шығару арқылы жүзеге асырылады. Мектеп бағдарламасының біліміне сүйене отырып, биология пәнін тереңдете оқытып, олимпиадаға дайындау мақсатында құрастырылатын арнайы курс бағдарламасының негізгі міндеттері:

1. Оқушыларға олимпиадаға дайындық кезінде биология пәні бойынша терең білім беру;

2. Оқушыларды биологиялық ізденісте болуға, өз бетімен жұмыс істеуге жағдай жасау;

3. Биология курсы бойынша білімдерін тереңдету болып табылады. Күтілетін нәтиже, ізденімпаз, білімге құштар, терең және тиянақты білім алған оқушы дайындау.

Зерттеушілер өздерінің еңбектерінде оқушыларды пәнге қатысты дайындықтарын арттырудың біршама маңызды құралдарының бірі ретінде пәндік олимпиадаларды атап к өрсетті. Оқушылардың пәндік олимпиадалары қазіргі мектеп жағдайында олардың оқу мотивациясын қалыптастыруға, оқушылардың танымдық белсенділіктерін көтеретін, шығармашылықтарын дамытуға, пән бойынша білімдерін кеңейтуге ықпал етуші құрал.

Ең бірінші олимпиадалар біршама қиынырақ тапсырмаларды шешу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ең алдымен биология пәнінің мектеп бағдарламасы шеңберінде сұрақтар мен тапсырмалар меңгерілуі керек, бірақ ол сұрақтар оқушыны шығармашылық ойлауға жетелеуі тиіс.

Биология оқу курстары бойынша алған теориялық білімдерін оқушы қолданбалы түрде көрсетуге, оның себеп–салдарын түсіндіруге, салыстырулар мен талдау жасауға, болжау жасау дағдыларын қалыптастыруға машықтандыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі. Шымкент: 2000 ж. 300
2. В.В. Травникова Биологические экскурсии, СПб.: «Паритет», 2002. – 256
3. Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов Экология және табиғатты тиімді пайдалану: оқулық. – Алматы: Ғылым, 2004 – 328 б.
4. Биология Қазақстан мектебінде./ Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2005 жылдан бастап.
5. Қайым Қабдірашид. Биология. Анықтамалық көмекші құрал. –Алматы. «Ол – Жас баспасы» ЖШС. 2006 ж. 104 бет.
6. Оспанова Г. Экологи: оқулық. –Алматы Экономика, 2002. – 408 б.
7. Н.Л.Галеева. Сто примеров для учебного успеха ученика на уроках биологии: М.: «5 за знания», 2006. -144 с.
8. Қисымқызы Ә. Салауаттану. Әдістемелік құрал. – Алматы. «Алматы кітап» ААҚ, 2004. -160 бет

УДК 371: 37.01

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

С.Н.Бориско, О.П.Подосинникова
АГУ им. В.Н. Татищева в г. Знаменске
Астраханской области, Россия

Аннотация. Рассматриваются основные направления проектной деятельности по формированию культурной безопасности учащихся в процессе воспитательной работы общеобразовательных организаций.

Ключевые слова: культурная безопасность, проектная деятельность, общеобразовательная организация, духовные ценности, саморазвитие личности, социально-значимые качества.

Современная история на примере Украины наглядно показывает, что может случиться с обществом, если не уделять должного внимания вопросам обеспечения культурной безопасности. Пробелы в этом вопросе позволяют переформатировать массовое сознание населения не только отдельной страны, но и регионов, континентов. Навязывание лживых «ценностей», лицемерие политиков и «двойные стандарты» в оценке происходящих событий приводят к подмене основных понятий, подрыву психологической устойчивости. Такое воздействие оказывается целенаправленно, с использованием утонченных и проверенных информационных и психологических технологий, с применением средств массовой информации и через социальные сети. Особенно этому подвержены молодые люди, не имеющие достаточного жизненного опыта, твердой жизненной позиции, зачастую находящиеся в постоянном поиске смыслов, подверженные «конфликту поколений». Таким образом, порождаются различные угрозы не только для отдельных народов, но и для всего человечества, поскольку подобные воздействия вызывают вражду, человеконенависть, стирает границы ценностей человеческой жизни.

Психологическая устойчивость — это качество личности, отдельными аспектами которого являются стойкость, уравновешенность, сопротивляемость. Культурная безопасность общества зависит от психологической устойчивости каждого члена общества, которая должна формироваться с момента рождения этого самого члена общества.

Указ Президента Российской Федерации № 809 [1] утверждает основы государственной политики России по сохранению и укреплению традиционных духовно-

нравственных ценностей. К таким ценностям относятся: жизнь, достоинство, права и свободы человека, патриотизм, гражданственность, служение Отечеству и ответственность за его судьбу, высокие нравственные идеалы, крепкая семья, созидательный труд, приоритет духовного над материальным, гуманизм, милосердие, справедливость, коллективизм, взаимопомощь и взаимоуважение, историческая память и преемственность поколений, единство народов России.

Государственная политика по сохранению традиционных ценностей – это совокупность мер, осуществляемых президентом и другими органами власти при участии общества. Реализация государственной политики по сохранению и укреплению традиционных ценностей должна способствовать сбережению и приумножению российского народа, сохранению российской идентичности, а также развитию человеческого потенциала, поддержанию гражданского мира и согласия в стране, укреплению законности и порядка, защите общества от распространения деструктивных идеологий и формированию безопасного информационного пространства.

В филиале ФГБОУ ВО «Астраханский государственный университет имени В.Н.Татищева» в г. Знаменск проводится социальный эксперимент по обеспечению культурной безопасности, в рамках которого проектная деятельность студентов [2, 6] рассматривается как основной элемент воспитательной работы будущих педагогов и психологов в общеобразовательной школе.

В России уже несколько лет проводится Международная просветительская акция «Большой этнографический диктант», приуроченная ко Дню народного Единства. Цель проведения этого диктанта - укрепление общероссийской гражданской идентичности.

Педагогика не может оставаться в стороне от процессов, происходящих в многонациональном обществе. Она обязана тщательно и всесторонне изучить проблему этнокультурного развития, организовывать систему образования с учетом особых национальных эффектов. Одна из задач формирования этнической культуры – патриотическое воспитание подрастающего поколения.

Понятие «патриотизм» изначально географически локализуется по месту рождения и социальной среды на ранних этапах жизни человека, но оно также отражает гражданскую позицию человека по отношению к защите национальных интересов. Патриотизм начинается с любви к матери, красоте родных мест и перерастает в чувство гордости за свою Родину, за свой народ! Настоящее проявление патриотических убеждений и чувств отражается через поступки. Правильно организованный процесс патриотического воспитания устраняет этноцентрические тенденции, развивает представление о том, что такое родина. На основе понимания культурной уникальности своего народа ученик формирует в себе интернационализм, гражданственность и гуманизм. Этнокультурные традиции, в частности, пробуждают в учениках генетическую память, обеспечивают преемственность поколений, значительно повышают эффективность воспитательного и образовательного процесса.

Новизна предлагаемой программы заключается в том, что главным является не доведение детям потребной информации, а формирование умений самостоятельно приобретать знания через посещения музеев, национальных общин, исторических мест, изучение национальных культур и организацию мероприятий посвященных дружбе народов. Вся история России – это история освоения новых земель, история присоединения новых народов, история взаимоотношений этносов. Сила России – в ее народе, в ее многонациональности, где проживают более 200 народов и этнических групп.

Астраханская область также является многонациональным регионом. Доказано, что знакомство с историей и национальными традициями разных народов, живущих в России, помогает воспитать любовь не только к России, но и к своим корням, к своей нации, что помогает воспитанию толерантного отношения к представителям других наций. Каждая национальность, сохраняя свои традиции и культуру, вносит свою "лепту" в развитие общей культуры той страны, где проживает. Город Знаменск также является многонациональным

населённым пунктом: русские, украинцы, казахи, чеченцы, армяне, азербайджанцы, татары и другие национальности.

Основой предлагаемой программы воспитательной работы являются проектно-исследовательский метод и коллективное творчество. Цель программы - воспитание у подрастающего поколения доброжелательного отношения, уважения к традициям людей разных национальностей, а также привить гордость и уважение к своим национальным корням.

Задачи: формирование уважения и интереса к различным культурам и народам, населяющим Астраханскую область; развитие творческих способностей, формирование основ национального мышления; развитие патриотических чувств у подрастающего поколения. Таким образом, этнокультурное воспитание школьников, которое приобрело особую актуальность в настоящее время, обеспечивает формирование этнокультурной самоидентификации. Оно является необходимой основой духовно-нравственного формирования личности и условием интеграции в мировую культуру. Процесс реализации проектной деятельности по данным направлениям в общеобразовательных организациях обеспечивает высокий уровень формирования культурной безопасности школьников, способствует развитию позитивного отношения к общественным ценностям и социально значимым взаимоотношениям, саморазвитию личности учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

1. Указ Президента Российской Федерации от 09.11.2022 № 809 "Об утверждении Основ государственной политики по сохранению и укреплению традиционных российских духовно-нравственных ценностей" · [Электронный ресурс] - Официальное опубликование правовых актов · Официальный интернет-портал правовой информации. Доступ свободный. URL: <http://publication.pravo.gov.ru/Document/View/0001202211090019> Дата обращения 09.11.2022.

2. Бориско С.Н., Абдуллаева Н.И. Теоретические основы организации учебных занятий в проектно-ориентированных методах обучения // Проблемы повышения эффективности научной работы в оборонно-промышленном комплексе России. Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции. // Астраханский государственный университет. Астрахань, 2021. С. 329-334.

3. Власова Л.М. Безопасность жизнедеятельности. Современный комплекс проблем безопасности: учеб.-метод. пособ. для образовательных учреждений / Л.М. Власова, В.В. Сапронов, Е.С. Фрумкина, Л.И. Шершнева; под ред. В.В. Сапронова. – М.: 2015. С. 110.

4. Кузнецов В.Н. Культура безопасности: Социологическое исследование. – М.: Наука, 2021. С.380.

5. Мошкин В.Н. Воспитание культуры безопасности школьников: монография / В. Н. Мошкин. – Барнаул: Издательство БГПУ, 2017. С. 318.

6. Подосинникова О.П. Современные аспекты высшего образования как условие инновационного развития современного общества // Материалы VIII Всероссийской научно-практической конференции // Издат. Дом «Астраханский университет». Астрахань, 2021. С. 174-177.

ЕЛІМІЗДЕ КИБЕРСПОРТ ТҮРЛЕРІН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Д.М.Булатбеков, Г.А. Шангытбаева

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ, Қазақстан

Аңдатпа. Көпшілікке таныс емес киберспортта қатысушылар өз арасында топтық немесе жекелей сында сайысқа түсіп, қомақты қаржылай ұтысты жеңіп алуға тырысады. Былай қарасақ, күнделікті көріп жүрген спорттық жарыстардан еш айырмашылығы жоқ, тек қатысушылар бір-бірімен шынайы емес виртуалды өмірде бақ сынасады. Қазақстанда киберспорт ресми спорт түрі ретінде тек 2018 жылдың 25 маусымында танылса, бұл салада өткен алғашқы жарыстың тарихы 1972 жылы Стэнфорд университетінен бастау алады. Солкезденбастапшетелдік БАҚ жаңа тренд туралы жарыса жаза бастаған. Сарапшылардың айтуынша, электронды спорт – әлемдегі жылдам дамып жатқан салалардың бірі.

Түйін сөздер: киберспорт, Dota 2, StarCraft 2.

Елдегі киберспорт үш жылдан астам уақыт бұрын ресми спорт түріне айналды. Содан бері сала айтарлықтай өзгерді, көптеген даму алды. Жалпы, осы уақыт ішінде Қазақстанның киберспорт федерациясы (QCF) 15-тен астам түрлі пәндер бойынша жүзден астам турнир ұйымдастырды. Үстіміздегі жылдың 15 сәуірінде елімізде алғашқы киберспорттық акселератор ашылады, бұл еліміздегі киберспорттың жан-жақты дамуына тағы бір қадам болмақ.

Әлемде нағыз технологиялық және экономикалық трендке айналған саланың еліміздегі даму қарқыны қандай? Ең алдымен, киберспорт Қазақстанда мемлекет тарапынан ресми спорт түрі ретінде былтыр мойындалғанын жоғарыда айтып өттік. Сондай-ақ Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Киберспорт федерациясы құрылды. Федерацияның басты мақсаты – қазақстандық электронды спорттың әлеуетін көтеріп, ойыншыларға жан-жақты қолдау көрсету. «Qazaq Cybersport Federation» бірлестігі елімізде онлайн және оффлайн кеңістікте турнирлер ұйымдастырып, ойыншылардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып келеді. Отандық сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда дарынды ойыншылар көп, тіпті өз елімізден бөлек шетелдік танымал топтардың құрамында ойнап жүрген көрінеді. Мысалы, Counter-Strike: Global Offensive дисциплинасы бойынша қазақстандық Avangar тобы әлемдік рейтингте үздік ондыққа кіреді, қазір 7-орында тұр. Сондай-ақ аталған топ Германияда өткен «StarLadder Berlin Major 2019» жарысының гранд-финалында екінші орын иеленіп, 150 мың АҚШ доллары көлемінде жүлде алды. Осы саланың қазанында қайнап жүргендер бірауыздан елімізде киберспорт бар және болашағынан үміт күттіретін ойыншылар да жетерлік екенін айтады. Esportearnings сайтының мәліметіне сенсек, қазақстандық ойыншылардың жалпы табысы 2 млн долларды құраған, бұл көрсеткішпен Қазақстан әлемде 40-орында тұр. Ал АҚШ ойыншылары 131 млн доллар табыспен көш бастап келеді. Айта кету керек, Орталық Азия елдерінің арасында Қазақстан ойыншылары киберспорттан үздік нәтиже көрсетіп келеді. Аталған рейтингте Қырғыз елінің ойыншылары 366 мың доллар табыспен 65-орынға тұрақтаған.

Киберспортқа салынған демеушілік қаржы көлемі де жыл сайын ұлғайып келеді. Мысалы, былтыр 1,1 млрд жалпы табыстың жартысына жуығы 456 млн доллар демеушілер тарапынан келген. Ал киберспорт жарыстарының демеушілері әдетте жас аудиторияға өз өнімін жарнамалағысы келетін әлемдік брендтер. Олардың ішінде бәріміз білетін BMW, Honda, Nissan, Kia Motors, Nike, Puma, Adidas, Coca Cola, Pepsi, Intel, Microsoft, Adidas, Disney Marvel секілді алпауыттар бар. Виртуалды спорт түріне қызығушылық демеушілер,

көрермендер мен ойыншылар тарапынан артпаса, азаймайтын секілді. Елордада өткен жарысты көруге өз еркімен ұзын-сонар кезекте тұрып, бір күнін осы мерекеге арнап келген мектеп жасындағы балалардың көптігін көріп таңғаласыз.

Үздік 10 киберспорт ойындары

Dota 2. Тізімнің сөзсіз көшбасшысы. Esportsearnings мәліметтері бойынша, Dota-да 1500 турнир өткізілді (қазіргі Dota 2 турнирлерінің күнтізбесі осында) және жалпы жүлде қоры шамамен 232 миллион долларды құрады. Бұл халықаралық турнирлер сериясындағы қомақты жүлде туралы. Жақында әзірлеушілер TI10 5-15 тамыз аралығында Швецияда өтетінін және оның жүлде қоры 40 миллион доллар болатынын хабарлады. Турнир аяқталғаннан кейін Dota 2 өз қуғындаушыларынан бұрынғыдан да алыстайды.

CS:GO. Valve-дан басқа ойын, бірақ ол мүлдем басқа жолмен дамиды. Мұндағы майорлар ойыншыларға бір уақытта 20 миллион доллар табуға мүмкіндік бермейді. Оның орнына, ойында үшінші тарап ұйымдастырушыларынан көптеген лигалар мен турнирлер өтеді және олар үшін жүлде қоры маңызды, бірақ ақылға сыймайды. 5600 турнирге 113,5 миллион доллар айналды.

Fortnite. Егер сіз Fortnite жаңалықтарын бақыламаған болсаңыз, ойынның үшінші орыны сіз үшін күтпеген жағдай болуы мүмкін. Ойын үшін 700-ден аз турнир өткізілді, бірақ Epic Games 102 миллион долларды әсерлі ойнай алды. Fortnite 2019 жылғы маусымда 2019 жылғы Fortnite әлем кубогында 30 миллион доллар ұтыс ойыны айналған кезде, киберспортқа ерекше назар аударылды. Бірақ содан кейін Ерістің Fortnite киберспортына деген қызығушылығы суыды.

League of Legends. Esports MOBA жанрындағы Dota-ның басты қарсыласы. Riot Games турнирлерінде жүлде қоры үш есе аз айналды - 83,6 миллион доллар, бірақ турнирлердің өзі мыңға көп болды. Жалпы алғанда, LoL басқа жолмен дамып келеді: баспагер жүлде ақшасына көп емес, ойыншылардың жалақысы арқылы сахнаны қолдауға инвестициялайды, оның ішінде төменгі деңгейде. Ал Dota жақында ғана 2-ші және 3-ші деңгейлі командалардың өмірін біршама жеңілдететін DPC жүйесін қосты.

StarCraft 2. Әлі күнге дейін өмір сүретін киберспорт классикасы. Бұл жеке пән болғандықтан, турнирлердегі жүлде қоры бірнеше есе аз, бірақ ойын мұны турнирлер санымен және ұзақ өмір сүруімен өтейді. SC2 ойынында барлығы 34,7 миллион доллар ойнатылды, бір турнирдің ең үлкен жүлде қоры 700 мың долларды құрады. Фин ойыншысы Серрал өз мансабындағы ең көп жүлде қоры – 912 мың долларды алды.

PUBG. Корольдік шайқаста киберспорттың тағдыры оңай болған жоқ, бірақ әзірлеушілер оны дамытуды жалғастыруда. Жақында PUBG Global Invitational ойынында 7 миллион доллар ұтыс ойыны ойнатылды, бірақ турнир ТМД клубтары үшін жақсы болмады: Virtus.pro оныншы, NAVI он жетінші орынға ие болды. Үздік PUBG ойыншыларының жетінші орнын өз мансабында 390 000 доллар ұтып алған ресейлік уба иеленді. Жалпы алғанда, әзірлеушілер ойынға арналған eSports турнирлерінде шамамен 33 миллион доллар ұтыс ойнады.

Overwatch. Blizzard-тың esports shooter сахнасына кіруі және Overwatch лигасында слоттар сатылып, маңызды спорт түріне ұқсайтын эспорт сахнасын құру, мұнда маусым сайын 3 миллион доллар алады. Жалпы алғанда, Overwatch шыққаннан бері 5 жыл ішінде 26,7 миллион доллар ұтыс ойнатылды.

Hearthstone. Blizzard-тың тағы бір ойыны. Ойынның Overwatch-тен екі жыл бұрын шыққанына қарамастан, жүлде қоры аз болды - 25 миллион доллар. Бұл жеке ойын болғандықтан. Тижс ең көп жүлдені (жарты миллион доллар) алды, ал үшінші орында 2016 жылы Blizzcon ұтып алған ресейлік Павел 300 000 доллармен тұрды.

Arena of Valor. Ең жақсы ойындардың осы топтамасындағы мобильді киберспорттың бірінші өкілі. «Арена», аздап айтсақ, ТМД елдерінде онша танымал емес: жүлде қоры бойынша үздік 25 ойыншының қатарында тек Қытайдың өкілдері ғана бар, бірақ ойын Азияның басқа елдерінде де ойналады: Тайланд, Вьетнам және Корея. Ойын бойынша 62 турнир үшін 24,09 миллион доллар айналды.

Heroes of the Storm. Хотстағы эспорттар 2018 жылдан бері ресми түрде өлді, бірақ ескі күндерді еске түсіру өмір сүреді. Hots спорттық өмірінде 18 миллион доллар ұтыс ойыны ойнатылды және Оңтүстік Корея ойыншылары бірінші орында, Қытай екінші орында, ал АҚШ үшінші орында.

Киберспорт – жас буынды өз алаңына топтастырған, жыл санап дамып келе жатқан, коммерциялық әлеуеті жоғары индустрия. Еліміздің дарынды ойыншылары осы спорт түрінен жетістіктерге жетіп, әлемдік аренада биіктерді бағындырып келеді. Мұны жақында Алматыда өткен Орталық Азия елдерінің арасындағы WESG бәсекелі тартысында тағы бір дәлелдеді. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Қырғызстаннан келген топтар халықаралық жарыстың Малайзияда өтетін Азиялық іріктеу кезеңіне жолдамаға таласты. Нәтижесінде Куала-Лумпурға қаңтарда аймақ атынан бірқатар дисциплина бойынша қазақстандық қатысушылар баратын болды. Жастардың бос уақытын тиімді жұмсайтын бұл қызығушылығы әрине қуантады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Christian Walkshäus, Predicting stock returns from the pricing and mispricing of accounting fundamentals, *The Quarterly Review of Economics and Finance*, 2021
2. *Pacific-Basin Finance Journal*, Xing Hana, XinfengRuanb, YongxianTanb, Can the relative price ratio of gold to platinum predict the Chinese stock market? 2020.
3. <https://prosports.kz/cybersport>
4. <https://www.pnp.ru/economics/kibersport-eto-sport-budushhego-ili-razvlechenie.html>
5. <https://tengrinews.kz/cybersport/v-kazahstane-otkryilas-akademiya-kibersporta-452513/>

УДК 378.14

ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО ОРИЕНТИРОВАННЫХ ДИСЦИПЛИН С ПРИМЕНЕНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ

¹Гречитаева М.В., ²Смирнова Н.В., ²Нестеров Ю.В.

¹Белгородский государственный национальный исследовательский университет, г. Белгород, Россия

²Астраханский государственный университет им. В.Н. Татищева
г. Астрахань, Россия

Аннотация. В настоящее время нет однозначного подхода к определению дефиниций «компетенция», «компетентность», «профессиональная компетентность». Некоторые авторы рассматривают указанное понятие как «совокупность определенных знаний, умений и навыков, в которых человек должен быть осведомлен и иметь практический опыт работы» (Полонский, 2014).

Ключевые слова: компетенция, профессиональная компетентность, интерактивная технология.

Другие авторы считают, что понятия «компетенция» и «компетентность» значительно шире понятий «знания», «умения», «навыки», так как включают направленность личности, ее способности преодолевать стереотипы, чувствовать проблемы, проявлять гибкость мышления, характер (Irgasheva, 2018). Зарубежные исследователи определяют компетентность как специфическую способность эффективного выполнения конкретных действий в конкретно-предметной области, включая узко-предметные знания, особого рода предметные навыки, способы мышления, понимание ответственности за свои действия (Rashid, Rashid, Warrach, 2019). Мы считаем, что при

определении этих терминов важно понимать, что компетенция - это знания, умения и навыки - то, что можно приобретать, формировать и развивать, но нельзя оценить в отличии от компетентности, которая присуща человеку в той или иной степени, неотделима от личности и характеризует его.

Наибольшими возможностями в реализации компетентностного подхода в профессиональном образовании обладают интерактивные технологии, которые позволяют усвоить обучающимся все уровни познания, развить критическое мышление, рефлексия, умение рассуждать, решать проблемы, а учебный процесс протекает в условиях активного взаимодействия студентов (Shametov, 2007).

Цель работы заключается в разработке методики внедрения интерактивных технологий в преподавание профессионально ориентированных дисциплин для формирования профессиональной компетентности биологов в учебно-воспитательном процессе высшего учебного заведения.

Гипотеза исследования: качество подготовки будущего бакалавра-биолога повысится, если в образовательном процессе будут последовательно и систематически использоваться интерактивные технологии обучения.

Для реализации поставленной цели были сформулированы следующие задачи: отработать алгоритм применения интерактивных технологий в отдельно взятых курсах; апробировать разработанный алгоритм в ходе преподавания дисциплин студентам направления 06.03.01 Биология; провести педагогическую диагностику, направленную на оценку эффективности использования интерактивных методик.

Опытно-экспериментальной базой исследования явился ФГБОУ ВО «Астраханский государственный университет им. В.Н. Татищева». Объектом исследования является профессиональная подготовка будущих биологов. Предмет исследования: профессиональная компетентность биологов.

В учебном курсе «Биология человека: анатомия и морфология» у студентов 3 курса направления 06.03.01 Биология использовались метод решения ситуационных задач, вопросный кейс, кейс-задания для закрепления знаний, полученных ранее; отработки навыков использования информационных взаимодействий; формирования элементов соответствующих компетенций; отработки навыков группового анализа проблем и принятия решений, развития профессиональной речи; текущей оценки знаний, навыков, умений. Структурно-логическая методика проведения занятия представляла собой двухступенчатую схему. На первой ступени проводилась работа по созданию кейса и вопросов для последующего анализа. На второй ступени преподаватель поддерживал учебно-познавательную активность в малых группах, оценивал вклад каждого студента в ходе решения проблемы. Разработан ряд кейсов по основным разделам: остеология, миология, спланхнология.

Педагогический эксперимент, целью которого явился анализ целесообразности использования кейс-технологии, состоял из трех этапов: констатирующего, формирующего и контрольного. Задачами констатирующего этапа явились изучение процесса развития профессионального мышления студентов, диагностика формирования компетенций. Для диагностики профессионального мышления студентов использовались методика «Фундаментальные понятия Вашей науки», методика самостоятельного составления вопросов студентами. На формирующем этапе в организацию обучения было внесено изменение: в процессе изучения указанных выше тем использовались кейсы. В ходе контрольного этапа педагогического эксперимента вновь использовались методики диагностики профессионального мышления студентов, проводилась обработка результатов. В качестве метода диагностики формирования компетенций применялся метод тестирования с использованием тестов достижений.

В ходе педагогического эксперимента установлено, что использование кейс-технологий в преподавании дисциплины «Биология человека: анатомия и морфология» привело к изменению качественного состава группы: уменьшение доли студентов с низким

уровнем выраженности показателей творческой активности сопровождалось увеличением доли студентов со средним показателем. Обучение с использованием кейс-технологий не только позволило повысить уровень знаний студентов, но и способствовало развитию профессионального мышления, креативных способностей и творческой активности (табл. 1).

Таблица 1

Число студентов по условным группам с высоким, средним и низким уровнем выраженности показателей творческой активности

Уровень выраженности творческой активности	Состав группы до воздействия, %	Состав группы после воздействия, %
Высокий	20	20
Средний	50	40
Низкий	30	40

Наибольшее внимания по формированию профессиональной компетентности требуют студенты выпускных курсов, поэтому апробация методики интерактивного обучения осуществлялась нами также в экспериментальной группе четверокурсников (20 человек) при освоении ими учебного курса «Теория эволюции». Студенты контрольной группы в количестве 17 человек продолжали учиться по традиционной технологии.

Нами был проведен параллельный педагогический эксперимент по методу единственного различия. Данный метод предполагает уравнивание всех факторов обучения в двух группах объектов. После чего одна из групп подвергается экспериментальному влиянию, а другая остается без него и считается контрольной. Впоследствии можно считать, что улучшенные результаты обучения (единственное различие) появились благодаря оказанному воздействию в экспериментальной группе. На занятиях со студентами мы использовали приемы «мозговой штурм», «круглый стол», дискуссия и дебаты. Основой проведенного нами эксперимента являлись теоретические и практические аспекты методологии и методов педагогических исследований Ю.З. Кушнера (2001), В.В. Краевского (1973), П.Г. Лузана (2012) и др.

Пример занятия по теме «Микроэволюционный процесс и его закономерности» с использованием метода «мозгового штурма». Цель занятия: выявить экологические адаптации и проанализировать подвидовую структуру *Bisonpriscus*. Задачи: по ископаемым остаткам бизона *Bisonpriscus longicornis* оценить условия обитания (климатические и ландшафтные); характер кормовой базы; эволюционную продвинутость таксона. Этапы проведения занятия в форме мозгового штурма: введение в проблему (видео и сообщение); ознакомление участников группы с правилами проведения мозгового штурма, визуализация их; выдача задания группе А (оцените размеры плечевых костей (ширина, длина) и форму суставной поверхности; исходя из размеров шестых шейных позвонков и формы суставной поверхности сделайте выводы о длине и ширине шеи особей; изучите форму остистых отростков, свидетельствующую о постанове головы и ее подвижности; обратите внимание на зубной аппарат особи, отличающиеся от других особей *Bisonpriscus longicornis* укороченной диастемой для увеличения прочности челюсти на излом, расширенным симфизом для лучшего захвата и подрезания пищи, массивностью зубов р2-м3, выраженным дополнительным столбиком на молярах для сопротивления стирания зубной поверхности; сформулируйте и зафиксируйте идеи о внешнем виде особей, среде обитания и питании особей; попробуйте ответить на вопросы: когда существовали данные особи, как они выглядели, чем отличались по длине рогов, шерстному покрову, размерам, какова была их степень подвижности и образ жизни, какой ландшафт их окружал, чем они питались; расположите на доске альбомные листы с формулировкой идей; зарисуйте облик данных особей бизона); выдача задания группе Б (прочитайте научные статьи по теме занятия; изучите ископаемые остатки бизона *Bisonpriscus longicornis*; оцените правильность и аргументируйте идеи группы А; зарисуйте

внешний вид данных особей бизона); перерыв на изучение материала; выдвижение и обдумывание идей; выполнение рисунка; обсуждение, формулировка выводов; рефлексия.

Вопросы для проведения рефлексии: что произвело на вас наибольшее впечатление?; что вам помогло в процессе занятия для выполнения задания, а что мешало?; есть ли что-либо, что удивило вас в процессе занятия? чем вы руководствовались в процессе принятия решения?; учитывалось ли при совершении собственных действий мнение участников группы?; как вы оцениваете свои действия и действия группы?; если бы вы выполняли это задание еще раз, чтобы вы изменили в модели своего поведения?

Контрольные срезы, проведенные до и после применения разработанной интерактивной методики, показали качественные изменения в структуре уровней профессиональной компетентности в экспериментальных группах. Количество студентов с высоким уровнем профессиональной компетентности выросло до 20,0% тогда, как в контрольной группе эта отметка достигла 11,8%. Произошли изменения в данных среднего уровня. Если в экспериментальной группе рассматриваемый показатель увеличился до 80,0%, то в контрольной группе остался на значении 70,6%. Следует отметить отсутствие студентов с низким уровнем сформированности знаний в экспериментальной группе после формирующего этапа. Оно сократилось на 30% по сравнению с первым диагностическим срезом. В контрольной группе этот показатель был на уровне 17,6% (табл.2).

Таблица 2

Уровни сформированности профессиональной компетентности будущих биологов до и после проведения формирующего этапа эксперимента

Констатирующий этап эксперимента				
Уровень	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
	Количество человек	%	Количество человек	%
Высокий	0	0	0	0
Средний	14	70,0	12	70,6
Низкий	6	30,0	5	29,4
Всего	20	100	17	100
Контрольный этап эксперимента				
Уровень	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
	Количество человек	%	Количество человек	%
Высокий	4	20,0	2	11,8
Средний	16	80,0	12	70,6
Низкий	0	0	3	17,6
Всего	20	100	17	100
Уровень	Прирост, %			
	Экспериментальная группа		Контрольная группа	
Высокий	20,0		11,8	
Средний	10,0		0	
Низкий	-30,0		-11,8	

Различия между полученными средними арифметическими значениями в экспериментальной и контрольной группах на контрольном этапе эксперимента являются достоверными ($t=2,06$ при $P<0,05$). Следовательно, есть основания, говорить о том, что интерактивная методика обучения оказалась эффективнее традиционной. В контрольных группах также наблюдалась положительная тенденция по сравнению с констатирующим этапом эксперимента. Между результатами констатирующего и контрольного этапов как в экспериментальной, так и контрольной группах существуют достоверные различия при уровне значимости $p<0,05$ ($t=4,81$ и $t=2,29$ соответственно). Это связано с тем, что во время учебно-воспитательной работы, организованной по традиционной технологии, студенты

также получают определенные знания, необходимые профессиональные навыки и умения. Интерактивные занятия способствовали проявлению креативности мышления, коммуникабельности и легкости общения студентов как с преподавателем, так и друг с другом. Увеличилась заинтересованность в изучении темы. Студенты высказывали свое мнение, не боясь ошибок и критики в свой адрес. Мотивацию к активному участию повышала возможность получить дополнительные оценочные баллы.

Экспериментальная проверка интерактивных методов позволяет использовать их в профессионально ориентированных курсах для студентов направления 06.03.01 Биология с целью успешного формирования профессиональной компетентности будущих бакалавров.

ЛИТЕРАТУРА

1. Краевский В.В. Место и функции эксперимента в педагогическом исследовании // Вопросы методов педагогических исследований. М.: Издательство НИИ общей педагогики АПН СССР, 1973. С. 185-191.
2. Кушнер Ю.З. Методология и методы педагогического исследования. Могилев: Издательство МГУ им. А.А. Кулешова, 2001. 66 с.
3. Лузан П.Г., Сопивник И.В., Виговска С.В. Основы научно-педагогических достижений. Киев: НАКККиМ, 2012. 368 с.
4. Полонский В. М. Словарь по образованию и педагогике. М.: Высшая школа, 2004. 512 с.
5. Irgasheva Z. Formation of professional competence // Young Scientist. Education № 25 (211)/ P. 229-300.
6. Rashid Y., Rashid F., Warraich M., Sabir S. Case Study Method: A Step-by-Step Guide for Business Researchers // The International Journal of Qualitative Methods. 2019. Vol.18. 1-13
7. Shametov N. Model of formation of competence the teacher of vocational training new type in system of life-long educations. 2007/URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/model-of-formation-of-competence->

ӘОЖ 574

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЦИФРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Б. Демекова, А. Иманбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ақпараттық технологиялар мен ақпараттандыру құралдарының даму кезеңдері, оларды биологиялық зерттеулерде қолдануы айтылады.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, биология, цифрлық бағдарлама

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – білім беру ұйымдарына электрондық оқыту (e-learning) енгізу. Сол себепті ақпараттық технология–ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығын, қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиынын пайдалану өзекті мәселе болып табылады.

Биология сабағын қызықты әрі уақытымды үнемді пайдалану үшін бір сабақтың өзінде түрлі әдістер пайдаланылады.

Білім берудегі интерактивті технология (интерактив–inter (бірлесу) act (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады.

Биологиядағы цифрлық ресурстар және ақпараттық технологиялар. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді ақпараттандыру жетілгендігімен, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың (АТТ) кеңінен таратылуымен сипатталады. Олар ақпаратты тарату үшін және мұғалімдер мен білім алушылардың өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін білім берудің қазіргі жүйесінде кеңінен қолданыс табады. Арнайы жағдайда көптеген технологиялар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу сапа- сын арттыруға айтарлықтай әсер ететіндігін түсіну қажет.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуының маңызды мәселелерінің бірі олардың ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы жеткіліксіз кәсіби деңгейі болып табылады. Алдыңғы кезекте, мұндай мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы оқушыларды оқыту тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді.

Осыған орай мұғалім ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды өз кәсіби іс-әрекетінде қолданатын маман болуы қажет. Мұндай мақсатқа білімді ақпараттандыру және оқытудағы мәселелерді ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Болашақ және бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан педагогтарға білімді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ету қажеттігін білу маңызды. Біріншісі - ақпараттық және қатынастық технологияларды пайдалану негізінде білім беру іс-әрекетінің барлық түрлерінің тиімділігін арттырумен анықталады. Екіншісі – ақпараттық қоғамның сәйкесінше талаптарын қанағаттандыратын жаңа типті ойлайтын мамандарды даярлаудың сапасын арттыру. Ақпараттандыру әдістері мен құралдарының көмегі арқылы болашақ маман қандай ақпараттық ресурстар барлығы, олардың қайда орналасқандығы, оған қалай қолжеткізуге болатындығы және оларды өз кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында қалай пайдалану қажеттігі туралы сұрақтарға жауап алуы қажет.

Цифрлік білім бері ресурстары: талаптары мен мүмкіндіктері. Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі — ЦБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың ЦБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. 2011 жылы Ұлттық ақпараттандыру орталығы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандартын әзірлеген болатын. Ол жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындауға қойылатын педагогикалық, психологиялық, техникалық және дизайн-эргономикалық талаптардың жиынтығын ұсынады және электрондық басылымдарды дайындаушыларға арналған және электрондық оқыту жүйесі (e-learning) үшін әзірленетін барлық цифрлық білім ресурстары үшін қолданылады. Осы стандарт бойынша цифрлық білім ресурстары — бұл білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтықтан өзара әрекеттестік ретінде электрондық оқытудың ақпарат қатынастық білімдік ортасының жинағын құруды қамтамасыз ететін электрондық тасушылардағы дидактикалық материалдар деп анықталған.

Цифрлық білім ресурстарға қойылатын жалпы педагогикалық талаптар: Ғылымилық қағида бойынша: – оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы; – пайдаланылатын терминологиялардың қазіргі заманғы түсіндірмелерге сәйкестігі; – оқу материалын баяндау түсінікті, нақты, толық және қайшылықсыз болуы тиіс. Түсініктілік қағидасы – оқу материалын оқушылардың нақты жас ерекшеліктеріне бейімді түрде ұсыну.

– оқушыларда парасаттық, адамгершілік, физикалық артық жүктемелердің болмауы. Көрнекілік қағидасы бойынша: – Оқу материалын қабылдауға және қайта өңдеуге сезім мүшелерін мақсатқа лайықты қатыстыру; – Оқу материалын барынша көрінерлік ету. Жүйелілік қағидасы бойынша: ЦБР-дың оқу процесінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық; мағналы мазмұндық; операциялық іс әрекеттік немесе бағалаушылық нәтижелік. Саналылық қағидасы мен интерактивтік бойынша: – пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы. – оқушылар мүддесіне тірек және ілім түрткілерін қалыптастыру. – оқушылардың белсенді ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру. – шынайы уақыт режимінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру. Теорияның практикамен байланыс қағидасы бойынша: – Оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы. – ЦБР-дың қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы.

Желілік ақпараттық технологиялар және цифрлық ресурстар. Желілік технология салу үшін жеткілікті болып табылады деректерді өңдеу желісі драйверлер, кабельдер мен оптоалшықты желі адаптерлер, соның ішінде деп аталатын «стандартты хаттамаларын», сондай-ақ аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, сондай-ақ іске асырылып ережелер өкілдік және ақпарат беру келісілген жиынтығы, әр түрлі коннекторлар (қосқыштары).

Цифрлық білім беру ресурстарының бағыттары мен түрлері:

Ақпаратты алу блогы: ғылыми-танымал мақалалар, қайнар көздерінің мәтіндері, оқулықтардың үзінділері, иллюстрациялар, анимациялар, басқа да мультимедия компоненттері, мультимедиялық сабақ-презентациялары.

Виртуальды галерея: бейнеүзінділер, анимациялар, нақты және синтездік бейнелер. Дыбыстық объектілер.

Виртуальды лаборатория: интербелсенді модельдер, интербелсенді анимациялар, виртуальды лаборатория.

Анықтамалық материалдар: графиктер мен диаграммалар, ғалымдардың өмірбаяндары, түйіндемелері бар Интернет-сілтемелер.

Терминдер, анықтамалар және заңдардың сөздігі.

Аттестация: сұрақтар мен есептердің жиынтығы, зерттеушілік іс-әрекетке арналған тапсырмалар



Цифрлық білімдік ресурстар Порталға қосылу орнынан тәуелсіз түрде әрбір пайдаланушы үшін ыңғайлы әр түрлі форматтағы ақпарат болып табылуы тиіс.

Цифрлық білімдік ресурстарды педагогтар сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде де пайдалана алатын болады. Цифрлық білім ресурстары оқытушыларға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандарты мен ережелері бар.

Цифрлық білім ресурстарын дайындаудың негізі видео-мультимедиалық түсіндіруге сүйенеді. Кез-келген тапсырма диалог ретінде көрсетіледі.

Оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына үлесін қосатын нақты дүние – цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық ақпарат көздеріне: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпараттар көзін (цифрлық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.) жатқызуға болады.

Педагогтың электронды білім беруі бойынша құзырлылығының дамуын сатылы қадамдармен келесідей түрде айқындауға болады деген ойдамын: «компьютерлік минимумды» білік-дағдысы → АКТ құзырлығы → цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану → цифрлық білім беру контентін жасақтау → электронды білім беру жүйесі бойынша кеңес беру. Бұл үрдісті толықтай бір цикл десек, ол циклдің түйіні – педагог өзінің білік-дағдысын кеңес беру арқылы өзге мұғалімге үйретуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Мырзабаев. Биологияны оқыту әдістемесі. Қарағанды.
2. А.М.Розенштейн, Н.А. Пугал, Использование средств обучения на уроках биологий, М., «Просвещение», 1989 г.
3. Занков Л.В. Беседы с учителями. Изд. 2-ое-Москва, 1975.
4. Сын тұрғысынанойлаудыдамыту. Әдістемелікқұралдар. № 1,2,3,4. 1998.
5. Әбеуова И. Сын тұрғысынанойлау мен дамытпалыоқыту. «Дауысжәнекөрініс» журналы. №1, 2001.

ӘОЖ330.1

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Д. Джолдасбаева, Ф.Д. Салкынбаева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми мақалада, Еңбек нарығында жастарды жұмысқа орналастыру, олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту мәселелері қарастырылған. Еңбек нарығында технологиялардың қарқынды дамуына, цифрландыру мен роботтандыру процесстерінің жылдамдануына байланысты, жаңа мамандықтар пайда болып, көптеген дипломды жастардың жұмыссыздығы қарастырылған.

Түйін сөздер: жұмыссыздық, нарықтық экономика, еңбек нарығы, экономикалық белсенділік, жұмыс орындары.

Жұмыссыздық - нарықтық экономикасы бар қоғамға тән күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс, онда тауарлар мен қызметтерді өндірумен айналыспайтын еңбекке қабілетті халықтың бір бөлігі қолайлы жұмыс орындарының болмауына байланысты еңбек нарығында өзінің жұмыс күшін жүзеге асыра алмайды және соның салдарынан өмір сүруге қажетті қаражаттың негізгі көзі ретінде жалақысынан айырылады. Бұл нарықтық экономикасы бар барлық елдерге тән құбылыс. Экономикалық белсенділіктің жоғарылауы немесе төмендеуі (экономиканың циклдік дамуы) жұмыспен қамту мен жұмыссыздық деңгейінің өсуі мен төмендеуінің негізгі себептері болып табылады. Нарықтың экономикада жұмыссыздық типтік құбылыс, ол дағдарыстар кезінде көбейеді. Және әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады.

Соның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздық еңбек нарығында тұрақты проблемаға айналып бара жатыр. Деректерге сүйеніп айтатын болсақ, Қазақстан халқының 2,5 миллионын 18-29 жастар аралығындағы жастар құрайды екен. Жастар арасындағы жұмыссыздық көбінесе еңбек нарығына қажетті мамандар мен ЖОО-да оқытылатын мамандықтардың сәйкес келмеуі, жастардың білім деңгейінің, бәсекеге қабілеттілігі деңгейінің төмен болуы, жұмыс берушінің еңбек өтілісіз жұмысқа алмауы, жастардың еңбекақыға қоятын талаптарының жоғары болуы сияқты факторларға байланысты.

Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтудың бірден бір көзі оларды кәсіпкерлікпен айналысуға баулу. Кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі тірегі – шағын және орта бизнес екендігі белгілі. Жалпы дамыған елдердің экономикалық көрсеткіштерінің дамуының 60-70 пайызы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің даму деңгейімен өлшенеді. Егер де жастардың кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасалса, оларды еңбекпен қамту, ішкі нарықты отандық тауармен қамтамасыз ету және бәсекелестік ортаны қалыптастыруға кедергі жоқ. Алайда жастардың өз бизнесін бастап жүргізуге байланысты тәжірибелерінің болмауы, неден бастау керек екенін білмеуі, қабілеттерінің болмауы және бастапқы қаржыларының болмауы жастарды көп жағдайда жалдамалы жұмысшы болып табыс табуға мәжбүрлейді. Экономика институтының ғалымдарының пікірінше, жастардың 76,1 пайызының жалдамалы жұмысшы ретінде табыс тауып жүргенін, тек 23,9 пайызының өз өздерін жұмыспен қамтығанын байқаймыз.

Деректер бойынша жастар арасында жұмыссыздар армиясын құрайтын жастардың 42,9 пайызы толық және аяқталмаған жоғары білім алғандар және олардың 35,9 пайызы жұмыссыздар. Яғни дипломы бар маман, қоғамға қажетті мамандықтарды дұрыс таңдай білмегендіктен, мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмайды және жұмыссыздар санын еріксіз толтырады. Өз кезегінде бұл өмір сүру деңгейінің төмендеуі, дәрменсіздік, психологиялық стресс сияқты әлеуметтік мәселелерге алып келеді. Жастардың тағы бір проблемасы: жоғары оқу орындарында алған білімдері теориялық, тәжірибеден, экономиканың түрлі секторларындағы жұмыс шындығынан алшақтайды. Жастар еңбек нарығының қажеттіліктерін нашар түсінеді, белгілі бір кәсіптердің, мамандықтардың беделіне назар аудармайды. Сондықтан жастар үшін басты нәрсе – тек қана таңдаған мамандықты игеріп қана қоймай, жиі өзгертін жекелеген қабілеттер мен құзіреттерді игеру. Әлем жылдам даму үстінде. Еңбек нарығында технологиялардың қарқынды дамуына, цифрландыру мен роботтандыру процесстерінің жылдамдануына байланысты, жаңа мамандықтар пайда болып, көптеген дипломды жастардың жұмыссыз қалу қаупі одан әрі артпақ.

Бүкіл әлемдік «The Future of Jobs Report» экономикалық форумының басқарушы директоры және Форумның жаңа экономика және қоғам орталығының басшысы Аадия Захидидің айтуы бойынша жуық арада кейбір жұмыс орындары жоғалады, ал басқалары әлем екі есе жойылуға тап болған кезде пайда болады. Оның болжамы бойынша: Робот революциясы 97 миллион жаңа жұмыс орнын ашады. Экономика мен еңбек нарықтары дамып келе жатқанда, экономиканың технологиялық салаларында (мысалы, жасанды интеллект — ИИ) және мазмұнды(контент) құру мансабында (мысалы, әлеуметтік желілерді басқару және мазмұнды(контент) жазу) жаңа рөлдер пайда болады. Жаңа кәсіптер "жасыл" экономикадағы жұмыс орындарына сұраныстың артуын көрсетеді; деректер экономикасы мен жасанды интеллекттің алдыңғы қатарындағы рөлдер; және инженерия, бұлтты есептеу және өнімді әзірлеудегі жаңа рөлдер. Перспективалық жұмыс орындары өткен экономикасындағы рөлдер арқылы жаңа экономикадағы адамдардың өзара әрекеттесуінің маңыздылығын көрсетеді; маркетингте, сатуда және мазмұнды өндіруде; және әртүрлі ортадан шыққан адамдардың әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу қабілетіне байланысты рөлдерде.

2025 жылы аналитикалық ойлау, шығармашылық және икемділік ең сұранысқа ие дағдылардың бірі болады. Жұмыс берушілер сыни тұрғыдан ойлау, талдау және мәселелерді шешу алдағы жылдары маңыздырақ болады деп санайды. Биылғы жылы

белсенді оқыту, тұрақтылық, стресске төзімділік және икемділік сияқты өзін-өзі басқарудың жаңа дағдылары пайда болды. LinkedIn және Coursera серіктестіктері арқылы қол жетімді деректер ертеңгі күнге қажетті мамандандырылған дағдылардың түрлерін бұрын-соңды болмаған егжей-тегжейлі бақылауға мүмкіндік берді.

Осыған орай, осы қауіптердің алдын алу мақсатында мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының, жұмыс берушілердің сұранысы негізінде қайта жасақтау аса өзекті. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласында» көрсетілген мамандықтар бойынша мамандар дайындау аса маңызды болмақ. Атлас экономиканың 9 басым саласы: тау-кен металлургия кешені, Мұнай-газ саласы, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, IT, энергетика, туризм және құрылыс бойынша еңбек нарығын сыни түрде өзгертетін негізгі технологиялық трендтерге талдау жасайды. Құжатта алдағы 5-10 жылға арналған кәсіптердегі өзгерістер, сондай-ақ 239 жаңа, 95 трансформацияланатын және 129 жойылып бара жатқан кәсіптер анықталды. Өзірленген Атлас - бұл Қазақстанның әрбір азаматына болашақта оның перспективасын ескере отырып, мамандықты дұрыс таңдауға көмектесетін кәсіби бағдарлаудың заманауи құралы, білім беру ұйымдарына-қазақстандықтарды жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие жаңа дағдылар мен құзыреттерге оқыту қажеттілігін ескере отырып және экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарларын өзектендіру.

Осы айтылғандарды ескерген жағдайда ғанақарқынды дамып келе жатқан нарық талаптарына сай мамандар шығады және жастар мамандықтарына сай жұмысқа орналаса алатын болады.

Соңғы жылдары жастар арасында «дипломды жұмыссыздық» деңгейін төмендету үшін мемлекет ЖОО саласын оңтайландыру бойынша шаралар кешенін жүргізуде. Бұл мақсатта оларды тиісті материалдық-техникалық базасы және білікті профессор-оқытушылар құрамы бар базалық жоғары оқу орындарында даярлауды шоғырландыру қажет. Еңбек нарығында жастарды жұмысқа орналастыру, олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту мәселелері Қазақстан республикасының мемлекеттік саясатының аса өзекті және стратегиялық басымдылығы болып табылады. Еңбек нарығы халықты тиімді жұмыспен қамту тетігі бар әлеуметтік саланың негізгі элементі ретінде жұмыссыздықпен күресуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның демографиялық жылнамасы.
2. «Қазақстан халқының экономикалық белсенділігі», статистикалық жинақ, Астана, 2020
3. Жоламанова Г.Е. «Қазақстан Республикасының жастар еңбек нарығындағы ахуалды талдау», Электрондық ресурс: http://2004-2010.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=3793&Itemid=44
4. «The Futur of Jobs Report» дүниежүзілік экономикалық форумның материалдары, декабрь 2020
5. Сейдахметов А.С., Сейдахметова Б.А. ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі "Қазақстан 2020: болашаққа жол" тұжырымдамасы, Электрондық ресурс: <http://www.kst.adilet.gov.kz/ru/node/77424>
6. Назарова Г., Абдрашитова Т. «Қазақстан республикасындағы жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары», «Молодой ученый» журналы, №1(191), февраль 2018

СОЛАҚАЙЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

А.К. Егенисова, К. Сақтағанова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр мен сыры, тіршілік әрекеті зерттейтін психология ғылымы болғандықтан, онын қарастырар мәселелері қашан да маңызды екендігі белгілі. Соған сай, бұл мақалада солақайлық мәселесі, оның себептері, солақайлардың бірнеше топқа топтастырылулары: атап айтсақ, тұқым қуалайтындығы; әйелдердің кеше босануы; әр түрлі мәжбүрліктен; саналы түрде өзін күштеп үйретуден болатындығы баяндалады.

Сонымен қатар, солақайлық проблемасын зерттеген ғалымдар: С.Спингер, Г.Дейч, Э.Ш.Айропетянц, Е.Д.Хомская, Н.Н.Брагина, М.М.Безруких, В.Л.Бланки т.б. пікірлеріне талдау жасалады.

Солақай балаларды зерттеуде әр түрлі әдістемелер мен әдіс-тәсілдер, сұрақтамалар жүргізіліп, олардың қорытынды нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: солақай, оңқай, бала, әдістеме, зерттеу, эксперимент.

Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр мен сыры, тіршілік әрекеті зерттейтін психология ғылымы болғандықтан, онын қарастырар мәселелері қашан да маңызды. Психология сферасы өте кең және қызықты бүгінгі таңда да көптеген шешілмеген сұрақтар, жасырын феномендер және де түсініксіз құбылыстарға толы.

Соның бірі солақайлық – баланын оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды және басты айырмашылығынын бірі болып табылады. Ол науқастық та, кемістікте емес. Солақайлық мидың жарты шарларынын негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар. Солақай баланын оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды жеке бас ерекшелігінің бірі. Ол ауруда, кемістікте емес. Солақайлық мидың жарты шарларынын негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар[1].

Тарихқа көз салсақ, солақайлық құптарлық емес құбылыстардың негізінде болғандықтан, солақайларды міндетті түрде оңқайлыққа қайта үйрету қолға алына бастады. Осы уақытқа дейін өскелең ұрпақтың тәрбиесімен, денсаулығымен айналысқан мамандар солақайлардың міндетті түрде күшпен болсада оңқайлыққа үйрету қажет деп есептеді. Баланын сол қолымен жазуға, әрекет етуге күш көрсеткен жағдайда сол мезетке дейінгі баланын бойында, байқалмаған астеникалық белгілер көрініс бере бастайды, атап айтқанда бала тез шаршағыш болады, жұмыс істеу қабілеті төмендеп, сол қолынын шаршағандығы мен басынын ауырғандығынын белгілері көрінеді. Осы аралықта баланын түнгі, ұйқысы бұзылады, тамаққа тәбеті шаппай, балалардың бойында ызалаңқылық, ұстамсыздық, қызбалық байқалып, ата-аналарына, тәрбиешілеріне, педагогтарына қатысты қарсылық реакциясы жиіленеді. Сирек жағдайда тұтықпа, дәретін ұстай алмау жағдайлары орын алады.

Адамдарда болатын солақайлықтың болу себебі, әлі ашылмаған, ғылыми нақты бір тұжырымға келмеген мәселелердің қатарына жатады. Ғалымдардың болжамы бойынша солақайлық жылдан-жылға ұлғайып бара жатқанын көрсетеді. Солақайлық мәселесін шетел, ресей ғалымдары С.Спингер, Г.Дейч зерттеген [1]. Ал, ресейде Э.Ш.Айропетянц [2], Е.Д.Хомская [3] Н.Н.Брагина [4] М.М.Безруких[5] В.Л.Бланки [6] т.б. зерттеген болатын.

Ресейлік ғалымдардың зерттеулері бойынша шынымен адамзаттың көп бөлігі оң қолды, тек 5-12 пайызы ғана солақай екені анықталды. Бірақ солақаймен оңқолдыларды біржақты топтар деуге болмайды. Жоғары дәрежелі солақайлар және жоғарғы дәрежелі оңқолдылар болады, сонымен қатар қолының әрекет етуі бірдей белсенді болып келу ерекшелігі де анықталған, оны ғылымда амбидекстер деп атайды[3].

Сонымен, ғылым солақай жандарды мынадай төрт топқа бөледі:

Біріншісі, тұқым қуалайды. Яғни, қан мен тек арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Осындай алғашқы топтың санатына жататындардың саны 10 пайызға ғана жуық.

Екінші, әйелдердің кеш босануына байланысты. Карьера қуып, көк етіктің менсінбей уақыт содзырып алған әйелдер кұрсағынан жаралған сәби дүниеге келерде ауыр қиналысқа түседі. Сонын салдарынан оқ қолдың қызметіне жауап беретін мидың клеткалары зақымдануға ұшырайды. Жыл өткен сайын солақайлықтың осы түрімен дүниеге келетін сәбилердің саны артып келеді. Елімізде жұмысбасты бойдақтардың саны 2 жарым миллионға жетіп отыр.

Үшіншісі, мәжбүрліктен орын алады. Мысалы, сәби қолын күйдіріп алған жағдайда сол қолдың көмегіне тәуелді болады.

Төртіншісі, саналы түрде өзін-өзі күштеп үйретуден. Осы топтың арасында екі қолымен де тамақ ішетін, қос қолымен жазу жаза алатындар да кездеседі. Адамзат баласының қолынан небір таңғажайыптар келетіндігін, ниеттенсе адам кез келген істі үйренбей қоймайтындығын осы төртінші топтағылар тағы дәлелдей түскендей[7].

Солақайлықтың алдын алу үшін көптеген әдістемелер жүргізуге болады. Көрсетілген іс-әрекеттің индивидуалды құрылым бойынша ең біріншіден оқушылардың ақпаратты қалай қабылдауы болып табылады. Ол үшін біз оқушының ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін, яғни қабылдаудың жоғары модальділігін анықтау үшін НЛП техникасын қолдандық. Толығырақ айтқанда, НЛП техникасы бойынша және баланың ақпаратты қабылдағандағы типтерге бөліп көрсеттік. Біз білетіндей, адамды үш түрлі типке бөлуге болады [6].

1. Визуал типті адамдар – бұл адамдар негізінен көргендері және елестері арқылы қабылдайды.

2. Аудиал – ақпаратты есту анализаторлары арқылы қабылдайды.

3. Кинестетик – түйсіну, интуиция арқылы қабылдайды.

Бұл техника бойынша анықтауда біз балаларға өздерің ұнататын ертегі геройлары туралы, ұнататын ертегісі немесе мультфильмі жайлы айтуды сұрадық. Және осы алынған мәліметтер бойынша баланың ақпаратты қалай қабылдайтындығын және қай түрге жататынын анықтадық.

Осы көрсеткіштер бойынша біз солақай балалар мен оңқай балалардың ақпаратын қабылдау кездегі айырмашылықтарын, өзіндік түрлерінің бар екеніндігін білдік. Сонымен ақпаратты қабылдаудағы солақайларда аудиал модальділігі жоғары екенін, екіншіден визуалдар кейін кинестетиктер екенін көреміз. Ал оңқайларда аудиалдар жоғары екенін, екіншіден кинестетиктер, үшіншіден визуалдар екенін көреміз. Сондықтан біз оңқайлар мн солақайлар арасында ақпаратты қабылдауда үлкен айырмашылық жоқ екенін көреміз.

«Бейнелі ойлауды» анықтайтын әдістеме.

Зерттеуді жүргізу үшін 4 сурет бейнеленген 5 түрлі карточкалар қажет; секундомер және жауаптарды белгілейтін протокол керек.

Зерттеуді жүргізу индивидуалды түрде өтеді. Зерттеуді бастамас бұрын сенімді қарым-қатынас орнату қажет. Нұсқауы бойынша көрсетілген карточкадағы 3 зат жалпы бір қасиетті бейнелейді, оларды бір топқа, бір атпен атауға болады, ал қалған біреуі олардан ерекшелінеді және ол сызылып тасталу керек. Зерттеуші уақытты белгілеп протоколға тіркеп отырады.

Келесі әдістеме «Оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерін анықтауға арналған сұрақтама. Бұл сұрақтаманың мақсаты– солақайлықтың оқу іс-әрекетіне әсерін анықтау.

Негізінен бұл сұрақтама мұғалімге қойылатын арнайы сұрақтардан тұрады. Бұл жерде мұғалімнің солақай оқушының оқу іс-әрекетіндей ерекшеліктерін, оның оң қолды

балалармен салыстырғандағы айырмашылығы жайлы айтылады. Оқу сұрақтамада мұғалімнің солақай балалардың оқу іс-әрекеті кезіндегі ерекше көріністері, қиыншылықтары туралы пікірін білдіреді.

Қорыта айтқанда, солақайлық – қимыл-әрекетке оң қолдан гөрі сол қолдың бейімділігі яғни солақайлық қалыпты жағдай. Сол қолмен жазатындарды «нашар немесе жаман кісі, бұл адам ағзасының кемтарлығы» деп еш уақытта атауға болмайды. Солақайлардың миының оң жақ жарты бөлігі жақсы жұмыс істейтіндігіне байланысты, сезімталдық пен есте сақтау, сараптау сияқты қабілеттер оларда жақсы дамыған.

Сонымен біз оңқай балаларда таным алуға бағдарлану мотивациясының жоғары екенін көреміз.

Оқу тапсырмасын орындауға байланысты» сұрақтамаға сапалық талдау жасау.

Бұл сұрақтамада негізінен мұғалімнің солақай балалардың оқу іс-әрекеті кезіндегі тапсырманы орындау ерекшеліктері туралы айтылды.

1.Қойылған талап негізінде, солақайларға математика, ана тілі, бейнелеу ұнайтындығын айтты. Бірақ оңқайлар мен салыстырғанда аса жоғары пәндерді таңдау ерекшелігі көрінбеді.

2.Қойылған талап негізінде, солақайларға көбінесе математика пәні жеңіл, ал қиын болып келетін пәнге қазақ тілі пәні екенін айтты.

3.Қойылған талап негізінде, ұстаздардың айтуынша, солақайлық оқу іс-тәжірибесіне олардың жазу, сызу кезінде үлгермей қалуы ғана әсер етеді деп айтқан.

4.Қойылған талап негізінде, солақай оқушылар оңқай оқушылардан өздерінің арнайы бір тапсырманы берген кезде ерекше ой ұшқұрлығымен, жазу жазған кезде баяулығымен ерекшелінетінін айтқан.

5.Қойылған талап негізінде, солақай балалардың оңқай балаларға қарағанда жақсы жауап беру үшін алдын ала дайындықты қажет екендігін айтты.

6.Қойылған талап негізінде, солақай оқушы оңқай оқушыға қарағанда қосымша әдебиеттерді кейде көп, кейде жөнді оқымайтындығын айтты.

7.Қойылған талап негізінде, тез ойлануды қажет еткен кезде сұрақ қойылса, солақай оқушылар ойлануға уақытты қажет ететіндігін айтты.

8.Қойылған талап негізінде, ал тапсырманы орындау кезінде солақай оқушыларда уақытты қажет ету, баяу жазу сияқты қиыншылықтар туады.

9.Қойылған талап негізінде, тапсырманы орындау кезінде солақай оқушы мен оңқай оқушылар арасында аса айырмашылықтың жоқ екенін айтты. Бірақ кейбір жағдайларда солақай оқушының индивидуалды ерекшелігіне байланысты айырмашылықтар болатынын айтты.

10.Қойылған талап негізінде, нашар баға алған кезде солақай оқушы келесі жолы жақсылап жауап беруге және ондай баға ламауға тырысатындығын айтты.

Осы алынған жауаптар бойынша, ұстаздардың жауаптарының кездесу ұқсастығы:

1.сұрақта-10;2.сұрақта-5;3.сұрақта-8;4.сұрақта-3;5.сұрақта-6;6.сұрақта-5;7.сұрақта-5; 8.сұрақта-6;9.сұрақта-1;10.сұрақта-3

Қорыта айтқанда, солақай оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі ерекшеліктері, тапсырманы орындау кезінде, оған кеткен уақытта ерекшеліктер бар екенін көрсетті.

Эксперименттік бөлімді қорытындылайтын болсақ, мынадай нәтижелер шығара аламыз.

Жоғарыда айтылып өткендей, оқудың индивидуалды стилінің құрылымына сәйкес солақайлардың оқу іс-әрекетінде салыстырмалы түрде зор өзгешелік бар. Оны біз жүргізілген әдістемелер негізінде айқындадық. Содан мынандай нәтиже шықты:

1.Ақпаратты өңдеу кезінде солақайлар мен оңқайлар арасында айырмашылықтар бар және ол статистикалық мәнділіктің жоғарғы деңгейіне сәйкес келеді.

2.Ақпаратты қабылдауда модальділігі бойынша мәнді айырмашылық байқалған жоқ.

3. Солақай балаларда бейнелі ойлау жоғары болып шықты.

4. Оң қолды балаларда вербалды ойлау жоғары шықты.

5. Оқу мотивациясы бойынша мәнді айырмашылық бар.

6. Солақай балаларда таным алуға байланысты мотивацияның жоғары болуы.

Сонымен, біз жұмыстың мақсатына жеттік, яғни бастауыш сыныптағы солақайлықтың оқу іс-әрекетіндегі стилі ерекше, өзгеше екенін анықтадық.

Қойылған болжамымыз дәлелденіп, міндеттер орындалып, мақсатымызға жеттік деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, зерттеудің мақсаты мен міндетін жүзеге асыру барысында әдістемелер арқылы жүргізілген зерттеуде болжам толығымен расталып, бітіру жұмысы өз мақсатына жетті деп айтуға болады.

Біздің ойымызша, бастауыш сыныптағы солақай балалармен жеке түрде жұмыс істесе:

1. Олар жоғарғы сыныпқа барғанда оқу үлгерімі оңқай балалармен тең түрде болады.

2. Оқу іс-әрекеті кезінде байқалған қиыншылықтармен жұмыс істесе, нәтижесінде үлкен табыстарға жетеді.

Сонымен, біз бұл мәселені толығымен шештік деп айта алмаймыз, келесі ұсыныстарды береміз:

1. Бастауыш сынып оқушыларының солақай балалармен жұмыс жасап, олардың проблемасын шешуде білім беруді жетілдіру институтында мұғалімдер мен психологтарға арналған курстар мен семинарлар ұйымдастыру ұсынылады.

2. Педагог-психологтар, мұғалімдер бірінші сыныпқа келген солақай оқушыларға жылулық пен ықыласпен көмек көрсету;

3. Мұғалімдер оқу процесінде солақай балалармен оңтайлы жұмыс жасау технологиясын меңгеру;

5. Мектеп психологтары мұғалімдерге, ата-аналарға, балаларға психпрофилактикалық сабақтар, тренингтер өткізу

Біз өз жұмысымызды солақайлықтың оқу іс-әрекетін зерттеуге бағыттадық. Біз өз зерттеуіміздің барысында әдістемелер жүргіздік. Сол арқылы солақайлардың оқу іс-әрекетіндегі ерекшеліктері бар деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дейч Г. Спрингер С. Левый мозг, правый мозг, перевод с англ. А.Н. Чепкова, -М.: Мир, 1983.- 256с.

2. Аракелов Г.Г. Особенности стрессовой реакции у правшей и левшей /Вестник Московского университета сер.14, 2004, №2 -319 с.

3. Айрапетянц В.А. Леворукость у детей и подростков, -М.: «Просвещение», 1987,- 232с.

4. Безруких М.М. Почему учиться трудно, -М.: «Семья и школа», 1995,-237с.

5. Бланки В.Л. Механизм парного мозга. Л. 1989.123с.

6. Хомская Е.Д. Нейропсихология индивидуальных различий. Российское педагогическое агентство. М. 1997. 23-33 б.

7. Римская Р. Практическая психология в тестах. М., 1999, 14-27 б.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ОҚУ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНУ

А. К. Егенисова, Л.З. Жексенбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада оқытудың инновациялық технологиялары, соның ішінде интербелсенді әдістердің түрлері және олардың білім беру процесінде қалай қолданылатыны сипатталады.

Сонымен қатар, интербелсенді әдістердің түрлері: джигсо әдісі, кейс-стади, миға шабуыл, тренинг, «Фишбоун» әдісі, шаттық шеңбері туралы сипаттамалар беріліп, оларды қолданудың тиімділіктері туралы сөз болады.

Түйін сөздер: инновация, интербелсенді әдістер, джигсор, кейстер, тренинг, миға шабуыл, фишбоун, пікірталас.

Бүгінгі таңда негізгі әдіснамалық инновация оқытудың интербелсенді әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі ағылшын тіліндегі «interact» сөзінен шыққан. «inter» бұл «өзара», «act» – «әрекет ету» дегенді білдіреді[1].

«Интербелсенді» сөзі – өзара әрекеттесу немесе диалог режимінде болу немесе кіммен (адаммен) немесе немен (мысалы, компьютермен) өзара әрекеттесу үрдісін білдіреді. Осылайша, интербелсенді оқыту алдымен мұғалімдер мен оқушылар өзара әрекеттесетін сұхбатта жүзеге асырылады.

Интербелсенді әдістің мақсаты – ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар оқушыларды жауаптарды өз бетінше іздеуге бейімдеу.

Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаттары:

студенттер арасында еркін және ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;

студенттерді өз бетінше білім іздеуге бағыттау;

студенттерге қажетті білік пен дағдыларды дамыту;



Сурет-1. Элиот Аронсонның Джигсо әдісі (постермен жұмыс)

Джигсо әдісінде берілген тақырып топта талқыланады және топта әртүрлі тәсілдермен жұмыс істейді. Топтағы жұмысын талқылау, идеялармен бөлісу және ынтымақтастықты дамыту үшін басқа топқа өкілдерді жіберіп, өзінің жұмысын сол топта талқыла. Бұл ынтымақтастыққа, жұмыстағы бірлікке, жолдастарымен білім алмасуға, тақырыптарды талқылауға және негізгі ойларды сралап, салыстыруға жетелейді.

Мәтіндер немесе дәріс мәтіндері 3-4 бөлікке бөлінеді, сонымен қатар студенттер 1-ден 3,4, 5-ке дейін нөмірленген топтарға топтастырылады. Осыдан кейін олардың әрқайсысы мәтіннің тек бір бөлігін өз нөміріне сәйкес мәтіннің сол бөліктерін оқиды. Содан кейін топтың құрамы өзгереді, жаңа топтар («сараптамалық топ») құрылады және студенттер олардың санына сәйкес сараптамалық топқа жиналады: мәтіннің 1-бөлігін оқыған студенттер 1-топқа қатысады және т.б. өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарымен таныстырып, ұсынады және топтық талқылаулар өткізеді.

Кейс-стади әдісі (жағдаят арқылы оқыту әдісі) - нақты немесе елестетілген жағдайларды талдау және болжау үшін, яғни нақты экономикалық және әлеуметтік жағдайларды сипаттау үшін қолданылатын оқыту әдісі. Жағдай (кейс) жағдайында біз ұжымдағы нақты шынайы жағдайдың жазбаша түрде берілуін айтамыз. Мысалы, білім беру тарихы, ұйымды ұйымдастыру және құру, оның дамуы, бизнестегі жетістіктері және т.б. Дәріс берушілер жағдайды талдауға, мәселенің мәнін түсіндіруге, шешімді көрсетуге және ең тиімді шешімді таңдауға көмектесуге міндетті. Мәселелерді шешуге, баламаларды анықтауға, мақсаттарды айтуға және талдауға мүмкіндік береді.

Кейс: қате үйретілген термин. Мұғалім сабақ кезінде студенттерге интербелсенді оқыту әдісі бойынша 1 терминді қате үйретеді. Ол студент 2-ші курста шетелге академиялық ұтқырлық бойынша оқуға барады. Оқу кезінде ол қате үйретілген термин сөзді айтады. Сол кезде шетелдегі сабақ беретін оқытушы студентке «сіз мені балағаттап отырсыз» –деп заң орындарына шағымданады. Студент сотта өзінің айтқан сөзінің дұрыс екенін дәлелдеуге тырысады. Сонымен іс ушығып, елшілікке дейін жетеді. Соңында бұл іске елшілік араласып, әр түрлі мамандарды шақырады. Яғни, халықаралық сарапшы, лингвист маман, адвокат, сот өкілдері қатысып, сот өтеді. Сот кезінде студентке термин сөз қате үйретілгендігі дәлелденіп, ол ақталып шығады.

Тапсырма:

1. Студенттің бұл жерде кінәсы бар ма?
2. Мұғалімнің қандай қателігі бар?
3. Мәселенің шешімін ролдік ойын арқылы жүргізу[3].

«Фишбоун» әдісі. Постерде біз балықтың қаңқасы суреті салып, ал тақырып басына жазылды. Дененің жоғарғы қанаттарында бұл идеяның себебі жазылады, ал төменгі қанаттарда бұл идеяның салдары жазылады. Түйіннің ойлары балықтың құйрығына жазылады. Осыдан кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады [4].

Жаңа ақпаратты, пікірлерді сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларды жинақтау. Берілген мәліметтерге сүйене отырып, олар өз сұрақтарын қояды және топтық жұмыста жауаптарды, рефлексияларды және белгілі бір талқылауға, ой қорытуға, қорытындыларға келуге жетелейді.



Сурет-3. «Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша

Жаңа материалдарды әзірлеу және негізгі ойларды бекіту. Өрмекшінің сұлбасына зерттелген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді.

Студенттер постерге өрмекшінің сұлбасын салып, өз идеяларын егжей-тегжейлі есептеп, басына тақырыпты, денесіне өзекті идеяларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу тәсілдерін жазып, өз ойларын тиянақтап, белгілі бір тұжырымдарға әкеледі.

«Ақылдың алты ойшыл қалпағы» әдісі. Бұл топтық танымдық белсенділік әдісі, ол тапсырмаларды ақылға қонымды ұйымдастыруға арналған және қабылдау мен бағалаудың

барлық аспектілерін көрсетеді. Сұрақ, жағдаят алдын-ала беріледі. Ол көп қырлы болуы және оған нақты жауабы немесе шешімі жоқ болуы тиіс. Сынып 6 топқа бөлінеді және әр топ өзіне бір қалпақты таңдайды(жеребе бойынша не бөліп береді). Әр қалпақ түсі идеяның даму бағдарын айқындайды [5].

1. Ақ түс – ең бейтарап. Сондықтан топ мүшелері фактілерді зерттейді. Басқаша айтқанда, бәрі мұның себебін дәлелдеді, басқаша емес екенін дәйектейді.

2. Сары – шуақты, бақытты және позитивті. Топ мүшелері артықшылықтарды іздей отырып, ұсынылған шешімнің оң жақтарын ғана көрсетеді.

3. Қара – теріс, күнгүрт, терістейтеу. Бұл топ материалға күмәндануы керек.

4. Қызыл – бұл эмоция. Бұл топ өз нәтижелерінде негіздемесі жоқ, ол жағдайдың эмоционалды аспектілерін ғана қарастырды.

5. Жасыл түс – бұл шығармашылық. Бұл топтың мүшелері бұл жағдайдың жаңа шешімдерін ұсынады, олар керемет және күтпеген болуы мүмкін.

6. Көк – бейтарап, бағаланады. Шын мәнінде, топта басқа топтардың пікірлерін, идеяларын бағалап, талдайтын, оңтайлы пікірлі сарапшылар мен талдаушылар болады, олар топтың барлық құсыныстарын бағалайды және ең жақсы шешімді табады.



Сурет-4. Эдвард де Бононың «Ақылдың алты ойшыл» қалпақ әдісі

Бұл «Алты қалпақ» стандарты болып табылады. Бірақ әр мұғалім сабақтың тақырыбына сәйкес жоспарлары мен стратегияларын реттей алады.

Егер сұраққа жауап беру мүмкін болмаса, «күйді» деген ескерту беріледі. Осылайша, бес-алты оқушы үй тапсырмасын немесе жаңа сабақтарды қорытындылау туралы сұрақтарға жауап беру үшін «ыстық орындықта» отырады.

«Ыстық орындықтың» екінші нұсқасына сәйкес, «ыстық орындықта» отырған студент басқаларға сұрақтар қоя алады.

«Шаттық шеңбері» (тренинг). Ол сабақты бастамас бұрын қолданылады. Студенттер үлкен шеңберге тұрып, кезек-кезек тілектер айтты. Студенттерді позитивті атмосфера құруға, бір-біріне тілек айтуға, эмоцияларды жақсартуға және ізгі ниетті оятуға үйретіп және бауырмалдығы, достығы, сыйластығы артады [6].

Бұл әдіс студенттердің ойларын немесе тілектерін білдіру, оларды тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау және барлық оқушыларды тарту арқылы оқу ортасының атмосферасы жасалады.

«Миға шабуыл» – американдық ғалым А.Обсорн жасаған «миға шабуыл» (brainstorming) ұсынды. Бұл әдіс оқыту әдісі ретінде университеттің оқытушылық тәжірибесінде әлі толық қалыптасқан жоқ.

Миға шабуылдың алтын ережесі – талқылауға қатысушылардың бір бір сөзіне қарсы емес, өз идеяларын еш ойланбастан ашық айтуы. Бұл жағдайда әртүрлі ойлар пайда болады және күтпеген шындыққа жанаспайтын идеялар пайда болады. Осы мақсатта миға

шабуыл жасалды. Бірақ ол ғылыми зерттеулерде басқаруда сәтті нәтижелерді табу үшін қолданылады.

«Іскерлік ойындар» – бұл сарапшының болашақ мансабының тақырыбы мен әлеуметтік мазмұнының заманауи түрі, ал модельдеу жүйелері арасындағы байланыс бұл қызметті тұтастай сипаттайды. Бұл болашақ мамандықтардың (келісімшарттық модель, кәсіби қызмет, өндірістік диалектика) және қоғамның практикалық жағдайын имитациялайтын ұжымдық білім беру қызметінің бір түрі.

«Іскерлік ойында» қарастырылып отырған материалдардың нақты жағдайларына сәйкес әр студентке жетекші, қарсылас, комментатор, логик, психолог, сарапшы және т.б. сияқты белгілі бір рөл беріледі. Қарсыластар немесе комментаторлар айтылған идеяны, баяндамашының сөзін сынайды, оны талқылайды және дұрыс және бұрыс жақтарын көрсетеді; қарама-қарсы идеяны білдіріп, басқа жауап береді[7].

Логика пікірталасқа қатысқандардың қайшылықтарын көрсетті, логикалық қателіктерді қарастырды, негізгі ұғымдарға түсініктеме берді және дәлелдеу процесін талдады. Психологтар пікірталас процесін бақылайды, қарым-қатынас ережелерінің сақталуын бақылайды және пікірталастың жоғары білім деңгейінде өтуін қамтамасыз етеді. Сарапшылар пікірталас нәтижелерін талқылау кезінде іздеуге және әрекеттің басталуына байланысты бағалайды.

Қорыта айтқанда, оқытудың интербелсенді әдістері – білім алушылардың сыни тұрғыдан креативті ойлауын, танымдық белсенділіктерін арттырып, оқу материалын шығармашылық жолмен меңгеруін, теорияны практикамен байланыстыра білуді, ғылыми-ізденістерін, зерттеушілік қабілеттерін, ойлау операциялары: талдау, синтездеу, жүйелеу, салыстыру, нақтылау, абстракциялау және ой қорытындыларын: индукциялық, дедукциялық, аналогиялық қорытынды жасай білуді меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімов А.Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері: оқу құралы/ А.Әлімов. – Алматы: 2013. -447б.
2. Егенисова А.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы/А.Қ.Егенисова. – Алматы: Бастау. 2018.-352б.
3. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы/ А.Қ.Егенисова. – Алматы: Бастау. 2018. -304б.
4. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы/А.Б.Айтбаева. Алматы: 2016. -230б.
5. Бөрібекова Ф.Б.Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқу құралы/Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова. - Алматы: 2018. -360б.
6. Карандашев В.Н.Методика преподавания психологии: учебное пособие/В.Н.Карандашев. –Питер: 2013. -250с.
7. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы:оқулық/А.Р.Ерментаева. – Алматы:Дәуір. 2015. -492б.

ӘОЖ 376.3

ПЕДАГОГТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІОҚЫТУҒА ДАЙЫНДАУ

А.Қ. Егенисова, Ж.М. Жұмағұлова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау,
Қазақстан

Аңдатп. Бұл мақалада дамуында кемшілігі бар ерекше балаларды дені сау балалармен қатар әлеуметтендіру мен интеграциялау процесіне жәрдемдесу мақсатында

бірлесіп оқыту сипатталған. Инклюзивті білім беруге байланысты қабылданған құжаттарға, заңдарға, қаулы-қарарларға сипаттамалар беріледі.

Сонымен қатар, инклюзивті мектеп мұғалімдерінің тиімді жұмыс істеу шарттары туралы да сөз қозғалады.

Түйін сөздер: инклюзив, ерекше балалар, әлеуметтену, интеграция, балалар құқығы, логопед, дефектолог, эксперимент.

Инклюзивті білім беру – бұл дамуында азғана ауытқулары бар ерекше балаларды дені сау балалармен бірге әлеуметтендіру мен интеграция процесіне ықпал ету мақсатында бірлесіп оқыту. Инклюзивті білім беру – барлық балаларға мектепке дейінгі мекемелердің, мектептер мен лицейлердің өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқықтарын анықтайды және оларға ұжымдық іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді; басқалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Дамуында ауытқулары бар балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін стандартты арнайы білім беру бағдарламалары әзірленді. Онда балалардың қажеттіліктеріне сәйкес, білім алуларын қамтамасыз ету үшін жалпы білім беру үрдістері қарастырылған.

Халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық конвенциялар мен декларациялардың негізгі қағидаттарын толық қолдайды: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, «Мүгедектердің құқықтары туралы декларация», «Ақыл - есі кем адамдардың құқықтары туралы декларация», «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған білім беру саласындағы саясат пен практикалық іс-әрекет принциптері туралы» Саламанка декларациясы [1,2], Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы [3] және т.б. үкіметтің қаулысында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру және осы салада мұғалімдерді даярлау мәселелері қарастырылған [4].

Біздің елімізде инклюзивті білім беруді дамытудағы басты мәселелердің бірі. Бұл кадрлардың жетіспеушілігі, өйткені аймағымызда арнайы мұғалімдерді (логопедтер, дефектологтар) дайындайтын оқу орны жоқтығы, бар болса да мамандардың жетіспеушілігі немесе мұғалімдердің өздері өз бастарына жауапкершілігін алуға келіспейді және мұндай міндеттерді қабылдауға батылы бармайды. Бұл мәселені талқылау үшін халықаралық конференциялар мен түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Бірақ шешілмеген көптеген мәселелер бар.

Ол мәселенің бірі – инклюзивті білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау. Инклюзивті білім берудің негізгі құқықтық құжаты дамуында кмшілігі бар балаларға тиімді көмек жасауға, ол балаларды білім беріп, оқытып, даярлап және еңбекке, кәсіпке дайындау, олардың дамуындағы кемшілігін түзетуге бағытталған. "Әлеуметтік және медициналық білім беруді қолдау және мүмкіндігі шектеулі балаларды түзету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Оның мақсаты дамуында, білімінде, тәрбиесінде, еңбекке және сабаққа дайындығында ауытқулары бар балаларға нәтижелі көмек көрсету, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту болып табылады.

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог, психологтар мен дефектологтар ерекше рөл атқарады. Осы саладағы оқушылар назарында болады. Дамуында ауытқулары бар кейбір балалардың өзіндік қабілеттері мен ерекшеліктері бар. Мысалы: кейбіреулері биді, спортты және сурет салғанды ұнатады. Осындай қызығушылықпен балаларды одан әрі дамыту-әлеуметтік педагогтар мен әр мұғалімнің міндеті.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды жалпы білім беру және әлеуметтік бейімделу процесіне толық біріктіруден, сондай-ақ олардың жынысына, тегіне, дініне және мәртебесіне қарамастан балаларды айыратын кедергілерді жоюдан тұрады. Ата-аналар балаларды тәрбиелеуді, оқытуды және әлеуметтік қажеттіліктерді ерекше қолдауға, сондай-

ақ балаларды білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу үшін жағдай жасауға, яғни жалпы білім беру сапасы мен тиімді оқытуды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат. Айтып өтсек:

– орта мектептің стандартты оқу бағдарламалары;

– дамуында ерекше балаларға арналған арнайы білім беру түрлеріне негізделген нысаналы білім беру жоспарлары;

дамуында ерекшелігі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескеретін жеке оқу жоспары.

Инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдерді даярлаудың нақты мазмұны құзыреттілік тәсілді құруға бағытталады және нәтиже білім мен дағдылар жүйесі емес, негізгі құзыреттер жиынтығы болады.

Дамуында ауытқулары бар балаларды оқытуда орта мектеп мұғалімдерінің рөлінің маңыздылығын атап өтеміз және инклюзивті білім беруді енгізу үшін оң ынталандыру қажет деп санаймыз.

Инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдерді даярлаудың нақты мазмұны құзыреттілік тәсілді құруға бағытталуы тиіс. Білім беру процесінің нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, негізгі құзыреттер жиынтығы болып табылады. Олардың негізгілері академиялық қабілеттер (жаңа білім алу қабілетін айқындайтын); әлеуметтік тұлғалық қабілеттер (ел мен қоғамның идеологиялық және адамгершілік мұраттарын қолдау қабілеті) болып табылады; кәсіби қабілеттер (проблемаларды, міндеттерді қою, шешімдерді анықтау, міндеттерді құру және адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби қабілеттер болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті зерттеушілер мамандарды даярлау сапасының және еңбек өнімділігінің әлеуетінің сипаттамасы ретінде қарастырады. Мұғалімдердің кәсіби қабілеттері педагогика мен психология саласындағы пәндік салалар мен ғылыми-теориялық білім жүйелерін қоса алғанда, мамандардың жеке басының сапалық сипаттамаларын көрсетеді. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттері - ұстаздардың теориялық біліктілігін бір педагогикалық ситуацияларда қолдану, педагогтардың құндылықтары, мұғалімнің мәдениетінің кешенді көрсеткіштерінде (сөйлеу, қарым-қатынас әдістері, өзіне және жұмысына деген көзқарас және т.б.) қолданудан тұратын көп факторлы құбылыс[5].

Инклюзивті білім берудің негізгі принципі білім беру ортасын құру болып табылады, ол енді оны шектемейді, бірақ дамуында ауытқулары бар оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес толықтырады. Инклюзивті білім беру идеяларын қолдана және енгізе отырып, мұғалімдер инновациялық тәсілдермен әрекет етеді. Инклюзивті білім беру контекстінде жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі дамуында ауытқулары бар балалар мен олардың отбасыларының жалпы білім беру ортасына интеграциясын реттеу процесін сапалы басқару болып табылады. Бұл бағыттағы алғашқы қадам-білім беру процесінің барлық қатысушыларын, ең алдымен, өздерінің әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерге дайындау.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жалпы білім беру орталығы 2002 жылы ашылды. Сол жылы Қазақстанда ТМД елдерінде «мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық қолдау туралы» алғашқы заң қабылданды [6].

Осы Заң аясында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерте білім алуына ерекше назар аударылады. Олар білім беру, әлеуметтік және медициналық қолдау көрсетеді. Ең бастысы, бұл заң инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін анықтайды. 2000жылдардың басында мұғалімдердің 80% - ы бұл жүйеге қарсы болды, ал 2007 жылы тек 49%. Қазіргі уақытта жүйе оқытушылар қауымдастығының толық қолдауына ие. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Инклюзивті білім мектептің барлық мұғалімдерінен әртүрлі дайындықты, жоғары мамандандыруды, шығармашылықты және тәжірибені қажет етеді. Ақыр соңында, баланың интеллектуалды даму проблемаларына сауатсыз көзқарас оның жеке басындағы қосымша

кемшіліктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан инклюзивті білім беру мұғалімдер орта мектептерде арнайы дайындық пен қайта даярлаудан өткен жағдайда ғана жемісті болады.

Бұл дайындық шараларының мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалардың жан-жақты физикалық және психикалық дамуын қамтамасыз ету үшін оқыту мен тәрбиелеудің негізгі әдістерін меңгеру.

Ресейлік зерттеуші Е.Г.Самарцеваның пікірінше [5] инклюзивті білім беруге мұғалімдердің кәсіби дайындығы, инклюзивті білім беруді белсенді жүзеге асырудың негізгі шарты болып табылады. Бұл инклюзивті білім беруді енгізу туралы арнайы білім ретінде көрінеді.

Кәсіби дайындық жан-жақты білім беру және балаларды инклюзивті білім беруге үйрету мақсатында кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетімен көрінеді.

Самарцева Е.Г.Самарцева әзірлеген балаларға арналған инклюзивті білім беру мұғалімдерінің кәсіби дайындық құрылымы келесі негізгі және маңызды бөліктерді қамтиды: тұлғалық-мәндік (инклюзивті білім беру идеологиясын қабылдаудағы мұғалімдердің рефлексивті ұстанымы, сананың мотивациялық бағыты, ерік-жігер, балаларға арналған инклюзивті білім беру туралы мұғалімдердің сезімдері), танымдық (балаларға инклюзивті білім беру үшін қажетті кәсіби және педагогикалық білімнің үйлесімі) және технологиялық (мектеп жасына дейінгі балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға арналған кәсіби және практикалық дағдылар жиынтығы).

Гафари Э.А. ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы орта мектеп мұғалімдерінің рөлінің маңыздылығын атап өтіп және инклюзивті білім беруді енгізуді белсенді түрде ынталандыру қажет деп есептеді. Автор мұғалімдердің сенімдері, олардың инклюзивті білім берудің философиясы мен саяси бағытын мойындауы инклюзивті білім беруді енгізу бойынша барлық іс-қимылдардың тиімділігінің маңызды алғышарты екенін атап көрсетеді. Дамуында ауытқулары бар оқушылар мұғалімдер мойындаған жағдайда ғана өздері үшін құнды орын таба алады [6].

Э.А.Гафаримен қарағанда ресейлік ғалым Сабельникова С.И. орта мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беруге қатысуға кәсіби және жеке дайындығын жүзеге асыру кезінде мыналар қажет екендігі көрсетілген:

– инклюзивті білім дегеніміз не және оның дәстүрлі білім беру формаларынан айырмашылығы неде екенін түсіну;

– инклюзивті білім беру ортасында балалардың жеке басының жас ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын білу;

– оқу процесін жобалаудың психологиялық мен оқыту әдістерін түсіну, сондай-ақ дамуы қалыпты және зақымдалған балалар үшін жалпы білім беру процесін әзірлеу;

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Замская Х.С. инклюзивті мектеп мұғалімі келесі шарттарға сәйкес тиімді жұмыс істей алады.

Егер:

ол қиындықтарға қызығушылық танытса, ол әртүрлі әдістерді қолдануға дайын болса;

ол жеке ерекшеліктерді құрметтесе;

ол топтың басқа мүшелерінің сөйлемдерін тыңдап, қолдана ала ма;

ол сыныпта басқа ересек болса да, өзін сенімді ұстаса;

ол басқа сарапшылармен бір топта жұмыс істеуге келіссе.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру мұғалімдері өздеріне берілген балалардың денсаулығы мен өміріне тікелей жауапты. Міндетті білім берудің ұлттық стандарттары мен оқу материалдарына сәйкес олар балалардың жасына сәйкес мектеп курстарын, экскурсияларды, сыныптан тыс іс-шараларды және ойын-сауық іс-шараларын жоспарлайды және өткізеді; сыныпта стандартты білім беру жоспарларын тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды; басқа сарапшылармен және мұғалімдермен демалысқа дайындалады; ойын - сауық және спорттық іс-шаралар; барлық оқушылардың бірлескен іс-

шараларын жоспарлау және ұйымдастыру (басқа сарапшылармен бірлесіп); сарапшылардың ұсынымдарын ескеру, әр оқушыға жеке көзқарас қолдану [10].

Инклюзивті білім беруде мектеп мұғалімдеріне қойылатын тағы бір маңызды талап-олардың медицина, психология және неврология мамандарымен өзара әрекеттесуге дайындығы мен қабілетінің болуы. Инклюзивті білім берудің «алтын ережесі» – топтық жұмыс, бұл мұғалімдерді даярлау кезінде ерекше назар аударатын жағдай. Арнайы білім беру саласында топтық жұмыстың негізгі кемшіліктерін мойындау, әріптестер мен сарапшылардың көмегін қабылдау және сарапшылармен үнемі сөйлесуге дайын болу.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды енгізу жағдайында білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатында оның барлық субъектілеріне, атап айтқанда әкімшілікке, мұғалімдерге, сарапшыларға, балалар мен ата-аналарға келесі ережелерді сақтау ұсынылады: әрқашан бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеу; өзін мамандардың топ мүшесі екендігін сезіну; бір-бірінің құрметпен қарау.

Инклюзивті білім беру үшін мұғалімдерді даярлау мазмұны дамуында ауытқулары бар балаларды оқытудың анатомиялық – физиологиялық негіздерін, дамуында ауытқулары бар балалардың психологиялық ерекшеліктерін, осындай балаларды оқытудың ерекше әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ жеке және топтық оқу бағдарламаларын үйлестіру әдістерін меңгеруге кәсіби қабілеттерін қалыптастыруды қамтуы тиіс.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагогтарға, психологтарға, дефектолог мамандарға ерекше рөл беріледі. Осы саладағы оқушылар айрықша назарда болады. Дамуында ауытқулары бар кейбір балалардың өзіндік қабілеттері мен ерекшеліктері бар. Мысалы: кейбір балалар би, спорт және сурет салуды ұнатады. Осындай қызығушылықпен балаларды одан әрі дамыту-әлеуметтік педагогтар мен әр мұғалімнің міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция. «Білім туралы» 27.07.2007. № 319-III Заңы.
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы. - Астана: Ақорда, 07.12.2010.
3. Дружилов С.А. Педагогтардың кәсіби қабілеттері мен кәсібилігі: /С.А. Дружилов. – Алматы: Білім. 2015.-144 б.
4. Қазақстан Республикасының 11.07.2002. №343 «Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларымызды».
5. Вольская О.В. Қазіргі әлемде инклюзивті білім беруді енгізу моделі: /О.В. Вольская, Н.Ю. Флотская, С.Ю. Буланова, З.М. Усова. – Алматы: 2014. -116б.
6. Кон И.С. Психология ранней юности: /И.С. Кон. – М.: Просвещение. 2011.- 256с.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҮРДІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

К. Еңсеген, А. Иманбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы – әрбір адамның балалық шағынан бастап тұлғалық кезеңге дейінгі алған білімі мен тәрбиесінің негізінде, жалпы қоғам мойындаған қағидалар мен заңдылықтарға сай қалыптасуы.

Түйін сөздер: биология, зияткерлік мектеп, кәсіби қалыптасу, мұғалім

Қазіргі заманда еліміздің білім беру жүйесінің негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті, жоғары білікті маман даярлау. Осы мақсатқа жету жолында мектепті негізгі ұйым немесе орта деп қарастыратын болсақ, осы мақсатқа жетелейтін адам - мұғалім. Мұғалім - педагогикалық тұрғыдан білімді, барлығын меңгерген, өзін - өзі жетілдіріп отыратын, жан-жақты шығармашыл тұлға болуы қажет.

Мұғалімдер-бұл мектептің кадрлық корпусының болашақ өзегі. Жас маман өзінің жаңа идеясымен қандай салада да болмасын, жаңа құндылық әкеледі. Жас мұғалімдердің өзіндік ерекшеліктері мен тапшылығы бар. Ал қалыптасу және кәсіпке бейімделу кезеңі - мұғалім мансабында ең осал орын деуге болады. Жас мұғалімдерге көп жылдық тәжірибесі бар әріптестерімен қатар талап қойылады. Сондай -ақ оқушылар, олардың ата-аналары және мектеп әкімшілігі де жас мұғалімдерден мінсіз кәсіпқойлықты күтеді. Сондықтан жас мұғалімдердің кәсіби қалыптасуы мен шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру мектепті құзыретті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесінде мектеп басшылығы үшін басты мақсаттардың бірі. Бұл ретте жас мұғалімдердің тәжірибесі бар әріптестер, басшылардың назарын, қолдауын және тәжірибе жинақтау үрдісін басқаруын қажет етуі заңдылық. Осыған орай еліміздегі мектеп әкімшілігі тарапынан жас мұғалімдердің кәсіби қалыптасу, олардың педагогикалық шеберлігін шыңдау, шығармашылығын дамыту жұмыстарын басқару, ұйымдастыру, бақылау және тексеруге қатысты іс- әрекеттер жүргізілуі тиіс. Бұл бүгінгідей мәртебелі мұғалімдерге сұраныс артып тұрған жағдайда өзекті мәселе болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында дамудың жеті басым бағытын айқындады, оларды жүзеге асыру әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына біздің еліміздің де қосылуына жол ашатын міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Осындай ең өзекті басымдылықтардың бірі қазіргі білім беру мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана – сезімнің даму көрсеткіші болып отыр. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік – экономикалық процесстерге еркін қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Бүгінгі таңда заман ағымына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеуде ұстаздардың алдындағы жауапкершілік салмақтана түскендей.

Өзімнің күнделікті педагогикалық тәжірибемде бағдарламадағы берілген жеті модульді кіріктіре отырып өткізген сабақтар арқылы оқушылардың қызығушылықтары артып, тапсырмаларды жүйелі орындап, бір-бірімен топтаса отырып жұмыстар жасай білуге дағдыланды. Мұғалімнің педагогикалық біліктіліктілігін көтеру үрдісіне педагогикалық құндылықтарды, жаңа технологияларды шығармашылық іс-тәжірибелерді, ақпараттық мультимедиялық техникаларды пайдалану білім берудің тиімді, нәтижелі үрдістеріне жатады. Мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі және бос уақытын дұрыс

ұйымдастыруы, дербес жұмыс жоспарына сай іске асыруы, тікелей шығармашылыққа байланысты. Жаңа формациялы мұғалім кәсіби шеберлігін жетілдіретін жаңа стильдегі тұлғалық-адамгершілік бағыттарын, педагогикалық шындықты және ондағы үздіксіз іс – әрекетті, жүйелі түрде қабылдау қабілеттерін, пән саласындағы еркін бағытты меңгеріп және қазіргі педагогикалық технологияларды игеруі тиіс. Білім беру талаптарын өзгерту, біліктілікті арттыру жүйесін жаңашылдандыру міндетін алға қояды, ал оның мақсаттарын жүзеге асыру біздің алдымыздағы міндетіміз. Білімді ұрпақ – болашақ еліміздің жарқында кемелденген көшін алға бастайтын білімді де білікті жеке тұлға қалыптасуы тиіс деп ойлаймын.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін басты орынға қойылып отыр. Жаһандану үрдісінде, шығармашылық ізденістегі, әр баланың ақыл-ой еңбегінің дамуына ықпал жасайтын негізгі тұлғаның бірі – оқушының ұстазы. Педагогикалық қызметімде теориялық білімді тәжірибемен байланыстыра отырып, жан-жақты мүмкіндіктерімді ашуға, оқытудағы Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін енгізген «Бірінші деңгейлі мұғалімдерді даярлау жөніндегі біліктілікті арттыру курстарының» маңызы зор. Осы курс арқылы көптеген жаңа тәсілдер мен әдістерді үйрене отырып, көптеген тәжірибелер жинақтадым. Биология пәнінен сабақ беру барысында жаңа форматтағы жеті модульді сабақ барысында жүйелі қолданып келемін. Жеті модульді бір сабақ өткізген кездеде қолдануға болады, кейде екі сабаққа бөліп пайдалануға да болады. Ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты болып келеді. Орта мерзімді сабақ жоспары мен қысқа мерзімді сабақ жоспары жаңа форматтағы әдіс-тәсілдердің бірі болып табылады. Жаңа форматтағы жеті модульді жүйелі пайдаланудың өзі үлкен шеберлікті қажет етеді. Өз пәнім бойынша сабақ топтамаларында жеті модульді пайдалана отырып өткізген сабақтарым оң нәтижесін беруде. Елбасының 2014 жылғы жолдауында нақты айтқан нақыл сөзіне тоқталсам, ол «Біз өмір бойына жететін білім алу» моделінен «өмір бойы білім алып өту» моделіне көшуге тиіспіз. Болашаққа біліммен қадам басып, лайықты қолтаңбамызды қалдырайық. Біз осындай сабақтарды жиі өткізу арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Қай кезеңде болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білімі мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын саналы азаматты қалыптастырып, жетілдіру-мұғалімге жауапты міндет. Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде.

XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер»,-деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Ұстаздық тәжірибеде алдыма қойған мақсатым-баланы қалайда өзінше қызықтыратын, қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Ұлы Абай «Тегінде адам баласы бір-бірінен ілім, білімі жағынан ерекшеленіп тұрады»,- дегендей мұғалімнің құзыреттілігі, ең біріншіден, өзін-өзі дамытып, жан-жақты көрсетуіне байланысты деп ойлаймын.

Мұғалімнің өзін-өзі дамытуының алғы шарттары:

1. Кәсіби біліктілігін өзіндік дамыту.
2. Дамытудың сапалық белгілері.
3. Өзін-өзі дамыту құндылықтары.
4. Өзін-өзі дамытуына қажеттіліктің туындауынан тұрады.

Мұғалім кәсіби біліктілігін өзіндік дамыту үшін өзінің іс-тәжірибесіне педагогикалық-психологиялық талдау жасауы, озық тәжірибелерді оқып үйренуі, ғылыми

әдебиеттермен қарулануы, әріптестермен тәжірибе алмасуы, ата-аналарымен бірлесіп, мәселелерді шеше білу құзыреттілігін игеруі қажет. Қазіргі кезде білім берудің әлемдік озық тәжірибелерін саралай отырып, бүгінгі оқытуда жасөспірімдерден күтілетін нәтиже, негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуымен айқындалады.

Жалпы құзыреттілік дегеніміз-дара тұлғаның білім,білік дағдыларды және өзіндік қабілеттерді жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Осы нәтижеге жету үшін әрекет ететін, кәсіби құзырлы педагог болу үшін не қажет:

1. Білім беру үрдісіндегі білім, білік дағдылардың түпкі нәтижесін көрсету
2. Нәтижеге бағдарлана берілген білімнің негізгі көрінісі
3. Оқушылармен қарым-қатынасын жаңашылдыққа құру.
4. Өзінің кәсіби дамуына жауапкершілікпен қарау.
5. Өзін-өзі кемелдендіру.
6. Теориялық жағынан дәлелді жүйені жүзеге асыру.

Егер біз шәкірттеріміз пәндерден алған білімді терең меңгеріп қана қоймай, алған білімдерінің негізінде жүйелі ойлау дағдысын игерсін десек, кәсіби тұрғыдан талаптарға сай болуымыз керек. Бұнда оқушының сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін яғни тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым, тілдесім бірлікте меңгерту басшылыққа алынса, сөйлеу ортасына, сөйлеу мақсатымен тақырыбына сәйкес диалог, монолог құрай алу, пікірлесу өз ойын түсінікті жеткізу, оқушының өмірлік дағдысына берік негіз қалайтыны сөзсіз.

Білім беру мазмұнындағы өзгерістер, тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру-мұғалімнің шеңберінің кеңдігін қажет етеді. Заман талабына сай болу үшін мұғалім әрқашан ізденіс үстінде болу керек. Ендеше қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының міндеті де осы қасиеттерді кез-келген қазақ оқушысының бойында қалыптастыру. Ертеңгі күні қазақ мектебін бітірген, соның ішінде ауыл мектебін бітірген, жас шәкірт қоғам алдында дәрменсіздік көрсетпеуі үшін, шаруашылықтың кез-келген саласына қажетті ортақ білік, дағдыны қалыптастырып мектептен алып шығуы тиіс.

Өз ұлтымызды, мемлекетімізді өркендететін білімді, болашақ данышпан шәкірттер тәрбиелеу үшін, бірінші кезекте балалардың сезімталдығын, ойын, тілін дамытуды жолға алған жөн деп ойлаймын.«Мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол-нағыз ұстаз»,- деп айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Мұғалім құзыреттілігін дамыту, оқушылардың сабақтан алған білімдері арқасында шығармашылығын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2. Обзор международных методик создания условий адаптации, закрепления и профессионального развития молодых педагогов. 2015

3. Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары «Педагогтің кәсіби өсуі - білім берудің жаңасөзін қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы, Алматы, 2013 ж., I бөлім, 482 б.

4. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. //Білім әлемі. Алматы., 2004 ж.

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.М. Ермагамбетова

Ақтөбе қаласы, Құрманғалиев атындағы №32 гимназия

Аңдатпа. Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларына сабақ үстінде қызықсыз. Балалар шаршаңқы көрінеде немесе оларды сабақ қызықтырмайды. Мектеп өмірі әрдайым балаларды достармен, кітаптармен байланыстыра отырып, жарқын, әсем өмірге жетелеуі қажет. Сонымен қатар мектеп және мектеп өмірі баланы ғажайып оқиғалармен таң қалдырып, баланы керемет білім әлеміне енгізу керек.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, компьютер, танымдық, АКТ

Осы кезде компьютер өзінің ойын-сауық және танымдық әлемімен мектеп өміріне енеді. Оқу-тәрбие процесінде компьютерді пайдалану көлемі күн өткен сайын көбірек артып келеді: оқушылардың білімін тестілеуден бастап, олардың жеке қасиеттерін ескере отырып ойынға дейін. Компьютерді оқытудың нысаны ретінде немесе оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады» - деп түсінік берген

Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдемеде:

Ақпараттық -коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық - коммуникациялық технологияларды құзыреттілігі негізгі АКТ-дағдыларда құрылады және технологияларды жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылықпен пайдалана білуден тұрады;

2) оқушылар барлық пәндер бойынша оқу процесінде құрал- жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отыра, ақпаратты табу, жасау және онымен жұмыс жасай отыра, ынтымақтастықта, мәліметтермен және идеялармен алмаса отыра, өз жұмысын бағалай және жетілдіре отыра АКТ пайдалану дағдыларын дамытады. [1].

Бастауыш сыныптарында АКТ төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

1) БАҚ және мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

2) ақпаратты дерекқордан және интернеттен іздеу;

3) сандық және Интернет-дереккөздер арқылы алынған ақпараттарды таңдау, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай

4) есептік, мәтіндік және көретін ақпаратты және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметтерді қабылдау, іріктеу және жүйелей білу;

5) ақпаратты құрастыруда және өңдеуде АКТ пайдалану;

6) заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру мүмкіндіктерін зерделеу [2].

Сандық ақпараттың икемділігін басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда толығымен пайдалану;

1) электрондық байланысқа, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы басқа оқушылармен және мұғалімдермен түрлі байланыс арналары бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

2) оқытудың белсенді түрлеріне техникалық қолдау көрсету мақсатында интерактивті тақтаны қолдану;

3) аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру .

Ақпараттық технологияларға тәуелді болып келе жатқан әлемде мектеп оқушылары мен мұғалімдер олармен таныс болуы керек. Ақпараттық технологияларды меңгермеген мұғалім заманауи оқушы үшін қажеттілік етпейді. Осы орайда, К. Барреттің пікірімен келіспеу мүмкін емес: « Мұғалім ретінде сіз оқушыдан не күтетіні туралы ойлана алмайсыз. Сіздер білесіздер, болашақ олардан заманауи технологиялар саласында үлкен білім қорын талап етеді». Қазіргі заманғы мұғалім оқушыларға дербес зерттеу жұмыстарында озық ақпараттық технологияларды қолдана алса, тек сабақ беріп қана қоймай, оқуға, ізденуге, зерттеуге деген дағдыларын да үйретуі керек.

Дәстүрлі емес сабақтарды ішінара ізденушілік және зерттеушілік оқыту әдістерін пайдалана отырып, жан-жақты және қызықты өткізуде пәндік іс-әрекеттерді ұйымдастыру сурет салу және модельдеу сабақтарын, шығармашылық тапсырмаларды енгізу, АКТ-ны пайдалана отырып сабақ өткізу, дидактикалық материалды, карточкаларды пайдалану, жеке тапсырмалармен, тірек сызбаларымен, әңгімелік тапсырмалары бар карточкалармен, шығармашылық тапсырмалармен, тесттермен өткізуге болады.

АКТ - ны қолдану ерекшелігі - бұл сабақтарды оңтайлы режимде өткізуге мүмкіндік береді, балаларда өнімділік деңгейі жоғарылайды, сабақта білімді игеру үнемі іздеу процесінде жүреді. Ендеше сол ойлау кезеңдерін қарастырсақ:

Бірінші кезең (фаза) - шақыру, бұл кезеңнің міндеті және мұғалімнің қызметі тек оқушыны белсенді етіп қана қоймай, оны одан әрі жұмыс істеуге ынталандырып қана қоймайды, сонымен бірге бұрыннан бар білімді "қоздырады" немесе зерттелетін мәселе бойынша қауымдастықтар құрады, бұл өз кезегінде маңызды, белсенді және ынталандырушы факторға айналады. одан әрі жұмыс істеу үшін. Қорытынды: бірінші кезеңде алынған ақпарат тыңдалады, жазылады, талқыланады, жұмыс жеке - жұп топтарда жүргізіледі.

Екінші кезең (кезең) - түсіну (мағынаны іске асыру). Бұл кезеңде ақпаратпен тікелей жұмыс жүргізілуде. Сыни ойлау технологиясының әдістері мен әдістері оқушының белсенділігін сақтауға, оқуды немесе тыңдауды мағыналы етуге мүмкіндік береді. Қорытынды: жаңа ақпаратпен (мәтін, фильм және т.б) тікелей байланыс бар, жұмыс жеке немесе жұппен жүргізіледі.

Үшінші кезең (фаза) - рефлексия (Рефлексия). Бұл кезеңде ақпарат талданады, түсіндіріледі, шығармашылықпен өңделеді. Қорытынды: зерттелген ақпаратты шығармашылық өңдеу, талдау, түсіндіру және т.б.; жұмыс жеке - жұп топтарда жүргізіледі.

Оқушылардың таным дағдыларын, тілдік дағдыларын дамытуда, жаңа білімді меңгертуде, білім деңгейін тексеру мақсатында «bilimland.kz», «Mektep.kz», «online mektep», «twig-bilim.kz» білім беру кешендерін пайдалануға болады. Бұл бағдарламалар оқушыларға оқу материалын тез қабылдауға мүмкіндік береді. «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» - деп ғұлама Ж.Баласағұн айтқандай өмір талабына сай мұғалім де жаңашыл болу қажет. Сондықтан әр мұғалім сабағына күнделікті дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларына сабақ беру үшін АКТ қолдануды бастамас бұрын, мен бірқатар дағдыларды игеруге тура келді:

стандартты бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану ретінде компьютерде жұмыс істеу үшін қажетті техникалық, яғни іскерліктер;

әдістемелік, яғни сабақты сауатты құру және бастауыш сынып оқушыларын оқыту үшін қажетті дағдылар;

технологиялық, яғни бастауыш мектепте өткізілетін әр түрлі сабақтарда АКТ құралдарын ақылға қонымды пайдалану үшін қажетті дағдылар. АКТ-ны қолдана отырып, сабақтарды әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізу, презентацияларды дұрыс құру, әртүрлі бағдарламаларды пайдалана білу керек. Аралас сабақтар мен жаңа материалды үйрену сабақтарын өткізу кезінде проекторды, CD-дискілерді, оқу бағдарламаларын, демо-бағдарламаларды, Интернетті қолданып, білімді бекіту, дағдыларды жетілдіру, жалпылау және жүйелеу сабақтарында тест жүйелері бар бағдарламаларды қолдануға болады.

Сабақ барысында АКТ –ны қолданудың үлгісі:

1. Сабақтың мақсатын қою-2 минут.
2. Компьютерде жұмыс істеу-10-12 минут.
3. Оқулықпен жұмыс-10-12 минут.
4. Бекіту-10-20 минут.
5. Сабақты қорытындылау, үй тапсырмасы - 4-5 минут.

Компьютер мұғалімге әдеттегі сабақты кеңейтуге, дыбыс пен анимацияны, бұрын зерттелген материалға жылдам сілтемелерді пайдалануға мүмкіндік береді, мультимедиялық жобаның көмегімен Microsoft PowerPoint бағдарламасында жасалған слайдтарды көрсетуге болады [3].

Мұғалім мамандығы үнемі өзін-өзі дамытуды, өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін санаулы адамдардың бірі. Әлеуметтік дамудың динамикасы адамның кәсіби іс-әрекеті оның кәсіби мансабының барлық кезеңінде алдын-ала анықталмайтындығын және үздіксіз білім алу қажеттілігін, оның кәсіби құзыреттілігін үнемі арттыру процесін қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Педагогикалық шеберлік орталығы, -Астана, 2015\
2. Бағдарламадан күтілетін нәтижеге қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Педагогикалық шеберлік орталығы, -Астана, 2015
3. Адырбекова А.Д., Давлетова А.Х., Бастауыш мектепте ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемесі. Оқулық. –Алматы: 2020.- 128 б

ӘОЖ 81.1.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Г.Ф. Ермекбаева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанының әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етеді.

Елімізде білім саласында білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде екенін жоғарыдағы бөлімшелерде де атап өткен болатынбыз. Ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіру, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға

ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Бұл педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиясының пайда болуы.

Мектепте балаларға жүрек жылуын беріп оларды білім нәрімен сусындатып жүрген әрбір мұғалімге қойылатын қазіргі таңдағы талап өте үлкен болып отыр.

Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушының білім сапасын арттыруы қажет.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда қолданылатын, оқушының оқу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың интерактив әдістері туралы сөз болып отыр. «Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» («inter» - бірлесіп, «act» - әрекет ету) деген сөзінен енген [1, 109]. «Интеро» - іс-әрекеттегі субъектінің өзара белсенділігі, сайып келгенде біздің зерттеу жұмысымыз интерактивті модульдік оқыту технологиясы негізінде оқытудың компьютерлік технологиясы элементтері арқылы етістік категориясын оқытуда жаңаша көзқарастарға негіздеу.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, жылдар бойы эксперимент жасалынып, бүгінгі күн талабына жауап бере білген М.М.Жанпейсованың «Оқытудың модульдік технологиясы» елімізде бүгінгі таңда көпшілік мұғалімнің бірден-бір жетекші құралына айналып отырғандығы белгілі. Бұл технологияның өзіне тән ерекшеліктері де бар. Осы технологияның идеяларына тәжірибелік негіздеме беру мақсатында ғалым он бір жыл бойына (1992 – 2003ж.ж.) технологияның ғылыми-теориялық әзірлемесін Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы білім мекемелерінде сынақтан өткізген болатын.

Ғалымның айтуынша, зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс технологияны орта мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде, институттарда және т.б. қолдануға болатындығын көрсеткен.

Ғалым: «Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның *танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді*: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы *дамытуға*, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық *қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын* (ауызша және жазба тілінде) *дамытуға* бағытталуы» - деп тұжырымдайды [2, 5].

Ол базалық білімді технологияның алдына қойған мақсаттарына жетудегі басты құрал деп есептейді.

Жоғарыдағы аталған мақсаттарға бағытталуы оқу процесін мұқият құра білген жағдайда оқушылардың білім сапасын *едәуір* арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың *жүз пайызға* меңгеруін қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Ғалым бұл технологияның тағы бір ерекшелігін дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылатындығын ерекше атап өткен. Технологияның автор әзірлеген нұсқасы модульдік сипатта келеді.

Технологияның оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: *кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен* тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Ғалым зерттеулерінде көбінесе 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің тиімді екені байқалған.

Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, *кіріспе және қорытынды* бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт *сөйлесу бөлімінің* меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы оқу модулінің *барлық уақытына* есептелген оқу материалын *қысқаша* (10-20 минут ішінде) сызба, кесте, және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамыта отырып, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырады.

Жеке тұлға дегеніміз – қоғам мақсатына сай, ойлау-сөйлеу қабілетінің арқасында саналы әрекет, қарым-қатынас жасайтын, рухани құндылықтарды бойына жинаған, тәрбие, білім, мәдениет, дүниетаным, рухани зерделілік, мінез-құлық ерекшеліктерімен дараланатын адам [3, 77].

Автор өзінің еңбегінде: «егер *«жеке тұлға»* ұғымының мазмұнын талдап, түсінік беретін болсақ, біздің ойымызша, төмендегідей анықтама неғұрлым дәл келеді» дей отырып, Г.К.Селевко бойынша мынадай анықтама береді: «Жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән:

- адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
- өзіне және өзімен-өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі;
- іс жүзінде асырылып жүрген әлеуметтік рөлдер қызметінің жүйесі, мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы;
- айналадағы қоршаған әлемді және онда өзін-өзі жете түсінуі;
- қажеттілік жүйесі;
- шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы;
- сыртқы жағдайларға әсерінің жиынтығы және т.б. » (Г.К.Селевко) [2, 4].

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде танымдық үрдіс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Дәл осы бөлімде шағын топтарда оқушылардың өзара әрекет етуі арқылы тілдік орта құрылады. Біздің зерттеуіміз де оқушыларға аталған технология негізінде тілдік орта құрай отырып, тіл дамыту арқылы етістікті оқыту барысында оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру.

Осы тұрғыдан шағын топтарда оқушылардың өзара әрекет етуінің маңыздылығын ерекше атап өткіміз келеді.

Оқушылардың сабақтағы жұмысын ұйымдастырудың топтық формасын А.Е.Әбілқасымова өз еңбегінде ерекше атап өтеді [4, 27].

Топтардағы жұмыстардың ұйымдастыру технологиясы баса назар аударуды қажет етеді. Топтар негізінен өз бетінше жұмыс істейтіндіктен, оларды осыған үйрету керек. Жалпы нұсқау беріледі, арнайы естеліктер таратылады, алдын ала тапсырмалар дайындалады, топ жетекшілерімен алдын ала кеңес өткізіледі, мұғалім жекелеген топтардың жұмысына қатысады.

Оқушыларды сабақта оқытудың топтық түрі оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруды атқаратын мұғалімге жоғары талаптар қояды. Мұғалім тәртіпті жақсы иеленуі керек, оқушылардың топтық жұмысы үшін тапсырмаларды анықтау әдістерін жете меңгеруге, басты жағдайларды ажырата отырып, олардың жұмысын бағыттауға, оқытылатын материалдың ең бастысына назар аударуға, әр түрлі топтағы оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін қадағалауға міндетті.

Топтық басты белгілері, оның қызметінің элементтері және құру тәсілдері, мұғалім мен оқушының ролі өзара әрекеті кезінде оқушылардың тілін дамытуда өзіндік рол

атқарады. Сондықтан топтың нәтижелі жұмысы үшін оның ерекшеліктеріне етене назар аударған жөн.

Топтық жұмыс құрудың нәтижесінде аталған кемшіліктер негізінде нашар оқушылар материалды қиындықпен меңгереді, ал белсенділігі жоғары оқушылар қиынырақ, әр алуан тапсырмаларды қажет етеді.

Сонымен, топ формасының артықшылықтарымен қатар бірқатар кемшіліктерінің бар екендігін де атап өттік. Алайда ғалым оқытудың топтық формасын басқа да жекелей формамен сабақтасқанда ғана оң нәтижелерге алып келетіндігін баса айтады. Біз бұл кемшіліктердің орнын толықтыра алатын модульдік технологияның басқа да деңгейлік тапсырмаларымен, оқыта үйрету ойындары сияқты жекелей формаларымен сабақтастыруды ұсына аламыз.

А.Е.Әбілқасымова, М.М.Жанпейісова тәжірибелері көрсетіп отырғандай, қазақ тілі сабақтарында тілдік орта қалыптастыру, берілген қызметтерді орындау – жеткілікті қиын мәселе, жеке әдістемеден емес, оқу үрдісін ұйымдастыру тұтас жүйесіне айналдыруды орындаудағы шешім.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде оқушылардың танымдық қызметі *әрбіроқушының* әр сабақта үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын *тыңдау, жазу, көру және айту* мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке және жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар) қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын *қайта жаңғырту* және қарапайым *білік* пен *дағды* қалыптастыру мақсатында, кейіннен – алынған білімді *талдау, жинақтау* және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады.

3,4-сабақтардан бастап оқушыларға стандарт талаптарына сай сараланған тапсырмалар беріледі. Оқушылар тапсырмаларды өздері таңдайды, оларды қарапайымнан күрделіге қарай *кезең-кезеңімен* орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы *өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті*.

Автордың өзі көрсеткендей, оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы да бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткендей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте – 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ал психологтардың айтуынша, оқу материалын меңгеру оған 7 мәрте қайта оралып, пысықтағанда ғана жүзеге асады екен.

Технологияның оқу модулі үш құрылымды бөліктен тұратындығын атап өткен болатынбыз. Әсіресе оқушы белсенділігі мен қызығушылығы сөйлеу бөлімінде арта түседі. Өйткені оқу үрдісін жандандыру құралдарының ішінде ойын, ойын арқылы оқыту оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығына ең басты түрткі болып есептеледі.

Қазіргі уақытта педагогикада оқыту мен ойынды топтастыруға қадам жасалынуда, автор бұл жердегі сөз еңбек негізінде оларды қосу туралы болып отырғандығын атап өтеді [2, 18].

С.Ф.Занько, Ю.С.Тюнникова және С.М.Тюнниковалардың пікірінше, оқу және дидактикалық ойындардың айырмашылығы мынада: оқу ойындары формасы бойынша ойын, мазмұны бойынша - оқу, ал дидактикалық ойын мектептегі оқуды ұйымдастырудың қалыптасқан түрін тек толықтыру болып табылады.

Оқу ойыны – бұл оқуды ойын арқылы ұйымдастыру, яғни ойын әрекеті арқылы біртіндеп оқу әрекетіне көшу.

Ғалымның зерттеулері көрсеткен нәтиже бойынша, 4-11 класс оқушыларын оқыту үрдісінде оқу ойындарын қолдану жоғары нәтижелері байқалған. Ғалым ойындарды оқу модулінің сөйлесу бөлімінде қолдануға баса назар аударғандығын атап өтіп, негізінен оқыта үйрету ойындарын пайдаланғандығын көрсетеді. Өйткені олардың мазмұны баланың оқудағы еңбегі болып табылатындығын атап өтеді. Оқушылар ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен көбінесе жағымды эмоциялар алып,

қанағаттанады. Осыған орай, қазіргі кезең дидактикасы интерактивті оқыту формасы мен әдістерінің дәстүрлі оқытуда мынадай негізгі айырмашылықтарын атап көрсетеді:

оқушының танымдық қызметін міндетті түрде белсенді ету;

сабақта оқушының белсенділігін мүмкіндігінше ұзақ уақытқа көтеру;

оқушының проблемаларды шешу барысында жоғары деңгейде күш-жігер салуы;

оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың үздіксіз тура және кері байланыстың болуы;

мұғалім қызметінің менеджер, оқу үрдісін ұйымдастырушы, кеңесші рөліне ауысуы [2, 3-5].

Интерактивті әдістің дәстүрлі әдістерден артықшылығы оқушыны қозғалысқа түсіру, енжар тыңдаушы емес, белсенді, өз бетімен білім іздеуші талапкер қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Сүлейменова. Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудың тиімді әдістері // Қазақ тілі орыс мектептерінде. – 2003. - №5. – 108-113 б.

2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. (Аударған Д.А. Қойшыбекова) – Алматы, 2002. – 180 бет.

3. Б. Нұрсейітова. Оқушылардың жеке басының дамуын зерттеудегі психологиялық ойлар // Ұлағат. – 2005. – №3. – 77-81 б.

4. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы: SN, 2004. – 218 б.

ӘОЖ 51

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Г.Б. Әбен¹, С.Е. Касенов², С.Е. Совет¹, С.Қ. Қалдан¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Адамға қажетті білім көлемі тез өсіп келе жатқан қазіргі жағдайда белгілі бір білім мөлшерін игеру жеткіліксіз. Сондықтан оқушылардың математикаға деген қызығушылығын ояту және білімдерін өз бетінше толықтыра білу қажеттілігі туындайды.

Түйін сөздер: математика, интеграция, танымдық іс

Бұл білім берудегі қазіргі жағдаймен расталады. Өкінішке орай, соңғы уақытта қоғамдағы және ғылымдағы басымдықтар өзгеруде, гуманитарлық ғылымдар өсуде және нақты ғылымдарға қызығушылық төмендеуде. Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін мен өнімді әдістердің бірі – жоба әдісін қолдануды шештім. Бұл тақырыпқа, қосымша ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, мақсат қоюға, байқауға, салыстыруға, жалпылауға, қорытынды жасауға деген қызығушылықты дамытады. Жоба әдісі сұрақтардың сапасы мен саны ретінде көрінетін ізденіс және шығармашылық қызмет түрін қалыптастырады. Жоба әдісі оқушының позициясын өзгертуге мүмкіндік береді, оны білім беру процесінің субъектісі етеді. Бұл оқушылардың білімге деген қызығушылығын оятады және бұл білімді мектептен тыс нақты мәселелерді шешуге іс жүзінде қолдануға үйретеді. Жоба әдісі алғаш рет өткен ғасырдың 20-жылдарында АҚШ-та пайда болды. Ол сондай-ақ проблемалар әдісі деп аталды және ол американдық философ және ағартушы Дж. Дьюи, сондай-ақ оның шәкірті в.Х. Килпатрик зерттеді.

1. Жоба әдісін қолдану.

Жоба-бұл мәселе. Жоба әдісі зерттеуді қажет ететін мәселенің міндетті болуын қамтамасыз етеді. Бұл белгілі бір жолмен оқушылардың ұйымдастырылған іздеу, зерттеу қызметі. Бұл процесс оқушыларды бірлескен ізденіс-танымдық іс-әрекетке

ынталандыратын жағдай туғызу үшін жеткілікті технологиялық пысықталуы керек. Жоба әдісін қолдануға қойылатын негізгі талаптар:

Интеграцияланған білімді, оны шешу үшін зерттеуді қажет ететін, шығармашылық тұрғыдан маңызды мәселенің болуы.

Болжамды нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы.

Оқушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) жұмыстары

Жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып).

5 Зерттеу әдістерін қолдану: зерттеу міндеттерінен туындайтын мәселені анықтау, оларды шешу гипотезасын ұсыну, зерттеу әдістерін талқылау, түпкілікті нәтижелерді жобалау, алынған деректерді талдау, қорытындылау, түзету. Бірлескен зерттеу барысында "миға шабуыл" әдісін, "дөңгелек үстелді", статистикалық әдістерді, шығармашылық есептерді, презентацияларды қолдану[1].

2. Математика сабақтарында жобалау әдісімен жұмыс жүргізу. Қазіргі уақытта математиканы оқу біздің елімізде мектептегі білім беруді дамытудағы қиындықтарды айтпағанда, бірқатар ерекшеліктермен байланысты. Бірқатар мақалаларда айтылғандай, біз тіпті математикалық білім беру дағдарысы туралы айтуымыз керек. Оның себептеріне тоқталсақ ;

Қоғамдағы және ғылымдағы басымдықтардың өзгеруінде-қазіргі уақытта жалпы ғылымға деген қызығушылықтың күрт төмендеуі аясында гуманитарлық ғылымдар басымдығының өсуі байқалады;

Математикалық білім беру мазмұнының өмірден алшақтауында;

Сабақ өту барысында оқушылардың сезімдері мен эмоцияларына аз әсер етеді

Осы таңғажайып терең және заманауи мәлімдемелерде белгіленген негізгі ережелерді біріктіре отырып, ең маңыздысын қысқаша бөліп көрсетуге болады:

Математиканың оқу пәні ретіндегі рөлі тек жаратылыстану саласында ғана емес, жалпы мағынада да оқушылардың дүниетанымы мен шығармашылық ойлауын қалыптастыру тұрғысынан өте үлкен;

Мектепте математиканы оқу кезінде берік негіздері қалыптасатын білім нақты өмірге және күнделікті тәжірибеге мүмкіндігінше жақын болуы керек

Математиканы оқу оқушылар ғылымды тұрақты тарихи дамуда көретіндей және оны үйренгісі келетіндіктен, таным үдерісінен қанағат пен қуаныш сезінетіндей етіп жүзеге асырылуы тиіс;

Мектепте ғылымдарды, оның ішінде математиканы оқыту гуманитарлық сипатта болуы керек;

Мектепте математиканы оқытуды білім мен тәрбие процесін ұйымдастыратын және жүзеге асыратын оқушылар үшін әдепті және байқалмайтын педагогикалық зерттеулер жүргізуді қалайтын және білетін мұғалімдер жүзеге асыруы керек. Жобалар әдісі, оқушылардың жұмысын ұйымдастырудағы ынтымақтастық әдістемесі[2].

Сабақтарды дайындау және өткізу кезеңдерін, олардың қорытындыларын, оқушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдай отырып, келесі қорытындылар жасауға болады.

Жобалар әдісін, ынтымақтастық әдістерін жүзеге асыру математиканы зерттеуде өте перспективалы. Осы нысандардағы жұмыс оқушылардың шынайы қызығушылығын тудырады және дәстүрлі сабақтарға қарағанда тиімді.

Осындай сабақтарды дайындау және өткізу барысында мұғалім оқушыларда қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады. Кең ауқымды білімді өз бетінше алу және түсіну бойынша жаңа оқу дағдылары, жеке қасиеттері дамиды.

Жоба әдісін оқу процесінде әртүрлі кішігірім мәселелерді шешу үшін қолдануға болады, содан кейін оқушыларды алған білімдерін өз бетінше (қысқа мерзімді, сабақ шеңберінде) шығармашылықпен қолдануға үйрете отырып, шағын жобаларды жиі ұйымдастыруға болады[3].

Қорытындылай келе жоба әдісін кеңінен қолдануды ұсынамын. Себебі ол бір мәселені шешуде әр түрлі саладағы оқушылардың білімін жан-жақты түрде біріктіруге, алған білімдерін жаңа идеяларды қалыптастыра отырып, іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Колисникова, М.П. Горчакова Сибирская «Педагогическое проектирование» - М. Идательский центр «Академия», 2005г.
2. М.В.Величко «Проектная деятельность учащихся».- Волгоград, Издательство «Учитель», 2008г.
3. Н.С. Голицина, И.Б. Сеноновская «Проектный метод». Пособие для учителя. – М. Издательство «АРКТИ». 2006г.

ӘОЖ 37.013.42

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

М.С.Жанғозиева, Б.Дүйсеханова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде егеменді еліміздің ертеңі - өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен және тұлғалық дамуымен өлшенеді. «Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын»- деген болатын президентіміз Қ.К.Тоқаев халыққа кезекті жолдауында. Осыған орай білім берудің бастауыш білім беру сатысында баланың жеке тұлғасын дамыту және қалыптастыруды жаңа тұрғыдан қарап, білім, біліктерін дамыту көзделіп отыр. Кіші мектеп жасындағы балалардың бейімділіктері мен қабілеттерін есепке ала отырып, оқушы тұлғасын барынша даралау мақсатында іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру тұлғаға бағдарлы әсер етеді.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, философия, педагогика, ұлттық болмыс

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде көрсетілгендей, білім берудің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы. Осы қасиеттерді балалар бойында ерте бастан қалыптастыру мен дамыту білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда оқушыларды бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың басты міндеті. Сондықтан, бастауыш мектеп оқушыларының тұлғасын дамытуды жетілдіруге, оны жан-жақты дамытуға жол ашатын шарттарды айқындауға мүмкіндік беретін тиімді жолдарды анықтау ерекше маңызды болып отыр.

Тұлғаның дамуы жөніндегі проблемалар философия, педагогика, психология, әлеуметтану т.б ғылымдардың маңызды мәселесі болып қалып отыр. Біздің қоғамымызда тұлғаны жаңаша сипатта тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр.

Орта ғасырдың өзінде шығыс ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби тұлға дамуына оқыту мен тәрбиелеу үстінде қалыптасатын көптеген сапалар мен дүниетанымның күшті әсерін айтқан болатын.

Алғаш жеке тұлғаның құндылық бағдарының әлеуметтік-адамгершілік аспектісі мен ұлттық мәдениеттің жеке тұлға бойында қалыптасу мәселелері прогресшіл халық

ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, Ш.Әлжанов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтардың еңбектерінде айтылған.

Құндылықтардың әлеуметтік-адамгершілік маңызы туралы идеялардың дамуы Қ.Б.Бержанов, Қ.Б.Жарықбаев, Н.И.Ильминский, Б.Р.Айтмамбетова, Қ.Қ.Құнантаева, М.А.Құдайқұлов, А.И.Сембаев, А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Л.К.Керімов т.б. ой-пікірлерімен де тығыз байланысты.

Рухани құндылықтар құрамына тұлғалық (жалпыадамзаттық), қоғамдық (әлеуметтік мәнді) және мемлекеттік (ұлттық) құндылықтар алынады.

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелесек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын-нарға, қызын арға балап, татулықты абысындар арасынан тапқан, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Менің ойымша, сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз.

Ұлттық тәрбиемен тәрбиеленген бала қазіргі заманда өз ұлтының ерекшелігі мен құндылығын бойына сіңіріп өсуі тиіс. Ұлттық құндылыққа өткен ата-бабаларымыздың елі мен жері үшін жанамай жасаған ерліктері бейнеленген тарихты білу, сан ғасырдан бері келе жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тиімді пайдалану, жауһар халық ауыз әдебиеті мен өнегелі ұлт қайраткерлерінің халқы үшін жасаған күресі сынды ұмытылмас сезімдер жатады.

Оқушы тұлғасын ұлттық құндылықтар арқылы дамытуды сөз еткенде, олардың сан ғасырдан бері тәрбиелік мәнін жоймайкеле жатқан салт-дәстүрмен астасып, қоғамдық қарым-қатынаста дұрыс жол тауып, өзбеттерінше өмір сүре алуы, өзіндік пікірлері мен көзқарастарының қалыптасуы, қажетті білім мен дағдыны меңгеріп, болашақта ұлтымызға пайдалы іспен айналысу сияқты азаматтық позициясының болуы маңызды болып саналады.

Ұлт дәстүрі, салты, ділі, өнері, діні, мәдениеті, тілін, ырым-тиымдарын толық қамтитын құрмет пен қасиет. Жеке адамнан - отбасына, отбасынан-қоғамға, қоғамнан-мемлекетке әсерін тигізіп, дамып отыратын қасиет. Ұлттық құндылықтарда адам дүние есігін ашқаннан бастап, тал бесіктен, жер бесікке дейінгі өмір жолында салт-дәстүрлер, салт-жоралғылар мен тәрбие арқылы көрініс тауып адам бойына дариды. Бала тәрбиесі мен болашақ ұрпақ қамы мен ұлт тарихы үшін бойға сіңіріліп жаңғыртып отырады. Нәресте өмір есігін ашқаннан көріп өскен тәлім-тәрбиесі, «шілдеханадан» бастап, өмір бойы жасалынатын салт-жоралғылар арқылы адам өмірлеріне азық болар рухани нәрі.

Салт-дәстүр байлығы-мәдениеттің байлығы. Мысалы ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Халқымыз үшін ең маңызды құндылық, әрине, ұшы-қиыры жоқ ұлан-байтақ жеріміз, көрсе көз сүйсінер табиғатымыз. Осы қасиетті мекенді қорғап қалу үшін біздің ата-бабаларымыз қаншама қан мен тер төккені баршамызға мәлім. Осыны жас ұрпаққа аманаттап, аталарымыз осы киелі жерді жан ұшыра қызғыштай қорғап қалғандығын жастайынан бойына сіңіре білуіміз қажет. Сонда ғана олар елін, жерін қорғау – аса маңызды да абыройлы міндет екенін жақсы түсінеді.

Жеке тұлғаның өзіндік дамуына қоршаған орта мен тәрбие секілді сыртқы факторлар әсер етсе де, бұл факторлар оның ішкі дүниесіне оң әсер еткенде ғана жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыра аламыз.

Әрбір баланы белсенді қайраткер орнына қойып, оны баланың барлық күшін белсенді жұмсауға, іс-әрекеттегі баланың жеке тұлғаға сай өзгешелігін зерттеуге, жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын іс-әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру - осының бәрі баланың дамуының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ұлттық тәрбиенің басты қызметі.

Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазыналары қазіргі таңда халқымыздың болмысын басқа әлем халықтарының арасында ойып тұрып орын алғызып, ерекшелендіріп тұр. Бүгінгі таңда ұлтымыздың рухани байлықтарын көзіміздің қарашығындай сақтап, келешекке жеткіземіз керек. Тіліміз мен ділімізді, өмір дағдыларымызды кіршіксіз күйінде болашаққа мирас етіп қалдыру үшін әрқайсысымыз тамшыдай болса да үлес қосуымыз керек.

Қорыта айтқанда, болашақ иелері жас ұрпақты толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Бүгінгі жаңа ғасыр азаматы білімді де, білікті, өз халқын шексіз сүйетін, салт - дәстүрді дәріптейтін, жеке тұлға болып қалыптасуы тиіс. Олардың бойына біліммен қатар, отаншылдық рухты дарыту, тәлім-тәрбиенің қайнар бұлағынан дәйім сусындауы, имандылық, мейірім, адамгершілік, адалдық шуағын себу, ізгілікке жетелеу - уақыт талабы, біздің міндетіміз. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»- деген болатын Мағжан Жұмабаев.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» ҚР Президентінің Жолдауы Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2001.
2. Атемова Қ.Т. Оқушылар бойында гумандық қасиеттерді қалыптастырудағы отбасының ролі.- А., 2002.
3. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // «Ана тілі», 20 қазан, 2011.
4. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, 1997.

ӘОЖ 159.922.8

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ КӨРІНУІНЕ ӘСЕРІ

П.Е. Жарылгасова, А. Ақтанқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау,
Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада қазіргі кездегі заманауи техникалық құралдарды, ғаламторды жасөспірімдердің жиі қолдануы, олардың мінез-құлқының жағымсыз жақтарының көрінуіне әсер ететіні туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: жасөспірім мінез-құлқы, эмоция, агрессия, коммуникация, тұлға, әлеуметтік педагогика, психика.

Қазіргі кезде қоғамның ғаламтор жүйелерін және компьютерді т.б. техникалық құралдарды қарқынды жиі пайдаланылуға байланысты, жаһанданған ақпаратталудың тұлғаға қандай ықпал ететініне қатысты мәселелердің маңызы артуда. Аталмыш проблеманың әрқилы аспектілерін әлеуметтік педагогтар мен психологтар салыстырмалы түрде бұрыннан қарастыруда. Атап айтқанда, психолог О.Т.Тихомиров

және оның шәкірттері Л.Н.Бабанин, Ю.Д.Бабаева және көптеген басқа да ғалымдар адамның, соның ішінде жасөспірімнің компьютермен өзара әрекеттестігінен психикалық іс-әрекетіндегі құрылымдарымен функциялардағы өзгерістерді зерттеуде. Ол өзгерістер адамның танымдық, коммуникативті және тұлғалық аймақтарын қозғайды. Сонымен бірге, психологтар О.Н.Черемисина, Ю.Ф.Фомичева, А.Г.Шмелев, И.В.Бурмистров мақалаларында компьютермен өткізілген уақыт бұл – жасөспірімдердің психикасына, мінез-құлқына зиянды әсерін тигізіп, көңіл көтеруден басқа іс-әрекет түрлеріне ауыса алмау, айналасындағылардың алдында алданыш, артықшылық сезімі сияқты психопатологиялық симптомдарда көрініс беретін тәуелділікке алып келетінін айта кетеді. Жасөспірімнің эмоциялы сферасының кедейленуі сияқты қауіп те туындайды, өйткені жеңгісі келген ойыншы ойын барысында жеңілсе ашуланып, айналасындағы құбылыстарға салқынқандық танытады. Статистикалық талдау балалар мен жасөспірімдердің телеаудиторияның, аудиобейнелік медиатекстердің ең белсенді бөлігі мен көрушілері екенін көрсетіп отыр. «Балалар шамамен 2 жастан бастап теледидар көре бастайды. Қазіргі кезде балалар өз уақытының көптеген бөліктерін теледидардың алдында өткізетін көрінеді. Жасөспірім өсе келе біртіндеп, «ересектер» ортасына еруге тырысады. Бала шынайы өмірді білуге әрі түсінуге, ондағы құндылықтар мен мінез-құлық ережелерін қабылдауға талпынады. Жасөспірім әлеуметтік тәжірибені тек отбасы, көшеде ғана меңгеріп қоймайды, сонымен қатар теледидардың, кино мен компьютерлік ойындардың ықпалы өте зор болады. Әртүрлі әлеуметтік желілердегі ақпараттарда балалардың үлкендердің өмірі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер етеді, белгілі бір шындық бейнесін жасайды. Осы аталмыш қазіргі заманғы ақпарат көздері қалыптастыратын үлкендер өмірі туралы түсінік балалар кіретін шынайы өмірге қаншалықты сәйкес келеді? Бұлардың балаларға тек оң әсері ғана емес, теріс әсері де бар болса, онда балаларымыздың бойында қандай қасиеттер болады? - деген сұрақтар кімді болса да мазаламай қоймайды. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары материалдарына жасалған шолулар, медиазорлықтың, мәселен, қылмыстың өсуіне үлкен әсері бар екенін дәлелдеп отыр. Зорлықты насихаттау, әсіресе теледидардан, кино мен компьютерлік ойындардан анық байқалады. Әлеуметтік-педагогтар мен психологтар және эксперттер БАҚ-та зорлық-зомбылық көріністердің көрсетілуі мейірімсіздік пен қатыгездіктің өсуіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді. Соңғы жылдарда дүние жүзінде балаларға теледидар, әлеуметтік желінің, компьютерлік ойындардың тигізетін әсерін зерттеуге арналған мыңнастам зерттеулер жүргізілген. Зерттеулер дүние жүзінің көптеген елдерінде, әртүрлі нәсілдерге, ұлттар мен әлеуметтік топтарға жататын ер балалар мен қызбалалардың арасында жүргізілген. Бұған қарамай, зерттеу нәтижелері іс жүзінде бірдей болып шыққан: экрандағы агрессия балаларды адамдар және жансыз заттарға агрессивтіліктері арттыратыны секілді.

В.Ф.Петренко жүргізген зерттеулердің қатары виртуалды ойынды ойнаған жасөспірімдерде едәуір үлкен физиологиялық қозу, сондай-ақ агрессивті ойлардың көп мөлшері байқалатынын көрсетті. Қазіргі кезде жасөспірімдер мен тұтастай пайдаланушылардың компьютерлік технологияларды шамадан тыс қолдануының салдарынан мінез-құлықтарында байқалып отырған агрессивтілік пен жағымсыз әдеттердің көріністері мен тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда үйлесімді дамуының арасында қарама-қайшылықтардың туындауынан әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар төңірегінде мәселелер қозғалуда. Сондықтан компьютерлік ойындарға тәуелді жасөспірімдердің басындағы өзі байқамайтын қиындықтардан шығарудың жолдарын жан-жақты зерттеп, анықтау қажет болып отыр. Қазіргі таңда компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасай алатын, соның ішінде компьютерлік ойындарды ойнай алатын балалар мен жасөспірімдердің саны артуда. Сонымен бірге компьютерлендірудің балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік – педагогикалық жағынан дамуы мен психологиялық денсаулығына тигізетін жағымсыз ықпалы – компьютерлік тәуелділік орын алуда. Отбасында және мектепте жүйелі берілмеген тәрбие жасөспірімдерді көзсіз еліктеушілікке, құмарлыққа бой алдырушылыққа, нәпсісін тыя алмаушылыққа, ақырында өз тағдырын өз

қолымен құртатын келеңсіз оқиғаларға себепші болады. Зиянды дағдылардан баланы таяу білу, сақтандыру ата-ананың парызы. «Доп ойнаған тозар»-деп мәтелдеген халқымыз доптан бұрын ойынның құмарлығынан шыға алмай қалуды меңзеп айтқан сыңайлы. Жанға жеңіл қай нәрсені де соңына түсіп қуалай берсең, даналар айтқандай, «неге құмар болсан, соның азабын тартарың сөзсіз». Қай заманда да құмар ойындары адамзаттың қызығушылығын тудырып, адастырып, адамгершілік жолдан тайдыратынын сан дәлелдеген.

Компьютер ойындарының әсерінен адами тұлғасы дағдарысқа ұшырайды, тек ойын ғана оның жақын досына айналады. Сондықтан, өз жақындары мен достарына салқын тарта бастайды.

Компьютермен, ұялы телефондармен және планшеттермен ойнаған бала тек психикалық денсаулығынан айырылып ғана қоймайды, сонымен қатар денсаулығынан да айырылады. Уақытылы ұйықтамау, уақытылы тамақтанбау, үнемі ширығып жүру, сондай-ақ, күдік, үрей, қорқыныш, табалану мен қорлық сезімдері ұдайы алмасып жүйкені әлсіретеді, денсаулыққа нұқсан келтіреді. Мұндай балаларға ойыннан басқаның бәрі қызықсық, баланы шынайы өмірден алшақтатып. Олар үшін өмірдің мәні – ойын болады. Сондықтан да ойындардың құмарлыққа ұласпауын ата-аналар қадағалап, сақтану шараларын отбасынан бастаған жөн:

- баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру;
- баланы мектептен мектепке ауыстырғанда, балаға қолайсыздық туғызбайтын жағын қарастыру;
- ата-ана өз ісімен үлгі болу, пайдалы еңбекке, өнерге баулу;
- қызығушылығын спортқа, музыка, өнер үйренуге бөлу;
- музыка тыңдау, теледидар, компьютер алдында ұзақ отыратын уақытты азайту;
- үйде отырса болды деп, компьютерлік ойындарға беріліп кетуге жол бермеу;
- компьютерге, ұялы телефонға т.с.б. байланысты талаптарының бәрін орындай беруге тырыспау;
- ұтыс ойындарына қызықтыратындай әңгіме айтпау;
- лотерея сияқты ұтысқағаздарына әуестендірмеу.

Өткен ғасырдың 90 жж. компьютерлік ойындардың балаларға тигізетін ықпалын қарастырған американдық зерттеушілер М. Коул, Ш. Текл электрондық ойындарды «теңдесі жоқ тәрбиешілер» деп атаған. Компьютерлік ойындармен ұзақ уақыт үздіксіз шұғылдану жас өспірімдерде агрессиялық мінез-құлықты туғызады. Агрессивтілікті зерттеу жөніндегі әрқилы тұрғылардың талдамасы. Р. Бэрн мен Д. Ричардсонның көзқарастары бойынша агрессия: 1. нышандарға; 2. сыртқы стимулдармен белсендірілетін қажеттіліктерге; 3. танымдық және эмоциялы процестерге; 4. алдын алатын үйретумен үйлесімдікте өзекті әлеуметтік және эмоциялы жағдайларға байланысты туындайды.

Авторлардың ойынша кейбір компьютерлік ойындар агрессивті мінез-құлыққа, соғыс пен зорлықтың асыра бағалануына түрткі болады. Жас өспірімнің эмоциялы сферасының кедейленуі сияқты қауіп те бар. Осылайша жас өспірімдік шақ бұл – психикалық және физиологиялық қызметтердің қауырт дамуы, тұлғаның, өз әрекеттеріне деген жауапкершіліктің қалыптасуы, сондықтан бұл кезеңнің ерекшеліктері жас өспірімнің тұлғалық дамуында теріс көрініс беретін агрессивті мазасыз күйлер, компьютерлік ойындар мен технологиялар сияқты түрлі жағымсыз ықпалдардың әсерінде қалыптасады. Сол себептен жас өспірімді жағымсыз факторлардан, соның ішінде компьютерлік технологиялардың кең ауқымынан аластату ұмтылысы, ата-аналардың, мұғалімдердің немесе психологтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. - СПб, 1997. - 122 с.
- 2.Возрастная и педагогическая психология /Под ред.М.В.Гамезо. - М., 1994.-С.220-231.
- 3.Қбапаева М.Қ., Бапаева С.Т., Баймырзаева Ж Компьютерлік ойындардың жасөспірімдердің мінез-құлықтарына зиянды әсері. Республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық журнал «Жантану мәселелері», 2018 ж. № 3 26-31 бб.

УДК 34.01

ОТ ЦИФРОВОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА К ЦИФРОВОМУ УПРАВЛЕНИЮ

А.Қ. Замзан, Г.А.Саймагамбетова

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан

Аннотация. В этой статье основное внимание уделяется проблеме знаний в экономике путем обсуждения ее текущего состояния в свете цифровизации. Эта проблема подчеркивает парадокс отсутствия необходимых знаний для принятия экономических решений, но делает вид, что обладает ими, и действует, тем самым ставя под сомнение легитимность принятия государственных решений и их влияние на экономику. Текущие технологические разработки бросают вызов этой проблеме. Когда речь идет о влиянии больших данных на природу знаний и связанные с ними процессы принятия решений, им пренебрегают, и легко думать, что большие данные решают эту проблему. Этот пробел в исследованиях оценивается путем повторного обращения к проблеме знаний и оценки того, может ли проблема знаний оставаться актуальной в цифровую эпоху. Проблема цифрового управления широко освещалась в литературе с точки зрения технических возможностей. Однако основная проблема не техническая, а скорее в том, как создать структуры управления, чтобы вовлечь людей в процессы принятия решений и при этом не попасть в ловушку проблемы знаний. Устойчивый переход от цифрового правительства к цифровому управлению — это переход от технической структуры к множеству процессов на разных уровнях, и эти процессы имеют свои пределы.

Ключевые слова: цифровое правительство; цифровое управление; знания; цифровизация; управление;

По состоянию на январь 2019 года насчитывается 5,11 уникальных мобильных пользователей, 4,39 миллиарда уникальных пользователей Интернета и 3,48 миллиарда пользователей социальных сетей, и эта тенденция растет. В то же время происходит переход от нехватки информации к избытку информации, что можно наблюдать, если бросить беглый взгляд на изобилие контента, публикуемого и повторно публикуемого в социальных сетях, — феномен, описанный Элвином Тоффлером термином «информационная перегрузка». Эта информационная перегрузка и связанные с ней проблемы для фирм и научных исследований привели к появлению науки о данных и специалистов по данным. Эта перегрузка также касается правительств и их взаимодействия с цифровой сферой. Правительства пытаются решить эту проблему, используя большие наборы данных по различным темам. Правительства Соединенных Штатов Америки, Соединенного Королевства и большинства членов Европейского союза уже сотрудничают с IBM для обработки больших данных при разработке политики, и особенно такие страны, как Южная Корея, Сингапур и Япония, уже начали свои инициативы по сбору и анализу больших данных. Большие данные от государственных учреждений и агентств для разработки политики. С появлением новых технологий, позволяющих обрабатывать

данные в больших объемах, на разных скоростях, у правительств появляется новый инструмент для формулирования своей политики и удовлетворения потребностей своих граждан. Часто полагаясь на большие и сложные наборы данных для принятия политических мер, правительства могут быть не только ограничены технологическими ограничениями и ошибками ложных причинно-следственных связей, но и могут вмешиваться в порядок свободного рынка в гораздо большей степени, чем «аналоговые» центральные планировщики. В этом контексте влияние цифровых правительств на людей может быть как проклятием, так и благословением: оно может быть благословением, потому что благодаря цифровизации люди могут иметь больше возможностей для прямого изменения государственной политики. Цифровизация может помочь предпринимателям создать и вести бизнес с гораздо меньшей бюрократией и практически без бумажной работы. Цифровизация также позволяет правительствам принимать политические меры в отношении общественного здравоохранения, климата, дорожного движения и аналогичных вопросов, имея в своем распоряжении больше данных; кроме того, цифровизация может сделать возможным персонализацию услуг и повышение прозрачности. Тем не менее, это также может быть проклятием из-за того, что оно предлагает правительствам более широкое и более сжатое пространство, чем до появления цифровых технологий, для наблюдения за гражданами и вмешательства в их жизнь, решения и свободный рыночный порядок, которые формируются их индивидуальной волей. Оцифрованные государственные услуги могут по-прежнему быть неэффективными, а безопасность данных может стать серьезной проблемой.

Основная проблема, с которой правительства сталкиваются при удовлетворении потребностей своих граждан, — это проблема знаний, т. е. попытка притвориться, что у них есть знания о предпочтениях людей, но на самом деле они ими не обладают. Хайек указывает на тот факт, что «данные», с которых начинаются экономические расчеты, никогда не «даны» для всего общества одному-единственному уму, который мог бы проработать выводы, и никогда не могут быть даны таким образом». Это проблема, потому что «(...) при изучении таких сложных явлений, как рынок, которые зависят от действий многих людей, все обстоятельства, которые будут определять исход процесса, (...) вряд ли когда-либо будут выявлены. полностью известным или измеримым». Другими словами, то, что Хайек называл «научным» отношением (которое «явно ненаучно в истинном смысле этого слова, поскольку предполагает механическое и некритическое применение мыслительных привычек к областям, отличным от тех, которые в которые они были сформированы », представляет собой проблематичный вопрос для процессов принятия решений правительствами просто потому, что они делаются со знанием, которым правительство претендует обладать. Этот вопрос был в повестке дня экономической науки в течение длительного времени, и дебаты были организованы вокруг две стороны, поддерживающие либо централизованно планируемую экономику, либо экономику свободного рынка. Несмотря на проблему знаний, интересующий вопрос о влиянии цифровизации с точки зрения правительства не простой бинарный вопрос «стоп» или «идти», а скорее то, как процесс цифрового правительства может быть сформирован для удовлетворения человеческих потребностей, не попадая в ловушку проблемы знаний. В этом исследовании автор стремится вновь обратиться к проблеме знаний в контексте новых разработок и вызовов в цифровом правительстве. Вопрос исследования формулируется следующим образом: каково состояние проблемы знаний в цифровую эпоху, особенно с учетом цифрового управления. как процесс, охватывающий демократию, бизнес и государственные структуры?

Проблема знаний (The Knowledge Problem) и цифровое управление

Далее мы сосредоточимся на предложениях Хайека в «Притворстве знания» и зададимся вопросом, остаются ли эти утверждения в силе или цифровое стирание решает проблему знания. Насколько известно автору, нет статей, непосредственно затрагивающих этот вопрос. Однако интерпретации проблемы знания в различных контекстах оставались в

повестке дня австрийской/эволюционной экономической школы мысли. Вклады Риццо и Уитмена, Паскуале, Кирцнера и Леманн-Ваффеншмидта и Эркута представляют собой четыре соответствующих подхода, в которых обсуждалась проблема знания. Паскуале анализирует проблему знаний, указывая на тот факт, что мы живем в новую эпоху централизованного планирования, когда крупные корпорации собирают большие данные, чтобы различными способами влиять на жизнь людей. Автор сосредотачивается на различных взглядах на отношения между властью и крупными технологическими корпорациями и утверждает, что закон может действовать как способ уравнивания и нейтрализации власти этих крупных корпораций, когда и где это необходимо. Кирцнер вновь обращается к проблеме знаний, описанной в работе, утверждая, что использование рассредоточенных знаний наиболее эффективным образом не может быть преобразовано в проблему нахождения наиболее эффективного распределения в обществе — это означает, что общественное планирование не способно решить проблему Хайека с помощью своих методов. сам характер, поскольку он может только повредить спонтанным рыночным силам, способным решить проблему знаний. Риццо и Уитмен сосредотачиваются на проблеме легитимности новых патерналистских вмешательств. Аргументация, которую предлагают авторы, в чем-то похожа на контекст цифровизации и цифрового управления. Авторы утверждают, что патерналистское формирование политики не может решить проблему знаний, потому что политики в этом случае не обладают «всей необходимой информацией об истинных предпочтениях людей, их когнитивных предубеждениях и контекстах выбора, в которых они проявляют себя»; таким образом, патерналистское вмешательство в свободный рынок может привести даже к худшим результатам, чем результаты рыночных процессов без вмешательства. проблема не решается подталкиванием. Тем не менее, авторы приходят к выводу, что две области, которые обещают сблизиться, - это использование субъективного благополучия людей в качестве соответствующей установки целей и использование подталкивания в качестве инструмента самоуправления. Более пристальный взгляд на эти подходы показывает, что проблема знания понимается в формулировке Хайека; поэтому вклад Чена и Се остается полезным источником для определения основных проблем цифрового правительства и сравнения их с предложениями Хайека.

Первое положение Хайека состоит в том, что экономическая наука не может наблюдать и измерять все, что относится к делу. Может случиться так, что что-то измеримое может быть неважным, и в то же время что-то неизмеримое может быть важным. Поэтому интересующий нас вопрос сводится к тому, можем ли мы наблюдать и измерять все важное. Знания ученых по этим вопросам, безусловно, ограничены, и, в отличие от физики, не существует общего закона экономики, который бы говорил, какие переменные подлежат измерению и как их можно измерить.

Второе положение состоит в том, что экономисты не могут дать конкретных результатов по проблеме организованной сложности в экономике. В рамках проблем, выявленных Ченом и Се для больших данных в цифровом управлении, можно сказать, что спрос на внедрение больших данных по-прежнему создает ограничения для этой проблемы. Не хватает не только специалистов по обработке и анализу данных, но и технологий для анализа больших данных, а также ресурсов для приобретения как ученых, так и технологий. Проблема заключается не только в этом, но и в том, что экономисты могут притворяться, что обладают знаниями, даже не измеряя их на основе теорий, поскольку отношение тех, кто занимается научными исследованиями, также различается в отношении больших данных. Китчин различает разные подходы ученых к большим данным. Ученые-эмпирики разделяют мнение о том, что большие данные заменяют исследования, основанные на теории, в то время как ученые-парадигматики считают, что большие данные меняют цели научных исследований, но не заменяют теории или анализ, основанный на теории. Ученые, ориентированные на данные, идут по пути, отличному от этих двух категорий, и поддерживают мнение, что большие данные позволяют делать теоретические выводы из

эмпирически наблюдаемых явлений в больших масштабах. То, что Хайек описал как «уверенность в безграничной силе науки», сегодня является еще более важной нитью для притворства проблемы знания, поскольку измерение и моделирование данных без теории набирает скорость.

Третье положение Хайека состоит в том, что релевантную информацию невозможно собрать. Одной из центральных проблем в качестве ограничения остается эпистемическая непрозрачность. Кроме того, появление Интернета вещей остается шагом в измерении данных от всего, что имеет выключатель; но, как уже говорилось, поскольку экономика представляет собой организованную сложную систему, необходимо измерять не только части, составляющие систему, но и их отношения — и то, как они воспринимают информацию для получения знаний, — и убедиться, что то, что было проанализировано и смоделировано, не является случайным сциентистским отношением. Поскольку это невозможно, и многие специалисты по данным не стремятся к значимости или какой-либо проверке модели, третье предложение также остается неизменным в цифровую эпоху. Кроме того, то, что называется проблемами управления большими данными (культура принятия решений на основе данных и интеграция источников данных), остается дополнительными ограничениями в отношении этого третьего предложения.

Цифровая сфера — это еще одна область, которая предлагает экономистам и экономистам создать пространство для государственного вмешательства. Переход от цифрового правительства как базовой электронной структуры для цифровизации государственных услуг к цифровому управлению как процессу многоуровневого управления, охватывающего демократию, бизнес и государственную структуру, представляется проблематичным с точки зрения проблемы знаний. Вопрос о том, могут ли новые или появляющиеся технологии решить эту основную, но, тем не менее, центральную проблему знания, остается открытым.

Заключительные замечания и будущие исследования

Цифровое управление как процесс состоит из разработки и использования цифрового правительства, вопросов цифрового бизнеса и цифровой демократии — этот многогранный процесс выходит за рамки простой концепции предоставления государственных услуг в цифровом виде. Он пытается изменить характер создания и ведения бизнеса, а также демократическое представительство людей. Тем не менее, этот процесс имеет свои пределы. Ограничения цифрового управления могут показаться ограничениями, известными еще с доцифровой эпохи; однако тот факт, что цифровое управление связано с интеграцией до сих пор разделенных цифрового, физического и биотехнологического секторов генерации знаний, означает появление новых ограничений и новых проблем для цифрового управления, независимо от того, насколько «благонамеренно» действует правительство.

Обращение к проблеме знаний в экономике с учетом последних технологических разработок показывает, что проблема «притворства знания» существует по-прежнему; но потенциальное пространство для вмешательства правительств значительно расширилось благодаря интеграции ранее разделенных цифровых, физических и биотехнологических секторов генерации знаний. Это проблема, связанная со злоупотреблением правительствами большими данными, чтобы представить свои собственные цели как волю людей. Автор признает, что не все правительства могут действовать таким образом; но совершенно очевидно, что цифровизация дает правительствам возможность злоупотреблять большими данными для выработки собственной повестки дня. Проблема знания существует по-прежнему, и новые технологические разработки связаны эпистемическим статусом программ, которые, в свою очередь, ограничены ограниченными возможностями человеческого знания. Тем не менее, это наблюдение не означает «остановиться» или «идти» в отношении цифрового правительства. Напротив, знание и понимание ограничений цифрового правительства может помочь лицам, принимающим решения, соответствующим образом скорректировать свою политику. Цифровое

управление может помочь улучшить права человека, прозрачность государственных организаций, снизить кумовство и коррупцию, а также перевести процессы принятия политических решений из аналоговых в цифровые; но в своем нынешнем виде он не может решить проблему знаний в экономике. Это правда, что снижение агентских и транзакционных издержек и использование сетевых внешних факторов применимы к цифровому управлению, но каждая попытка цифрового управления должна соответствующим образом корректировать свои собственные процессы, учитывая свои ограничения. Поэтому будущие исследования могут быть сосредоточены на том, как цифровизацию можно использовать для прямой демократии, рассматривая проблемы цифрового правительства и определяя, какие аспекты люди считают проблематичными при рассмотрении перехода к цифровой демократии.

ЛИТЕРАТУРА

Datareportal Digital 2019: Global Digital Overview. Available online: <https://datareportal.com/reports/digital-2019-global-digital->

Toffler, A. Future Shock; Bantam Books: New York, NY, USA, 1970.

Bertot, J.C.; Choi, H. Big data and e-government. In Proceedings of the 14th Annual International Conference on Digital Government Research—dg.o '13, Amman, Jordan, 17–18 May 2017; ACM Press: New York, NY, USA, 2013;

Kim, G.-H.; Trimi, S.; Chung, J.-H. Big-data applications in the government sector. Commun. ACM 2014

Chen, Y.-C.; Hsieh, T.-C. Big Data for Digital Government. Int. J. Public Adm. Digit. Age 2014

8. Von Hayek, F.A. The Counterrevolution of Science; The Free Press: Glencoe, IL, USA, 1952.

9. Дхолакия, Н.; Дхолакия, Р.Р.; Парк, М. Интернет и электронные рынки: экономическая основа для понимания инфраструктуры, формирующей рынок. В глобальной электронной коммерции и онлайн-маркетинге: наблюдение за эволюцией; Дхолакия, Н., Фриц, В., Дхолакия, Р.Р., Мундорф, Н., ред.; Кворум: Вестпорт, Коннектикут, США, 2002;

10. Витт, У.; Зеллнер, К. Как устойчивые организации адаптируются для обеспечения устойчивой передачи знаний. Экон. Инновации. Новые технологии. 2009.

ӘОЖ 372.853

АКТ КӨМЕГІМЕН STEM ФОРМАТЫНДА ХИМИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУ

Ә.Қ.Оңғарбаева, М.М. Ибраева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ,Қазақстан

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты-химия пәнінің мұғалімі ретінде жұмысты жүйелеу, ауылдық жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарында химияны оқыту шеңберінде жиі қолданылатын АКТ құралдарын анықтау, химияны оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін көрсету.

Түйін сөздер: АКТ, STEM, химия, виртуалды зертхана

Жұмыс барысында тақырып бойынша тапсырмаларды қолдану:"білім беру процесінде АКТ қолдану" теориясын зерттеу;химияны оқытуда АКТ қолдану мүмкіндіктерін ашу;сабақтың әртүрлі кезеңдерінде оларды жүзеге асыру үшін АКТ

құралдарын жүйелеу. АКТ-ны қолданатын сабақтар классикалық оқыту жүйесінен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл айырмашылық мұғалімнің рөлін өзгертуден тұрады: ол енді білімнің негізгі көзі емес, оның қызметі кеңес беру нұсқаулығына дейін азаяды. Бұл виртуалды химиялық зертханаларды, Интернетті, жаңа оқыту құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұғалімнің міндеті-бұл құралдарды оқу материалының мазмұнына, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ оқушылардың компьютерді пайдалану қабілетіне сәйкес таңдау.

Менің педагогикалық қызметімнің мақсаты - STEM тәсілін қолдану арқылы оқу пәніне деген ынтаны арттыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

Химия сабақтарында интерактивті модульдерді қолдану

STEM білім берудің тағы бір интерактивті модульдерді қолдану тәсілі болып табылады. Интерактивті Модульдер ақпараттың нақты құрылымымен, материалдардың оңтайландырылған көлемімен, оқшаулануымен, мазмұнның өзін-өзі қамтамасыз етуімен және жақсы көрінуімен сипатталады.

Информатика пәнінің ең негізгі ұғымдарының бірі-алгоритм ұғымы. Алгоритм – рет-ретімен орындалатын командалар тізбегі деген мағына береді. Программалау барысында берілген есептің алгоритмін табу, яғни компьютерге, есепті орындау үшін орындалуы керек, командалардың ретін көрсету қажет. Есептердің математикалық моделін құру қажеттілігі де осында. Өйткені математиканың барлық есептері оңай алгоритмделеді. Сол үшін программалаумен айналысатын әрбір оқушыға терең математикалық білімді меңгеру талап етіледі.

Оқушыларды олимпиадаға дайындау кезеңі өте күрделі. Дайындалатын оқушының білімін жетілдірумен бірге, оның моральдық-психологиялық жағдайына да мән беру қажет. Программалау бойынша оқушыларды дайындауда тағы бір ерекшелік, оқушы шығарған әрбір есебін компьютерде тексеріп көруі керек. Сонда оқушының алған теориялық білімі практикалық білімімен ұштасады.

Оқушылардың программалау бойынша дайындауда төмендегі екі факторға ерекше мән беру керек, оқушыға терең алгоритмдік ойлауды қалыптастырумен бірге оқушының бір программалау тілін (Паскаль, Delphi, C++. Python және т.б.) жете меңгеруін қамтамасыз ету қажет.

Осы бағыттағы жұмысты келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1. Оқушылар арасынан математикаға қабілетті, логикалық ойлауы бар оқушыларды таңдау;

2. Таңдалған оқушының алгоритмдік ойлау қабілетін қалыптастыру;

3. Оқушыға компьютерді меңгерту;

4. Оқушыға программалау тілін үйрету.

Олимпиадаға дайындық үшін алынатын оқушыларды 5-6 сынып оқушыларының ішінен таңдаған дұрыс. Біріншіден, бұл сынып оқушыларында білімге деген құштарлық жоғары болса, екіншіден, мұғалім оқушыны олимпиадаға 7-8 сыныптан бастап қатыстыру арқылы, оқушының мол тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Сонда оқушы олимпиадаға 3 рет қатысудың орнына 4-5 рет қатысып, білім деңгейін толық көрсетуге мүмкіндік алады. Үшіншіден, мұғалім оқушыны 5-6 жыл үздіксіз дайындау арқылы оқушының пәнді жан-жақты меңгеруіне ықпал жасайды.

1-кезеңде оқушылармен төмендегідей жұмыстар өткізіледі:

- оқушылармен информатика пәні, оның алға қойған мақсаттары мен бағыттары жайлы сұхбат өткізу;

- пәнге қызығушылық танытқан оқушыларды жинап, тест жұмысын алу арқылы олардың қабілетін тексеру;

- тест жұмысын ойдағыдай тапсырған оқушыларды, сұхбат өткізу арқылы олардың ішінен математикаға қабілетті, алгоритмдік және логикалық ойлауы бар оқушыларды таңдау.

2-кезеңде оқушылардың жалпы логикалық қабілетін дамыту мақсат етіп алынады. Бұл кезеңде оқушыларға түрлі тапсырмалар, есептер беріледі. Есептердің негізгі мазмұны оқушылардың ойлау қабілетін дамытатындай болуы қажет.

Сонымен, олимпиада кезінде оқушыға тиісті негізгі талап мынадай: тапсырманың қойылуы және орындауға қажетті шарттар оның текстінде көрсетіледі де әр оқушыға таратылып беріледі. Оқушының мақсаты, тапсырманың қойылуына сәйкес берілген шарттарды орындайтын программа жазу. Ал, программаның функциясы: берілгендер файлындағы тексті оқу; ондағы қажетті мәліметтерді алу; қойылған тапсырманы орындау; тапсырманың нәтижесін аты белгілі нәтижелік файлға жазу.

Демек, оқушының информатикалық білім деңгейін анықтау барысында оның логикалық талдауы мен компьютерлік сауаттылығы, яғни, оның программалау тілін меңгере отырып, қойылған мәселені шеше алатындай программа жасай алуы, файлдармен жұмыс істей алуы және де өздері таңдап алған программалау тілінің трансляторын қолдана білуі қатар тексеріледі.

Жалпы алғанда, мектеп программасында берілгендер қоры мен файлдармен жұмыс істеу, яғни файлды құру, ашу, жабу сияқты мәліметтер қарастырылмағанымен, олардың қарапайым түрлерін меңгеру оқушыға қиын соқпайды. Олай болса, алдымен файлды құру, ашу және жабу мәселелеріне тоқталып өтелік. Ол үшін жалпыға бірдей түсінікті ету мақсатында қарапайым Pascal (Си) тілінде яғни, Free Pascal (Dev C++) компиляторын пайдалана отырып түсіндіріледі.

Олимпиадалық тапсырмаларды орындау барысында негізінен үш түрлі файлдармен жұмыс жүргізіледі: енгізу файлы (текстік файл), жұмысшы файл (программа), нәтижелік файл (текстік файл).

Алғашқы мәліметтер жазылған, яғни енгізу файлы (тестік файл) текст түрінде құрылады. Оның алгоритмі:

1. Контестілі мәзір => Құру => Текстік құжат

2. Файл аты (input.txt)

3. Мәліметтерді ендіру

4. Файл => Сақтау

Программада берілгендер файлын ашып, ондағы қажетті мәліметтерді оқу үшін:

Pascal тілінде:

Assign(f, 'input.txt'); { f - файлдық айнымалыға 'input.txt' -

```
дискілік файл атын тағайындау }
Reset(f); {оқу үшін файлды ашу}
Readln(f,v); {файлдағы мәліметтерді v- айнымалысына енгізу}
```

```
...
Ситілінде:
#include <stdio.h>
long a,b;
int main(){
freopen("input.txt","r",stdin);
scanf("%ld%ld",&a,&b);
...

```

Ал, программа нәтижесін шығыс файлына жазу үшін келесі операторлар пайдаланылады:

```
Pascal тілінде:
Assign(f1 'output.txt'); {f-файлдықайнымалыға 'output.txt'-
дискілікфайлатынтағайындау}
Rewrite(f1); {жазуүшінфайлдыашу}
Writeln(f1,v1); {v1-нәтижелікмәліметтердіфайлғажазу}
Close(f1); {файлдыжабу}

```

```
Ситілінде:
#include <stdio.h>
long a,b;
int main(){
freopen("output.txt","w",stdout);
printf("%ld",v1);
return 0;
}

```

Міне, осы іс-әрекеттер көмегімен оқушыларды файлдармен жұмыс істеу мүмкіндігі жасалынады. Бұл оқушыларды информатика пәнінен олимпиадаға дайындаудың алғашқы қадамы.

Содан кейін оқушыларды берілген тапсырма моделін құрып, оны логикалық талдау жұмысына дағдыландыру мақсатында түрлі тапсырмалардың орындалуын талап етіледі.

Олимпиада есептеріне талдау

Программалау техникасын меңгеру тақырыптары:

- Программалау тілдерінің негізі (Паскаль, Си)
- Қарапайым берілгендердің типтері оның өлшемдері. Айнымалылар. Сызықтық программалар. Шартты операторлар. Циклдер. Процедуралар және функциялар;
- Күрделі берілгендер типтерімен (массивтер, қатарлар, жазбалар, нұсқаулар, файлдар) танысу;
 - Массивтер. Бір өлшемді массивтер. Екі өлшемді массивтер(матрицалар). Көп өлшемді массивтер, Массивтерді реттеу және іздеу алгоритмдерін меңгеру;
 - Қатарлар. Лексикалық және синтаксистік талдау элементтері. Қатарларман жүргізілетін операциялар. Лексем, әртүрлі типтегі лексемдер. Қатардан санды бөліп алу.
 - Файлдармен жұмыс істеу. Тестік файлға жазу және оқу. Файлдан алынған деректерді керекті құрылымға өзгерту. Типтік файлдармен жұмыс істеу. Типтік емес файлдар. Енгізуді буферлеу.
 - Рекурсия. Рекурсия ретінде берілетін математикалық функциялар. Алгоритмдерде рекурсияны қолдану білу. Рекурсиялық ішкі программаларға мысалдар. Итерация рекурсиясын ауыстыру.

- Комбинаторика элементтері.
- "Ұзын" арифметика. Стандартты типте сыймайтын сандарды сақтау. Тізіммен жұмыс істеу. "Ұзын" сандармен жұмыс істейтін арифметикалық операциялар.
- Динамикалық бағдарламалаудың принциптерін меңгеру. Динамикалық жадыда ақпаратты сақтау. Сызықтық тізімде берілгендерді сақтау. Екі байланысты тізімдер. Стек, шеңбер, кезек жайлы түсініктер. Үлкен массивтерді сақтау.
- Есептерді шешу алгориті, әдісі және принципі. Күрделі алгоритм жайлы түсінік. Күрделілігін анықтау. P және NP кластарындағы есептер. NP-толық есептер.
- Іздеу және реттеу алгоритмдері. Реттелмеген массивтен элементті іздеу. Кілт бойынша реттелген массивтен элементті іздеу. Фибоначчи әдісі бойынша іздеу. N- өлшемді реттелген массивте элементті іздеу. Реттеудің қарапайым алгоритмдері. Тез реттеу алгоритмдері
- Нұсқаларды іріктеу әдісі арқылы есептерді шешу. Жиындардың орны ауыстыру, сәйкестендіру, орналастыру. Нұсқаларды бөліп алу. Шекара және тармақ әдісі.
- Есептеу геометриясының алгоритмдерін меңгеру. Есептеу геометриясы және сандық әдістер. Кесіндінің ұзындығы. Түзу теңдеуі. Түзулердің қилысу нүктесі. Жазықтықтағы фигураға нүктенің жатуы. Дөңес көпбұрыштың ауданы. Теңдеулер жүйесін шешетін теңдеулер жүйесі.
- Графтар жайлы алгоритмдерді үйрену;

Олимпиадалық есептердің мысалдары

Шеңбер

Енгізу файлының аты: **A.in**

Шығару файлының аты: **A. Out**

Есептің жауабы файлының аты: **A. pas**

Уақыт шектеу: **2 секунд**

Жадыға шектеу: **64 мегабайт**

Шеңберде бірдей қашықтықта N нүктелер белгіленген, олар қарсы сағаттық тілдің бүтін сандармен 1-ден N-ға нөмірленген. Сіздерге осы шеңбердің бірнеше қос хордалар берілген, хорданың ұштары сол нүктелер болады. Әрбір хордалар үшін анықтаңыздар, олар қиылып кетеді ме, немесе қиылымайды (сүйкелмейген хордалар қиылған деп саналады).

Мәліметтерді енгізу форматы

Кіріс файлдағы бірінші жолында екі бүтін сан тұрады: N және K ($1 \leq N \leq 10^9$, $1 \leq K \leq 100$). Келесі K жолда 4 бүтін сан тұрады: A_1, B_1, A_2, B_2 - бірінші хорданын (A_1, B_1) және екінші хорданын (A_2, B_2) нүктелерінің нөмірлері. Жолдағы сандар пробел арқылы бөлінген.

Мәліметтерді шығару форматты

Шығыс файлға әрбір қос хордалың үшін бір жол жазылу керек- YES, егер хордалар қиылып кетеді, немесе No егер хордалар қиылыспайды.

Мысал

A.in	A.out
4 3	YES
1 3 2 4	NO
1 2 3 4	YES
1 2 3 2	

```
uses crt;
var e,w,q,i,j,k,l,m,n:longint;
    a:array[1..4,1..100]of longint;
b:boolean;
function min(var i,j:longint):longint;
```

```

begin
  if(i<j)then min:=i else min:=j;
end;
function max(var i,j:longint):longint;
begin

  if(i<j)then max:=j else max:=i;
end;
begin
assign(input,'a.in');reset(input);
assign(output,'a.out');rewrite(output);

readln(n,k);
for i:=1 to k do readln(a[1,i],a[2,i],a[3,i],a[4,i]);
for i:=1 to k do begin
  if(a[1,i]=a[3,i])or(a[2,i]=a[4,i])then writeln('YES')else begin
b:=false;
q:=abs(a[1,i]-a[2,i]);
  if(q<=n-q)then begin
    for l:=min(a[1,i],a[2,i])to max(a[1,i],a[2,i])do begin
      for j:=max(a[3,i],a[4,i])downto min(a[3,i],a[4,i])do
        if(l=j)then begin
b:=true;
          writeln('YES');
          break;
        end;
      if b then break;
    end;
    if(not b)then writeln('NO');
  end else begin
e:=max(a[1,i],a[2,i]);
w:=max(a[3,i],a[4,i]);
    b:=false;
    for l:=min(a[1,i],a[2,i])to max(a[1,i],a[2,i])do begin
      if(e=n+1)then e:=1 else inc(e);
      for j:=min(a[3,i],a[4,i])to max(a[3,i],a[4,i])do
        begin
          w:=w-1;
        end;
      if(e=w)then begin
b:=true;
        writeln('YES');
        break;
      end; end;
      if b then break;
    end;
    if not b then begin writeln('NO');end;
  end;
end; end;
close(input);close(output);
end.

```

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Б. Даулеткулов “Олимпиады по информатике”. Алматы, РНПЦ “Дарын”-1999.
2. А.Л. Брудно, Л.И. Каплан “Московские олимпиады по программированию”, М. “Наука”, 1990.
3. Культин Н.Б. С/С++ в задачах и примерах. - СПб.: БХВ-Петербург, 2001. - 288 б.

ӘОЖ 004

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІН САБАҚТАРДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Г.У. Урбисина, М. Койчибаева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің бірі сыни тұрғысынан ойлау технологиясы қарастырылады.

Түйін сөздер: Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады.

Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.

Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWST Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті [1,126].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [1,126].

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты

дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?
- маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау- өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

I. Қызығушылығын ояту(«көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шындалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) — Реализация– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады)- Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Құрылым былай болуы да мүмкін: ER (ERR) R. Бұдан шығатын тұжырым: сабақ кезеңі тізбектей ғана емес, айналмалы циклді құрылым. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса; оқушы мұғалім білім.

Сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші.

мұғалім оқушы білім

СТО мен дәстүрлі сабақтарды салыстырсақ:

<i>СТО сабақтарда</i>	<i>Дәстүрлі сабақтарда</i>
Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жұмысты жақсы ұйымдастырады.	Оқушы бірден жұмысқа кірісіп кетпейді.
Өз беттерімен жұмыс істеу қабілеттері, белсенділіктері басым.	Белсенділік орташа, мұғалімнің көмегін керек етеді.
Шығармашылық қабілеттері артады, топтағы әр оқушының жауапкершілігі басым	Шығармашылығы бірқалыпты, ынта-ықыластарын білдіре қоймайды.

СТО- дамыту сабақтарының мақсаты біреу нақты сабаққа байланысты. Міндеттері үш түрлі болады. Олар: мазмұнға байланысты, СТО -ды дамытуға байланысты, топпен жұмысқа байланысты. Сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрғанымен, ондағы қолданылатын стратегиялар ауыса береді. Ал, кейбір стратегиялар кезеңге нақты арналған. Сол себептен, орынымен пайдаланған ұтымдырақ болады. Сабақ кезеңдері байланысты қолданылатын стратегияларға тоқталып өтейік:

№	Сабақ кезеңдері	Қолданылатын стратегиялар
1	Қызығушылығын ояту	Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксаномиясы, Миға шабуыл, Топтастыру
2	Мағынаны тану кезеңі	Пікір — талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастыру
3	Ой толғаныс кезеңі	Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия

дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ.

Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады.

СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. НЗМ. Астана, 2015ж.
2. Студенттерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. НЗМ. Астана, 2015ж.

UDK 004

INFRASTRUCTURE AND DIGITALIZATION OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN

G.Zhilkishbayeva, Y.Varchenko

Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Esenov
Aqtau, Republic of Kazakhstan

Annotation. This article describes the principles, problems and approaches necessary for the modernization and further transformation of infrastructure and science in a digital way. Also here is a SWOT analysis of the educational system for an approach to solving the issue of development

Keywords: Digitalization, modernization, education, science

A set of systemic measures for the development of education and science is being implemented in Kazakhstan. In 2015, the Republic committed itself to achieving the United Nations Sustainable Development Goals until 2030, including Goal 4, which provides for ensuring comprehensive and equitable quality education and stimulating lifelong learning opportunities for all. To achieve it, the main directions of education development in the world have been identified: provision of pre-school training, a model of 12-year school education, the development of 21st century skills among students, equal access to cheap and high-quality technical and higher education. These directions are also a priority for the Kazakh education system.

Urgent measures are needed to develop the system of education and science in accordance with the best domestic and world practices in the future. For example, according to the Education Policy Outlook 2018 of OECD member countries and partners, the focus of public policy in education is focused on six areas: (1) equity and quality, (2) preparing students for the future, (3) improving educational institutions, (4) evaluation system, (5) management and (6) funding. At the same time, countries, depending on the current level of development and available opportunities, direct their efforts towards solving the most important tasks. Within these industries, many countries set the following priorities:

- equalization of opportunities for students, regardless of the socio-economic status of the family;
- ensuring that the skills of graduates meet the requirements of the economy;
- professional development and high status of teachers;
- involvement of employers in personnel training;
- assessment of the education system and educational organizations;
- creation of an effective management structure;

- building relationships with stakeholders;
- efficient use of financial resources.

The main policy issues for science, technology and innovation, according to the OECD STIP Compass database, are management, funding, research career, PhD and postdoctoral programs.

Taking into account international assessments and practices, commitments made and results achieved, Kazakhstan needs to take drastic measures in the next 6 years to improve the quality of education and science. In this regard, the program is aimed at solving the main identified problems, its development to increase the competitiveness of the education and science system and bring it closer to the best practices of the OECD countries.

During the period of the program implementation for 2016-2019, the number of teaching staff exceeded half a million people. At the same time, despite the annual mass training of specialists in the field of education, the need for teaching staff remains. In schools, in particular in rural areas, there are no effective mechanisms for attracting and retaining qualified teachers: travel and housing subsidies, benefits and preferences, etc. Applicants who score low in the Unified National Testing (hereinafter referred to as the UNT) most often enter pedagogical specialties. The education system is not conducive to retaining talented teachers. Thirty five percent of teachers go to other areas. There are no alternative mechanisms for motivated candidates to enter the teaching profession.

As part of the updated content, a criteria-based system for assessing the educational achievements of students is being introduced, which provides an objective and equal assessment of the educational achievements of students, regardless of the region, location of the school and language of instruction.

To improve the effectiveness of assessing the quality of secondary education, the UNT was divided into two stages: the final certification at school and the entrance exam to the university. Since 2019, the UNT has been held on a paid basis 4 times a year for admission to a university. As an alternative mechanism for ensuring the accessibility of higher education, a system of "conditional admission" to the university has been introduced for applicants who have not passed the threshold level based on the results of the main or repeated testing.

At the same time, the student assessment system needs to be improved. In particular, it is necessary to revise the content of the UNT, an external assessment of educational achievements (hereinafter referred to as EAEA) in relation to questions aimed at measuring functional literacy and competence, similar to the tools of international comparative studies PIRLS, PISA, ICILS, as well as SAT tests. Since May 2018, Kazakh teachers have switched to a new certification system. According to the new system, 42.5% of teaching staff passed certification (14.1% - the category of teacher-researcher and teacher-master, 15.6% - the category of teacher-expert, 12.8% - the category of teacher-moderator). Taking into account the accumulated experience and international practice, further improvement of the system of certification of teaching staff is required.

The development of the infrastructure of the education system is aimed at reducing the number of emergency, three-shift educational organizations, resolving the issues of small-scale schools (hereinafter referred to as the UGS), providing students with hostels, and digitalization.

For 5 years, the number of emergency schools has decreased by four times, but it is not possible to eliminate them. Due to natural wear and tear in 2018, 31 schools were recognized as emergency (in 2016 - 64 units, in 2017 - 45 units). The number of schools undergoing major renovations increased from 793 in 2016 to 842 in 2018. Of these, only 8% of schools (71 units) have been repaired. Violation of the technical regulations for the maintenance of buildings and structures of schools can lead them to an emergency state. In addition, 13 organizations of additional education are in emergency condition, and 198 organizations require major repairs.

In this regard, the urgent task of local executive bodies is to carry out the necessary preventive work to monitor the technical condition of educational organizations and prevent their accident rate.

The scientific equipment of state universities, research institutes (hereinafter referred to as research institutes) that implement R&D is being gradually updated (13%). Commercialization offices, technology parks, business incubators, and implementation units have been set up in higher education institutions and research institutes. However, the scientific infrastructure does not meet modern requirements for the implementation of scientific research.

There is no unified database of scientific organizations. Scientific areas and scientific schools are not sufficiently concentrated on the priority areas of development of Kazakhstan, and the intellectual potential of science does not correspond to the strategic objectives of the state.

SWOT analysis of the education system:

- Strengths;
- ensuring continuous professional development of teaching staff;
- updating the content of education;
- phased introduction of per capita financing;
- introduction of dual training in the TVET system;
- implementation of the project "Free Vocational Education for All";
- expansion of academic freedom of universities;
- an increase in the publication activity of the teaching staff (hereinafter referred to as the teaching staff) and scientists;
- the existence of growth points - AEO "Nazarbayev University" - a world-class university, AEO "Nazarbayev Intellectual Schools";
- membership in the Bologna process;
- the Bolashak program;
- openness;
- striving for international partnership;
- multilingual education;
- government funding of the program of academic mobility and attraction of foreign top managers and scientists;
- three-level system of personnel training;
- availability of double-diploma education programs in universities;
- transparency of decisions made;
- subscription to scientific databases.

2. Weaknesses

- aging of graduated personnel;
- lack of a system of reliable educational statistics;
- underfunding of the education system;
- the cost of education is 3.8%, compared with 5-7% recommended by UNESCO.
- uneven distribution of educational grants;
- an excessive number of multidisciplinary universities that do not meet the needs of regional development;
- disproportion in personnel training;
- imperfection of information systems in educational institutions;
- the average salary of teachers is one of the lowest in the world;
- the infrastructure of higher education organizations is very outdated;
- imbalance in the content of educational programs;
- science and sectoral scientific research are not coordinated by a single body;
- weak connection between science, education and production;
- low quality of teacher education;
- non-compliance of the competencies of the profile of graduates with the requirements of the professional community;
- barriers to internal academic mobility - different tuition fees;
- imperfection of the system of recognition of learning outcomes of the previous level;

- low level of labor motivation of scientific workers in the system of higher education of the Republic of Kazakhstan;
- lack of a planned system of advanced training;
- low level of teaching staff foreign languages;
- insufficient use of teaching staff and researchers of scientific databases;
- the number of students in PhD programs does not cover the needs of higher education organizations and research institutes in degree-educated personnel.

3. Opportunities

- attention of the state to the education system;
- development of public-private partnership (hereinafter - PPP);
- investment support for education and science from international organizations and employers;
- training under international grants and programs;
- financing of higher education from the local budget;
- expansion of cooperation with the countries of Central Asia.

4. Threats

- a high proportion of NEET youth in a number of regions;
- talent drain;
- increased competition due to the globalization of education;
- reducing the need for full-time training in connection with the development of IT;
- imbalance of labor resources;
- lack of formation of social mechanisms and institutions of civil society;
- passivity of stakeholders in ensuring the quality of higher education;
- unattractiveness of Kazakhstan education for foreign students;
- unpreparedness of the professional community to participate in the educational process and certification of specialists;
- active competition from Russian educational institutions of higher and post-secondary education and other competitors;
- the outflow of personnel to other areas.

REFERENCES

1. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>
2. BP Statistical Review of world Energy-2015, WNA Report.
3. Евразийская экономическая интеграция: цифры и факты. 2014. – С. 12 //www.eurasiancommission.org/ru/Documents/broshura_26_RUS_2014.pdf.
4. Мансуров Т. Создание общих рынков энергоресурсов Евразийского экономического союза. Общий электроэнергетический рынок союза //http://docs.cntd.ru/document/420283332.

УДК 378

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ 3D-СКАНИРОВАНИЕ С ПОМОЩЬЮ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Г.С.Жилкишбаева, Б.А.Дүйсенбай, А.Б.Сагынов
Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье описан мобильный сервис 3D-сканирования, работающие на смартфоне, описана возможность воссоздания некоторых физических

объектов в 3d формате. Приложение дает возможность представления в 3d формате некоторых вещей в домашних условиях (домашней мебели и т.д.). В данной статье рассмотрено мобильное приложение Polycam.

Ключевые слова: 3D-сканирование, смартфон, информационные технологии, стритарт, гаджеты

Первые образцы 3D-сканеров были довольно просты и не обладали широким функционалом. Постепенно они усложнялись и совершенствовались, позволяя добиваться все более четкого изображения объекта. Особенно это стало актуальным с появлением лазеров.

3d сканирование позволило открыть новые возможности в различных областях человеческой деятельности — начиная от автомобилестроения и военной промышленности и заканчивая сферой дизайна, медицины и кино.

Рынок компьютерного оборудования предлагает огромное количество всевозможной техники, в том числе и аппаратов для трехмерного сканирования. Сориентироваться в том разнообразии бывает порой совсем не просто: одних покупателей волнует исключительно стоимость, других интересует количество опций (иногда абсолютно бесполезных), ну а самые дальновидные смотрят на соотношение первого и второго.

Трехмерные сканеры востребованы во многих сферах человеческой жизни. Они незаменимы как в промышленности, так и для бытовых нужд. Спектр их применения настолько широк, что можно перечислять очень долго. Проще сказать, где они не нужны. Самые распространенные области использования — это, конечно, медицина, промышленность, архитектура, строительство, киноиндустрия и дизайн.

При создании приложения 3Dсканирования на базе смартфона определенным образом преобразуют исходную тематическую информацию, формализуя и систематизируя ее. Эти преобразования реализация предназначены обеспечить удобство последующего использования приложением, в частности облегчить выбор, упростить или расширить возможности поиска, и являются обязательным условием их создания. Вместе с тем опыт показывает, что необходимы и другие действия, определяющие структуру приложений, описываемые в данной статье как этапы (рисунок 1). Данные, возможно, как никакие другие, поставляемые науками о Земле, отличаются значительной разнородностью, отрывочностью, а многие из них с трудом поддаются формализации. Поэтому создание 3Dнаправленности встречает ряд трудностей, которые необходимо устранять на каждом из обсуждаемых ниже этапов.

Приступая к работе с3D, разумно поставить цель этой работы. Цель 3D-сканирование, как правило, состоит из правильного выбранного дизайна квартиры. Даже когда цель не сформулирована в явном виде, некоторое представление о ней, так или иначе, присутствует. Важно, однако, определить цель как можно более четко и ясно и затем соотносить с ней действия, предпринимаемые на всех этапах 3D сканирования. Точная постановка цели позволяет эффективно использовать ограниченные ресурсы, определив меру разумной достаточности усилий .




Рисунок 1. Основные этапы работы с 3Dприложением.

Большинство приложений трехмерного сканирования основаны на фотограмметрическом трехмерном сканировании, где несколько изображений одного и того же объекта делаются с разных углов - при этом целью является 360-градусный обзор рассматриваемого объекта. Затем приложение обработает фотографии - в самом приложении или через облачный сервис - прежде чем «объединить» их вместе, чтобы сформировать 3D-модель. По сравнению с Android, Apple и ее сообщество, похоже, более нацелены на 3D-сканирование. Компания оснащает новейшие устройства Apple точечным оборудованием для 3D-сканирования и превращает эти высококачественные гаджеты в мощные 3D-сканеры.

Polycam быстро работает и отлично справляется с текстурами. Пользователь может обрабатывать изображение в HD-режиме и получать мгновенные результаты сканирования, подходит для сканирования таких вещей как комнаты или фрески, а также стритарт.

ЛИТЕРАТУРА

1. 6 приложений для 3D-сканирования с помощью лидара iPhone | AR / VR / XR | Яндекс Дзен (yandex.ru).
2. Polycam - LiDAR 3D Scanner
3. Polycam - A 3D model collection by alban (@alban) - Sketchfab
4. Акимова, Е. В. Вычислительная техника : учебное пособие / Е. В. Акимова. — 3-е изд., стер. — Санкт-Петербург : Лань, 2022. — 68 с. — ISBN 978-5-8114-8946-6. — Текст : электронный // Лань : электронно-библиотечная система. — URL: <https://e.lanbook.com/book/185888>.
5. Заяц, А. М. Введение в гибридные технологии разработки мобильных приложений : / А. М. Заяц, Н. П. Васильев. — 2-е изд., стер. — Санкт-Петербург : Лань, 2022. — 160 с. — URL: <https://e.lanbook.com/book/200459>.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН КЕЙБІР ТАЛАПТАР

Г.Д. Қазиева, В. Шаманова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ақпараттық жүйені жобалауға қойылатын кейбір талаптар келтіріліп, жүйені құрудағы негізгі мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, ақпараттық жүйені жобалауға қойылатын талаптарды және жобалау тәртібін анықтайтын негізгі құжаттардың бірі болып табылатын техникалық тапсырманың құрамы толығымен қарастырылған.

Түйін сөздер: ақпараттық жүйені әзірлеу, клиент-сервер, деректер базасы, техникалық тапсырма

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың даму тенденциялары дамып келе жатқан ақпараттық жүйелердің күрделілігінің үнемі өсуіне әкеледі.

Пәндік аймаққа байланысты ақпараттық жүйелер олардың функциялары, сәулеті, іске асырылуы бойынша айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Дегенмен, жалпы болып табылатын бірқатар талаптарды бөліп көрсетуге болады:

- ақпараттық жүйелер ақпаратты жинауға, сақтауға және өңдеуге арналған. Сондықтан олардың кез-келгені деректерді сақтау және қол жеткізу ортасына негізделген;
- ақпараттық жүйелер есептеу техникасын қолдану саласында жоғары біліктілігі жоқ түпкі пайдаланушыға бағдарланады. Сондықтан, ақпараттық жүйенің клиенттік қосымшаларында қарапайым, ыңғайлы, оңай игерілетін интерфейс болуы керек, ол соңғы пайдаланушыға жұмыс үшін қажетті барлық функцияларды қамтамасыз етеді, бірақ сонымен бірге оған қажет емес әрекеттерді орындауға мүмкіндік бермейді.

Осылайша, ақпараттық жүйені әзірлеу кезінде екі негізгі мәселені шешу қажет:

1. ақпаратты сақтауға арналған ДБ әзірлеу міндеті;
2. клиенттік қосымшалардың графикалық пайдаланушылық интерфейсін құру міндеті.

ДБ (ДҚБЖ) басқару жүйесі кез келген ақпараттық жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады. Пайдаланылатын ДҚБЖ түрі әдетте ақпараттық жүйенің масштабымен анықталады - шағын Ақпараттық жүйелер жергілікті ДҚБЖ-ны қолдана алады, ал корпоративті ақпараттық жүйелерде көп пайдаланушының жұмысын қолдайтын қуатты клиент-серверлік ДҚБЖ қажет болады.

Қазіргі уақытта ең көп таралған реляциялық ДҚБЖ. Нысанға бағытталған ДҚБЖ-нің (ObjectStore, Objectivity, O2, Jасmin) айқын тартымдылығы мен өсіп келе жатқан танымалдылығына қарамастан, SQL стандартын қолдайтын жүйелер жақсы реттелген, дамыған, сүйемелдейтін реляциялық мәліметтер базасы әлі де басым(мұндай жүйелерге, мысалы, Oracle, Informix, Sybase, DB2, MS SQL Server кіреді).

Ақпараттық жүйелерді ұйымдастырудың дәстүрлі әдісі-екі буынды клиент-сервер архитектурасы. Бұл жағдайда ақпараттық жүйенің барлық қолданбалы бөлігі жұмыс станцияларында орналастырылады, ал сервер жағында тек дерекқорға қол жетімді. Клиенттің жұмыс станциясын босату және желінің жүктелуін азайту үшін клиент-сервердің үш буынды архитектурасы қолданылады. Бұл архитектурада жүйенің клиенттік бөлігі мен дерекқор серверінен басқа, аралық қосымшалар сервері енгізіледі. Клиент жағында тек интерфейс әрекеттері орындалады, ал ақпаратты өңдеудің барлық логикасы бағдарлама серверінде қолданылады.[1]

Деректер базасын әзірлеу кезінде жүргізілетін ДҚБЖ ерекшелігін ескеру қажет. ANSI SQL стандартының болуына қарамастан, барлық SQL серверлері стандартты кеңейтімдері бар SQL бағдарламаларын қолданады. Алайда, бастапқы кезеңде Дерекқордың жалпы құрылымын жасау кезінде (тұжырымдамалық модель деңгейінде) қолданылатын ДҚБЖ ерекшеліктерін ескермеуге болады.

Ақпараттық жүйені сәтті іске асырудың міндетті шарты-бұл жүйені дамытуға қойылатын талаптардың нақты және мүмкіндігінше толық қалыптасуы, сонымен қатар жобалау сатысында оның тиісті сипаттамасы.

Техникалық тапсырма жүйені құру (дамыту немесе жаңғырту) талаптары мен тәртібін айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Жақсы құрастырылған техникалық тапсырма жобаны сәтті жүзеге асырудың кепілі болып табылады. Оны дайындау кезінде талаптардың толық және нақты сипаттамасына ерекше назар аудару керек. Әйтпесе, әзірлеуші тапсырыс берушіге қажет емес немесе оның барлық үміттеріне сәйкес келмейтін жүйені жасай алады.

Тұтастай алғанда жүйеге қойылатын талаптар (жүйенің құрылымы мен жұмыс істеуіне қойылатын талаптар; жүйе персоналының саны мен біліктілігіне және оның жұмыс режиміне; ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауға; патенттік тазалыққа және т.б.) және оның функцияларына (кіші жүйелердің құрамы мен мақсатына қойылатын талаптар; жүйенің жұмыс істеу және жұмыс істеу режимдеріне қойылатын талаптар) неғұрлым толық және дәл айқындалуға тиіс. Тапсырыс беруші мен әзірлеуші жүйенің қандай функцияларды атқаратынын (қандай міндеттерді және ол қалай шешетінін), ал қайсысын шешпейтінін айқындауы тиіс.[2]

Қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптар тым қатал болмауы керек. Оларды әзірлеуші маневр жасауға мүмкіндігі болатындай етіп құрастыруы керек. Мүмкіндігінше, бұл талаптарды есептерді шешудің нақты әдістері мен тәсілдерін, бағдарламалау тілдері мен ДҚБЖ, техникалық құрылғылар және т.б. көрсетпей жариялау ұсынылады, сонымен бірге кейбір қамтамасыз ету түрлері үшін Тапсырыс беруші оларды жүзеге асыру үшін қатаң талаптарға ие болуы мүмкін. Бұл математикалық қамтамасыз етуге қатысты болуы мүмкін (мысалы, "пойыздардың қозғалысын есептеу қолданыстағы тарту есептеулерінің ережелеріне сәйкес жүргізілуі керек").[3]

Осылайша, техникалық тапсырмада келесі бөлімдер болуы керек:

- жалпы мәліметтер (жүйенің атауы; әзірлеуші мен тапсырыс беруші кәсіпорындарының деректемелері; жүйе құруға негіз болатын құжаттардың тізбесі, жұмыстың басталуы мен аяқталуының жоспарлы мерзімдері және т. б.);
- жүйені құрудың (дамытудың) мақсаты мен мақсаттары;
- автоматтандыру объектілерінің сипаттамасы;
- жалпы жүйеге, функцияларға және қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. Бұл жағдайда қамтамасыз етуді келесі түрлерге бөледі:

➤ **математикалық-ақпараттық** жүйеде қолданылатын математикалық әдістердің, модельдер мен алгоритмдердің жиынтығы;

➤ **ақпараттық-құжаттар** нысандарының, жіктеуіштердің, нормативтік базаның және ақпараттың көлемі, орналастырылуы және бар болуы нысандары бойынша іске асырылған шешімдердің жиынтығы;

➤ **лингвистикалық-бағдарламалау** тілдерін, пайдаланушылардың өзара әрекеттесу тілдерін және жүйенің техникалық құралдарын қолдану ережелерінің жиынтығы, сонымен қатар деректерді кодтау мен декодтауға, диалогты ұйымдастыру әдістеріне қойылатын талаптар жиынтығы және т. б.;

➤ **бағдарламалық жасақтама-жүйенің** күйін келтіруге, жұмыс істеуіне және жұмыс қабілеттілігін тексеруге арналған бағдарламалар мен құжаттар жиынтығы;

➤ **техникалық-жүйенің** жұмыс істеуі кезінде қолданылатын барлық техникалық құралдардың жиынтығы;

➤ **ұйымдастырушылық-жүйенің** пайдаланушылары мен операциялық қызметкерлерінің ұйымдық құрылымын, құқықтары мен міндеттерін белгілейтін құжаттар жиынтығы;

➤ **әдістемелік-жүйенің** жұмыс істеу технологиясын, пайдаланушылардың нақты нәтижелер алу үшін технологиялық тәсілдерді таңдау және қолдану әдістерін сипаттайтын құжаттар жиынтығы;

- жүйені құру бойынша жұмыстардың құрамы мен мазмұны;
- жүйені бақылау және қабылдау тәртібі;
- автоматтандыру объектісін жүйені іске қосуға дайындау жөніндегі жұмыстардың құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар;
- әзірлеу көздері-олардың негізінде техникалық тапсырма әзірленген және жүйені құру кезінде пайдаланылуы тиіс құжаттар мен ақпараттық материалдар (техникалық-экономикалық негіздеме, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер, отандық, шетелдік ұқсас жүйелерге арналған ақпараттық материалдар және т.б.).

Осылайша, техникалық тапсырманы әзірлеу кезінде талаптарды ұсыну дәрежесі жүйені енгізу кезеңінде туындауы мүмкін келіспеушіліктерді шешу үшін жеткілікті болуы керек. Бұл жағдайда әзірлеуші де, тапсырыс беруші де өзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін осы құжатқа сілтеме жасай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Белоконов а.в., Крукиер Л. А., Лазарева С. А. РМУ білім беру сапасын басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету құралы ретінде ақпараттық интегралдау кешені (РМУ ЖСК). Университетті басқарудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: материалдар барлығы. ғылыми.-практ. конф. (25-28 ақпан. 2003 ж.) / ПетрГУ. Петрозаводск, 2003. 168 б.

2. Васильев В.Н. Ақпараттық технологиялар негізінде университетті жүйелі басқару. Университетті басқарудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: материалдар барлығы. ғылыми.-практ. конф. (25-28 ақпан. 2003 ж.) / ПетрГУ. Петрозаводск, 2003. 168 б.

3. Концепция создания интегрированной информационной системы Минобразования России // www.informika.ru

ӘОЖ 327(027)

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУДА ЖҮЙЕЛІК ТАЛДАУДЫҢ РӨЛІ

Г.Д. Қазиева, М. Ақбердиева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада ақпараттық жүйені жобалауға жүйелі тәсілді қолдану қарастырылады. Ол үшін ақпараттық жүйені «жүйелік талдау тұрғысынан жүйе» ретінде қарастыру қажет. Әдебиеттерді шолу және ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу жобаларын патенттік іздестіру жобалау мәселелері көбінесе ақпараттық жүйелерді (АЖ), оларды әзірлеу және енгізу үдерістерін тұтас түсінудің болмауымен байланысты екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: ақпараттық жүйелерді жобалау, жүйелік талдау, АЖ құрылымы, страттар, иерархия

АЖ-ны жобалау мен енгізуге әртүрлі мамандықтағы мамандар тартылған. Олар өз саласында жоғары біліктілікке ие бола отырып (бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық қамтамасыз ету, техникалық құралдар және деректерді беру желілері) АЖ туралы тұтас

ұғымға жеткілікті көңіл бөлмейді. Бұл АЖ-ны тәжірибелік пайдалану кезеңінде ғана көрінетін жүйелік қателердің пайда болуына әкеледі. АЖ туралы тұтас идеяны менеджерлер, дизайнерлер мен әзірлеушілер бір команда ретінде жұмыс істейтін және жобаның барысы туралы үнемі ақпарат алмасатын жерде ғана қалыптастыруға болады. Мұндай командалар жобалау және енгізу процестері осы процестердің талаптарының болуы мен қатаң орындалуымен басқарылатын ұйымдарда ғана қалыптасады.[1]

Біз АЖ жобалау және енгізу үшін бірнеше талаптарды ұсынамыз.

1. Мақсаты туралы мәлімдеме.


АЖ мақсаттары қолдау көрсетілетін қызмет түрінің талаптарына бағытталған сандық және сапалық сипаттарды бекітуі керек. Бұл талаптар АЖ әзірлеуге және енгізуге арналған Техникалық тапсырмада (ТТ) бекітілген.

2. АЖ құрылымы.

АЖ құрылымын нақты тұжырымдайтын МЕМСТ (мемлекеттік стандарт) бар, ол бүгінгі күнге дейін өзекті. Дегенмен, жүйелік талдау тұрғысынан АЖ құрылымын кеңірек түсіну қажет.

Мәселе сипаттаудың қарапайымдылығы мен жүйенің әртүрлі сипаттамаларын ескеру қажеттілігі арасындағы ымыраға келуде. Осы мақсаттар үшін жүйелік талдау шеңберінде жүйенің құрылымын сипаттаудың концептуализациясы қолданылады, бұл сипаттаудың кейбір деңгейлерін (страттарын) бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қабат - осы қабатқа тән белгілі бір қағидалар мен түсініктерді пайдаланатын сипаттаудың қандай да бір дерексіз деңгейі. Әдетте, қабаттар иерархияға ұйымдастырылады.

Кез келген қабаттағы жүйенің жұмыс істеуіне қойылатын талаптар төменгі қабаттардағы жүйенің жұмыс істеуіне шарттар немесе шектеулер ретінде әрекет етеді. Нақты процестің барысы жоғарғы қабаттағы жүйенің әрекетіне қойылатын талаптармен анықталады. Жүйе берілген қабатта дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық төменгі қабаттар дұрыс жұмыс істеуі керек. Бұл сонымен қатар төменгі қабаттар мен жоғары қабаттар арасындағы кері байланыстың болуын анықтайды. Жүйенің стратификацияланған сипаттамасын әрқайсысы белгілі бір қабаттағы жүйенің әрекетін сипаттайтын модельдер тобы береді. Ақпараттық жүйенің стратификацияланған көрінісі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. АЖ-ның стратификацияланған көрінісі

Функционалды қабат АЖ-ға функционалды талаптардың сипаттамасын қамтиды. Бұл қабат бойынша негізгі көрсеткіш болып Тапсырыс беруші ұйымының көптеген процестерін АТ-қызметтерімен қамту дәрежесі және бизнес-процестердің тиімділігі (АЖ қолдауының жоқтығындағы осы процестердің тиімділігімен салыстырғанда) табылады. Бұл қабат АЖ-нің функционалды ішкі жүйелерін бөлудің қазіргі уақытта қабылданған тәртібін де қамтиды. Функционалды қабаттың талаптары АТ қызметтеріне маңызды (көрсеткіш мәндері бар) талаптарды қамтиды.[2]

Ақпаратты өңдеу және басқару қабаты жобалау тәжірибесінде қабылданған АЖ қолдау түрлерін және олардың құрылымы мен сипаттамаларын қамтиды:

Ақпараттық қолдау;

лингвистикалық қамтамасыз ету;

бағдарламалық қамтамасыз ету;

ұйымдастырушылық қолдау;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, техникалық қамтамасыз ету.

Ақпаратты өңдеу және басқару қабаттары тарапынан қойылатын талаптар АЖ-ны техникалық қолдауға қойылатын талаптарды қамтиды.

Техникалық қабатқа техникалық қамтамасыз ету, деректерді беру құралдары, сондай-ақ техникалық қамтамасыз ету құралдары мен ұйымдастыру кіреді. Осы қабатта қалыптасқан негізгі көрсеткіштер АЖ сапасын сипаттайтын көрсеткіштер болып табылады:

жүйенің жауап беру уақыты;

сақталатын ақпарат көлемі;

жүйенің қолжетімділік коэффициенті;

ақауларға төзімділік.

Экономикалық қабаттың талаптары бизнес-процестердің әртүрлі функцияларын қолдауы керек АТ қызметтеріне қойылатын талаптар түрінде ұсынылған.

Жоғарыда айтылғандай, АЖ жүйелік талдау тұрғысынан жүйе болып табылады. Дегенмен, жобалау процесінде жүйелік талдау талаптарын орындау жүйені өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде жою қымбат тұратын жүйелік қателерден кепілдік береді. Жүйе қателерінің қауіптілігі жүйенің жөндеуге келмейтіндігі жиі кездеседі және жүйені жаңартудың жалғыз жолы оны толығымен бұзу болып табылады.

Онлайн оқыту сапасы: кейбір студенттер оқытушылармен және құрдастарымен жеке қарым-қатынастың болмауында қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл сұрақтар қоюды және кері байланыс алуды қиындатады. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар мен тренажерлер физика зертханасында жұмыс тәжірибесін толығымен қайталамауы мүмкін, бұл физиканың негізгі ұғымдарын оқытуда осы құралдардың тиімділігін шектеуі мүмкін.

Қатысу және мотивация: оқушылар виртуалды білім беру құралдары арқылы оқуда белсенділік пен мотивацияда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бетпе-бет дәрістер мен зертханалық жұмыстардың құрылымы болмаса, студенттерге хабардар болу және оқуға деген ынтасын сақтау қиынға соғуы мүмкін.

Бағалау: виртуалды білім беру құралдары оқушылардың оқуын тиімді бағалауды қиындатуы мүмкін. Оқушылардың тапсырмалар мен зертханалық жұмыстарды адал орындауын қамтамасыз ету және виртуалды зертханалар мен модельдеу арқылы оқушылардың физикалық ұғымдар туралы түсінігін бағалау қиын болуы мүмкін [3].

Оқыту нәтижелерін жақсарту үшін виртуалды білім беру әлеуеті:

Осы мәселелерге қарамастан, виртуалды білім беру құралдары мен форматтары физика курстарында оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Студенттерге курстың жоғары сапалы интерактивті материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, виртуалды білім физика бойынша жоғары сапалы білімге қол жетімділікті жақсартуға және студенттердің осы маңызды саладағы жетістіктерін қолдауға көмектеседі. Дегенмен, оқытушылар үшін виртуалды білім берудің артықшылықтары мен қиындықтарын мұқият өлшеп, осы құралдарды сабаққа қосудың тиімді стратегияларын әзірлеу маңызды.

Виртуалдыбілімберуді физика курстарынатиімдіинтеграциялау. Виртуалды білім беруді физика курстарына тиімді енгізу үшін оқытушылар:

Курстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетініне көз жеткізу үшін виртуалды білім беру құралдары мен платформаларын мұқият таңдап, бағалаңыз.

Виртуалды білім беру іс-шараларына, соның ішінде олардың қалай бағаланатынына қатысты нақты нұсқаулар мен үміттер беріңіз.

Студенттердің тиісті кері байланыс пен қолдау алуын қамтамасыз ету үшін оқытушылар мен студенттер арасындағы синхронды және асинхронды өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ұсыныңыз.

Виртуалды білім беру іс-шараларын интерактивті және қызықты етіп жасаңыз, соның ішінде топтық жұмыс, модельдеу және виртуалды зертханалар сияқты элементтер.

Қоғамдастық пен қолдау сезімін дамыту үшін оқушылар арасындағы өзара оқыту мен ынтымақтастықты ынталандырыңыз.

Осы нұсқауларды орындай отырып, оқытушылар виртуалды білім беру құралдарын физика курстарына тиімді біріктіре алады, студенттердің оқу нәтижелерін арттырады және оларды осы маңызды салада табысқа жетуге дайындайды [4].

Қорытындылай келе, виртуалды білім жоғары оқу орындарында физика курстарын оқытуда маңызды рөл атқаруы мүмкін деп айтуға болады. Студенттерге курстың жоғары сапалы интерактивті материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы виртуалды Білім физика бойынша оқытудың қолжетімділігін, интерактивтілігін, ынтымақтастығын және жекелендіруін арттыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие. - М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 192 с.

2.Андрианова Л.В. Информационно-коммуникационные технологии на уроках физики как средство развития познавательной активности // Молодой ученый, 2015. - № 24.2. - С. 1-3.

3.Cagiltay, K. (2018). The use of virtual laboratories in physics education: A review. Journal of Education and Learning, 7(3), 131-141.

4.McGee, P., & Reis, A. (2012). Blended course design: A synthesis of best practices. Journal of Asynchronous Learning Networks, 16(4), 7-22.

ӘОЖ 004

ЖОО-ғы ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ

Д.М.Қалабай, З.Т.Көкшеева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Жоғары білім - маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Сондықтан сапалы білім беру қазіргі заман талабы. Қазіргі уақытта оқытудың инновациялық технологиялары негізінде білім беруді жүзеге асыру арқылы тұлғаның қабілетін, біліктілігін қалыптастыру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Бұл мақалада ЖОО инновациялық үдерістерді басқарудың нақты міндеттерін шешу қарастырылады.

Түйін сөздер: Бағдарлама, инновация, ЖОО, интенсификация, стратегия, парадигма, құндылық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы мен «Дарын», «Болашақ» бағдарламаларында, ҚР білім беруді дамытудың 2010-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқушыларға, ЖОО студенттеріне инновациялық тұрғыдан білім беру арқылы олардың шығармашылық қабілетін, танымдық қызығушылығын, белсенділігі мен дербестігін дамыта отырып, бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсаты басты принцип ретінде айқындалған. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе ретінде жеке адамның білімділігін арттыра отырып тұлға біліктілігін қалыптастыру, білім берудің дамытушы сипатын жетілдіру жұмыстарына баса мән беріліп, сала жұмысын жоғары деңгейде дамыту үшін оқытудың жаңа технологияларын, қашықтықтан оқыту мен ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тәжірибеге батыл енгізу арқылы инновациялық тұрғыдан білім берудің тиімді әдістемесін жасауға үлкен мән берілген.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. [1]

Оқытудың инновациялық технологияларын сабақта тиімді қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға да өз әсерін тигізетіндігін педагог ғалымдар К.Ангеловский, Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, С.Н.Лысенкова, Г.К.Селевко, В.П.Беспалько, Ю.К.Бабанскийлер жан-жақты зерттесе, оқу процесінде және тұлғаға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы білімділігі мен құзырлығын қалыптастыру И.А.Зимняя, Е.С.Кузьник, Ю.Н.Емельянов, Н.А.Сластенин, В.П.Турчанинова, Б.С.Блум, А.В.Хуторский, Е.С.Шишов, Н.В.Кухаревтардың еңбектерінде қарастырылған. Олар өз зерттеулерінде бұл мәселеге теориялық және практикалық талдаулар жасаған. Білімді өз бетімен игеруге, оны практикада қолдана білуге жағдай туғызу екендігі А.К.Маркова, М.М.Поташник, Н.В.Кузьмина, Т.В.Сорокина, А.К.Әренова, Қ.Ж.Аганина, Г.К.Нұрғалиева, Ш.Т.Таубаевалардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Ғалымдар жалпы орта білім беру жүйесіне қойылып отырған мақсатқа сәйкес білім алушыларды тұлғалық деңгейге көтеруде қажетті өмірлік дағдылар мен тәжірибе алуға негіз болатын іс-әрекет түрлерін ескереді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үдерісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады. [3]

Жоғары оқу орнының басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындау.

Бүгінгі күнгі педагогика ғылымының көкейкесті мәселелері - әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жақында Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деген болатын. [2]

Қазіргі білім берудің барлық деңгейлерінде зерттеулік, компьютерлік, жобалық және көптеген өзге де инновациялардың кең ауқымы байқалады. Алайда, бұл инновациялардың басым көпшілігі технологиялық жеткіліксіздігі мен теориялық негізінің әлсіздігі салдарынан жаппай білім беру жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмай келеді. Десек те, жаңа аталмыш үлгілер ескі білім беру парадигмасы шектеулерінің жойылып, оның орнына жаңасының құрылып жатқандығын растай түседі. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады. Осыған сәйкес оқытудың инновациялық технологиялары негізінде білім беруді жүзеге асыру арқылы оқушының қабілетін, өзіндік дамуын, біліктілігін қалыптастыру мәселесіне қазақстандық ғалым педагогтар М.Ә.Құдайқұлов, Б.А.Тұрғынбаева, М.Ж.Жадрина, Ұ.Б.Жексенбаева, Т.А.Қаражігітова, Н.Т.Иванова, Х.М.Рахымбекова, М.М.Жанпейісова,

К.С.Құдайбергенова, Б.А.Әлмұхамбетов, А.Ш.Орақова, Н.С.Сәрсенова, М.Ә. Ғалымжановалар назар аударған.

Инновациялық үдерістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы алыс және жақын шетел ғалымдарының К.Ангеловски, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М.Поташник, С.Д.Поляков, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова, В.И.Загвязинский, П.И.Пидкасистый, Н.И.Лапин, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Д.Никандров, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Л.Н.Фридман және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Осылайша соңғы жылдары осы саладағы жұмыстардың көлемі арта түсіп, жалпы педагогикалық инновацияға, оның ішінде инновациялық білім беру үдерістеріне қатысты бірқатар аспектілер зерттеле бастады. Атап айтар болсақ, С.А.Көшімбетова оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану, Қ.М.Нағымжанова бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру, Д.Р.Принбекова мектеп басқарушыларының инновациялық дайындығын негіздеп, кәсіптік ерекшеліктерін қалыптастыру мәселелерін қарастырған. [4]

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі олай дейтініміз, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару - мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Инновация ұғымына белгілі ғалым М.М.Поташник: «Инновация – оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі», - деген анықтама берсе, Н.Ф.Талызина: «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу», - деп анықтайды. Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Қазақстан Респубикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан - 2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық роліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында.

Бүгінгі күні әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамастан, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан елеулі дәрежеде ерекшеленіп отырғандығы байқалады. Мұндай айырмашылықтар адамның ролі мен оны жетілдірудің маңызын (мінез-құлқының маңызын, жеке тұлғаны дамытудағы тәрбиенің

ролін), осыдан барып қоғамның жекелеген мәселелерін шешудегі, оның қажеттіліктерін қанағаттандырудағы және жалпы қоғамды дамытудағы білім беру жүйесінің міндеттерін әртүрлі түсінуден келіп шығады. Осыған байланысты, әртүрлі қоғамдық-саяси жүйелерімен ерекшеленетін елдерде білім беру саласына жаңалықтар әртүрлі мақсаттармен, әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі атаулармен енгізіледі де, олардан әртүрлі нәтижелер күтіледі. Әртүрлі елдердегі бірдей жаңалықтар әртүрлі қызметтерге ие болып, оларды қолдану нәтижелері де түрліше бағаланады.

Инновациялық білім беру үдерісінің мән-маңызы, біздің пікірімізше, оның инновацияны бастау, жаңа өнімдер мен мәмілелерді дайындау, оларды нарықта сату және одан әрі қолданысқа енгізу жөніндегі мақсатты іс-әрекеттер тізбегін қамтитындығынан көрінеді. Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беретіндей нақты критерийлерді пайдалануды қажет етеді. Педагогика бойынша зерттеу тәжірбиелеріне сүйене отырып, педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады: жаңашылдық, оптималдық, жоғары нәтижелік, бұқаралық тәжірбиеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі. Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірбиеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. [5]

Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады.

Жоғары оқу орындарындағы инновацияларды басқару мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерін шешуге арналған маңызды құралдарға басқару қызметтерінің жиынтығымен анықталатын басқарушылық іс-әрекеттің мазмұны, басқарушы жүйенің ұйымдық құрылымы, басқарушы субъектілер қолданатын басқару технологиялары және олардың қарамағындағы ресурстар кіреді. Жоғары оқу орнының инновациялық үдерістерді басқарудың нақты міндеттерін шешу мүмкіншілігін бағалау үшін, біріншіден, осы міндеттерді шешуге арналған құралдарды дайындау қажет. Екіншіден, осы құралдардың қолданысына кедергі келтіретін жоғары оқу орны ішіндегі басқару мәселелерін айқындап алу керек. Үшіншіден, анықталған мәселелерді шешу жолдары мен тәсілдерін тауып, олардың шешілу деңгейін болжамдау қажет. Сонымен, басшылардың жоба құрушылық іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігі даму үдерісін интенсификациялаудың маңызды факторы болып табылады.

Зерттеу жұмысымызда инновациялық білім берудің өзекті мәселелерін зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, білім берудегі жаңалықтардың түрлерін, инновациялық үдерістің кезеңдерінің мазмұнын негіздей отырып, тақырымызға сәйкес жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың анықтамасын беруге мүмкіндік берді.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру дегеніміз - қазіргі талаптарға сай білім беру саласына жаңа оқу әдістерін ендіру арқылы, жеке тұлғаның кәсіби білімі мен біліктілігін жетілдіре отырып, кәсіби қызметке қажетті білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерісін және оның құрамдас бөліктері саналатын оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жобалау, қадағалау, реттеу, түзету және ғылыми пайдалылығын анықтау мен сыналған тәжірибені тарату мәселелерін жан-жақты зерттеуге қажеттілік туындайды. Міне, сол себептен, инновациялық білім беру іс-әрекетімен қатар, оған тиесілі эксперттік жұмысты да атқарудың маңызы зор деп есептеледі. Соңғы жылдары педагогика ғылымында үлгілеу (модельдеу) әдісін кеңінен қолдануда, бұл әдіс білімнің басқа да салаларында көптеп қарастырылып келеді. Себебі, үлгілеу алғашқы ұғымдар мен болжамдар арқылы құрылатын

іргетас негіздерін тексеріп алуға мүмкіндік береді. Үлгі бойынша алынған мәліметтер оқу-тәрбие үдерісінің теориялық негіздерін құру үшін мәнді мазмұнға ие болады.[6]

Сөзімді қорытындыласам, көптеген мұғалімдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, педагогикалық шығармашылық пен белсенді әрекеттің күрт бәсеңдеуі болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орнында алған теориялық білімдерден соң тәжірибелік жұмыстағы алғашқы жылдары бірден таза практикалық қызметпен айналысуынан туындайды. Сондықтан бұл кезеңде арнайы теориялық дайындықты үзбей оны практикада қолдану арқылы тереңдетудің маңызы зор. Жас мұғалім мектебі міне осы маңызды міндетті шеше алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2030» бағдарлама, Алматы, 1998.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Алматы, 2008
3. Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б. Құдиярова А. М.. Педагогика. Оқу құралы. Алматы, 2006
4. Сәрсенова Н.С. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары, Алматы, 2006,
5. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы, Алматы, 1999
6. Поташник М.М. Развитие школа как инновационный процесс, //Новая школа, 1994

ӘОЖ 332.14

БІЛІМ БЕРУДЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚОЛДАНУ

А.Қаржау, И.Т.Тажиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа: Білім беру жүйесін ақпараттандыру арқылы жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кезегі мен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіру қажет. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға баулиды, сондай-ақ, ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Түйін сөздер: Білім, ақпараттық технологиялар, цифрлы Қазақстан, жастар, Web сайттар мен қосымшалар

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технология мен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген ел басымыздың үндеуінде айтылып кеткендей, білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Егеменді еліміздің 88 ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білімгерлерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану керек. Оқытудың

жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр-ақпараттық технология ғасыры.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде ақпараттың жылдам даму қарқыны арасында қарама қайшылықтың жайылуы, ақпараттық орта мен динамика мазмұнында белгілі консерватизм арасында сипаттың күрделенуі, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері болып табылады. Мұның салдарлары жоғары оқу орындарының түлектерінің кәсіби ісәрекетісипатталатын әлеуметтік ситуацияда білім беру мәселелері болып табылады. Олардың шешімін табудың бірден бір жолы жоғары білім беру жүйесін студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптасу деңгейінде қамтамасыз етілетін пәндер арқылы, студенттердің қазіргі ақпараттық ортада дұрыс бағдар ұстануды қамтамасыз ететін белгілі бір білім мен біліктерді меңгеруі негізінде жүзеге асыру болып табылады. Ақпарат технологиясы — ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Ақпараттық технология (немесе көпшілікке ІТ атымен танымал ұғым) — қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. – Мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияны қолдану – бүкіл бағдарламаның табысты болуының басты кілті. Бұл істетүбегейлі өзгерістер қажет. Барлық құжат айналымын толықтай электронды форматқа көшіру керек.

Қазіргі кезде талап ететіндей, құжаттарды қағаз жүзінде де, электронды түрде де дайындап, тапсыру дұрыс емес. Құжаттардың қағаз нұсқаларына біртіндеп тыйым салынуы керек, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. “Цифрлы Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: Ортамерзімдіперспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері: 1. Өнер кәсіпті және электр энергетикасын цифландыру; 2. Көлікті және логистиканы цифрландыру; 3. Ауылшаруашылығын цифрландыру; 4. Электрондық сауданы дамыту; 5. Қаржы технологияларын және қолма-қолақшасыз төлемдерді дамыту; 6. Мемлекет – азаматтарға; 7. Мемлекет – бизнеске; 8. Мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру; 9. "Ақылды" қалалар; 10. Байланыс желілерін және АКТ инфра құрылымын кеңейту; 11. АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 12. Орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беру децифрлық сауаттылықты арттыру; 13. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау); 14. Инновациялық даму алаңдарын қолдау; 15. Технологиялық кәсіпкерлікті, стартап мәдениетті және ҒЗТКЖ-ны дамыту; 16. "Венчурлік" қаржыландыруды тарту; 17. Инновацияға сұраныс қалыптастыру.

Осылайша ел басымыздың бекіткен “Цифрлы Қазақстан” бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар өз деңгейінде өтуде.

Ақпараттық коммуникациялар тереңінен меңгеріліп, жастарымызды осы салағатарту және ынталандыру мақсатында жыл сайын гранттар бөлінуде. Және де айта кетерлігі ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз кезегінде

мемлекетіміздегі жастарға ерекше көңіл бөліп, олардың мемлекеттің тірегінің бірі екенін және де болашақ жастардың қолында екенін ұғындырды. Бұлай деп отырғаным “2019 жыл-Жастар Жылы” деп жариялауы себеп болып отыр. Ел басымыздың бұл бастамасы жастарға жігер беріп, болашақтарын айқындауға көмектескендей, яғни еліміздің барлық өңірлерінде түрлі іс-шаралар, жобалар, байқаулар, Startup-тар бірінен соң бірі жалғасынтауы.

Кез келген мемлекетте адамның өмірсүруі мен дамуына мүмкіндік беретін үшәліп күш бар, олар – білім, жұмыс және баспана екені сөзсіз. Елбасы дәл осы негізгі факторларға ерекше назар аудартып, олардың өзектілігіне тоқталды. Қазақстанның үш ірі қаласында жұмыс істейтін жастарды жылына мыңға жуық пәтермен қамту, жастар бизнесін қолдауды 20 мың грантқа көтеру, Жастар стартаптарын қолдау Қорын құру, студент- волонтерлардың шәкірт ақысын көтеру, жас ғалымдардың жобаларын қаржыландыру, студенттік құрылыс қозғалыстарын дамыту, сонымен қатар, жас отбасыларға қолдау көрсету – бұл тек Жастар жылындағана емес, одан кейінгі жылдары да тиімді шаралар қабылдауды талап ететін басты мәселелер болып қала бермек.

Менің пікірімше қазіргі таңдағы елдегі басты мәселелердің бірі ол-”қағазбастылық” болып саналады. Себебі 21-ғасыр дамыған технологиялар мен ақпараттық коммуникациялар кеңінен қолданылатын заманда қағаз бен қаламсап қолданған тиімсіз сияқты және де басты себеп уақыт жоғалтуда. АКТ-ны қолданудың бірнеше тиімділігін айтып өткім келеді.

Жоғарыда айтылып кеткендей “Цифрлы Қазақстан” бағдарламасы және еліміздегі дарынды программист мамандарының арқасында еліміздегі қазіргі күнделікті білім алуға жеңілдіктерді бізге ұсынып отыр. Яғни көптеген боттар, порталдар, веб сайттар мен веб қосымшалар пайдаланудамыз.

Мысалы мектептегі білім алушылар мен берушілерге және ата-аналарға арналған “Күнделік.кз” сайты және “Күнделік” мобильді қосымшасы, “Білімленд” сайты және мобильді қосымшасы, дарынды балаларға қосымша білім көзіндетінде “Дарын онлайн” сайты, мектеп қызметкерлері мен балабақша қызметкерлері үшін “НОБД” ақпараттық сайты, университет студенттері үшін “univer” сайттық базасы және мобильді қосымшасы барын айтуға болады. Яғни біз қазіргі білім беру саласында АКТ-ны қолданудамыз және ол біздің уақытымызды үнемдеп, жұмысымызды жеңілдетуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. “Егемен Қазақстан” ақпараттық сайты;
2. Елбасы Н. Назарбаевтың “Жастар жылы” видеоролигі;
3. “edunews.kz” сайты

ӘОЖ37.01(045)

МЕКТЕПТІК БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА ШОЛУ

Г.Қоблан, З.Т.Көкшеева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесінің жаңа мазмұнының қалыптасу тарихы, педагогикалық ой- пікірлер, дидактиканың даму тарихы мен білім беру мазмұнын жасауға ат салысқан ғалымдарымыздың еңбектері сараланып, мектептің оқу тәрбие процесін ізгілендірудегі білім мазмұнының маңызы мен оны байытудың жаңа жолдарын іздестіру жолдары жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: білім мазмұны, педагогика, оқыту әдістемесі, кешенді білім, оқу бағдарламасы, шығармашылық әрекет, дидактика, білім беру стандарты, мектеп, практикалық әрекет.

Мектепте қазіргі қолданылып жүрген білім мазмұны оқушының жан-жақты дамуына, танымдық қызығуды қалыптастыруына, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне қажетті ғылым негіздерін, жеке тұлғаның ақыл-ой әлеуеті мен физикалық, адамгершілік-эстетикалық қабілеттерін дамыту тәжірибелерін, шығармашылық икемділіктер мен дағдыларды құрайтыны анықталды. Ендеше, талдау жасап көрелік.

Прагматикалық педагогикада 1920-30 жылдарда «жобалар әдісі» («проектілер әдісі») бағытында белсенді жүргізілді. XIX ғ. 60-жылдарында К.Д.Ушинский түсіндірмелі оқу жүйесін ұсынды. Өзінің «Балалар әлемі» және «Хрестоматия» (1870ж) мазмұны бала түсінігіне жақын бүкіл дүниені қамтиды. Өзінің кітаптарының негізгі мақсатын кіші мектеп жасындағы балаларды әрбір адам меңгеруге тиісті қоршаған өмір жөнінде қарапайым білім циклімен қаруландыру деп есептеді. Б.Алтынсарин өзінің «Хрестоматиясы» мен «Қазақ мектептерінде орыс тілін үйренуге басшылық» деген еңбектерінде білім мазмұнын дидактикалық қағидаларға сай негіздеді. Оқулықтар мазмұнына балалардың ойлауын, сөз қорын, өзіндік таным қабілетін дамытуға ықпал жасайтын табиғат құбылыстары, айнала қоршаған тіршілік-тұрмыс көрністер туралы әңгімелер, суреттемелер, аңыз- ертегілер т.б. материалдарды алған. Ол материалдар бастауыш білім мазмұнының негізі болды[1].

1922 – 1928 жылы Мәскеуде КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы қызметін тұңғыш қазақ дипломаты, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, тіл маманы, Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы алғашқы елшісі - Нәзір Төреқұлов атқарған болатын. Бұл қызметке келгеннен соң, олавтономия алған халықтардың тілін мемлекеттік тілге айналдыру мәселесін көтеріп, түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін жасау жөніндегі комиссияға төрағалық етіп, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жақтады. Сондай-ақ, орталық баспа басқармасының төрағасы ретінде қазақ тілінде “**Темірқазық**” атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев секілді қазақ зиялыларын тартып, қамқор бола білді. Нәзір Төреқұлов өз оқырмандарын өзбек, қазақ, татар, түрік, парсы, үнді және орыс классикалық әдебиетінің үлгілерімен таныстырып отыруды батыл ұстанып, Навои, Абай, Тоқай, Тевфик Фикрет, Бедил, Рабиндранат Тагор, Александр Блок және тағы басқалардың үздік шығармаларын жариялады. Ол басшылық қызмет атқарған жылдары мектепте білім беру мәселесін әрдайым басты назарда ұстады. 1925 жылы өткен I Бүкілодақтық мұғалімдер съезінде «Ұлт мәселесі және мектеп» атты баяндамасында осы мәселені көтере отырып, оның өткір сындары мен батыл ой-пікірлері есепке алынып қабылданған қарарда айқын көрініс тапты[2].

70-жылдары мектепке заттық немесе көрнекі сабақтар ене бастады. Мысалы, Н.А.Корфтың «Біздің досымыз» еңбегі, мұндай оқу кітаптары ассоциациялық сабақ беру негізі ретінде қолданылды. 70-80 - жылдар бойына түсіндірмелі оқу әдістемесі оқушыларға қажетті білімді жеткізетін және олардың түсінігіне әсер ететін негізгі оқу пәні ретінде қалыптасты.

XX ғасырдан бастап мектептер мен педагогикада оқыту мазмұнының концентрациясы әдісіне көшу жүзеге асырылды. Жүйені құраушы компонент ретінде қоршаған табиғатты зерделеу және адамның іс-әрекеті алынады. 20-жылдардың I жартысында оқыту мазмұнының өзара байланысты формасы – аккордық жүйе (тақырыптық жағынан іштей біріккен білімдердің жиынтығы) М.Зарецкий; (циклдық әдіс) барлық оқу пәндерін белгілі бір циклге біріктіру- Н.И.Попова; (бір мезгілдік тапсырма әдісі- С.В.Иванов), өндірістік оқыту, мұнда өндіріс орнына жасалған экскурсия зерттеліп отырған нәрсені зерделеп, қорытуға мүмкіндік беру-(В.Фридман) қолданылды.

Білім берудің жаңа мазмұнын жасаудағы алғашқы практикалық әрекеттер проблемалы-кешендік негізде ғасырдың басында АҚШ-да Дж.Дьюи және бұрынғы кеңестер Одағында С.Т.Шацкий, М.М.Рубинштейн және т.б. талпыныс жасаған еді. XIX ғ. және XX ғ. аралығында пайда болған бұл инновациялық бағыт бір мезгілде Германияда (Г.Кершенштейнер) және АҚШ-да, Кеңестер Одағында толықтай практикалық тұрғыда жүзеге асырылған эксперименттік жүйе - педагогика тарихына “Еңбек мектебі” деген атпен енген болатын. Еңбек мектебіндегі оқу процесін ұйымдастырудың негізгі принципі - ол “өмірлік кешендер әдісі”. Бұл анықтаманы Т.Ш.Рубинштейн былай деп түсіндіреді: “еңбектің әрбір актісі жекелеген ғылыми аймақтарға бөлшектенуіне қарама-қарсы, шағын немесе әр салалы кешен болып табылады; бұл әр уақытта да әртүрлі қырлардың бірлігі, олар ғылымда, логикалық ойлауда жеке-жеке зерттеледі, ал өмірде олар бірігіп өзараіріккен, тұтастыққа айналған кешендер”[3].

1923 ж. Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жанындағы ғылыми-педагогикалық секция (төрағасы Н.К.Крупская, мүшелерінің бірі С.Т.Шацкий) МҒК- бағдарламасын (программа ГУС) жасады. 1924-1925 жж. бастап оны I-II сыныптарға енгізу міндеттелді. Халық ағарту жүйесін түбегейлі қайта құру, педагогика ғылымында да түбірлі өзгерістер жасауды талап еткен болатын. “Жаңа мектеп” жоспары сол кезде өмір сүріп тұрған мектептің белгілі бір сұранысты қанағаттардыра алмайтынын көрсетті (П.П.Блонский). 1924 жылы П.П.Блонский оқытудың жаңа жүйесінің мәнін түсіндіре келіп, мектепті түбірінен қайта құрудың қажеттілігін дәлелдеп, ұсынды. Мұнда тәрбиеге жоғары мән беріліп, мұғалімнің жан-жақты білімді болуы көзделген. Оқулықтар ана тілінде шығарылды, таңдаулы оқулықтар мұғалімдер, енді қалыптаса бастаған қазақ зиялыларының өкілдері оқулықтар жазу жұмысына тартылды. Ауыз әдебиетінің үлгілері пайдаланылды. Арифметика есептері жинағының мазмұны да қазақ тілінде берілді. 20-жылдардың басында ұлт зиялылары А. Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхамедұлы бастауыш мектепке арнап оқу құралдарын даярлады («Оқу құралы», «Әліп-би», «Табиғаттану», «Есептану құралы», «Пішіндеме» т.б.) әдістемелік нұсқаулар әзірлеген («Баяншы», «Нұсқаушы», «Бастауыш сыныпта ана тілі» т.б.). Олар оқулықтарында, әдістемеліктерінде халқымыздың ұлттық, тіпті, аймақтық ерекшеліктері анық білінуіне назар аударады. Ана тілімізді оқыту, бала тілін дамыту әдістемесі бағытында мол да құнды ойлар айтқан дарынды халық зиялыларының бірі – М.Жұмабайұлы[4].

Ахмет Байтұрсынов тек баланы оқытып қана қоймай, «Нені оқыту керек» секілді сұрақтар төңірегінде де ой қозғап, тұңғыш Әліппе оқулығын бастырып шығарады. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Оқу құралымен» бастауыш оқыту әдісін кіргізді: оқыту әдісі догма емес, қайта ол әрбір оқытушының білімдарлығына байланысты неғұрлым тиімді, жаңаша құрылу керек екендігін, оқушыларға ереже жаттатудың тиімсіз екенін дәлелдеп түсіндіру, талдау, қорыту тәсілдерін қолдануды ұсынады.

Ж.Аймауытов мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек дейді. Қазақ ұлтының бүгінгі жарқын болашағын жақындатуға, оның іргетасын қаласуға сонау өткен XX ғасырдың алғашқы жылдарында аянбай еңбек еткен А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Садуақасов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов т.б. көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің еңбегі зор[5].

Сонымен, кешенді білім мазмұны оқушылардан өмірді тікелей зерттеуді талап етті, жаңалықпен, қазіргімен қабысып жатуы және ол мектепте үш формада көрінуі қажет болды: біріншіден, мектепке баланың өмір сүру ортасының енгізілуі; екіншіден, бақылау нысанасы ретінде жанды табиғаттың дамуы алынуы; үшіншіден, ғылыми зерттеудің қажеттілігі (міндетті түрде рефераттар, лекция, экспедиция т.б. жүргізілуі) еді.

1932 жылдан бастап жаңа бағдарламалардың енгізілуі мектепте білім мазмұнының пәндік негізін бекітті. Сонымен, 1932 жылдан бастап кеңес мектебінде білім беру дәстүрлі пәндік негізде құрылды. 30-шы жылдардың басында «Жалпыға бірдей бастауыш білім беру

туралы» Заң қабылданды. Оған байланысты «Бастауыш және орта мектеп туралы» (қыркүйек, 1931 жыл) және «Бастауыш және орта мектептегі оқу бағдарламалары мен режимі» (тамыз, 1932 жыл) атты екі тарихи қаулы қабылданып, Қазақстан оқу – ағарту ісіне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Оқытудың сыныптық – сабақтық жүйесі берік орнады. 1970 жылдары қоғамдағы ғылым мен техниканың қарқынды дамуы мектептердегі білім мазмұнын жетілдіру, яғни мектепте оқытылатын ғылым негіздерін ғылым мен практика жетістіктеріне сәйкестендіру қажеттігі туындады. Оқыту мазмұны мен оқытудың теориялық деңгейін арттыру жалпы білім беретін мектептің жаңа оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарын қайта даярлау жұмыстары жүргізіле бастады.

Қазақстандағы білім беру ісінің, педагогикалық ой – пікірлердің, дидактиканың тарихы мен дамуы зерттеуші ғалымдарымыз Қ. Бержанов, С. Мусин, Т. Тәжібаев, Ә. Сыдықов, Ә. Сембаев, И.Б. Мадин, А. Көбесов, К. Құнантаева, Қ.Б. Жарықбаев, Қ.Б. Сейталиев, С.Қ.Қалиев, Ж.Есекеев, Е. Омарұлы, Ә.Н. Көшербаева, К.Ж. Ибраева, А. Ильясова, Е.Ү. Жұматаева, Қ.Т. Ыбыраимжанов, Р.Қ. Бекмағамбетова т.б. еңбектерінен көрініс тапты.

Бірақ соңғы жылдары білім беруде оқытудың дамытушылық жағына, шығармашылық әрекетке, мектептің білім мазмұнын байытудың жаңа жолдарын іздестіруге (көп деңгейлі оқыту, интегративті оқыту, ауқымды білім беру және т.б.) ерекше мән берілуде. Осы мәселеге байланысты жоғары оқу орындарының ғылыми-практикалық конференцияларының материалдары, ғылыми еңбектер жинақтары көңіл аударарлық. Республика педагогтары (А.Е.Абылқасымова, М.А.Құдайқұлов, Т.С.Сабыров, т.б.) оқушылардыңөздігінен ойлау, оқу икемділіктерін жетілдіру, түрлі дербес атқаратын іс-әрекеттер негізінде олардың ақыл-ойын дамыту жолдарын іздестіреді [6].

Бүгінгі күні көптеген шет елдердің бастауыш мектептерінің стандарттары оқу материалын кешенді ұйымдастыруға негізделіп жасалған.

Соңғы жылдары жалпы орта білім берудің саласында жүргізіліп жатқан реформалар Қазақстандық білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз етуге, оқытуды даралау мен бейімдеуге, білім деңгейлерінің сабақтастығын сақтау бағытын жетілдіруге бағытталып отыр. Бұл қазіргі қоғамның дамуы өмірге жан-жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, өздігінен білім алуға, өзін іс жүзінде көрсетуге, өзін-өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайын, өз мүддесімен қоғам мүддесін іскерлікпен ұштастыра білетін, жан-жақты мәдениетті, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу қажеттігінен туындап отыр. 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу білім беруді дамытудың ең басты міндеттеріне айналып елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан қолдау табуда. Білімді реформалаудың басты міндеті – мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру. Жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктерін оның мүмкіндіктерін ескере отырып қанағаттандыру, қалыптастыру, адам білім үшін емес, білім адам үшін деген оқу тәрбие процесін ізгілендіру, ізгілік принциптерінің қайта түлеуі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана білімнің беделін арттыруға, білім беру саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі мәртебесін нақты орнықтыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.Д.Ушинский Педагогика, 1990. -Т5.-С.298-300
2. Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. \\Құрастырған С.Қалиев. –Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
3. Блонский П.П. Педология. – М.: ВЛАДОС, 2000. – 288 с.
4. Дулатов М. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.-384б.
5. Жұмабаев М. Таңдамалы. А, Ғылым, 1992.-6.128
6. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. – 120 б.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Ә.Қ. Қорқыт

Бабатай негізгі орта мектебі
Ақтөбе облысы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі білім мен тәрбиенің негізгі бағыты жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру, тұлғаның «Мен» менталитетін қалыптастыру, өзін - өзі тану, өзін - өзі дамыту мәселесінің айналасында болып отыр. Расында да, тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін - өзі тәрбиелеу іс - әрекеттерін ықпал ету ұстаздар алдындағы жауапты міндет.

Түйін сөздер: танымдық белсенділік, жаратылыстану пәндері, қабілет

Оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру - оларды ғылыми - ізденіс аймағына енгізудің басты жолы.

Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен - зерттеушімін», «Мен - жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен - зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек үстел», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады. Жалпы айтқанда, педагогикалық ұжым дербес ойлап, кез келген жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан - жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді.

Мектепте дарынды баламен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылу керек.. Балаларды ғылыми - ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі жүруі тиіс. Оны - әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.

Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:

- Тақырыптың ғылыми құндылығы;
- Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
- Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;

- Жұмыстың көркем безендірілуі[1].

Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Қазіргі таңда оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін оқушыны неге үйрету керек, қалай үйрету керек, әлде оны өзі үйрене ала ма?

Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін

мұғалімнің өзі теориялық білімдерін жетілдіріп отыруы қажет • зерттеу процесіне баланы үзбей, сатылы түрде қатыстыр
зерттеу кезеңдері мен әдіс - тәсілдерін айқындап алу
зерттеу барысында өз бетімен қорытынды жасай алу
шығармашылық жаттығу, тапсырмалардың мазмұнын оқушылардың жас ерекшелігіне,қызығушылығына сай таңдау
оқушы жетістігін мадақтап,көтермелеу керек

Оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы күнге дейін жинақталған тәжірибесін оқу әрекеті арқылы дамыту қажет. Сол әрекеті білік,білім дағдыларын қалыптастырады. Кез келген тапсырманы оқушы орындау жағдайында іздене бастайды. Өз бетімен әрекет жасап, шешім қабылдау арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді.Баланы зерттеу жұмысына дайындау, оны зерттеушілік ізденіс дағдылары мен іскерлігіне үйрету қазіргі білім берудің маңызды міндеті болып отыр. «Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «жаңа білім шығару процесі және танымдық қызметтердің бір түрі болып табылады» деп беріледі. Танымдық қызмет үйренушілерге қолданғанда шығарушы «өнімсіз» және білімді қайта құру (шығармашыл, зерттеушілік) болуы мүмкін.Бала-табиғатынан зерттеуші, зерттеушілік ізденіс - табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, үнемі қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу бала мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Зерттеушілік, ізденушілік белсенділік - баланың табиғи жағдайы; ол әлемді танығысы, білгісі келеді. Баланың бұл табиғи белсенділігі зерттеушілік мінез - құлықтың мәні.Балаларды оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану қажеттілігі балалардың табиғатынан көп білгісі келетіндігімен, қоршаған ортаны түсіну қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері олардың жеке - дара қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етеді. Бұдан басқа, өзіндікзерттеулер интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өз бетінше зерттеудің көмегімен оқушылар қоршаған әлемді тани отырып, өздеріне жаңа білімді дайын күйде алмай, ашады. Зерттеуші - оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігін - баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандырумен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Белгіліпсихолог

Л.С. Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын ілестіре алады,» - дейді. Сондықтан оқыту процесі жаңа инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді. Инновация деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні - білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Ал инновациялық оқыту дегеніміз - жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Қоғамдық дамудың жаңа кезеңінде мектепте білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырауда. **Оғансебеп:**

- ақпараттық технологияның жедел дамуы;
- жаңа типті мектептердің пайда болуы;
- дарынды балалармен жұмыс істеу бағдарламасының дүниеге келуі;
- балаларды шет елдерге оқыту мүмкіндігі туды.[2]

Жалпы ғылыми- зерттеушілік жұмыстарға қабілетті, көбінесе шапшаң, тез ойланатын, көп көлемде білім меңгеретін, оны ұзақ уақыт ұмытпайтын және олардың түсінігі өте жоғары, сезімтал, ойға алған нәрсесін, алдына қойған мақсатын қалай да орындауға тырысатын, адамгершілік сезімі ерте дамыған, моральдық қасиеттерге өте бай, қиял күші басым оқушылармен жұмыс жасаймыз.

Бүгінгі таңда жеке тұлға, яғни зерттеушілік тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатында жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс - әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оқушылармен ғылыми - зерттеу жұмыстарын дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен соңғы кезде деңгейлеп оқыту, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану өте тиімді. Бұл әдіспедогогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың тұжырымдамасы негізінде жасалған.

Жалпы оқушылардың тәрбиелік және ғылыми - зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу топтарын құру өзектілігі мынаны білдіреді:

- біріншіден, оқушылардың үрдісін демократияландыру және ізгілендіру. Бұл оқушының тұлғалық әлеуетін аша түсуге қажетті жағдай туғызады;

- екіншіден, оқушының оқу және тәрбиелік деңгейін анықтайтын педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту міндеттері;

- үшіншіден, оқушының білімін арттырудағы мектепшілік жүйесінің қажеттілігі. Оқушылардың мүмкіндіктерін айқындап, инновациялық тәрбие мен ғылыми - зерттеу жұмыстарын қолдану саласын және ынталандыру әдістерін анықтау керек. Мұндағы зерттеу қызметі шығармашылық ізденіс бағдарламасын жасау, қазіргі заманғы әдебиеттерді оқып-үйренуге, оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін жасау, оқушылардың даярлық деңгейін және олардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. [3]

Қорыта келе, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту тәрбие мен оқытудың бірлігін сақтай отырып, сабақты шәкірт жанының ішкі қуатының оянуына ықпал жасайтындай етіп ұйымдастыру, оқу процесінде әрбір оқушының бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды қарым - қатынасына түсіру арқылы дамыту және оларды білім, білік, дағдылар негізінде қалыптастыру. Гуманист - педагог Я. Корчактың сөзімен айтқанда «Оқушыны ең алдымен көруге, түсінуге және сүйуге үйрету қажет, оқуға үйрету одан кейін келеді». Шындығында, оқушының білім алу процесінде жеке тұлға ретінде дамуы, қалыптасуы оқу мен тәрбиенің ұштасып, біртұтас процеске айналған жағдайында жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абуева. Р.Т., Кіші жастағы зерттеушілер-Петропавл, 2021
2. Қазақстан Республикасының білім туралы заң. - Астана. Ақорда, 2007 - 116 бет
3. Габаева З.Ү. Развитие творческой одаренности через научно - исследовательскую деятельность. Исследовательская работа школьников.-2013.- № 2. - с.24-32.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГТЫҢ ДАМУ ЗАҚЫМДАЛУЫНЫҢ ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Қ. Қуатова, А.Н. Себетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада психологиялық – педагогикалық диагностика жұмыстардың дамуында зақымдалуы бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылу мүмкіндігі баяндалады. Диагностика барысында қажетті талаптарды орындаудың маңызы мен түрлері көрсетілген. Сонымен қатар, баланың ПМПК қорытындысымен келген жағдайда да психолог маман үшін баланың жеке ерекшеліктерін тексеру себептері атап өтіледі.

Түйін сөздер: қолайлы педагогикалық әсер, баланың жақын даму аймағы, психологиялық тексеру, дифференциалды диагностика, потенциалды мүмкіндіктер, жеке даму және оқыту бағдарламалары.

Білім беру мекемесіндегі психологиялық-педагогикалық диагностика қолайлы педагогикалық әсерді таңдауды және белгілі бір психологиялық жағдайларды жасауды болжайды (К.Ингекамп, Л.Н.Давыдова және т.б.).

Даму бұзылысының психодиагностикасы баланың білім беру бағытын, оның өзіндік білім беру қажеттіліктерін және оның мүмкін болатын білім деңгейін анықтауы, түзету-дамыту оқытудың негізгі бағыттарын көрсетуі, яғни дифференциалды және болжамды болуы тиіс. Диагностика процесінде баланы оқытудың оңтайлы ұйымдастырушылық нысандары мен жеке жоспарлы оқытудың ұсынымдары анықталуы тиіс. Қазіргі кезеңде даму бұзылысының диагностикасын жетекші мамандардың еңбектеріндегі (Л.С.Выготский, В.И.Лубовский, С.Д.Забрамная) бұрын сипатталған бірқатар қағидаттарға (тәсілдерге) сүйеніп жүргізу қажет. Олардың қатарында: кешенді зерттеу (қандай да бір ауытқудың терең ішкі себептері мен механизмдерін ашуды болжайды), динамикалық тәсілі (оның даму процесінде болатын өзгерістерді қадағалауды, сондай-ақ оның жас ерекшеліктерін есепке алуды көздейді), баланың потенциалды мүмкіндіктерін анықтау және есепке алу –(баланың жақын даму аймағы түріндегі потенциалды мүмкіндіктері жаңа білім мен іскерлікті меңгерудің мүмкіндіктері мен қарқынын анықтайды) және т.б. принциптерге негізделеді [1].

Баланы психодиагностикалық зерттеу нәтижелерін сапалы талдау келесі параметрлерді қамтиды:

- тексеру жағдайы мен тапсырмаларға қатынасы;
- тапсырмалар жағдайындағы бағдарлау тәсілдері және тапсырмаларды орындау тәсілдері;
- баланың іс-әрекетінің тапсырма шарттарына, эксперименталды материалдың сипатына және нұсқаулығына сәйкестігі;
- ересек адамның көмегін нәтижелі пайдалану;
- ұқсас тапсырмаларды орындай білу;
- өз қызметінің нәтижелеріне қарым-қатынасы, өз жетістіктерін бағалаудағы сыни көзқарас[2].

М.М.Семаго және Н.Я.Семаго психологиялық тексеру жүргізудің қажетті шарттары ретінде келесілерді анықтайды.

1. Индивидуалды жұмыс үшін жабдықталған орын. Тексеру өтетін бөлмеде баланы алаңдататын немесе қорқытатын заттар немесе жабдықтар (ашық плакаттар, ерекше жиһаздар, медициналық құралдары бар шыны шкафтар және т.б.) болмауы тиіс.

2. Тексеру жүргізілетін бөлмеде баланы міндетті түрде "игеру". Тексеру жүргізер алдында психолог өтініш берген ересектердің шағымдарының сипатын анықтап, нақтылауы тиіс. Бұл кезде баланың әңгімені естуінің немесе қатысуының қажеті жоқ; ол осы кезде бөлменің басқа бұрышында ойнап, сурет салып, бөлменің және т. б. жағдайымен танысуына болады.

3. Тексеру жүргізу алдында баланың психологпен жеткілікті байланысын анықтау. Баланы психологты қалай атағанын қалайтынын білу керек. Бұл қосымша сенім мен жылу атмосферасын сыйлайды. Ешқандай жағдайда баланы тегімен атауға болмайды[3].

Сонымен, даму зақымдалуының психологиялық-педагогикалық диагностикасының маңызды міндеттері:

- балалардың дамуындағы бұзылуларды ерте анықтау;
- бұзушылықтардың себептері мен сипатын анықтау;
- баланың оңтайлы педагогикалық бағытын анықтау;
- дамуы зақымдалған баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- жеке даму және оқыту бағдарламаларын әзірлеу

Дамуында проблемалары бар баланы психодиагностикалық тексеру жүйелі болуы тиіс, яғни ол психиканың барлық жақтарын (танымдық іс-әрекет, сөйлеу, эмоциялық-ерік саласы, жеке даму) зерделеуді қамтиды. Психодиагностикалық тексеру баланың жасына және психикалық дамуының болжамды деңгейіне қарай ұйымдастырылады. Дәл осы көрсеткіштер диагностикалық процедураның ұйымдастыру нысандарын, әдістемелерді таңдау және нәтижелерді интерпретациялау болып табылады. Диагностикалық тапсырмалар балаға қолжетімді болуы керек. Тексеру барысында балаға ол орындай алатын тапсырманы ұсыну қажет, ал нәтижелерді талдау кезінде бала қандай жас тобына арналған тапсырмаларды орындағаны ескеріледі[1].

Психодиагностикалық зерттеу жүргізу әрқашанда жеке міндеттерді шешу жолдарын анықтайтын нақты мақсатқа бағынады. Дамуында бұзылысы бар баланы психодиагностикалық тексерудің негізгі мақсаты — түзету көмегінің оңтайлы жолдарын анықтау үшін психикалық қызметтің бұзылу құрылымын анықтау. Нақты міндет баланың жасымен, көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылуының болуымен немесе болмауымен, әлеуметтік жағдайлармен, диагностика кезеңімен (скрининг, дифференциалды диагностика, жеке түзету бағдарламасын әзірлеу үшін баланы тереңдетілген психологиялық зерттеу, түзету іс-шараларының тиімділігін бағалау) анықталады[4].

Тексеру жүргізуді ұйымдастыру кезінде мынадай талаптарды ескеру қажет:

- тексеру процедурасы баланың жас ерекшелігіне сәйкес құрылуы тиіс: баланың психикалық қызметінің даму деңгейін бағалау үшін оның жасына сай белсенді қызмет түрін қосу қажет; мектеп жасына дейінгі бала үшін мұндай іс — әрекет - ойын, оқушы үшін-оқу болып табылады;

- әдістемелер пайдалану үшін ынғайлы, стандарттауға және деректерді математикалық өңдеуге мүмкіндік болуы тиіс, бірақ бір мезгілде сандық нәтижелерді ғана емес, тапсырмаларды орындау процесінің ерекшеліктерін де ескеру керек;

- алынған нәтижелерді талдау сапалық-сандық болуы тиіс; жетекші ресейлік психологтардың жұмыстарында сапалы көрсеткіштер жүйесі арқылы іске асырылатын сапалы талдау баланың психикалық дамуының өзіндік ерекшелігін және оның потенциалды мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік беретіндігі көрсетілген, ал сандық бағалар қандай да бір сапалық көрсеткіштің айқындылық дәрежесін анықтау үшін пайдаланылады, бұл норма мен патологияны ажыратуды жеңілдетеді, әртүрлі даму бұзылыстары бар балалардан алынған нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді;

- сапалы көрсеткіштерді таңдау кездейсоқ болмауы тиіс, ал олардың дамуында зақымдалуы бар балаларға тән қалыптасқан психикалық функциялардың деңгейін көрсету қабілеттілігімен анықталуы керек;

- тексеру процедурасын оңтайландыру үшін диагностикалық тапсырмаларды ұсыну тәртібін ойластыру керек; кейбір зерттеушілер (А.Анастази, В.М.Блейхер және т.б.) күрделіліктің өсу дәрежесі бойынша — қарапайымнан күрделіге дейін, басқалары (И.А.Коробейников, Т.В.Розанова) — шаршаудың алдын алу үшін қарапайым және күрделі тапсырмаларды кезектестіру орынды деп санайды[1].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Психолого-педагогическая диагностика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / И.Ю. Левченко, С.Д. Забрамная, Т.А. Добровольская и др.; М.: Издательский центр «Академия», 2003. - 320 с

2. Лубовский В. И. Психологические проблемы диагностики аномального развития детей / Науч. исслед. ин-т дефектологии Акад. пед. наук СССР. — М.: Педагогика, 2000. — 104 с.: ил

3. Семаго Н. Я., Семаго М. М. Теория и практика оценки психического развития ребенка. Дошкольный и младший школьный возраст. — СПб.: Речь, 2005. — 384 с, илл.

4. Психодиагностика и психокоррекция. Под редакцией А.А. Александрова. СПб – Питер 2008г – 384с:ил – («Мастера психологии»).

ӘОЖ 34.01.45

СТУДЕНТТЕРГЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Г.Т. Максутбекова, Н.С. Успанова

С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті
Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Елін, жерін сүйетін, ұлтының тарихынан хабары мол, туған тілін, дінін, дәстүрін сыйлай білетін, ғылым мен техникадан хабардар азаматтар тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Мақалада студенттерге биология сабақтары арқылы патриоттық тәрбие берудің әдістері мен тәсілдері берілген. Қай пәннен болса да ұлттық тәрбие элементтерін сабақта қолданудың жаңа Қазақстанды дамыту жолында аянбай еңбек ететін, ұлтын сүйетін жастарды тәрбиелеуде маңызы зор.

Түйін сөздер: Биология, халықтық педагогика, Отан, ұлттық құндылық, студенттер, патриоттық тәрбие

«...Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі», - деді өз сөзінде президентіміз Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында [1].

Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерде, халықтық педагогика құндылықтарын ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін жасауда өткен ғасырдағы көрнекті ағартушы педагогтардың, соның ішінде Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың және тағы басқалардың да маңызды ой-пікірлері, отансүйгіштік, патриоттық туралы қағидалары қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Халқымыз өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мұралар сабақтастығын сақтауды мақсат тұтқан. Қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке байланысты сезіну, әр адам өзінің мемлекетке тәуелді екенін, олай болса мемлекетті нығайту жеке адамдарды күшейту екендігін мойындау», - деген болатын. Қазақтың зиялыларының бірі Міржақып Дулатұлы: «Мектептің мақсаты – құрғақ білімді үйрету ғана емес, біліммен бірге тәрбиені қоса беру», – деп жазады. Бұл сөзден жастарға тәрбие беру білім беруден де маңызды екендігін аңғарамыз. Мұхтар Әуезовтың «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген сөзінде қаншалықты ұлттық тәрбие, ұлттың болашағын ойлаған көрегендік жатыр. Тәрбие мәселесі ұрпақтан ұрпаққа таралып, жетілдіріліп отырған өмір мектебі. Оны халық даналығынан, рухани өмір беттерінен, ұлтымыздың тарихы мен мәдениетінен, әдебиеті мен өнерінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан іздеген жөн. Осыларды бойына сіңірген исі қазақ баласы ұлттық педагогика негіздерімен тәрбие берудің маңыздылығын түсінеді, мәнін біледі. Қай кезде болмасын ағартушылардың, ақын-жырауларымыздың мақсат мүддесі қазақ халқын тек бірлікке, ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпауды үйрету, көшпенді елдің баласына ғылым-білім, өнерді үйретуді армандаған. Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі тек татту тәтті өмір сүруге шақырады. Ал патриоттық тәрбие ұлттық тәлім-тәрбие беруден басталатыны сөзсіз [2].

Қазақ халқы «Отан» ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысқан, оны туған жер, атамекен, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырған. Қазақ баласы үшін Отан – отбасынан, ата жұртынан, туып өскен топырақтан басталады. Мұны қазақ халқының мына мақалынан айқын аңғаруға болады: «Малым — жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Осылайша халық ар-намысты бәрінен жоғары қойған. Ұлттық тәрбиенің ең бір биігі – ата-анасын, үлкенді құрметтеу т.б. ұғымдар қабысып отаншылдық, елжандылық ұғымдарына алып келеді. Мұндай ұғымдар негізінде тәрбиеленген ұрпақта патриоттық сезімді қалыптастыратыны анық. Бүгінгі адамзат тарихында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, елжандылықты жас ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі күннің көкейкесті талабының бірі болып отыр [3,4].

Қазіргі кезде біздің жас жеткіншектерімізге халық педагогикасы өте қажет-ақ. Өйткені, халық педагогикасы жастарды жинақылыққа, тәрбиелілікке, имандылыққа, жауапкершілікке үйретеді, сонымен қатар халқымыздың түпкі тамырында жатқан әдет-ғұрыптарын меңгереді. Кез келген пәнді оқытуда сабақтарды халық педагогикасын байланыстыра өткізуге болады. Әдетте, осы құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, жастардың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу педагогтың шеберлігіне байланысты. Сондықтан әсіресе қазіргі кезде ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, елжанды азаматтар тәрбиелеу біздің мақсатымыз болуға тиіс.

Халық педагогикасын биология сабақтарында мынадай мақсаттары мен міндеттер арқылы іске асыруға болады:

- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- салт-дәстүрді құрметтеу;
- туған жерді құрметтеуге, отаншылдыққа тәрбиелеуге жете мән беру;
- салауатты өмір салтын ұстану;

– сабақ барысында тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен нақыл сөздерді қолдану, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды баяндай отырып түсіндіру [5,6].

Мысалы, генетика бөлімі ойынша, қазақ халқының жеті ата ауқымындағы туыстық атау, шежіре құрастыруда өз ата-бабалары туралы мағлұматтар жинау тапсырмалары беріледі. Жалпы биология сабақтарында биологиялық шежіре картасын толтыру тасырмасын беруге болады, осылайша әр жеткіншек өзінің жеті атасын және не үшін білу қажеттілігін түсінеді әрі өмірде әсіресе отбасын құру кезінде маңызы зор екенін біледі.

Ұрпағын «тек» деп өсірген халқымыз теріс қылық мінезге де тыйым салған. Бұлай жасама, олай істеме, обал болады, дұрыс емес т.б. деген сөздердің жауабы жаман болады деген сөзбен аяқталған. Өмірде әр түрлі тақырып саласына байланысты қажетті ырым-тыйымдардың көбіне жауабын айта алмай қиналатынымыз жасырын емес. Осы тыйым сөздерді келтіре отырып, мағынасына түсініктеме беру студенттерге сабақ тақырыбына сай тапсырылады.

«Тіркес тұқымқуалау», «Мендель заңдары» тақырыптарын қарастырғанда мал өсіру қазақтың ұлттық дәстүрі және шаруашылығы болғанына, әркім өз күн көрісін түзеу мақсатында тары, сұлы, бидай басқа да өсімдіктердің мол түсім беретін іріктемелерін қолдан сұрыптап, сақтап отырғанына аса көңіл бөліп түсіндіріледі. «Адам генетикасы және оның зерттеу әдістері» тақырыбында болашақ ана мен әкелерге ұлттық деңгейде көп мәселерді ашық айтып, түрлі ой салуға болады. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алмағаны бекерден бекер емес, туыстық жақын некеден өмірге келген ұрпақ кемтар болып туылады. Міне, генетика саласы дамымаған уақыттың өзінде де қазақ халқы дүниеге келер ұрпақтың сау болуына үлкен мән берген. Қазақ халқының өнегелі әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін оқу процесінде көптеп пайдалану – болашақ қоғам иелерін білімді, көргенді, өнегелі, еңбекқор етіп тәрбиелеуге қосар үлесі зор. Бүгінгі күнде ұлттық дәстүрлерімізді бұрынғы ата-бабаларымыздың мәдени мұрасы болғандықтан ғана емес, ұлттық тәуелсіз халқымызда ежелден қалыптасқан, кейінгі кезде жаңарып келе жатқан салт-дәстүрімізді біртіндеп жасөспірімдердің бойына сіңіру, санасына жеткізу мақсатында биология сабақтарының орынды жерінде батылдықыпен халықтық педагогика элементтерін пайдалана білген жөн. Халық педагогикасын жаппай оқу орындарында, тәрбие мекемелерінде қолдану үшін әрбір педагогикалық ұжым оқу-тәрбие жұмысының процесіне енгізу керек.

Студент жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызы – бүгінгі күннің заманауи талаптарына сай берілген білім. Ұстаздар ұжымы білімді, жігерлі, өз болашағына нық сенімді жас ұрпақты тәрбиелеу үшін тынымсыз еңбек етуде. Бұл бағыт бойынша бізге алынған білімдерді іс жүзінде қолданып қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан келе алатын, ғылыми іздене білетін және ұжымшылдық рухта тәрбиеленген жоғарғы білікті, «бұл менің елім, менің жерім» дейтін сенім ұялата білген жас мамандар дайындауымыз қажет. Осындай жігерлі жастардан болашақта Қазақстан Республикасына зор үлес қосатын нағыз мамандар шығады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
2. Иманбетов А.Н. Студенттерге Отаншылдық негізде патриоттық тәрбие беру: Әдістемелік нұсқау. – Қарағанды: ҚарМУ, 2006. - б.26
3. Тоқтаров Б. Патриотизм. Что это значит? //Мысль. — 2011. № 12.
4. Қойгелдинова А., Шәріпбеков О. Қазақстандық патриоттық деп нені түсінеміз //Егемен Қазақстан. — 2013, қаңтар
5. Лутовинов В.И. Гражданско-патриотическое воспитание сегодня. //Педагогика, 2016, №5
6. Иманбетов А.Н., Рамашов Н.Р. Патриот студенттер тәрбиелеу-уақыт талабы //Павлодар мемлекеттік университеті хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2006. - №2. - б.107-115

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ В РАЗВИТИИ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ

С.Е.Манабаева, Г.Б.Мауленбердиева, Э.Б.Ешенкулова
Университет «Мирас», г.Шымкент, Республика Казахстан

Аннотация. Внимание к творческой деятельности молодого поколения сегодня приковано во всех сферах жизни общества. Основная цель - сосредоточиться на воспитании личностей активных, творческих, осознающих глобальные проблемы человечества и готовых участвовать в их решении. Другими словами, люди, которые могут находить решения проблем, принимать нестандартные решения и мыслить творчески.

Ключевые слова: творческая деятельность, креативность, развитие ребенка

Это повысило роль образовательных учреждений в воспитании активных, инициативных и творческих граждан. Развитие творческой компетентности - один из способов мотивировать людей к обучению. Ведь целью государственных образовательных стандартов начального общего образования является развитие личности учащихся, творческих способностей, интереса к обучению, формирование мотивации и способности к обучению.

Стратегия современного образования заключается в том, чтобы дать возможность всем без исключения ученикам в полной мере развить свои способности и творческий потенциал. Развитие творческих способностей учащихся важно на всех этапах школьного обучения, но особое значение имеет развитие креативного мышления в первые годы обучения. Именно в этом возрасте закладываются основы для обучения и сознательно направляемого творчества.

В младших классах развивающее обучение становится основным стратегическим маршрутом для достижения личностного роста и раскрытия индивидуальных талантов. Одним из источников улучшения процесса обучения является новое использование существующих методов и инструментов, которые необходимо усовершенствовать. В связи с этим большой интерес вызывает использование творческих заданий в учебном процессе как наиболее эффективного средства формирования креативного мышления.

Исходя из актуальности данной темы, была сформулирована программа исследования, состоящая из теоретического и практического осмысления творческих заданий, обеспечивающих формирование креативного мышления, творческой компетентности младших школьников в процессе обучения.

Компоненты Государственных стандартов начального общего образования направлены на реализацию качественно новой личностно-ориентированной модели развития начальной школы, и одной из линий этих стандартов является развитие творческих способностей, проявляющихся в личности и деятельности учеников. Начальное образование предполагает развитие различных форм обучения и индивидуальных особенностей каждого ученика, а также использование средств, обеспечивающих рост творческого потенциала за счет обогащения форм взаимодействия со сверстниками и взрослыми в познавательной деятельности.

Учитывая цели начального общего образования, можно утверждать, что обществу в будущем нужны люди, не связанные предвзятыми идеями и способные создавать новые образы, а не работать по инструкции, другими словами, люди с «творческим потенциалом».

Изучением креативности как психолого-педагогической категории занимался ряд отечественных и зарубежных ученых Н.В. Бибикова, Д.Б. Богоявленская, Дж. Гилфорд, С.А. Новоселов, Л.Д. Лебедева, Д. Симпсон, В.А. Слостенин, Э. Торранс, Д. Фельдман, С.М. Шурухт и другие.

Креативность у детей младшего школьного возраста изучают Н.Г. Герасимова, В.Н. Дружинин, Ю.В. Корнилова, Е.В. Митина, Т.Ю. Хабарова и др.

Согласно исследованиям отечественных ученых, креативность у учащихся средней школы развивается в деятельности, которая носит творческий характер и приводит учащихся в процессе познавательной деятельности к поиску новых решений проблем в нетипичных ситуациях. В настоящее время в науке и практике психологии и педагогики идет интенсивный поиск новых, нестандартных форм, методов и приемов обучения для развития творческих способностей и креативности детей. Широко распространены нетрадиционные формы обучения, методы проблемно-поискового обучения, совместная творческая деятельность и коллективные творческие дела, способствующие развитию креативности у детей младшего школьного возраста. В образовательной деятельности одним из способов развития креативности у детей младшего возраста являются интерактивные методы, которые позволяют детям взаимодействовать на равных и создают ситуации, способствующие развитию их креативности.

Работы Т.Ф. Башиной, Е.П. Ильина, Г.М. Коджаспировой, Н.С. Леоновой, В.А. Мазуриной, Ю.А. Толипиной, Т.Ю. Хабаровой и других раскрывают суть ИКТ. Авторы отмечают, что при использовании ИКТ учителю необходимо обеспечить такие условия обучения, при которых приоритетными становятся возможности для деятельности учащихся и нестандартные подходы в познавательной, художественной, эстетической и социальной сферах [1].

Очевидно, что для развития творческих способностей современных детей младшего школьного возраста необходимы целевые показатели. Также очевидно, что для развития творческих способностей детей целесообразно внедрять в образовательный процесс интерактивные методы [2]. Однако, несмотря на эти факты и провозглашенную индивидуализацию школ, методы развития креативности в школьной среде все еще недостаточно разработаны и нуждаются в более тщательном обосновании. Поэтому вопрос развития креативности у детей младшего возраста при использовании ИКТ является одним из самых актуальных.

Развитие креативного мышления у школьников - интересная и значимая задача для учителей и родителей. Ведь младший школьный возраст предоставляет широкие возможности для развития креативного мышления, которое достигается при наличии определенных условий, благоприятствующих его формированию [3]. Такими условиями являются:

- Создание творческой среды, предвосхищающей развитие ребенка.
- Предоставление ученикам свободы в выборе деятельности, чередовании видов деятельности, продолжительности времени, затрачиваемого на деятельность, и т.д.
- Предоставление маленьким детям возможности самостоятельно решать задачи, требующие максимальных усилий, при доброжелательной помощи (не подсказке) взрослых в форме совместного творчества.

В заключение, одним из способов развития креативного мышления является использование ИКТ. Это особая форма организации деятельности учащихся, имеющая определенные цели. Это создание комфортной среды для обучения, в которой дети реализуют свой потенциал успеха, интеллектуальные способности и творческое самовыражение. Развитие креативное мышление в младших классах с помощью ИКТ осуществляется посредством интерактивных лекций, работы в парах, работы в микрогруппах и тренингов, а также эвристических бесед, кейс-методов, тренингов, дискуссий и проектов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Башина Т.Ф. Креативность как основа инновационной педагогической деятельности [Электронный ресурс] / Т.Ф.Башина // Молодой ученый. –2013. – № 53. – С. 81-85.

2. Еремина, Л. И. Развитие креативности личности /Л.И.Еремина //Общество: социология, психология, педагогика.–2014.–№ 1.–С.42-47.

3. Савченко, Н. А. Использование информационных и коммуникационных технологий в общем среднем образовании [образовательное электронное Интернет-издание для педагогов] / Н. А. Савченко. - Ин-т дистанц-го образ-я Российского ун-та дружбы народов, 2013.

ӘОЖ 37.047

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Ж.М. Масат, Ж.А.Таджибаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі кәсіптік бағдар мәселесінің шығу тегіне қысқаша шолу жасалып, оқушылардың кәсіптік бағдарлануы, оның мақсаты мен міндеттері, маңыздылығы қарастырылады.

Түйін сөздер: кәсіптік бағдарлану, кәсіптік білім беру, кеңес беру, психологиялық қолдау.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Әркімнің еңбек ету, қызмет пен кәсіппен айналысу бостандығына құқығы бар» ,- деп көрсетілгендей болашақ маманның кәсіби құзыретті болуы қоғамның басты талабы болып табылады.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, қарқынды дамып келе жатқан қазақ қоғамында жеке тұлғаның кәсіби бағдар мәселесі ерекше өзекті болып табылады: «Бізде елде жұмыс бар, оны әркім таба алады. Сонымен қатар, әркімнің жұмыс істеуге және өзін ұстауға мүмкіндігі бар. Бұл біздің үлкен жетістігіміз» [1]. Бұл бүгінгі күні де солай, бірақ бұл мақалада мұрағат материалдарын пайдалана отырып, еліміздегі кәсіптік бағдар мәселесінің шығу тегіне қысқаша шолу жасағанды жөн көрдім.

Тұлғаның кәсіби бағдар мәселесінің бастауын өмірді түсіну, адамның өмір сүру мақсаты, оның қоғамдағы рөлі мен орны туралы сұрақтарға жауап іздеумен айналысатын ғылымдар ретінде бұрыннан белгілі болған философия, әлеуметтану, педагогика және психологиядан тереңінен іздеу керек.

Тіпті ұлы ойшыл Әл-Фараби (870–950) «Бақыт жолын іздеу», «Музыканың ұлы кітабы» трактаттарында оқу мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық аспектілеріне оқырмандардың назарын аударады. Алынған білімнің болуы, жүйелілігі және беріктігі, балалардың интеллектінің, мінезінің дамуы, олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын қабілетінің қалыптасуы ерекше қызығушылық тудырады [2].

Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік», М.Қашқарийдің «Диуани лұғат ат-түрк», А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» (XI-XII ғғ.) трактаттары, білім алушылардың кәсіби бейімділігін анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстың әдістері туралы айтылады, Орталық Азия халықтарының әмбебап, этикалық және философиялық мәдениетін құрайтын әлемдік өркениет қазынасына баға жетпес үлес қосты.

Қазақтың ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың (1845–1904) психологиялық-педагогикалық ой-пікірінің дамуына және кәсіптік бағдар беру ісіне қосқан үлесін бағаламауға болмайды. Абай өскелең ұрпаққа арнаған барлық қара сөздерінде: «Қандай да бір кәсіптің білімін, не өнерін меңгеру – жігерлі ойды, күшті ерік-жігерді, асыл мұратты талап ететін ең жоғары игілік»[3. 276].

Қазақтың алғашқы ұстаздарының бірі Ы.Алтынсарин (1841–1889) өз еңбектерінде бүкіл оқу-тәрбие жүйесін тұлғаның одан әрі кәсіби өсуі үшін қалыптасу процесі ретінде

қарастырған. Бұл ережелер оның «Әлеуметтік психология мәселелері» атты елеулі еңбегінде көрсетілген [2].

XX ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстанда «Жаңа әдіс үшін» тренді кең өріс алды, оның негізгі қағидаларының бірі «Біздің балаларымызға жаңа мамандықтарды меңгеру үшін ең жақсы тәлімгерлер қажет» болды. Ол Ресеймен сауда қатынасының дамуымен байланысты болды. Бұл бағыт Қазан, Орынбор және Еділ бойы мен Оралдың басқа қалаларының «жаңа әдіспен» мектеп-медреселерінде білім алған кейбір молдалар мен мұғалімдерден қолдау тапты» [4].

Біздің елімізде білім беру және кәсіптік бағдар беру процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бірнеше даму кезеңдерін бастан өткерді. Балалар мен жастарды кәсіптік бағдарлауда психологиялық-педагогикалық білімдерді іс жүзінде қолданудың алғашқы талпыныстары 19-20 ғасырлар тоғысында жасалды. Бұл кезде педология дамып келе жатқан, өсіп келе жатқан адам туралы оның барлық биологиялық және әлеуметтік айырмашылықтарын қамтитын ғылым дамыды. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары бүкіл оқу процесін психологиялық және педологиялық қамтамасыз ету кең тарады. Оқыту тәжірибесіне әр түрлі психологиялық тесттер енгізіліп, олардың негізінде мектеп оқушыларының психикалық даму деңгейі, оларды арнаулы оқу орындарына ауыстыру, таңдауға қажетті мамандықтар туралы және т.б. қорытындылар жасалды. 1916 жылы ВКП ОК-нің «Ағарту халық комиссариаты жүйесіндегі педологиялық бұрмалаулар туралы» қаулысымен студенттерге кәсіптік бағдар беру процесін психологиялық қамтамасыз ету бойынша барлық жұмыстар тоқтатылды. Ұзақ уақыт бойы келесі психологиялық бағыттардың дамуы тоқтап қалды: даму психологиясы, психодиагностика, практикалық психология, еңбек психологиясы және т.б. [5].

1923 жылы П.Н. Архангельскийдің «Мектептегі психологиялық зерттеулер» еңбегі шықты, онда балалардың танымдық процестеріне толық психологиялық сипаттама берілген және оқушылардың қабілеттерін дамытуға және олардың одан әрі кәсіби бағдарлануына психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері сипатталған. Психолог Струминский В.Я. Орынборда «Еңбек мектебінің оқу-ағарту қызметкерлерінің анықтамалығы» атты еңбегі мен орта арнаулы оқу орындарына арналған «Психология» оқулығын басып шығарды, онда кәсіптік бағдарлы білім берудің маңыздылығын атап өтті [6].

Біздің елімізде кәсіптік бағдар беру, кәсіби кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінің қалыптасуы 20 ғасырдың басынан басталады. Дәл осы кезеңде оны құрудың негізгі принциптері жасалды. Алғашқы талқылау «Қазақстан мектебі» журналы мен «Еңбек мектебі» (1925) брошюра беттерінде жүргізілді.

1926 жылы Ж.Аймауытовтың «Психология және мамандық таңдау» атты кітабы жарық көрді, онда психологтың балалармен жұмысы талданады. «Өнерге деген қабілет өмір, оқу, іс-әрекет барысында қалыптаспайды. Адам өнерге деген туа біткен қабілетпен туады» [7.376].

20 ғасырдың 30-жылдары кәсіптік бағдар беру, кәсіби кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі жұмыс айтарлықтай өсті. Қазақстандағы кәсіптік бағдар берудің тарихи дамуы мен біліктілікті арттыру жүйесіне ең ірі Республикалық мектептер институтының (кейіннен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ педагогика ғылыми-зерттеу институты) қызметін мысалға келтіруге болады. Мұнда мектептерге арналған оқулықтар мен бағдарламалар және жастарды кәсіптік бағдарлау бойынша әдістемелік әзірлемелерді дайындау мен басып шығаруға байланысты үлкен жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды, олардың тақырыбы мен ұзақтығы әртүрлі. Олар кәсіптік оқытуға сараланған тәсілді ұсынды. Оқу орындарының түрлері мен типтеріне сәйкес белгілі бір жүйелер қалыптасты. Кадрларды даярлаудың бұрынғы дәлелденген түрлері жетілдірілді, жаңалары пайда болды - «Педагогикалық шеберлік мектептері», «Ашық есік күндері», «Жас мамандар мектептері», кластерлік семинарлар кәсіпорындар тәжірибесіне шұғыл енгізілді.

Т.Т. Тәжібаев 1954 жылы «Психология және педагогика» мамандығы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. 1958 жылы қыркүйекте КСРО Психологтар қоғамының Қазақстандық бөлімшесі құрылып, онда алғаш рет ғылыми тұрғыдан жастармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мәселелері қарастырылды.

Қазақстанның көрнекті психологтарының бірі Мұқанов М.М. «Балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту» (1960) атты еңбегінде оқушылардың қабілеттерін одан әрі кәсіби түрде қолдануға ерекше көңіл бөлді.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында психологияның даму, практикалық психология және психодиагностика сияқты салаларында зерттеулер қайта жанданды, оның нәтижелері мектепте қолданыла бастады. Эксперимент ретінде халыққа білім беру жүйесінде психологтар – ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, кәсіптік лицейлер мен мектептерде студенттерге кәсіптік бағдар беру бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізген университет оқытушылары, сондай-ақ өндірістік тәжірибеден өткен студенттер жұмыс істей бастады. 1966 жылы Алматыда өткен педагогика, психология және оқыту әдістемесі бойынша бірінші Республикалық семинарда жоғары сынып оқушыларын кәсіби диагностикалау және еңбекке бағдарлау мәселелері жан-жақты қарастырылды [4].

А.В.Даринскийдің жетекшілігімен педагогикалық ғылымдар академиясы 1970 жылы кәсіптік бағдар беру және ересектерге арналған үздіксіз білім беру бойынша оқуды бастады. И.Пригожин, Е. Князева, З. Жаңабаев еңбек әрекетін табысты орындауға туа біткен қабілеттердің әсерін зерттеді. Қазақстандық ғалымдар Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, Х.Т. Шерязданова, С.Т.Каргин болашақ мамандарды кәсіби бағдарлау және даярлаудағы теория мен практиканың психологиялық-педагогикалық аспектілеріне ерекше назар аударды. 2000 жылы Қ.Б. Жарықбаевтың орта мектепке арналған «Психологияға кіріспе» кітабы жарық көрді, мұнда автор психологтың оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі аспектілерін сипаттайды.

Жақында жарық көрген кәсіптік бағдар беруге арналған қызықты еңбектердің ішінде қазақстандық ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн: С.М. Жақыпова, М.А. Перленбетова, А.П. Сейтешова, Ж.О.Умбетова, У.Б.Жексенбаева, А.Қ. Сатова, З.Б. Мадалиева, Ж.Түркпенұлы және т.б.

Қазақстандық қоғам дамуының жаңа тенденциялары саяси басым міндеттердің қатарында балалар мен жастарға кәсіптік бағдар беру мәселесін алға қойды. Жастарды кәсіптік бағдарлау және жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру қажеттігі «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасында» былай делінген: «Жастардың бірде-бір сегменті мемлекеттік жұмыспен қамту саясатынан тыс қалмауы тиіс. Бұл жерде биліктің басты міндеті – әрбір жас азаматты жұмыспен қамту, жас қазақстандықтарды толық жұмыспен қамту» [8].

Сонымен, мектеп оқушыларымен және жастармен кәсіптік бағдар беру мәселесінің теориялық және практикалық аспектілері ғалымдардың зерттеулерінде әрқашан маңызды орын алады.

Кәсіби бағдар – бұл кәсіпті таңдауға немесе кәсіпті өзгертуге әсер ететін қабілеттерді, қызығушылықтарды, жарамдылықты және басқа факторларды анықтауға, кәсіби кәсіпті қалыптастыруға бағытталған өзара байланысты экономикалық, әлеуметтік, медициналық, психологиялық және педагогикалық іс-әрекеттер кешені.

Шын мәнінде, бұл ақпараттандыру, кеңес беру, іріктеу және бейімдеу шараларының жүйесі, бұл өз кезегінде өскелең ұрпақтың жеке қажеттіліктеріне де, қажеттіліктеріне де сәйкес келетін мамандық таңдау туралы шешім қабылдауға көмектеседі. Қоғамның. Болашақ қызметкер күнделікті жұмыста қаншалықты көп қабілеттерді пайдалана алса, соғұрлым ол ұйымға, қоғамға және мемлекетке пайдалы болады, сонымен бірге ішкі мотивациялар мен ынталандыруды ұмытпайды. Біріктірілген еңбек және кәсіптік оқытудың өзара байланысы және еңбек функцияларының мазмұны болашақ қызметкердің еңбекке

деген қызығушылығын арттырады, тиімділігін арттырады және соның нәтижесінде еңбек өнімділігін арттырады.

Кәсіптік бағдар берудің негізгі мақсаты – белгілі бір пікір қалыптастыру, пәндердің аясын тарылту, сонымен қатар жастардың күнделікті еңбекке деген қызығушылығын арттыру, олардың әлеуметтік және психофизиологиялық ерекшеліктерін қазіргі нарықтық экономикаға бейімдеу.

Кәсіптік бағдар беру міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) өскелең ұрпақты ақпараттандыру;
- 2) кәсіби қасиеттердің көрінуіне жағдай жасау;
- 3) таңдалған еңбек әрекетіне физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық сапалардың сәйкестігін анықтау.

Мамандық таңдауға дайындық жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының құрамдас бөлігі болғандықтан, жеке тұлғаның адамгершілік, еңбек, интеллектуалдық, саяси, эстетикалық және дене тәрбиесімен бірлікте және өзара әрекеттестікте қарастырылуымен де маңызды, яғни оқу-тәрбие процесінің бүкіл жүйесімен. Осылайша, кәсіптік бағдар беру әрбір тұлғаның дамуында да, жалпы қоғамның қызметінде де маңызды сәт болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Кәсіптік бағдар берудің негізі болашақ таңдайтын мамандықтың әртүрлі талаптары болып табылады. Бұл талаптар кәсіби жарамдылық сияқты критерийді құрайды. Бұл мәселе бойынша шешімнің төрт негізгі түрі бар:

1. Кәсіби жағынан жарамсыз. Бұл қызметкердің мүлдем немесе көп бөлігі таңдаған мамандығының критерийлеріне сәйкес келмейтінін білдіреді. Әрине, табандылық пен ерік-жігердің арқасында ойға келмейтін кедергілерді еңсерген мыңдаған мысалдар бар, бірақ стандартты, яғни бастапқы бағалау деректерімен ол белгілі бір кәсіпке қажетті көрсеткіштерге ие емес.

2. Кәсіби жарамдылық. Бұл санатты бірнеше аспектіде қарастырған жөн.

2.1 Жақсы. Бұл санаттағы тұлғалардың бұл мамандыққа ешқандай қарсы көрсетілімдері жоқ және тиісті табандылықпен өз саласының жақсы маманы болуға мүмкіндігі бар.

2.2. Сәйкестік. Бұл санаттағы адамдар тек қарсы көрсетілімдерге ие емес, сонымен қатар оның осы кәсіпке бейімділігін сипаттайтын бірқатар қасиеттерге ие. Мысал ретінде математикалық ой-өріс, шығармашылық бейімділік, көп мәтінді есте сақтау қабілеті немесе отбасылық әулет.

2.3. Мамандығы. Тұлғалардың бұл санаты мәліметтер мен таңдаған мамандығының сәйкестігімен сипатталады, болашақ мамандығы үшін бірқатар қасиеттерге ие және дарындылықты немесе кәсіпке бейімділігін көрсете алатын оқытуда тең адамдарға қарағанда жоғары болатын белгілері бар. Іріктеудің негізгі мақсаты – кем дегенде белгілі бір жұмысқа жарамды, қажетті біліктілікке, қажетті жеке қасиеттерге ие, алға қойылған міндеттерді барынша тиімді шешуге қабілетті болашақ қызметкерлерді қамтамасыз ету.

Кәсіби бағдар мыналарды қамтиды:

1. Кәсіптік білім беру – білім беру ұйымдарының студенттері мен түлектерін қазіргі заманғы еңбек әрекетінің түрлерімен, әртүрлі кәсіптердің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық ерекшеліктерімен, білікті кадрларға деген қажеттілікпен, мамандықтардың адамға қойылатын талаптарымен, кәсіптік және кәсіби даму мүмкіндіктерімен таныстыру. еңбек қызметі процесінде біліктіліктің өсуі және өзін-өзі жетілдіру. Кәсіптік білім беру жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен психофизиологиялық мүмкіндіктерін сезінуіне негізделген уәжді кәсіби ниеттерді қалыптастырады.

2. Кәсіби кеңес беру – студенттерге кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектесу және психологиялық, психофизиологиялық және медициналық диагностика нәтижелері бойынша олардың психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне

барынша сәйкес келетін кәсіби қызметтің ықтимал бағыттары бойынша студенттерге ұсыныстар беру;

3. Психологиялық қолдау – психологиялық шиеленісті төмендетуге көмектесетін, оң көзқарас пен болашаққа сенімділікті қалыптастыратын әдістер.

Қорытындылай келе, болашақ мамандықты дұрыс таңдау көбінесе жақсы бағалар мен маңызды білім қорын білдіреді. Мамандық таңдау және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру кезеңінде кәсіптік бағдар беру мектеп оқушыларына болашақта таңдаған қызмет саласында табысты өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыратын табысты тұлға болуға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру – болашақ мамандығын дұрыс таңдаудағы маңызды факторлардың бірі. Кәсіптік бағдар берудің мақсаты – мектеп оқушыларының еңбекке деген саналы көзқарасын, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және еңбек нарығын ескере отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға тәрбиелеу. Мектеп оқушылары мен студенттерді оқытудың, үздіксіз білім мен тәрбие берудің еңбек жүйесінің бір бөлігі ретінде кәсіптік бағдар беру оқу әдебиетінде күнделікті көрініс тауып, ол өз кезегінде экономика мен әлеуметтік өзгерістердің қажеттіліктеріне бейімделеді. Ол студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жоғарыда аталған міндеттердің кешенін шешу арқылы жүзеге асырылады, мұнда педагогикалық ұжымға маңызды рөл жүктеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл – Астана, Ақорда, 2012 жыл.

2. Давлетова А.А. Основные вехи в истории становления работы с одаренными детьми в психолого-педагогической науке Казахстана. Вестник НАПК. – Алматы, 2010. – № 3–4. – С. 121–128.

3. Құнанбаева. «Қарасөздер» – 2-бас. - Алматы. Жалын, 1982. – 131б.

4. Жарықбаев Қ.Б. Қазақстандағы психологиялық ойды дамуы (19 ғ. 2-жартысынан бүгінгі күнге дейін). – Алматы: Қазақстан, 1968. – 35 б.

5. Акажанова А.Т. «Становление и развитие возрастной и педагогической психологии в Казахстане». Автореферат на звание к.п.н. – Алма-Ата, 1989.

6. Сатова А.К. Становление психологической науки и психологического образования в Казахстане. Вестник АГУ им. Абая. – 2013. – № 1 (1). – С. 37–41.

7. Аймауытов Ж. «Психология и выбор профессии» – М.: Изд. Народов СССР, 1926. – С. 7.

8. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы. – Астана, 2012 ж.

ӘОЖ 004.4

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР БІЛІМІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

А.С. Мұқанова, А.А. Ермагамбетова, Г.А. Шангылбаева

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде ғылыми танымның интеграциясы бірнеше бағытта көрініс тауып, дамып келеді. Интеграция пән ішінде қарастырылуымен қатар, пәнаралық деңгейде қарастырылады. Пәнаралық интеграция өзіндік ерекшеліктері бар жоғары деңгейлі тұтас дидактикалық жүйе ретінде көрінеді.

Түйін сөздер: ақпараттық технологиялар, интеграция, әдістеме

Қазіргі кезде ғылым салаларын зерттеу тәсілдерін дамыту үшін ұғымдардың бір аймақтан екіншісіне алмасуымен қатар бір ғылымның әдістерін басқаларына қолдану нәтижесінде интеграцияның логика-математикалық, кибернетикалық, жүйелік – құрылымдық әдістері пайда болуда.

Ғылымдағы және білім берудегі интеграциялық үрдістердің әлеуметтік – экономикалық түп тамыры қазіргі жағдайдағы адамның шаруашылық әрекетінің тиімділігін арттырудың қажетілігіне байланысты. Әлеуметтік тәжірибе тұрғысынан интеграциялық ыңғайды осы ғасырдың көптеген жаһандық проблемалары қажет етуде.

Ақпараттық технология негізінде жүзеге асырылған интеграциялық байланыс келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді:

оқу жоспарындағы оқу пәндерін координациялау;

оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

дүниетанымды қалыптастыру;

Интеграциясының қазіргі тәсілдері:

пәндік;

проблемалық - тақырыпаралық;

проблемалық - курстық;

блоктық - модульдік жүзеге асырылды.

Білімді интеграциялауды жүзеге асыру оқушылар әрекетінің шығармашылық құраушысын күшейтуге мүмкіндік береді. Өйткені, оқытудың бұл қағидасын жүзеге асыруда білім алушылардың іскерліктері қалыптасады және дамиды:

жаңа проблемаларды шешуде әрекеттің бұрыннан белгілі тәсілдерін құрастыру және түрлендіру;

дәстүрлі ситуациядан жаңа проблеманы көре білу;

объектінің құрылымын көре алу;

объектінің дәстүрліден өзге жаңа қызметін көре білу;

проблеманы шешудің балама тәсілдерін есепке алу;

шешудің үйреншікті әдістерін жаңа қағидалық жаңа тұрғыларын жасау.

Білімді интеграциялау қазіргі қоғамның проблемаларын жүйелі және жан-жақты қамтуға негізделген дүниетанымды қалыптастыруға көмектеседі. Қоршаған дүниенің үрдістері мен құбылыстарының табиғи өзара байланысын көрсете отырып, оның материалдық білігін ашады және білім берудің ғылыми деңгейін жоғарылатады. Алынған білімге және оны практикада қолдануға деген қызығушылықты күшейтеді

Оқытудың интерактивтік формасына сабақ – семинар, кешенді семинарға қосымша екі оқытушының құрған моделі бойынша интеграциялық сабақ, конференция, экскурсия және іскерлік ойындар, жобалар әдісі т.б. жатады.

Интеграциялап оқытуда қолданылатын модульдік оқыту технологиясы - оқушы өзінше мақсатты жеке бағдарламамен (толық немесе бөлімдермен) оқитындай етіп оқыту үрдісін өзгертеді, қайта құрады.

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Білім интеграциясын әдістемелік жағынан қамтылуын өңдеу үшін жаңа ақпараттық технологияларды сұрыптауға көңіл бөлейік.

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар ауқымды әрі дамып келетін аймақтардың біріне жатады. Технологиялардың берілген мәліметтерін оқушылардың білімін интеграциялау мақсатында қолдану үшін сұрыптауды таңдап алынған критерилер негізінде жүргізу қажет. Критерилер ақпараттық технологияларды жалпы білім беретін мектепте қолдану мүмкіндігін және оқушылар білімін интеграциялау үрдісінде оларды қолданудың мақсатқа сай болуын ескеру қажет. Берілген талаптарға жауап беретін критерилерге келесілер жатады:

оқушылардың денелік және психологиялық саулығының қауіпсіздігі,

қажет материалдық базаның болуы,
оқушылардың білімін интеграциялау сферасында нәтижеге жету мүмкіндігі, бұған мектептің білім беру бағдарламаларына, интеграция бағыттарының талаптарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келетін бағдарламалық қамтылуын өңдеу де жатады.

Білімді интеграциялаудың әдістемелік қамтылуын өңдеудің берілген нұсқасы белгілі бір циклдік қызмет етуді ұсынады: қалыптастыру – қолдану - өзгеріс енгізу – қолдану - өзгеріс енгізу және т.с.с., бұл ақпараттық жаңару және тез ескіру жағдайында тиімді болып табылады.

Қол жетерлік критерийін есепке алу үшін теорияның компьютерлік нұсқасы модельдеуші құрылымдардың иерархиялық жинағымен берілген. Теорияның негізгі екі түсініктеріне екі қосымша модельдер сәйкес келеді, олар теорияны модельдеуге таңдап алынған негізгі категориялардың әрқайсысының мінез-құлқын жеке зерттеуге мүмкіндік береді. Және модельдегі визуализация келесі аспектер бойынша жүзеге аса алады:

категорияларға арналған негізгі заңның әрекеті,
қоршаған ортаның әртүрлі факторларының категорияға әсері,
нақты жағдайдағы сапалық сипатына тәуелді категорияның өзгеруі.

Үшінші модель негізгі категорияларды біріктіріп, модельденуші теорияның негізгі категориялары арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы мен өзге деңгейдегі қайта жасалуы, әртүрлі факторлар әрекетінің себептері мен салдарын түсіндіре және көрсете алады.

Оқу мақсатындағы бағдарламалық өнім бола отырып, «Сұраныс пен ұсынысты модельдеу» үш бөліктен тұрады. Олардың біріншісі модельдің өзінен, екіншісі модельдерді қолдана отырып орындауға болатын тапсырмалардан тұрады, үшіншісі анықтама материалдары блогын құрайды.

Жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қолдану курсқа сәйкес иерархиядағы зерттелуші объекттерді бөліп қарастыра отырып, модельдің құрылымын оқу мақсатына бағындыруға; оқу бағдарламасының әсіресе қиындық туғызатын бөліктерін жеке өңдеуге; жұп категорияларды және олардың қасиеттерін салыстырып және дифференциациялауға; заң әрекеттерін ортақ теорияға жалпылауға; қоршаған ортаның әртүрлі күштерінің бір уақытта зерттелуші категорияларға әсер етуінің нәтижесін модельде визуалды байқап көріп, теориялық білімді тәжірибелікпен интеграциялауға мүмкіндік береді.

Оқу ақпаратын меңгеретін кез-келген оқу үрдісінің, соның ішінде білімді интеграциялауға бағытталған үрдісінің маңызды кезеңіне меңгерілген оқу ақпаратының сапасын бақылау жатады.

«Білімді бақылау жүйесімен» жұмыс барысында оқушылардың әрекеттерінің қайталануы нәтижесінде компьютерлік құрал-жабдықтармен жұмыс дағдылары дамиды.

Компьютерді қолдану дағдыларын жетілдіру білімдердің информатика облысымен интеграциясын күшейтеді, ал логикалық дағдыларды дамыту сұрақтар мазмұнымен анықталатын қажетті бағыттарда білім интеграциясына көмектеседі.

Сонымен ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану олардың денсаулыққа қауіпсіздігі, материалдық базасына, оқу мақсаттарына сәйкес келу критерийлеріне сай сұрыптауды талап етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану жағдайында білімді интеграциялау екі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асады: оқушыларға меңгеруге берілетін оқу материалының мазмұны деңгейінде және оқушылардың алдына қойылатын оқу тапсырмаларын орындауда қолдану қажет интегративті сипаттағы дағдылар деңгейінде. Жоғарыда айтылған білім интеграциясы бағыттары іс құжаттарын жасау, статистикалық материалдарды талдау, интегративті сипаттағы міндеттерді шешу, үрдістер мен құбылыстарды модельдеу, мәліметтер базасымен жұмыс, жобалар әдісі, іскер ойындар секілді ақпараттық технологиялар аясында жүзеге аса алады. Білімді интеграциялау үрдісінде компьютерлік құралдарды қолдану деңгейі сабаққа дайындау деңгейінен бастап (мектепте интеграцияны жүзеге асыруды әдістемелік қамтуды өңдеуден) оқушылардың

дайындық деңгейіне, материалдық базаға тәуелді оқу білімін беру, бекіту және бақылауды толықтай ақпараттандыруға дейін өзгеруі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.//Жайық ұстазы,.01.2004. -№1-7- Б.1-4.
- 2 А.Я. Данилюк. Учебный предмет как интегрированная система. Педагогика. N4- С.24-26.
- 3 Мұханбетжанова А. Интеграцияланған білімдік кеңістікте тұлғалық бағдарлы білім беру технологиясы.//Қазақстан жоғарғы мектебі.1999. -№4-Б.61.
- 4 Абдыкаримов Б. Профтехшкола и рынок. -Алматы: Ғылым. 1995. –
- 5 Бектаев Қ. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. - Алматы: Рауан, 1991.-Б.349.
- 6 Бишімов Е., Аганина Қ. Интеграциялап оқытудың болашағы қандай? // Информатика. Физика. Математика. -1992. -N4 -Б.3.
- 7 Медешова А.Б. Использование информационных технологий обучения в подготовке будущих специалистов./«Наука и образование» Международная научно-практическая конференция БИФ КемГУ, Россия, 1часть, 2004.- С.421-423.
8. Атутов. П.Р Технология и современное образование (Педагогика – 1996 - №2- С.11 – 14).

ӘОЖ 378 .147 .227

ХИМИЯ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Р.Д.Мухашева, Д.Мұратова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Компьютерді қолдана отырып, оқу процесінде оқытушының негізгі функциялары: оқу материалы мен тапсырмаларын таңдау, оқу процесін жоспарлау, білім алушыларға ақпарат ұсыну формаларын әзірлеу, материалды зерттеуді бақылау, оқу процесін түзету.

Материал мен тапсырмаларды таңдау функциясы ең күрделі және шығармашылық болып табылады. Мұнда мұғалімнің тәжірибесі, оның пәнді білу тереңдігі басым рөл атқарады. Бұл функцияны жүзеге асырудағы негізгі талаптар-пәндегі негізгі және екінші сәттерді нақты бөліп көрсету және материалды күрделілік дәрежесіне қарай саралау қажеттілігі. Компьютерді қолдана отырып оқыту процесін жоспарлау оның максималды даралануы бағытында жүзеге асырылуы керек, ол зерттелетін ұғымдарды ұсыну кезектілігі бойынша, оқу материалын ұсыну әдісі бойынша, ұсынылған түсініктемелер мен анықтамалық материалдар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Түйін сөздер: химияны оқытудың дәстүрлі жүйесі, мектептегі химиялық эксперимент, практикалық жұмыс, кейстік оқыту технологиясы

Кәсіби дайындықты жетілдіру қазіргі педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында химияны оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Мұғалімді оқу орындарының әртүрлі түрлерінде пәнді оқытуға сапалы дайындаудың міндеті әсіресе келесі қайшылықтардың пайда болуына байланысты өткір болып табылады:

- химияны оқытудың дәстүрлі жүйесі және білім беру процесінде заманауи тәсілдерді қолдану қажеттілігі;

- мектептегі білім берудегі болып жатқан өзгерістер және оларды мұғалімнің жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлау жүйесінде көрсету;

- оқыту әдістемесі курсының стандартты инвариантты мазмұны және оқытудың педагогикалық технологияларын меңгеруге және қолдануға қабілетті шығармашылық мұғалімнің жеке басын қалыптастыру қажет.

Осы қарама-қайшылықтарды шешудің бір бағыты-химияны оқыту әдістемесі курсының мазмұнын жаңарту, оның ішінде заманауи педагогикалық технологияларды игеру, курстың мазмұнын сақтауды ескере отырып, оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері. Атап айтқанда, мектептегі химиялық эксперименттің негіздерін зерделеу кезінде студенттерге химия бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде педагогикалық технологияларды қолдануға үйрету қажет. Мұндай сабақтарды жүзеге асыру кезінде білім стандарттарының талаптарын ескеру қажет:

- білім алушылардың өзіндік жұмыс сабағындағы басымдық;

Мұның негізі 1960 жылы Ричард Фейманның Калифорния технологиялық университетінде оқытылған лекциялар жинағынан пайда болды [2]. Физиканың, механиканың кейбір классикалық тақырыптарын түсіндірудегі негізгі әдіс компьютерлік анимация болатын [3], барлығы 7 сағат 55 минуттан тұратын 550 анимациялық видеолар [4]. Көбіне анимациялар алгебралық өрнектердің түрлендіруінде қолданылған, мысалы ретінде Ньютонның екінші заңын қарастыруға болады [5]. Мұндай видеолар сол заманның теледидар қараушы жастарын қызықтыратын. Мұндай тенденция қазір де сақталған, тек теледидардың орнын смартфондар мен планшеттер алмастыруда. Анимациялық видеолар тиімді оқыту әдісі екіні анықталды. Сол жылдан бері компьютерлік графика көптеген өзгерістерге ұшырап, анимация жасаудың ыңғайлы түрлері пайда болып, құралдар дамып отырды. Сондай құралдардың бірі Python бағдарламалық тіліндегі «Manim» библиотекасы. Python тілі қарапайым, орнатуға жеңіл, көптеген библиотекалар жинағы бар тегін құрал. Математикалық формулаларды, фигураларды, графиктерді анимациялау мүмкіндігіне ие «Manim» әр түрлі тақырыптарға анимация жасау процесін жеңілдеткені сөзсіз.

Manim – 2015 жылы Гранд Сандерсонның жеке жобасына видео жасауға арналған Python тіліндегі библиотекасы. Бастапқыда документациясы аз болғанымен уақыт өте келе толықтырылып, қазір үлкен ұйымды құрайды. 2015 жылдан бері ірі 23 жаңарту болған. Мұндағы негізгі командалар жылжыту, толтыру, бояу, сызу, құрастыру болып табылады. Бір команда арқылы фигураны қозғалтуға болады.

Мысалы, дұрыс тетраэдрдің табаны мен бүйір қабырғасының арасындағы бұрышты табу керек болсын делік. Бұл есепті түсіндіру үшін келесі екі жағдайды қарастырайық.

1 жағдай: Manim

Келесі кодпен тетраэдрді саламыз


```
from manim import *
class TetrahedronScene(ThreeDScene):
def construct(self):
```

```
self.set_camera_orientation(phi=75 * DEGREES, theta=30 * DEGREES)
obj = Tetrahedron()
self.add(obj)
```

Қай жағынан алып қарасақ та, қабырғаларының тең екенін көрсетеміз. Формуладағы әріптер қайдан шыққаны көрінеді, яғни түсіндіру барысындағы бірқалыптылық сақталады. Табаны тең бүйірлі үшбұрыш болатынын көрсетіп, центріне назар аударылып, сол арқылы бүйір қабырғасына қатынасы бұрыштың косинусын беретінін ескеріп, анықтаймыз. Жобамен мұндай есептерді жұмысты әзірлеуге 1 сағат уақыт кетеді, мұның көп

2 жағдай: Презентациялық жұмыс

Басқа бір редакторда суретін саламыз. Суреттің түсінікті болуы екі талай, өйткені артқы пунктирмен көрсетілген қабырғалары визуалды ыңғайсыз. Келесі слайдқа формулаларды тереміз. Алғашқы суретпен байланыс үзіледі.




1-сурет. Тетраэдр

Бұл мысалдан бірінші жағдайда оқуға деген зейіні төмен оқушы да түсіне алады. Екінші жағдайдан тек үніліп назар аударып отырған оқушы ғана түсінеді. Manim-нің тиімділігін осындан аңғаруға болады.

Manim библиотекасы қанша жерден тиімді болғанымен де оның кемшіліктерін атап өткен жөн. Мұның негізгі кемшілігі көріп тұрғаныңды бірден өңдей алмайсын. Өңдеу үшін «play, wait, true» командаларын теру қажет болады. Программалау негізін білмейтін адамға тез игеріп кету қиынға соғуы мүмкін.

Manim библиотекасын өзге редактормен салыстыру.

Келесідей (1-сурет)3 өлшемді суретті салып, анимация жасау үшін Manim-де 10 қатар код терсе жеткілікті. Негізгі жұмыстың көп уақыты жоспарлауға кетеді.



2-сурет. Сфера

Одан соң «play» командасымен қалағанымызша қозғалта аламыз. 3 минуттық анимацияны Acer Aspire ноутбугінде Core i3 процессорымен 56 секундта өңдеп, mp4 форматында дайындап берді. Ал дәл осындай суретті Adobe Illustrator бағдарламасында салу үшін ең алдымен өнер және біршама уақыт қажет. Одан соң оны Adobe After Effects

бағдарламасына өткізіп 3 минуттық анимацияны өңдеу 28 минутты алды. Сонда 3 минуттық анимация жасау бір күндік жұмыс уақытты алды.

Қорытындылай келе, Manim библиотекасы арқылы оқушылардың елестету қабілеті мен кеңістіктегі фигураларды түсінуін жеңілдете аламыз. Мұғалімнің білім алушыға жеңіл және түсінікті жеткізе білуі құзырлылығына байланысты. Қазіргі таңда компьютерлік технологияны қолдану оқушылардың ақпаратты қабылдауға, жаңа игерген материалын есте сақтауға көмегін тигізеді. Сонымен қатар, интерактивті тақтаның көмегімен көрсету арқылы бір емес, бір уақытта бірнеше оқушыға түсіндіруге мүмкіндік аламыз. Заман талабына сай мұғалім әрқашан жаңалыққа ұмтылып, білім беруде тиімді жолдарын қарастыруы ұстаздың біліктілігі мен құзыреттілігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Баяндамалар жинағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жариялауға дайындалған, ЖАЗБАША ЖӘНЕ ВИЗУАЛДЫ МӘТІНДЕРГЕ АНАЛИЗ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ КӨРНЕКІ-БЕЙНЕЛІЛІК ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ ШОМШЕКОВА Т. К., ЗИЯТБЕК М. 64 бет

D.L. Goodstein e R.P. Olenick, American Journal of Physics 56, 779 (1988).

D. Goodstein, Journal of Science Education and Technology 1, 149 (1992)

J.F. Blinn, em: Proceedings of the 14th Annual Conference on Computer Graphics and Interactive techniques (ACM SIGGRAPH and IEEE Technical Committee on Computer Graphics, Anaheim, 1987).

ОӘЖ 378.147:004

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Сапаралы А. Ғ., Г.А.Нуридинова

М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылады, "ақпараттық мәдениет" ұғымының мағынасы, оның функциялары, мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бойынша педагогикалық іс-әрекеттің бағыттары ашылады.

Түйін сөздер: ақпараттық мәдениет, ақпараттық орта, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық технология, мотивация.

Қазіргі қоғамда үздіксіз білім беру идеясын жүзеге асыру ақпарат көлемін ұлғайтатын ақпараттық кеңістіктің қарқынды кеңеюі мен оны адамның игеруінің шектеулі мүмкіндіктері арасындағы қайшылықты жеңуге бағытталған. Осыған байланысты білім беру мекемесінің маңызды міндеті студенттердің әртүрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу, оқу және өзін-өзі тәрбиелеу процесінде туындайтын осы бағыттағы қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру қабілетін қалыптастыру болып табылады. Белгіленген мақсатқа ақпаратты іздеуді, сыни бағалауды, оны өңдеуді және практикалық мақсаттарда пайдалану сияқты қажетті білім, дағдылар жүйесін қалыптастыру сыз қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі уақытта бұл білім мен дағдылардың барлық спектрін «ақпараттық мәдениет» ұғымымен байланыстырады.

Педагогикалық әдебиеттерде ақпараттық мәдениет ұғымының әртүрлі түсіндірмелері бар:

Г. А. Бордовский және В. А. Извозчиков өз зерттеулерінде «ақпараттық мәдениет» ұғымына дүние танымдық және аксиологиялық элементтерді енгізуді қарастырады. Ақпараттық мәдениет-бұл адамның айналасындағы әлемдегі ақпараттық процестер туралы, ақпарат көздері туралы білімінің болуы, қазіргі тұлға үшін ақпараттық ортада шарлау қаншалықты маңызды екенін түсіну [1].

И. Г. Хангельдиева ақпараттық мәдениетті жалпы адамзаттық рухани құндылықтар басым болып табылатын ақпаратты алу, беру саласындағы адам өмірінің сапалық сипаттамасы ретінде қарастырады [2].

Е. А. Медведева ақпараттық мәдениетті адамға ақпараттық кеңістікте еркін жүруге, оның қалыптасуына қатысуға және ақпараттық өзара әрекеттесуге ықпал етуге мүмкіндік беретін білім деңгейі ретінде қарастырады [3].

Көптеген түсіндірулердің болуы ақпараттық мәдениет көптеген компоненттерден тұратын құбылыс екенін көрсетеді.

К.Т. Мулдабекова ақпараттық мәдениетті, ең алдымен, өскелең ұрпақта қалыпта суы қажет жалпы адамзаттық рухани құндылықтар басым болып табылатын ақпаратты алу, беру, сақтау және пайдалану саласындағы адам өмірінің сапалық сипаттамасы деп анықтайды [4].

Н. Б. Зиновьева өз еңбектерінде ақпараттық мәдениет туралы ғалымдардың барлық ойларын жүйелеуге тырысты. Ол адамды ақпаратты қабылдайтын және түрлендіретін субъект ретінде қарастырады. Нысан ақпараттық кеңістік шеңберіндегі «адам-қоғам» жүйесі болып табылады. Пәні-үлкен ақпар атағынын түсіну және өңдеу процесінде адамның қабілеттерін жетілдіру, ашу [5].

Осыған байланысты ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мәселесі бүгінде жоғары мектептің маңызды мәселелерінің бірі болып көрінеді, өйткені тұлғаның ақпараттық мәдениеті адамның жалпы мәдениетінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, онсыз ақпараттық қоғамда өзара әрекеттесу мүмкін емес. Болашақ педагог өзінің кәсіби қызметінің бастапқы кезеңінде ақпараттық орта мен тиімді өзара әрекеттесудің қалыптасқан дағдыларын қажет етеді.

Педагогтың ақпараттық мәдениеті оның бойында келесі қасиеттердің болуын болжайды:

1. Ақпараттық сауаттылық. Оған мыналар кіреді:

- ақпараттық технологияларды, оның ішінде компьютерлік технологияларды білудің үйлесімді, логикалық байланысты, сабақтас жүйесі;

- ақпаратпен байланысты кез келген қызметтің іскерліктері мен дағдылары, сондай-ақ өз қызметін жоспарлау, ақпараттық модельдерді жобалау және құру, коммуникация, қарым-қатынас және хабарламаларды құрылымдау пәндері, қызметтің барлық түрлерін құралдау, өмірде заманауи техникалық құралдарды пайдалану іскерліктері мен дағдылары;

2. Болашақ мұғалімнің саналы мотивациясы:

- АКТ білім базасында өзінің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- өзінің жалпы мәдени, жалпы білім беру және кәсіби көкжиегін арттыру;

- ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, оның ішінде компьютерлік технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық іс-әрекетпен ақпараттық қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

3. Негізгі сипаттамасы тәуелсіздік пен шығармашылық болып табылатын белгілі бір ойлау стилі [6].

Бүгінгі таңда ақпараттық мәдениет педагогтардан жаңа білім мен дағдыларды, өзгерістерге қажетті әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін және ақпараттық ортада лайықты орынға кепілдік беретін ерекше ойлау стилін талап етеді. Сонымен қатар ақпараттық мәдениет келесі функцияларды орындай алады:

- реттеуші, өйткені ол барлық іс-әрекеттерге, соның ішінде ақпараттық іс-әрекетке шешуші әсер етеді;

- танымдық, өйткені ол субъектінің зерттеу іс-әрекетімен және оны оқыту мен тікелей байланысты;

- коммуникативті, өйткені ақпараттық мәдениет адамдар арасындағы қарым-қатынастың ажырамас элементі болып табылады;

- тәрбиелік, өйткені ақпараттық мәдениет адамның бүкіл мәдениетті игеруіне, адамзат жинаған барлық байлықты игеруіне, оның мінез-құлқын қалыптастыруға белсенді қатысады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ педагогтардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру оқу - тәрбие жүйесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесу процесі екенін көрсетті. Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық іс-әрекеттің келесі негізгі бағыттарын ажыратуға болады:

- деректерді ұсынудың, өңдеудің жаңа тәсілдерімен әдістерін қолдану;

- өзінің педагогикалық іс-әрекетінде әдістемелік материалдар мен көрнекі құралдардың кең спектрін пайдалану;

- компьютерлік оқыту және бақылау бағдарламаларын әзірлеу және пайдалану;

- қашықтықтан оқыту арқылы өз біліктілігін арттыру;

- өзінің кәсіби өсуі мен өзін-өзі тәрбиелеуі үшін компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарын пайдалану.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ақпараттық мәдениетті игеру – бұл адамның өзін, оның орны мен рөлін нақты түсінуге ықпал ететін адам қасиеттерін әмбебаптандыру жолы екенін атап өтуге болады. Ақпараттық мәдениетті қалыптастыруда білім беру үлкен рөл атқарады, ол ақпараттық қоғамдастықтың маманын қалыптастыруы керек, оның ақпаратты саралау; маңызды ақпаратты бөлу; ақпаратты бағалау критерийлерін әзірлеу; ақпарат өңдеу және оны пайдалану дағдылары мен икемдерін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бордовский Г.А., Извозчиков В.А., Исаев Ю.В., Морозов В.В. Информатика в понятиях и терминах / Под ред. В.А. Извозчикова. - М.: Норма, 2006.

2. Хангельдиева И. Г. О понятии информационная культура // Информационная культура личности: прошлое, настоящее, будущее. Краснодар, 1996. С. 2-7.

3. Медведева Е. А. Основы информационной культуры // Социс. 1994. № 11. С.11.

4. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: филос.док. (PhD) дәрежесі...дис. Абай ат. ҚазақҰлттықун-ті. -Алматы, 2014. -159б.

5. Зиновьева Н. Б. Информационная культура личности: введение в курс: учеб.пособие для вузов культуры и искусства / под ред. И. И. Горловой; Краснодар. гос. акад. культуры. Краснодар, 1996. 490 с.

6. Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін-өзі шығармашылықпен дамытуы: филос.док.ғыл....дис., -Алматы, 2014.-138б.

ВНЕДРЕНИЕ ПРОЕКТНЫХ МЕТОДОВ В УРОКИ ИНФОРМАТИКИ: ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД

А.М. Сапарбеков

Кокшетауский Университет имени Шокана Уалиханова
Кокшетау, Казахстан

Аннотация. Данная научная статья предоставляет обзор внедрения проектных методов в уроки информатики. Она обсуждает преимущества и вызовы использования проектно-ориентированного обучения в информатическом образовании, и предлагает методологический подход для внедрения проектных методов в классной комнате. В статье также подчеркивается потенциальное влияние проектных методов на результаты обучения студентов, и определяются будущие направления исследований в этой области.

Ключевые слова: Проектные методы, информатическое образование, проектно-ориентированное обучение, методология, результаты обучения студентов.

Информатическое образование играет важную роль в подготовке студентов к цифровой эпохе, где вычислительное мышление и навыки решения проблем являются востребованными. Традиционные лекционные подходы не всегда эффективны в привлечении студентов и стимулировании глубокого обучения в информатике. Проектно-ориентированное обучение (ПОО) стало перспективным педагогическим подходом, который способствует активному обучению, сотрудничеству и решению реальных проблем. Цель данной статьи - обзор существующей литературы по внедрению проектных методов в уроки информатики и предоставление методологического подхода для педагогов, заинтересованных в внедрении ПОО в своих классах.

Обзор литературы:

Несколько исследований подчеркивают преимущества использования проектных методов в информатическом образовании. ПОО позволяет студентам улучшить свои технические навыки, критическое мышление, креативность и навыки решения проблем. Он также развивает навыки сотрудничества и коммуникации, которые являются важными в области информатики.

Методология:

Для внедрения проектных методов в уроки информатики, рекомендуется следовать определенной методологии. Во-первых, необходимо определить цели и задачи проекта, которые соответствуют учебным программам и уровню подготовки учащихся. Затем, следует выбрать подходящие методы и инструменты для организации проектной деятельности, такие как групповая работа, использование информационных технологий, проведение исследований и другие.

Далее, важно определить этапы и сроки выполнения проекта, распределить роли и обязанности между учащимися, а также обеспечить систематическую оценку прогресса и результатов проекта. Важно также создать условия для самостоятельного и творческого мышления учащихся, поощрять их инициативу и предлагать регулярную обратную связь.

Результаты:

Исследования показывают, что внедрение проектных методов в уроки информатики может привести к ряду положительных результатов. Во-первых, учащиеся проявляют больший интерес и мотивацию к учебному процессу, так как они видят реальную цель и значение проекта. Во-вторых, проекты могут способствовать развитию навыков

самостоятельной работы, критического мышления, коммуникации и сотрудничества, что является важными компетенциями в современном мире.

Кроме того, проекты могут способствовать глубокому освоению учебного материала, так как они требуют применения знаний и навыков на практике. Исследования также указывают на улучшение результатов обучения и увеличение уровня удовлетворенности учащихся процессом обучения при использовании проектных методов.

Заключение:

Внедрение проектных методов в уроки информатики представляет себя перспективное направление развития современного образования. Результаты исследований указывают на положительное влияние проектной деятельности на мотивацию учащихся, развитие их навыков самостоятельной работы, критического мышления, коммуникации и сотрудничества.

Однако, необходимо отметить, что внедрение проектных методов требует тщательной подготовки и организации, а также постоянного сопровождения и оценки процесса и результатов проектной деятельности. Дальнейшие исследования могут быть направлены на изучение различных аспектов внедрения проектных методов в уроки информатики, таких как определение оптимальных методологических подходов, анализ эффективности проектов на различных уровнях образования, разработка рекомендаций для учителей и других участников образовательного процесса.

В целом, внедрение проектных методов в уроки информатики представляет себя перспективное направление для совершенствования образовательного процесса, развития компетенций учащихся и подготовки их к современным требованиям рынка труда и информационного общества.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Абдуллин Р.Ф., Козлова И.Н. Проектная деятельность на уроках информатики: опыт внедрения в средней школе // Информационные технологии в образовании. – 2016. – № 26. – С. 70-74.
- 2.Гордеева Н.В., Гусев А.Н. Проектные методы в обучении информатике в условиях развития цифровой культуры // Молодой ученый. – 2019. – № 31. – С. 51-53.
- 3.Загвязинский В.И., Загвязинская М.Г. Проектное обучение как средство развития творческого мышления учащихся на уроках информатики // Информатика и образование. – 2018. – № 12. – С. 25-30.
- 4.Крылова М.В., Литвинова Н.В. Внедрение проектных методов в учебный процесс по информатике и ИКТ // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2017. – № 9. – С. 88-94.
- 5.Петрова Е.И., Сметанина Л.Н. Внедрение проектных методов в обучение информатике: опыт и проблемы // Информатика и образование. – 2019. – № 2. – С. 68-74.
- 6.Селезнева Е.В. Проектная деятельность на уроках информатики в современной школе // Информатика и образование. – 2018. – № 7. – С. 38-42.
- 7.Федорова Т.В. Внедрение проектных методов в учебный процесс по информатике // Вестник Курского государственного университета. – 2016. – № 8. – С. 66-70.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

З.Т.Көкшеева, А. Сарбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа: мақалада бастауыш сынып оқушыларының креативті-шығармашылық әлеуетін дамытудың инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы дамытудың тиімді жолдары мен жаңа оқу стратегияларының кейбір түрлеріне жеке тоқталады.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп, оқушылар, креативтілік, инновациялық әдістер, қызығушылықты ояту, мағынаны тану; ой толғаныс, Блум таксономиясы;

Креативтілік проблемасы қазіргі кезеңде зерттеліп жатқанымен, бірқатар ғылыми-зерттеу жұмысы белгілі бір дәрежеде шығармашылықтың түрлі аспектісін қарастырғанымен, бүгінге дейін проблеманың өзіне де, оған қатысы бар түрлі қолданбалы сипаттағы сұрақтарға байланысты да бірыңғай пікір қалыптаспай отыр. Креативтілік – рухани құндылықтарды жасаушы және жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамыту шарты бола отырып, рефлексия мен субъективтік өзін-өзі бағалау негізінде жаңа нәтижелерге жетуде шығармашылыққа қабілеттілігінен көрінетін сапалық қасиеті.

Философиялық сөздік креативтілік – Creatio (лат. Creatio - жасау) – ойлап табу, жасап шығару. Ойлап табу қабілеттілігі, проблема мен жағдаятты жаңа өзгеше көзқараспен қарайтын шығармашылық қабілет. Креативтілік (шығармашылық) сапалары – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б. Ал, шығармашылық - жаңаны жасаудағы процесс, креативтілік – адамның ішкі ресурсы, әлеуеті. Креативтілік - адамның шапшаң, нақты ойлау, жоғары қызығушылықтарға негізделген бай қиял және проблеманы жылдам түсіну қабілетімен танылады. Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі. Креативтілік тек қана ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық сипатымен, шығармашылық кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен ерекшеленеді.

Креативтілік - тұлғаның өзін-өзі дамытудағы маңызды фактор. Адамның креативтілік процеске дайындығы оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады. Шығармашылық көзі – танымдық қызығушылық, интеллектуалдық қабілет, білім, ойлау стилі, тұлғалық мінездеме, мотивация және қоршаған орта. Креативтілік факторлары – тұлғалық бағытталу, жағдайға талдау жасау, шығармашылық процесс, шығармашылық нәтиже.

Қазіргі жаңа формация мектебінде білім түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы қажеттіліктерді оқушыларға меңгерту барысында креативтілігі дамиды. Креативтілікті дамыту мәселесі мынадай негізгі проблемалармен ұштасады: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Креативтіліктің белгісі креативті (зиялы) ойлауды дамыту

жолдарын сөз етейік. Шетелдік ғалымдар зиялы ойлауды дамытуда келесі кезеңдерден өтуді ұсынады: тақырыпқа қызығушылықты ояту; мағынаны тану; ой толғаныс.

Қызығушылығын ояту – Эвокация. Мағынаны тану - Реализация. Ой толғаныс - Рефлексия.

Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. *Реализация* – оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. *Рефлексия* – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бірінші кезең – *қызығушылықты ояту*. Үйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы басқа деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V» - «білемін», «-» - «білмеймін», «+» - «мен үшін жаңа ақпарат», «?» - «мені таңқалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылақ етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды еске сақтау, мәнін жете түсіну күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында *көпірлер* құрастыруға, яғни байланыстар құрауға дағдыландырады.

Тақырып туралы *ой толғаныс* – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Одан гөрі, үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты шараларға уақыт жіберіп аламыз. Бұл сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты инновациялық әдістер әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді, әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. Бұл жағдайда мұғалім үйрену процесінде оқушыларға серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап өз ойын, ақыл-көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады. Яғни, мұғалім бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады.

Жоғарыда инновациялық әдістер туралы сөз қозғадық, төменде солардың кейбіріне сипаттама бере кетсек.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерген екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып оқушылар қызыға толтырады яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Бұл әдіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс –тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы: - Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды. - Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады). – Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы. – Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

Блум таксаномиясы, сұрақтар стратегиясы - “Блум таксономиясы” кестесі

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім	Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері
Түсінік	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді
Қолдану	Алған білімді қолданады
Талдау	Білімді жай қабылдамайды талдайды, саралайды салыстырады
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады
Бағалау	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды

Американдық ғалым Б.Блумның осы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесін сабақта пайдалану жақсы нәтиже береді.

«Көп деңгейлі сұрақ» стратегиясы. Тура сұрақтар (Litera 1 level). Мұндай сұрақтар қандайда бір фразаны немесе түрлерін еске түсіру үшін қойылады. Сұрақтардың жауаптары мәтіннің ішінде кездеседі, оқушыдан оны жаттап алып, айтып беру талап етіледі. Өзгертуді талап ететін сұрақтар (translation questions) жауап берушіден мағлұматты басқа формада жеткізуді күтеді. Мұндай сұрақ қою кезінде оқушы ойша болатын жағдайды елестетіп көріністі суреттеп берулері керек. Яғни, оқушылар ойша елестеткен кейіптер мен дыбыстарды талқылайды. Олар ең алдымен елестету тәжірибесін жинайды, содан кейін сөйлеу арқылы басқаларды өз қабылдауымен таныстырады. Интерпретациялау-сұрақтары (interpretation) оқушыларды идеялар мен фактілер, анықтамалар мен құндылықтар арасындағы байланыстарды табуға үйретеді. Сұрақ-тіркеме (application questions) оқушыларға мәселені шешуге немесе келесі мәселенің логикасы мен себептерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сұрақ – баға (Evaluation questions) оқушыларды жақсы, жаман деген сияқты қорытынды шешім қабылдатады.

ЖИГСО – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4-өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 – нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын

оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтармен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ЖИГСО – стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ олар мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы - түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды - деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады. v + - ?

Куббизм стратегиясы – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Сипатта (түрі, түсі, көлемі) -

Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы) -

Ұсын (қалай, қай жерде пайдаланылады?) -

Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін) -

Талда (қалай жасалған, неден тұрады?) -

Ой толғау (бұл неден жасалған?) -

Т кестесі стратегиясы – Мақсаты: қарама – қарсы нәрселерді сөздерді тере білу. Бұл жұмыс тасалыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты процестер жүзеге асады. Оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Т кестесін тақырыпты ашарда пайдаланылса, жаңа материалды түсінуге дайындық болады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді. Іс – тәжірибе де ұйтапсырмасына да беріліп жүр. Кіші жас оқушыларына кескін, сурет түрінде орындауға болады.

RAFT стратегиясы – Оқушы қандайда бір объектіні алып, сол рольге еніп өз ойын жазады. Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазба түрде, бірінші жақта хабарлайды. Мысалы: Мен қазақтың қара домбырасымын. Менің күмбірлеген қоңыр үнімді ұнатпайтын қазақ жоқ. Мен әр қазақтың төрінде ілулі тұрамын. Мен адамның көңіл – күйін шектерім арқылы жеткіземін. т.с.с

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Резапкина Г.В. Я и моя профессия: Программа профессионального самоопределения для подростков: учебно-методическое пособие для школьных психологов и педагогов.-М.: Генезис, 2004.

2. Климов Е.А «Оқушыларға кәсіби кәсіби бағар беру жүйесін ұйымдастырудың психологиялық негіздері», М., 1999г.

3. Путеводитель по профессиям. Краткий справочник для молодежи, выбирающей специальность и работу. Алматы: Аль-Фараби. 1998.-192с.

4. Озганбаева Р.О. ПрофорIENTATION учащихся о общеобразовательных школ в условиях рыночных отношений. Автореф. канд., 1995г.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

А.Ж.Сарғожаева

Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
«№9 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Аңдатпа. Ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап дамуы биосфераға тікелей ықпалын тигізіп, жер шарындағы экологиялық жағдайдың күн сайын қиындап бара жатқанын көрсетіп отыр.

Түйін сөздер: экология, ғылыми-техникалық даму, табиғат

Соңғы жылдары республикамыздың табиғаты бұрын-соңды болмаған өзгерістерге ұшырауда. Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері - аймақтың техногенді шөлейттенуі, топырақтың тозуы, су ресурстарының тартылуы, атмосфераның ластануы, ормандардың сиреуі, табиғаттың генетикалық қорының бүлінуі, тіршілікке қатер төндіретін қауіпті табиғи құбылыстар мен өнеркәсіп апаттарының белең алып, әрі улы қалдықтарының жинақталуы айналаны қоршаған ортаға терең зиянын тигізуде. Соған байланысты бүгінгі таңда жастарға, жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Ол "Қазақстан - 2030" даму стратегиясында басты орын алады.

Экологиялық білім мен тәрбие беру өзіне кешенді зерттеулерді талап етеді: біріншіден, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру үшін көпшілікке біртұтас ғылыми білім жүйесін беру; екіншіден, тұлғаның дүниеге деген гуманистік көзқарасын тәрбиелеу; үшіншіден, экологиялық мәдениетті дамыту; төртіншіден, қоршаған ортаны қорғауда белсенді бағытты ұстау және алған білімді тәжірибе жүзінде іске асыру.

Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған аса күрделі экологиялық проблема қоршаған ортаны қалыпты жағдайда ұстау. Табиғат ресурстарын қорғау және оны тиімді пайдалану мәселесі болып отыр. Қоғамымыздың " бүгінгі нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқу, жүйесінің негізгі міндеттерін белгіледі. Онда табиғат ресурстары - жерді, суды ауаны, пайдалы кендерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін тиімді пайдалану, оларды қорғау мәселесіне айрықша мән берілді. Әсіресе, республикамыздың "Табиғат қорғау" Заңының" Елімізде табиғат қорғау ісін түбегейлі қайта құру туралы" бағдарламасында адамдардың бойында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, жер су ресурстары мен пайдалы қазбаларға ұқыпты да жоғары адамгершілік көзқарасты тәрбиелеуге аса назар аударылған.

Табиғат - адам тәрбиешісі. Адам болып туып, адам болып қалуы үшін табиғаттың ролі зор. Табиғат бөлшектері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі. өзен-сай, биік таулар, сағым тербеген сары дала-бәрі адамдардың ойына-сана, денесіне-қуат, бойына-күш, өнеріне-шабыт береді.

Республикамыз дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жас ұрпақты ізгілікке, эстетикаға, отан сүйгіштікке баулайтын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Себебі, "табиғат - қоғам -адам" жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен "Білім туралы" Заңы (1999), "Айналадағы ортаны қорғау туралы" Заңы (1997), "Қазақстан Республикасы стратегиялық тұрақты даму жолына арналған 2030 бағдарламасы" (1996), "Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы" (1997), "Қазақстан Республикасы экологиялық білім мен тәрбие берудің ұлттық: стратегиясы" (1998), "Экологиялық білім бағдарламасы" (1999), "Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік

стандарттары" (1998), "Қазақстан ; Республикасы 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау ' тұжырымдамасы" (2004) және т.б. құжаттар қабылданды.

Ауа-табиғаттың ажырамас элементі, онсыз жан баласы дем алуы, қоректенуі, жылу мен жарықты қабылдауы мүмкін емес. Қысқасы, табиғатсыз тірлік те, өмір де жоқ. Сондықтан да қоршаған ортамыз - табиғатқа деген қарым-қатынас терең ізгілік пен адамгершілікке ұласуы қажет. Осымен қатар табиғат-адамдар үшін таным мен эстетикалық қарым-қатынастардың нысаны. Оның тартымды құпия сырына ерудің өзі терең ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал жасайды. Осыған орай, экологиялық мәдениетті адамның негізін қалаушы бастапқы, міндетті және жалпыға ортақ берілуі тиіс экологиялық тәрбиенің қажеттілігі туындайды. Жоғарыда атап кеткендей, экологиялық сана толығымен экологиялық білімді қамтыса, оның құрамдас бөлігі эстетикалық сезімдер мен экологиялық жауапкершілік болып табылады.

Экология - табиғатты үнемдеу туралы ғылым.

Экология - грекше oikos - үй, мекен және логия сөзінен құралады. "Экология" терминін 1866 жылы Австралия ғалымы биолог Э.Геккель ұсынған.

Әр бала өзін қоршаған ортаның құрлысын, оның ерекшеліктерін, заңдылықтарын бұзбай сақтау жолдарын, табиғатты қорғаудағы өзінің жауапкершілігін білуге міндетті. Экологиялық тәрбиенің мақсат-міндеті жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін, мөлдірлігін, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімділігін сақтауға, қамқорлықпен, жанашырлықпен, мейірімділікпен, сезімталдықпен қатынас жасауға тәрбиелеу. Жас ұрпаққа табиғатты қорғау мен байлығын асырап етпудің ғылыми негіздерінің басты заңдылықтарын үйрету.

Адам өз бойындағы адамгершілік асыл қасиеттерін туған жерінің табиғатымен, өскен ортасымен байланыстырады.

Халқымыздың салт-дәстүрлері бойынша, Наурыз мейрамының туған жер табиғатын түлетуге, көркейтуге қосатын үлесі зор. Бұл мейрамның басты мақсатының өзі табиғат заңдылықтарына үйлесімді табиғи тепе-теңдікті сақтауға негізделген. Айналаны тазарту, ағаш отырғызу, бұлақ көзін ашу адамның табиғат-ана алдындағы міндеті екендігін түсіндіру.

Балаға экологиялық тәрбие бере отырып, онымен келешекте оқытылатын жаратылыстану пәніне дайындық жұмыстарын жүргіземін.


Экологиялық білім және тәрбие нәтижесін үш түрге бөлемін:


Оқушыға экологиялық білім туралы ой саламын.

Жеке өз бетінше ізденушілікке бағыттаймын.

Зерттеушілік қабілетін дамытамын.

Сабақ барысында қолданылатын кестелер.





Қазір жер басып жүргендер бұл жердің соңғы ұрпағы емес бұлардан кейін басқа адамдар келеді және олар өмір сүруге жарамды дүние алуы керек. Сөйтіп, ұрпақ болашағын жан-жақты қарастырғанда ғана бәрі ойдағыдай орынды шешіледі.

Табиғат — бүкіл тіршілік атаулының ұясы және аяулы бесігі, құтты қонысы мен өніп-өсер мекені. Табиғат - бойына қуат, көңіліне шабыт, шапағат ұялататын сұлулық пен өсімдік әлемі.

Туған өлке аумағы қанша кең болса, ондағы табиғат байлығы да сонша мол. Тіпті, жол үсті, аяқасты болып жатқан дәрілік, тағамдық өсімдіктеріміз қаншама!

Қоршаған ортаның ластануы-қазіргі кезде адам баласын аландатып отырған аса маңызды мәселелердің бірі. Соңғы жылдары табиғат байлықтарын пайдаланудың салдарынан адамзаттың табиғатқа тигізетін әсер, ықпалы өлшеусіз өсуде. Адам баласының табиғатпен үйлесімді байланысын қалыптастыру үшін экологиялық білімнің маңызы зор. Табиғатты қорғауда өтілетін тақырыптарға байланысты әр түрлі әдістерді қолданып, сабақты түрлендіріп отыру керек.

Табиғат - адам тәрбиешісі. Адам адам болып туып, адам болып қалуы үшін табиғаттың атқарар рөлі зор. Табиғат бөлшектері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі, өзен-сай, биік таулар, сағым тербеген сары дала бәрі-бәрі адамдардың ойына сана, денесіне - қуат, бойына - күш, өнеріне-шабыт, көңіліне - қанат береді.

Бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдерінің аса жауапты міндеттерінің бірі оқушылардың санасына қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, сол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтау және молайта түсуге бағытталған сезімдерін тәрбиелеу.

Оқушыларды экологиялық білім мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу, олардың жалпы ой-өрісін арттыру үшін балаларға арналған көркем әдебиетті тек сабақ үстінде ғана пайдалану жеткіліксіз. Сыныптан тыс жүргізілген жұмыстан мұғалім оқушылардың әрқайсысының қандай қабілеті бар екенін байқайды.

Экологиялық тәрбие беру жұмысы отбасында, балалар бақшасында, мектепте, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана адам санасында табиғатты қорғау, оның байлықтарын сақтау жөніндегі тиянақты көзқарасты қалыптастырып, жүйелі білім беруге болады.

Экологиялық тәрбие беруде оқушылардың табиғатқа эмоциялық қатынасын қалыптастыра білудің үлкен мәні бар. Эмоция психологияда адамның және дүниесін қозғаушы жерге лайықты жауап ретінде қарастырылады. Табиғат тағдырына ортақтаса білу қасиетін ескермей, оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, " адамгершілік заңдылық ұғынумен де, есте сақтаумен деменгерілмейді". Табиғатқа жасалған қиянатты ақылмен түсіну жеткіліксіз, ендеше оның қасіретін сезіне білу керек.

Адамзат тарихы табиғат тарихымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде адам мен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекетінің салдары үлкен экология-лық мәселеге айналуда. Адамды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға дағдыландыратын экологиялық тәрбиені мектеп жасынан бастау қажет.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда осы үздіксіз экологиялық бағыттағы өзіндік жұмыстарды жүргізгенде, оқушы бойында жетіспейтін құнды қасиеттердің бірі - "экологиялық сана"мен экономикалық түсінік қалыптасыру керек.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы жылдары республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптардағы экологиялық тәрбие жұмысы бұрынғы қалыптасқан бағдарламадағы "Балаларды табиғатпен таныстыру" бөлімінен бастау алады. Ал табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудағы басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым-түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында "Табиғат — бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені" екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Кейінгі он жылдықта мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау — экологиялық тәрбие жұмысымен үштастырылды.

Баланын табиғаттан алған әсерін әңгімелеп суреттеп беруі оның қиялына қанат бітіріп, табиғат жөніндегі түсінігін айқындауға ықпалын тигізеді. Табиғаттағы әдемілікті сезініп, қабылдау дағдысы өзен-өзі келе қоймайды, оны дамыту, жағымды іс-әрекет түріне айналдыру ата-аналардың және тәрбиеші-ұстаздардың көмегімен жүзеге асырылады. Демек, олардың өз бетінше әрекет жасауын бақылау оның мазмұнын талдау балалардың жеке басы ерекшеліктерінің экологиялық тәрбиелілігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақбасова А.Ж. «Экологиялық энциклопедия». Алматы 2007.302 бет.
2. Асқарова У.Б. «Экология және қоршаған ортаны қорғау». Алматы 2004. 90 бет.
3. Әлімжанова Гүлсара. «География және табиғат» .№5. 2007 17 бет.
4. Баешов А.Б. «Экология және таза су проблемалары». Алматы «Дәнекер» 2003. 224 бет.
5. Байғожина Амангүл. «Атамекен» газеті. 28 мамыр 2004ж. 4 бет.
6. Бейсенова А, Самакова, Т.Есполов. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану». Алматы 2004. 328 бет.
7. Беркінбаев К, Ниязова Г. «Қазақстан мектебі» №6. 2006ж. 17 бет.
8. Болтаев А. «Қазақстан мектебі» №3. 2006ж. 31 бет.
9. Болтаев А. «География және табиғат» №1. 2006ж. 33 бет.

ӘОЖ 372.853

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Б.К. Сатпаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Аңдатпа. Бүгінгі заман талабына сай педагогтың шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының маңызы ерекше. "Оқыту технологиясы" термині

алғаш рет АҚШ-та XX ғасырдың ортасында пайда болды. “Технология” – гректің *techné* – өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* – оқу сөздерінен шыққан. Белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану технологияларын айтамыз.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, новация, жетілдіру

«Бүкіл дүниенің, ғылымның, білімнің өркендеп өсуінің арқасында инновация арқылы мемлекеттер алдыңғы қатарға шығады. 30 елдің қатарына еруге апарар жол – білім және инновация. Көптен бері біз бұған дайындалдық. Қазақстанда оның ешқандай негізі болған жоқ. Интеллектуалды мектептер, салынып жатқан университеттер, университеттерді дүниежүзі деңгейіне көтереміз дегеннің бәрі – иноваторларды дайындау. Елдің бәрі ғалым бола бермейді, соның ішінен талантты жастарды тауып оқытып, ғылымға білімге баулуымыз керек. Сол жаңалықтардың арқасында өндірісті жасасақ, біз өркендейтін боламыз» деген еді елбасымыз.

Кез келген адамның кәсіби қызметі үшін жаңа енгізілім немесе инновациялаудың орны ерекше, сондықтанда оны үйрену, ендіру мен талдау қажеттілі заңды құбылыс.

Инновация өздігінен туындамайды, олар ғылыми іздестірулердің нәтижесінде, жекелеген ағартушы немесе толықтай бір ұжымның алдыңғы қатарлы ағартушылық тәжірибесінен пайда болады.

«Инновация» ұғымы латын тілінен аударғанда «жаңарту, жаңалық немесе өзгерту» мағынасын береді. Бұл түсінік алғаш рет XIX ғасырда пайда болды және бір мәдениеттің өзгеге кейбір элементтерін кірістіруді білдіреді. XX ғасырдың басында жаңа білім аймағы пайда болды, «инноватика» - материалдық өндіріс аумағында техникалық жаңа енгізілім заңдылықтары аясында үйрететін, жаңа енгізілім туралы ғылым. Шамамен 50-ші жылдары Батыста және соңғы жиырма жылдықта елімізде ағартушылық инновациялық үрдістер арнайы үйрету пән болып қалыптасты.

С.И.Ожеговтың сөздігінде жаңа сөзінің анықтамасын былай түсіндіреді: жаңа – алғашқы қалыптасқан немесе жасалынған, жаңадан пайда болған немесе бұрынғысының орнына жақын арада пайда болғаны, осы шақтағысы, таныстығы жеткіліксіз, көпшілікке танымал емес [1].

Білім беру жүйесінде инновация жайлы XX ғасырдың, 80-ші жылдарында айтылған. Осы уақыттан бастап ағартушылықта инновация мәселесі туындады және соған сәйкес, арнайы зерттеулер жасау пәні болып, оның түсінігін қамтамасыз ету табылды. «Білім берудегі инновация» және «ағартушылық инновация» терминдері ғылыми түрде дәлелденіп, синоним ретінде қолданылды және ағартушының категориялық аппараты ретінде кіргізілді [2].

Сонымен, инновациялық үрдіс жаңаша ұйымдастыруға және мазмұнын жетілдіріп құруға әкеліп тіреледі. Бүтіндей қарастырсақ инновациялық үрдіс болып жаңашылықты тарату және қолдану, игеру, құру бойынша кешенді қызмет алынады.

Ғылыми әдебиеттерде «инновация» және «новация» терминдерін бір –бірінен бөліп қарастырған. Осының ара-жігін салыстыру үшін төмендегі 1-кестені негіздемелерге сүйеніп құрамыз.

1-кесте. «Инновация» және «новация» терминдерінің салыстырмалы кестесі

Белгі	Новация	Инновация
Мақсат пен мәселе масштаб	Жеке	Жүйелік
Методологиялық қамту	Белгілі теориялар аясында	Белгілі теориялар аясынан шығып кетеді
Ғылыми контекст	Салыстырмалы түрде қалыптасқан «қалып» бойынша ұғынылады мен түсінікті болады	Ол түсініксіздікті ту-дыруы мүмкін, қақты-ғыстар мен үзілімдер, қалыптасқан «қалыпқа» қарама-қайшы келеді

Әрекет мінезі(сапасы)	Тәжірибелік (жекелеген жаңа енгізілімдерді апробациялау)	Белгілі бір мақсатқа бағытталған іздеу және жаңа нәтиже алу үшін барынша толық іздену
Әрекеттер сипаты(саны)	Уақыт және масштаб бойынша шектелген	Бүтін, жалғастырылатын
Әрекет типтері	«Қолдан қолға өтетін» жергілікті жаңашыл тасымалдау, тәжірибеде субъектінің ақпараттануы	Бұл тәжірибеде жаңа жүйе қызмет жобалау қарастырылған
Жүзеге асыру	Апробациялау, ендіру басқару жолындағыдай болады (жоғарыдан немесе әкімшілік келісімімен)	Сәйкестендірілген қызмет үшін кеңістік және ұйымдар-дың шарттары бойынша өндіру, өсіру (ішінен) жүргізіледі
Нәтиже, өнім	Қолданыстағы жүйенің жекелеген элементтерінің өзгеруі	Тәжірибе субъектілерінің позициясын толық жаңарту, жүйеде және жүйе ішінде байланыстарды түрлендіру
Новизна(жаңалық)	Әрекеттердегі инициатива, рационализациялау, әдістерді жаңарту, жаңа әдіс ойлап табу	Қызметте жаңа бағыттың ашылуы, жаңа технология-ларды құру, қызмет нәтиже-сінде жаңа сапаны тауып алу
Нәтижесінде	Бұрынғы жүйені жетілдіру, оның функционал-ды байланыстарын рационализациялау	Жаңа тәжірибенің туу мүм-кіндігі немесе зерттеулер мен өңдеулердегі жаңа парадигмалар

Сонымен, новация – бұл нақты құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама және т.б), ал инновация – бұл осы құралдарды меңгеру үрдісі. Инновация - бұл белгілі бір мақсатқа бағытталған өзгертулер, яғни жаңа тұрақты элементтерді өмір сүру ортасына енгізетін, жүйенің бір күйінен екіншіге ауысу.

Жаңа енгізу мұндай көзқараста инновация нәтижесі болып түсіндіріледі, ал инновациялық үрдістің негізгі үш кезеңі қарастырылады: идеяларды генерациялау (белгілі бір жағдайда – ғылыми жаңалық ашу), қолданбалы аспектісінде идеяларды өңдеу және тәжірибеде жаңалықты жүзеге асыру [2]. Осыған байланысты инновациялық үрдісті ғылымдық идеяны тәжірибеде қолданылуын және әлеуметтік-ағартушылық ортада жүзеге асуын қарастыруға болады. Идеялардың жаңа енгізуге айналуын қамтамасыз ететін және бұл үрдістердің басқару жүйесін құратын қызмет, инновациялық қызмет болып табылады.

“Білім беру” терминін сөздіктерде “білімді ету”, “жарату”, “құру” немесе “жетілдіру” –ді жаңарту деп қарастырған. Инновация дегеніміз – бұл жаңаны құру.

Сонымен, білімнің өзі мағынасы бойынша инновация болып табылатынын көріп отырмыз.

Педагогикалық инновация дегеніміз - бұл білім беру жүйесін жақсартуда тұрақты элементтерді енгізу, мақсатты өзгеріске бағытталған педагогикалық жаңалықты енгізу.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар: с технология

Кейс технология

Web технология

Коммуникациялық технология

Ақпараттық технология

Интерактивтік әдіс технологиясы

Мультимедиа технологиясы

Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы

Инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімінің өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Қазіргі білім беру саласындағы озық технологияларды толық меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Бүгінгі таңда, өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы, қазір қолданылып жүрген технологиялар қатарына "Дамыта оқыту технологиясы", "Модульдік оқыту технологиясы", "Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы", "Ойын арқылы оқыту технологиясы", "Проблемалық оқыту технологиясы", "Білім беруді ізгілендіру технологиясы" жатқызуға болады.

Модульдік оқыту технологиясы- оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойылған мақсатқа жетуді көздейтін білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқытудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Проблемалық оқыту технологиясы - оқу материалында қызықтыратындай мәселе туғызып, өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, белсенділіктерін арттыруға бағытталған. Деңгейлеп оқыту технологиясы - білім, білік, дағдыны меңгерту, білім беру стандарт көлемінде білім бере отырып, логикалық ойлау, талдау жасау арқылы жүзеге асыру. Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы университеттерде жаңа оқу әдісін енгізуді, бейімділікті арттыруды, мәдени және кәсіби білімді, өздігінен білім алуда қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл үрдіс қазіргі кезеңде мультимедиялық оқу құралдары, мультимедия аймағында үйрететін бағдарламаны құрудан бастап толық аяқталған концепциялық білім беру бағдарламаларын тұрғызуды, сондай-ақ университет кадрлерін көрсетілген бағытта даярлау мен жаңа оқу құралдарын құруды қажет етеді. Мультимедия құралдарын университеттерде қолжетімді ету жоғары сапалы білімгерлерді дайындауда зор үлес қосады. Яғни, оның нәтижесінде материалды түсіндіру жеткілікті түрде интерактивтілік, қолжетімділік, көрнектілік және т.б. сияқты педагогикалық үрдістерге сүйеніп жоғары деңгейде болады. Осы тұрғыда, «Универ», «Тамос» «Platonus» және т.б. сияқты бағдарлама-техникалық кешендер көмегімен студенттер университет оқытушылары дайындаған әдістемелік материалдарға (дәрістер, тәжірибелік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелер және т.б.) қол жеткізе алады. Қазіргі таңда университеттерде қолданылып жүрген электрондық қорлар - иновациялық үрдіс қатысушыларының барлығына білім беруде ақпараттық көмек көрсете алады. Осылайша, білім мәнінің өзі қазірдің өзінде инновация. Оқытуда инновациялық технологияларды қолдана отырып, мұғалім процесі қызықты, әсерлі ете алады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдеріс білім алушыларда тұтас интерактивті коммуникацияларға негізделген дүниетанымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық білім жобасын жүзеге асыру, оқу сапасын арттыру, кәсіби және қашықтықтан оқуды жетілдіру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу үдерісіне, басқару үрдісіне қолдану, материалдық қорды қамтамасыз ету, осы алға қойған мәселелер университеттерде жүзеге асуда және жаңартуды талап етіп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гребенюк И.И. , Голубцов Н.В., Кожин В.А., Чехов К.О., Чехова С.Э., Фёдоров О.В. Анализ инновационной деятельности высших учебных заведений России. И-во "Академия Естествознания", 2012 г.
2. Хуторской А. В. Педагогическая инноватика: методология, теория, практика: Научное издание. – М.: Изд-во УНЦ ДО, 2015. – 222 с.
3. Цыркун, И. И. Система инновационной подготовки специалистов гуманитарной сферы. - Мн., 2000
4. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики: Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. - М., 2011.

ANDROID ПЛАТФОРМАСЫНДА ӘЛІПБІДІ ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ

А.М.Сегізбаев, Е.Ұ. Сегізбаев, Ж.Қ. Құлмағамбетова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазір әлемде мобильді құрылғыны қолданбайтын адамдар іс жүзінде қалмады. Себебі олардың көлемі шағын, функционалдылық, барлық байланыс әдістеріне қол жетімді. Мобильді құрылғылар үйдегі жұмыс үстелі компьютерін іс жүзінде толық ауыстырды.

Түйін сөздер: android, әліпби, ұялы телефондар, фреймдер

Бүгінгі таңда ұялы телефондардың негізгі классификациясы: BlackBerry, Symbian OS, Windows Mobile, Android, Mac OS және басқалар болып бөлінеді. Олардың ішінде Android ОЖ – «ең қарапайым және бір уақытта кешенді платформалар жиыны болып табылады.

Біздің жобаның мақсаты қазіргі кезде ұялы телефоннан, яғни смартфоннан көз алмайтын мектеп жасына жетпеген балаларды смартфон арқылы мектепке дайындауға мүмкіншілік жасау. Басқаша айтқанда, ойын элементтерімен әліпбиді үйрету үшін Android қолданбасын әзірлеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- Android ОЖ үшін қосымшаларды әзірлеу ерекшеліктерін зерттеу;
- бағдарламаға қойылатын талаптарды анықтау;
- әзірленген қосымшаның архитектурасын жобалау;
- сервер бөлігін әзірлеу;
- мобильді қосымшаны әзірлеу;
- тестілеуді орындау.

Жобаны зерттеу нысаны – Android платформасы, қосымша фреймдер, Kotlin және Java программалау тілдері.

Пәндік аймақ – танымал алгоритмдерді қолдану арқылы әліпбиді үйренуге өте ыңғайлы мобильді қосымша әзірлеу.


- Соған байланысты аналогты қосымшалар:
- Балаларға арналған ABC алфавиті (Googleplay)
- Сөйлесетін балалар әліпбиі (Googleplay)
- Супер ABC (App Store)
- Көңілді әліпби (App Store)

толығымен зерттеліп және қосымша астындағы ата-аналардың ұсыныстары қаралды.

Қосымшаларды талдай келе, ең алдымен интерфейске көңіл бөлу керектігі айқындалды. Яғни интерфейс баланың өзін тартып тұруы қажет.



1-сурет. Көңілді әліпби 2-сурет. Сөйлесетін әліпби



3-сурет. Балаларға арналған әліпби

Android Studio

Android Studio — 2013 жылдың 16 мамырында Google I/O конференциясында жарияланған Android платформасымен жұмыс істеуге арналған біріктірілген әзірлеу ортасы (IDE). Android Studio бағдарламасының соңғы нұсқасы Android 4.1 және одан жоғары нұсқаларды қолдайды. Бұл IDE 2013 жылдың мамырында шығарылған 0.1 нұсқасынан бастап еркін қол жетімді болды, содан кейін 2014 жылдың маусымында шыққан 0.8 нұсқасынан бастап бета-тестілеуге көшті. Бірінші тұрақты 1.0 нұсқасы 2014 жылдың желтоқсанында шығарылды.

JetBrains ұсынған IntelliJ IDEA бағдарламалық құралына негізделген

Android Studio Android қолданбасын әзірлеудің ресми құралы болып табылады. Бұл әзірлеу ортасы Windows, macOS үшін қолжетімді. 2017 жылдың 17 мамырында жыл сайынғы Google конференциясында Google Java және C++ тілдерінен басқа Android платформасы үшін ресми бағдарламалау тілі ретінде Android Studio бағдарламасында қолданылатын Kotlin тілін жариялады.

IDAP компаниясының Android әзірлеушісі Артём Борисовский:

«Бүгінгі таңда Kotlin - Android қосымшасын әзірлеу үшін ең жақсы таңдау. Бірақ егер сізденді бастағалы отырған бағдарламашы болсаңыз, бастапқыда Java-ны таңдаған дұрыс: бұл тіл ескірек және белгілі бір мәселені шешу жолы туралы ақпаратты оңай табуға болады. Kotlin Java үстінен орауыш екенін және компиляция кезінде ол Java байт кодына түрленетінін ұмытпаңыз».

Reksoft компаниясының инженер бағдарламашысы Евгений Павлов: «Android Studio бағдарламасы IntelliJ Idea негізінде жасалғандықтан, әзірлеушілер бағдарламалау тілімен тығыз байланысты жаңартылған әзірлеу ортасын алады, бұл қолданбаларды дайындауды айтарлықтай жеңілдетеді» - деген болатын.


Қосымшаны Android Studio эмуляторында Kotlin программалау тілін қолдану арқылы жасау шешімі қабылданды.




4-сурет. Android Studio эмуляторы



5-сурет. Kotlin программалау тілі



6-сурет. Шаблон таңдау.



7-сурет. Жоба конфигурациясы.

Көптеген дереккөздерге сараптама жасай отырып, қосымшаны құратын ортаны және программалау тіл таңдап алынды. Осыны ескеріп Android Studio ортасындағы барлық тиімді тұстарды және Kotlin тілінің артықшылықтарын пайдалана отырып симулятор істеп шығу қолға алынды. Тақырыптың қазіргі кезде өзектілігін еске алатын болсақ бұл қосымша сәтті шыққан жағдайда жақсы сұранысқа ие болатынына кепілдік беруге болады.

Қолданыстағы Android нұсқаларының саны өте көп. Қолданбаларды жасау кезінде мақсатты аудитория пайдаланатындардың барлығын ескеру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Майер Р. Программирование приложений для планшетных компьютеров и смартфонов [Текст] / Р. Майер – Москва: Эксмо, 2013. – 816 с.
2. Гриффитс Р. Д. HeadFirst. Программирование для Android [Текст] / Р. Д. Гриффитс – Санкт-Петербург: Питер, 2016. – 704 с.
3. Арон Хиллегасс. Objective-C. Программирование для Android. 2012г.
4. Дэрсси Л. Разработка приложений для Android-устройств. Базовые принципы [Текст] / Л. Дэрсси, Ш. Кондер – Том 1. – Москва: Эксмо, 2014. – 598 с.
5. Джордж Шеферд. Программирование на Microsoft Visual C++ .NET. 2011г

ӘОЖ 378.159

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ

Б.К.Семирханов, Ә.І.Қалиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Андатпа. Балалардың білім беру мекемелеріндегі жұмыс әдістері: ертегілер, ашық ойындар, психогимнастикалық зерттеулер, арт-терапия элементтері және т.б. Инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: психологиялық-педагогикалық әдістер, инновациялық әдістер, арт-терапия, ойын терапиясы, рөлдік ойын

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде мектептерде әлеуметтік-педагог, педагог-психолог мамандары қызмет жасай бастады. Бұл мамандардың алдында болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі имандылық, адамгершілік қасиеттерін, рухани байлығын, жандүниесін, білім сапасын, тән сұлулығын арттыруда оқушылармен педагогикалық психологиялық қызмет атқару міндеттері тұрады.

Қазіргі таңда көптеген мектептерде педагог-психолог маманның қызметіне әлеуметтік жұмыстарда кіріктірілген. Кейбір мектептерде әсіресе ауылдық жерлерде педагог-психолог маман көбінесе тәрбиешінің міндеттерін орындап, түрлі сауықтыру жұмыстарын атқарады. Білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет: ғылыми, қолданбалы және практикалық сияқты үш тұрғыда қарастырылады.

Қоғамның қазіргі жағдайы, оның дамуының жоғары қарқыны қоғамның бір бөлігі ретінде өзін-өзі жүзеге асыра алатын баланың жеке басын дамыту бойынша іс-шараларды өткізуге жаңа, жоғары талаптар қояды. Инновациялық әдістер жаңа құралдар мен әдістерді құруды және таратуды ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы әдістерді өзгертуді де білдіреді.

Олар тәрбиеленушімен психологиялық және педагогикалық тұрғыдан тиімді өзара әрекеттесудің, оның өмірін ұйымдастырудың және өзін-өзі ұйымдастырудың, оның санасы мен мінез-құлқына психологиялық педагогикалық әсер етудің, оның қызметі мен өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандырудың ғылыми негізделген тәсілдерін ұсынады.

Оқушылармен жұмыс істедің психологиялық-педагогикалық инновациялық әдістерін қолданудың ерекшеліктері мен айрықша белгілері:

онтогенездің жас кезеңінде баланың табиғи дамуын қадағалау;

әлеуметтік немесе қоғамның сұранысы түріндегі объектілік жағдайларға тәуелділік;

балалардың әлеммен және өзімен қарым-қатынас жүйесін өз бетінше шығармашылық игеруіне жағдай жасау[1]

Бүгінгі таңда баланың жеке басын зерттеу әдістері мен түзетудің психологиялық әдістері өте көп, бірақ олардың барлығы ортақ сипатқа ие. Сондықтан жаңашыл мұғалімнің негізгі мақсаты-осы әдістерді құру және түрлендіру.

Мектептегі психолог жұмысының негізгі әдісі-баланың барлық жас кезеңдерінде дамуын бақылау, баланың танымдық, эмоционалды-ерікті, жеке салаларының даму динамикасын бақылау. Қажет болған жағдайда психолог даму бағыты бар балалармен жеке немесе кіші топтық сабақтар өткізеді.

Дамуында проблемалары бар баланың ішкі әлемі (есту, көру, сөйлеу проблемалары, психикалық дамудың кешігуі, ақыл-ой кемістігі, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы) күрделі. Педагог-психологтың міндеті-мұндай балаларға қоршаған ортаның алуан түрлілігін көруге, естуге, сезінуге көмектесу; оларға "Мен" өзі туралы білуге, оны ашуға және ересектер әлеміне еруге көмектесу, онда толық өмір сүру және өзара әрекеттесуге жол сілтеу.

Әр түрлі инновациялық әдістер осы мәселелерді тиімді шешуге көмектеседі: ертегілер, ашық ойындар, психогимнастикалық зерттеулер, арт-терапия элементтері және т. б. Барлық сабақтар ойын түрінде өткені дұрыс. Арт-терапевтер шығармашылық өнімді (суреттер, мүсіндер, панельдер және т.б.) құру арқылы проблемалық аймақтың бейсаналықтан санаға ауысуы жүзеге асырылады деп санайды. Сонымен қатар, адам шығармашылықта өзінің эстетикалық қажеттіліктері мен өзін-өзі көрсету қажеттіліктерін жүзеге асырады.

Арт-терапия келесі механизмдерге негізделген: символдық қайта құру, "шеттету", эмоционалды орталықсыздандыру, катарсис, жеке мағыналарды беру.

Арттерапияны жүргізуге арналған көрсеткіштер:

- 1) эмоционалды айыру;
- 2) эмоционалды дамудың қиындықтары;
- 3) мазасыздықтың жоғарылауы, фобиялар;
- 4) тұлғааралық қақтығыстар;
- б) дисгармониялық өзіндік тұжырымдама.

Арттерапияның түрлері: сурет, библиотерапия, драма терапиясы, музыкалық терапия және т. б., оның бір түрін қарастырайық-бұл құм терапиясы, ол сонымен қатар психодиагностика және психокоррекцияның заманауи әдісі болып табылады. Құмның икемділігі одан әлемнің миниатюралық бейнесін жасауға деген ұмтылыс болады. Бала құмсалғышта жасаушы ретінде әрекет етеді-бір өмірлік сюжет екіншісін ауыстырады. Құм ойыны табиғи және әр бала үшін қол жетімді әрекет түрі болып есептеледі.[2]

Дәстүрлі педагогикалық сабақтарды құмсалғышқа көшіру оқытудың стандартты түрлеріне қарағанда үлкен тәрбиелік және білім беру әсерін береді:

біріншіден, баланың жаңа нәрсені үйренуге, тәжірибе жасауға және өз бетінше жұмыс істеуге деген ұмтылысы айтарлықтай артады;

екіншіден, құмсалғышта "қолмен интеллект" негізі ретінде тактильді сезімталдық күшті дамиды;

үшіншіден, құм ойындарында барлық танымдық функциялар, сондай-ақ сөйлеу моторикасы үйлесімді және қарқынды дамиды;

төртіншіден, пәндік-ойын қызметі жетілдірілуде, бұл болашақта баланың сюжеттік-рөлдік ойыны мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді;

Балаларға арналған ойын дамытатын психологиялық тренинг-бұл балалар психологиясының барлық мәселелерімен жұмыс істеудің тиімді әдісі. Ол келесі элементтерді қамтиды:

- рөлдік ойындар;
- психогимнастика;
- саусақ ойындары;
- арт-терапиялық жаттығулар;
- релаксация.

Рөлдік ойын-бұл біреудің ойыны, яғни ересектердің немесе қандай да бір оқиғаның кейіпкерлерінің нақты немесе ойдан шығарылған әрекеттері мен қарым-қатынастарын қайталау. Мұндай ойын құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас жасауды, топпен байланыс орнатуды және т. б. үйренуге мүмкіндік береді.

Саусақ ойындары шиеленісті жеңілдетеді, саусақ бұлшықеттерін күшейтеді және ұсақ моториканы дамытады.

Арт-терапиялық жаттығулар шығармашылық энергияның шығуы, талант және іскерлікке шығармашылық көзқарас дамиды.

Релаксация баланың демалуды, белсенді әрекеттерден, ашық ойындардан кейін тынышталуды үйренуі үшін қажет.

Психогимнастика эмоцияларды бақылауға және ажыратуға мүмкіндік береді, баланы кедергісіз болуға үйретеді, актерлік қабілеттерін дамытады, басқа адамның жағдайын сезінуге көмектеседі.[3]

Кез-келген ойында ережелердің екі түрі бар-әрекет ережелері және серіктестермен қарым-қатынас ережелері. Әрекет ережелері заттармен әрекет ету тәсілдерін, кеңістіктегі қозғалыстардың жалпы сипатын (қарқын, реттілік және т.б.) анықтайды. Қарым-қатынас ережелері ойынға қатысушылардың қарым-қатынасының сипатына әсер етеді (ең тартымды рөлдерді орындау кезегі, балалардың іс-әрекеттерінің реттілігі, олардың келісімділігі және т.б.). Ереженің бұл екі түрі қарапайым, балаға қол жетімді формада, ересектердің ерік-жігері мен ерік-жігерінсіз кішкентайларды ұйымшылдыққа және жауапкершілікке үйретеді. Осылайша, қазіргі уақытта балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыстың дәстүрлі әдістері мен формалары белсенді дамып келеді және инновациялық әдістер мен формаларды дамытуға көп көңіл бөлінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ермолаева М.В., Миланович Л.Г. Методы работы психолога с детьми дошкольного возраста. – М.: Институт практической психологии, 1996. – 124 с
2. Савельева Н. Настольная книга педагога-психолога детского образовательного учреждения. – Ростов н/Д: Феникс, 2004. – 576 с.
3. Семаго Н.Я., Семаго М.М. Проблемные дети: основы диагностической и коррекционной работы психолога. – М.: АРКТИ, 2000. – 208 с.

ӘОЖ 332.14

STEM – ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТРЕНДІ

Д.К. Семирханова, А.С. Қожабай

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі уақытта әлемде ақпараттың қарқынды дамуы, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер – біздің өміріміздің барлық салаларын дамытуда. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгерістер үстінде. Ғылым, математика, технологиялар, өнер және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек. Оларды STEM деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. Мақалада биология сабақтарында STEM технологиясын қолдану жайлы жазылған

Түйін сөздер: STEM, STEAM технологиясы, оқыту технологиясы, инновациялық тәсілдер, функционалдық сауаттылық.

Заманауи цифрлық технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық салаларын цифрландырудың жылдам қарқынмен өтуіне байланысты «STEM» білім беру маңызды және өзекті мәселе болып табылады.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде әлеуметтік ұтқырлық, дүниежүзілік жаһандану, экономикалық, саяси және мәдени интеграцияның қазіргі заманғы жағдайларында жаңашыл қызметке бағдарланған жаңа буын мамандарын даярлаудың неғұрлым перспективалы заманауи тәсілдерінің ішінде ХХІ ғасырдың педагогикалық инновациялары ретінде танылған STEM - және STEAM - білім беру тұжырымдамалары танылды.

Жаңа заманның талаптарына сай тәжірибелі маман болу мамандармен қатар, жасанды интеллектпен де бәсекеге қабілетті болу қабілетін болжайды. Бұл жұмыс күшінің шығармашылық дайындығын талап етеді, атап айтқандай, нақты мәселелерді инновациялық шешуге дайын адамдар, өмір бойы өз қабілеттерін дамытып, жаңа талаптарға, критерийлерге, бағалауға тез және икемді бейімделе алатындар.

«Оқыту технологиясы» ұғымы бір пән немесе оқу қызметінің жекелеген түрлері шеңберінде оқытудың белгілі бір мазмұнын іске асырудың әдістері мен құралдарының жиынтығы ретінде анықталады (Шалашова, 2017). Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «оқытудың инновациялық технологиялары» педагогикалық іс-әрекеттің мақсатын анықтаудан күтілетін нәтижелерге дейінгі тұтас білім беру процесін қамтитын педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік, инновациялық тәсілдері мен педагогикалық іс-әрекеттің практикасына мақсатты, жүйелі және дәйекті енгізуді түсінетін боламыз.

STEM-білім берудің өзектілігі қазірдің өзінде дәлелденгеніне қарамастан, болашақ еңбек нарығы мен инновациялық салаларды жұмыс күшімен қамтамасыз ету мәселесі әлі де шешілмеген.

Ақпараттандырудың қазіргі қарқыны, білім беру жүйесін кеңінен цифрландыру және оның парадигмасын өзгерту оқыту тәсілдерінің өздеріне тән өзгерістерге әкеледі. Қалыптасқан сын-қатерлер мен қажеттіліктерді шешудің бір тәсілі STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру технологиясы болып табылады, ол белгілі бір проблеманы немесе құбылысты зерттеуге кешенді тәсілге негізделген оқушыларды оқытудың жаңа тәсілдері болып табылады. [1]

"STEM" аббревиатурасын алғаш рет американдық бактериолог Р.Колвэлл 1990 жылдары ұсынған, бірақ 2011 жылдан бастап белсенді түрде қолданыла бастады және онымен байланысты биолог Джудит А. Рамалидің есімімен АҚШ жаратылыстану ғылымдары институтының жетекшісі, жаңа білім беру бағдарламаларын дамытуға жауапты болды.



STEM-бұл аббревиатураның ағылшын тілінен бейімделуі (S – science, T – technology, E – engineering, M – mathematics). Сондай-ақ, STEM-дің басқа бағыттары бар, олар тізімделген барлық бағыттардан басқа A (Art) өнер - (STEAM), R (Reading + writing) оқу және жазу – (STREAM). STREAM технологиясы ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөледі, оқу және жазу дағдыларын дамыту арқылы әрекет ету. [2]

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

STEM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

STEM-білім беру артықшылықтары- сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

STEM-білім берудің кілттік мақсаты – оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету.

Күтілетін нәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділік. STEM-білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

Биологиялық білім мектеп түлектерінің табиғи ортадағы экологиялық сауатты іс-әрекетке дайындығын, олардың денсаулығын сақтаудың маңыздылығын түсінуді қамтамасыз етеді; белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс; техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту; балаларды кейінгі технологиялық инновацияларға дайындау; тұлғаның шығармашылығын дамыту және оның интеллектуалдық деңгейін арттыру.

STEAM-білім беру нәтижесінде студенттерде болашақ дағдыларды (4К) қалыптастыруға жағдай жасалады: қарым-қатынас және ынтымақтастық қабілеті; сыни ойлау және шығармашылық қабілеті бар. Бұл дағдыларды тек пәндік зертханаларда немесе белгілі бір математикалық алгоритмдерді білу арқылы алуға болмайды. Бізге әртүрлі негізде құрылған білімнің кең пәнаралық интеграциясы қажет.[2]

Бүкіл әлем бойынша STEAM-жаратылыстану-ғылыми циклінің пәндеріне: технологияға, инженерияға, тұлғаның көркемдік дамуымен математикаға мектепке дейінгі тәрбие және оқыту кезеңінде баса назар аударады. Бұл мектепке дейінгі білімнің адамның жалпы дамуындағы бірегей әрі құнды кезең екендігіне байланысты. Дәл осы кезеңде баланың қарқынды дамуы орыналады: танымдық, тілдік, физикалық, көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік-коммуникативтік; ойлаудың, жадының, зейіннің және қиялдың психикалық қызметтері дамиды; танымдық әрекеттері қалыптасады; қызығушылықтары, білуге құмарлығы және танымдық ынтықтасуда дамиды.

Ғылыми білім берудегі орталық орындардың бірін биология алады, ол бүгінде физика, химия және гуманитарлық ғылымдардың дәнекеріне айналып отыр. Биология тірі табиғат туралы жаратылыстану ғылымдарының білімін, оның ішінде адам ағзасы туралы білімді біріктіреді. Биология, медицина және экология саласындағы ғылыми зерттеулер қазіргі ғылымда басымдыққа айналуға, мұны ғылыми мақалаларға сілтеме жасау, қабылдау молекулалық биология, биотехнология және биомедицина саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытуға арналған мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар.

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсенді дамуы басталды. Бұны білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.[3]

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Доклад всемирного экономического форума. Интернет-ресурс. Режим доступа: <http://reports.weforum.org/global-risks-2019/chapterone/>
2. Авдеева Т.И. Сборник научных статей по итогам работы Международного научного форума «Наука и инновации-современные концепции» (г. Москва, 17 мая 2019 г.). Том 1 / отв. ред. Д.Р. Хисматуллин. – Москва: Издательство Инфинити, 2019. – 128 с.
3. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» // «Білімді ел — Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДЕ ИЗОТЕРАПИЯ (СУРЕТ ТЕРАПИЯСЫ) ӘДІСІНІҢ ӘСЕРІ

А.К. Серикбаева, С.К.Адиетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

А.М.Горький атындағы мектеп-лицейі
Форт-Шевченко, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде адам өмірінде көптеген сфераларда арт-терапия мен сурет терапиясы әдістері үлкен рөлге ие. Осы мақала оқушының психологиялық саулығына сурет терапиясының оң әсерінің тиімділігін зерттеуді қарастыруға арналады. Менің тақырыбымның өзектілігі оқырмандар үшін пайдалы және қызықты болуына және оқушылардың сурет терапиясына қатысуға қызығушылығына негізделеді. Бұл мақалада оқушылардың қатысқан зерттеуінен үзінділер келтіремін.

Түйін сөздер: арт-терапия, изотерапия, психология, қолдау.

Егер оқушы сурет терапиясының негативті эмоцияны позитивті эмоцияға айналдыра отырып, жасөспірімнің жүйке жүйесіне оң әсерін тигізетінін, сондай-ақ организмнің сауығуын қалыптастыратынын білетін болса, онда ол өзі және денсаулығы үшін сурет терапиясын қолдануды әдетке айналдырады.

Зерттеудің мақсаты: сурет терапиясы туралы жаңа білімдер алу және оның балалардың эмоционалды сферасына тигізетін оң әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері – бақылау, салыстыру, талдау, анықтау.

Мектеп қабырғасында оқып жүріп, оқушылар өздерінің ішкі қысымын (напряжение) жиі басынан өткізеді, сондай-ақ өздерін шаршаңқы және ашулы сезінеді. Бұған сабақ кезінде ұзақ уақыт тырысып отыруы, шектеулі кеңістіктің болуы, тәртіпті талап ету, баға алуға ұмтылу, емтиханға дайындықпен байланысты жүктеменің артуы сияқты жағдайлар себеп болады. Кез келген ішкі қысым шығармашылық жетілуді тоқтатады. Шығармашылықпен байланысты сабақтар, шығармашылық энергияның туындауына көмектеседі.

Арт-терапия адамға өзінің ішкі әлемін ашуға мүмкіндік береді және шығармашылық тікелей адамға ішкі қысымнан арылуға, босаңсуға көмектеседі.

Арт-терапия – бұл өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапиялық және психологиялық түзету түрі. Арт-терапия деп психоэмоционалды жағдайға әсер ету мақсатындағы визуалды шығармашылықты терапияны атайды. Арт-терапия терминін алғаш енгізген британдық суретші Адриан Хилл 1938 ж. туберкулез санаториясында арттерапияны аурулармен қолданып, оң нәтижеге жеткен.

Арттерапияның мақсаты: баланы сурет салуға үйрету емес, сурет салу арқылы баладағы тұншыққан, жағымсыз эмоциялармен байланысты мәселелерді шешуде көмек беру, шығармашылық энергиясының шығуына мүмкіндік беру. Арт-терапиялық жұмыс көбінесе оқушының оң эмоциясын туындатады, бейімделу мен ынтықсыздықта қиындықтарды жеңуге көмектеседі, белсенді өмір позициясын қалыптастырады.

Арт-терапиялық сабақтар кезінде бала өзін байсалды, қолайлы сезіне бастайды. Агрессия мен мазасыздық артта қалады, бала өз іс-қимылынан ләззат алады. Табыстылық үшін қажетті құрамдас бөлік – педагог-психолог тарапынан толық түсіністік пен қолдау. Табысқа қол жеткізу үшін, мынадай жағдайлар жасалуы тиіс: барлық нәрсе тек өз еркімен ғана және мәжбүрлеусіз жасалуы тиіс; жұмыстың жағымды тұстарын таба білу, өз проблемасын шешуге ұмтылған баланы көтермелеу, мақтау маңызды; жетекші-көмекші әрдайым мейірімді болуы, ешқашан дауыс көтермеуі және ұрыспауы тиіс; көмекші тек

жұмысты қадағалап қана қоймайды, сонымен қатар болып жатқан жағдайға өз қарым-қатынасын да білдіреді, көңіл күйін көрсетіп, негізгі тұстарын түсіндіреді.

Балалармен жұмыс істеуде арт-терапияны қолдануды, заңды түрде басқа психологиялық және әлеуметтік жұмыстармен қатар денсаулық сақтаушы инновациялық технология ретінде ұсынуға болады. Арт-терапия түрлері: бейнетерапия; музыкатерапия; ертегітерапия; құм терапиясы; қуыршақ терапиясы; би-қозғалыс терапиясы; мандала терапиясы.

Балалармен жұмыс жасауда сурет терапия әдісін қолданудың тиімділігі мен артықшылығы келесілерге көз жеткізеді: процестің барлық мүшелері арасында тығыз психологиялық байланыс орнатылады, қатынастар еркіндігі пайда болады; баланың маңыздылығы сезіледі, өзін-өзі бағалауы жоғарылайды; ұжымшылдыққа тәрбиелейді; әр баланың өзіндік жұмысын белсендірудің жоғары дәрежесі бар (тіпті жасқаншақтары да жұмысқа кіреді); сыныпта әр балаға жеке тәсіл қолданылады; топтарда жайлы психологиялық климат құрылады: қайырымдылық, ашықтық, барлығының пікірлері тыңдалады; шығармашылық ынталандырылады, мәселені бірнеше тұрғыдан қарастыру; біреудің көзқарасын тыңдау және қабылдау қабілеті қалыптасады; өз көзқарасын білдіру мүмкіндігі; сөйлеу және коммуникативті дағдылардың дамуы және өз ойларын анық және саналы түрде білдіру қабілеттері дарытылады; мазасыздық сезімі төмендейді, зейін деңгейі артады, шамадан тыс агрессивтілік жойылады. Шын мәнінде бұл даму деңгейі аралас топтардағы қабілеттері әртүрлі балалармен жұмыс істеудің тамаша әдісі болып табылады, өйткені ол әр баланың өз деңгейінде әрекет етуіне, оның солай қабылдануына мүмкіндік береді. Әсіресе балалар жас ерекшеліктеріне байланысты эмоциясын білдіре алмайды, басынан өткен оқиғаларды айтпайды. Сурет салу кезінде балада жол таппаған, тұншығып қалған, шықпаған эмоциялар шыға бастайды.

Сурет терапиясының негізгі мақсаттары:

Бала (ересек) ішкі сезімдері мен ойларын ажырата бастайды;

адам қорқыныштан немесе реніштен айта алмайтын ойын айтады;

изотерапия барысында психолог баланың қай аймақта қиналғанын анықтап, соған сәйкес түзету жұмыстарын жүргізеді;

изотерапия барысында адам жағдайды басқара бастайды, проблемалар мен бойындағы ауыртпалықтан арылады;

адамдар арасындағы қарым-қатынас қалпына келеді, сабақ барысында шиеленіс басылады, бала (ересек) өзін түсінеді және қабылдайды.

Балалардың шешілетін мәселелері

Сурет терапиясы психологиялық түзету әдісі ретінде баланың ішкі жанжалын шешуге мүмкіндік береді. Ойлар мен сезімдерді шығару, психологиялық мәселелерді шешу:

бала өз ойын жеткізуге, оны не мазалайтыны туралы айтуға үйренеді;

сурет арқылы балалар ересектерге жиі айтылмайтын армандар мен тілектерді анықтайды;

ішкі дүниесін білу, мәселені анықтау;

өзін-өзі қабылдау, қиындықтарды шешу жолдарын іздеу;

стрессті, психологиялық стрессті жеңілдету;

жеке оқыту бағдарламасымен балалардың дамуын түзету.

Тәжірибелік кезеңде жүргізілетін жұмыстың тиімділігін бақылай отырып, оқушылардың эмоционалды күйін анықтау мақсатында «САН» (өзіндік сезіну, белсенділік, көңіл-күй) сауалнамасы оқушыларға жүргізілді. Жобаға 11-сыныптан 37 оқушы қатысты. Сауалнама кезінде оқушылардың оң және теріс күйлері бағаланды. Оқушылардың өзіндік сезінуі, белсенділіктері, көңіл-күйлері бөлек бағаланды.

Диагностикалық зерттеулер жүргізгеннен кейін жобаның тәжірибелік кезеңі жалғасты. Оның міндеті: тәжірибе жүзінде арт-терапиялық жаттығулар мен техника-

тәсілдерді, соның ішінде сурет терапиясын қолдану. Бұл үшін оқушылармен жүргізуге қолжетімді, қолайлы сурет терапиясы жаттығулары таңдалып дайындалды.

Сабақтар жыл ішінде сабақ уақытында өткізілді. Сабақтар оқушылар оқитын сыныптарда және жоспарға сәйкес, эмоционалды оң әсер ететін тапсырмалар жүргізілді. Балалар белсенді түрде жобаға қатысты. Басқа сыныптың оқушыларына, мұғалімдерге сурет салу арқылы балалардың бойындағы қысымдардан арылуы қызықты болды. Зерттеу жұмысының міндеті - балаларға сурет салуды үйрету емес, оларға сурет салу арқылы босануды үйрету болды. Оқушыларға жеке, топтық және ұжымдық тапсырмалар берілді.

Олай болса, балалар тек қана эмоционалды қысымнан арылуды үйренген жоқ, сонымен бірге ұжымдасу сезімін, коммуникативті дағдыларын дамытты. Сабақ барысында тапсырманы орындау әрекетін өзара бөле отырып, ортақ тіл табысты. Сабақ соңында балалармен рефлексия өтті, яғни сабақтан алған әсерлері туралы өз ойларымен бөлісті.

Тәжірибелік ұжымдық жұмыстан кейін оқушылар САН (өзіндік сезіну, белсенділік, көңіл-күй) сауалнамасын қайтадан толтырды. Және сурет терапиясы оқушыларға ұнаған-ұнамағанын анықтау мақсатында анкета өткізілді.

Қорытынды САН (өзіндік сезіну, белсенділік, көңіл-күй) сауалнамасының қорытындысы жасалғаннан кейін бастапқы және қайталау диагностикаларының нәтижелерін салыстырылды.

1-кесте

Бастапқы диагностика

Оқушылардың психологиялық жағдайы

	Оқушылардың оң эмоционалды күйі	Оқушылардың теріс эмоционалды күйі
Самочувствие –өзін сезіну	8 (36%) оқушы	5 (33%) оқушы
Активность - белсенділік	7 (32%) оқушы	6 (40%) оқушы
Настроение – көңіл-күй	7 (32%) оқушы	4 (27%) оқушы
барлығы	22 (59%) оқушы	15 (41%) оқушы
қорытынды	37 (100%) оқушы	

2-кесте

Қорытынды диагностика

Оқушылардың психологиялық жағдайы

	Оқушылардың оң эмоционалды күйі	Оқушылардың теріс эмоционалды күйі
Самочувствие –өзін сезіну	12 (35%) оқушы	1 (33,3%) оқушы
Активность - белсенділік	12 (35%) оқушы	1 (33,3%) оқушы
Настроение – көңіл-күй	10 (30%) оқушы	1 (33,3%) оқушы
барлығы	34 (92%) оқушы	3 (8%) оқушы
қорытынды	37 (100%) оқушы	

Бастапқы диагностикада оқушылардың 59%-ында (22 балада) оң эмоционалды жағдай, 41%-ында (15 балада) теріс жағдай анықталған болса, қорытынды диагностикада 34 бала (92%) оң эмоционалды жағдайда, ал 3 бала (8%) теріс эмоционалды жағдайда екені анықталды.

Сурет салу ерекше көңіл күй сыйлайтын, қолжетімді шығармашылық түрі болып табылады, өйткені, кез келген нәрсемен сурет сала беруге болады: қарындаштармен, бояулармен, бормен, көмірмен, құмға таяқшамен, буланып тұрған әйнекке саусақпен де сурет сала беруге болады.

Көпшілігі адамның психологиялық жағдайына сурет салудың ешқандай әсері жоқ, бұл гимнастика, жүзу немесе баскетбол емес қой деп ойлайды. Бірақ бұл олай емес. Осы эксперименталды жұмыс сурет салу терапиясының балалардың эмоционалды сферасына оң әсерін тигізгендігін дәлелдейді. Оң динамика аралық нәтижелерде байқалады. Гипотеза дәлелденді, мақсатпен міндеттер жүзеге асырылды.

Эксперименттің қатысушылары сабаққа керемет көңіл күймен қатысты және өз іс-әрекетімен басқа оқушылардың назарын аударды. Сондай-ақ олар зерттеу жұмыстарына, бөлінген кезеңдерге, сабақтарға арналған уақыттарды сенімді қолдана білді.

Әрбір сабақтарда оқушылар күннен күнге белсенділік танытып қатысуы арта түскенін айтып өтуге болады. Бұл жұптық және ұжымдық жұмыстарда айрықша байқалды. Топтық жұмыстарда балалар арасында қарсы пікірлер де орын алды. Бірақ процес кезінде балалар ортақ тіл тауып, талқылауда нәтижелерін керемет көңіл-күймен ұсынды.

Қорытынды анкетаға сәйкес, оқушылар алдағы уақытта сурет терапиясы сабақтарына қатысуды қалайтындары анықталды. Алдағы уақытта аталған сабақтарды өткізу жоспарланады және жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бурно Е.М. Терапия творческим самовыражением. М.: Медицина, 2008
2. Вальдес-Одрисола М.С. Арттерапия в работе с подростками. Психотерапевтические виды художественной деятельности: метод. пособие. М.: - Гуманитар. Изд. центр ВЛАДОС, 2007.
3. Афанасьева О. Арттерапия средствами изобразительного искусства // Воспитание школьников. - 2007. - № 3.
4. Копытин А.И. Основы арт-терапии. СПб.: Лань, - 2009.
5. <http://psytheater.com/tehnika-izoterapii.html> Упражнения и приёмы изотерапии.
6. <http://pandia.ru/text/80/466/41847.php> Арт-терапия как средство сохранения и укрепления психологического здоровья
7. <http://www.vashpsixolog.ru> Изотерапия

ӘОЖ 159.9

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

С.Е.Манабаева, А.Б.Сикимбаева, Д.Б.Ешенкулова

«Мирас» университеті

Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы қызметтік білім беру тұжырымдамасы оқытуды ізгілендіруді, яғни бірлескен-бөлінген қызмет негізінде білім беру ортасын ұйымдастыруды көздейтін оқу-тәрбие процесінде мұғалім мен оқушылардың ролін түбегейлі қайта қарауды міндетке қояды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті қабілеттерін дамыту мәселесі зерттеудің ерекше пәні болып табылады, қарым-қатынастың психологиялық теориясы, педагогика және балалардың тиімді даму проблемасына қоғамның назары едәуір артқан жағдайда мектеп пәндерін оқыту әдістері, басымдықтар білім парадигмасынан дамуға ауысады.

Түйін сөздер: қызметтік білім беру, тұлғааралық қарым-қатынас, дағдылар

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының басты міндеті-білім берудің жаңа, заманауи сапасына, оның жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкестігіне қол жеткізу. Оқушының жеке басы, оның

даралығы-бұл білім беру процесінің барлық басқа буындары жобаланатын басты құндылық. Қарым-қатынас проблемалары бұрыннан көтерілген. Бүгінгі таңда бұл мәселе бұрынғыдан да өзекті, өйткені Қазақстан көптілділік ортада дамып келеді.

Коммуникациялық қызмет әлеуметтік мотивтер мен мақсаттарға негізделген және оның мазмұны мінез-құлық міндеттерін шешу болып табылады. Басқалармен қарым-қатынастан тыс адамның интеллектуалды қызметі жүзеге асырылмайды. Осыдан жас ұрпақты толық қарым-қатынас жасауға үйретудің шұғыл қажеттілігі туындайды. Коммуникативті қабілеттер-бұл қарым-қатынас саласында көрінетін және әр түрлі қызмет салаларында адамның жетістігіне ықпал ететін қабілеттердің бір түрі, бұл оның басқа адамдармен қарым-қатынасқа қатысуын немесе оның ынтымақтастыққа, бірлескен іс-әрекетке, сол арқылы адам қауымдастығына кіруін анықтайтын немесе қамтамасыз ететін тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жүйесі.

Қазіргі мектептегі жағдай оқушылардан жаңа материалды зерттеу барысында іскерлік қарым-қатынасты, ынтымақтастықты, мұғалімдермен және сыныптастарымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру сияқты күрделі коммуникативті мәселелерді белсенді шешуді талап етеді. Бастауыш жалпы білім беру сатысындағы стандарттың талаптарының бірі - әртүрлі әлеуметтік жағдайларда ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық дағдыларын дамыту, басқа адамдардың ұстанымын ескеру, жанжал туғызбау және даулы жағдайлардан шығу жолдарын табу, тыңдау және диалогқа түсу.

Бастауыш мектеп жасында тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары жеткіліксіз дамығандықтан, баланың өзін-өзі ұстай алатын, өзін жалғыз сезінетін немесе құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатудың сәтсіз тәсілдерін қолданатын көптеген қиындықтар туындайды. Біртіндеп мұғалімдерге, ата-аналарға, құрдастарына қатысты коммуникативті қиындықтар туындайды, олар кейіннен балада агрессивтілік, негативизм, мойынсұнбау, өзіне деген сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі түрінде көрінеді.

Бұл баланың психикалық жағдайына, оның танымдық қызығушылығына, оқу үлгеріміне, айналасындағы адамдармен байланысқа деген ұмтылысына оң әсер ететін сынып ұжымындағы және мектеп қабырғасынан тыс жағымды тұлғааралық қатынастар. Балалардағы қарым-қатынасты көбінесе мұғалім оқу процесін ұйымдастыру арқылы анықтайды. Оқу қызметі ортақ мақсаттары мен мүдделері бар ұжымды құруға және біріктіруге ықпал етеді. Оқушыны ұжымдық қатынастар жүйесіне қосу процесі күрделі және аралас. Бастауыш сынып оқушылары бір-бірінен қызығушылықтарымен, көзқарастарымен, дағдыларымен және дағдыларымен ерекшеленеді.

Бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты баланың қоғамға бейімделуі үшін коммуникативті қабілеттерді қалыптастыру қажет деп болжайды.

Коммуникативті қабілеттер Л.А. Петровская, Г.М. Андреева және басқалардың көптеген зерттеулерінде қарастырылды. Оқу пәніне байланысты коммуникативті қабілеттер ұғымын түсіндіру өзгереді. Көбінесе бұл тұжырымдама қарым-қатынас, тікелей және жанама тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді.

А.В. Евфимовскаяның пікірінше, қарым-қатынас - бұл әр түрлі байланыс жүйелері арасында ақпараттың барлық түрлерін, соның ішінде оны кодтау және шифрын ашу процесі [1].

И. Ю. Зимнякова қарым-қатынас адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ғана емес, сонымен бірге адамның техникамен, жануарлармен қарым-қатынасына да тән деп санайды. Сигналды тасымалдайтын ақпарат бір жүйеден екінші жүйеге беріледі [2].

О.В. Клубович бастауыш сынып оқушысы үшін тыңдау, өз ойларын айту, жанжал жағдайында өзін ұстау сияқты тән коммуникативті қабілеттерді ажыратады. Егер бұл дағдылар төмен деңгейде болса немесе мүлдем қалыптаспаса, онда оларды қалыптастыру үшін оқушының жасына сәйкес келетін арнайы құралдар қажет [3].

Г.Ж. Микерова коммуникативті қабілеттердің бес негізгі блогын анықтайды [4]:

1) белгілі білімді, дағдыларды, қарым-қатынас тәсілдерін жаңа коммуникативтік жағдайға ауыстыра білу, бұл ретте оларды осы шарттарға сәйкес түрлендіру;

3) коммуникативтік проблеманың нақты міндетін шешу үшін жаңа тәсілдер мен тәсілдерді құра білу;

3) Әртүрлі жағдайларда жағдайдан шығу жолын таба білу;

4) топта сөйлесе білу.

О.В. Терлеқаяның пікірінше, коммуникативті қабілеттер - бұл баланың жеке басының жеке психологиялық қасиеттері, олар жеке дамуға, әлеуметтік бейімделуге, субъект-субъектілік қатынастар негізінде тәуелсіз белсенді іс-әрекетке жағдай жасайды. Қарым-қатынас дағдылары басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу процесінде көрінеді. Коммуникативті қабілеттердің қалыптасуы-бұл қоғамдағы жеке тұлғаны әлеуметтендіру тиімділігінің және оның белсенді Тәуелсіздігінің шарты [5].

Е.И.Туйбаеваның пікірінше, қарым-қатынас қабілеттері баланың мағыналы әрекеттерін, сондай-ақ қарым-қатынас мақсаттарына сәйкес мінез-құлқын дұрыс басқару қабілетін білдіреді [6].

О.М. Арефьева ақпаратпен адамдардың идеяларын, мүдделерін, көңіл-күйлері мен көзқарастарын ескере отырып, коммуникацияны тар мағынада ақпарат алмасу процесі ретінде қарастырады.

Демек, тар мағынада, байланыс арқылы әр түрлі ақпарат көзін екіншісіне беру қарастырылады. Кең мағынада «қарым-қатынас» ұғымы көбінесе «байланыс» ұғымымен немесе оның құрамдас бөліктерінің бірімен синоним болып табылады.

Бастауыш жалпы білім беру жүйесінде коммуникативті қабілеттер қалыптасады, олар құрдастарымен және мұғаліммен оқу ынтымақтастығын жоспарлауды, монологиялық және диалогтық сөйлеу формаларын қолдана отырып, ана тілінің нормаларына сәйкес сұрақтар қою және өз ойларын жеткілікті толықтығы мен дәлдігімен жеткізе білуді қамтиды.

Коммуникативті қабілеттер бірқатар дағдыларды қамтиды: сұрақ қою, жауап беру, идея ұсыну, мәселені талқылау, эмпатия қабілеті, түсініктеме беру және мәлімдемелерді бағалау, тиімді тыңдау қабілеті. Коммуникативті қабілеттердің құрылымы келесі элементтерді қамтиды [7]:

1. Когнитивті элемент, оның мәні бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынастың барлық түрлерін ұсынуы: тікелей және жанама, ауызша және жазбаша, сөйлеу және сөйлеу емес, ана және шет тілдерінде.

2. Аксиологиялық элементте мотивтер мен мақсаттар бар, олар: сұрау және ақпарат алмасу, презентация, сендіру және бас тарту, эмоционалды көрініс.

3. Интерактивті элемент әмбебап және объективті коммуникативті әрекеттерді білдіреді, сонымен қатар әртүрлі байланыс құралдары: монолог, диалог, мәлімдеме, хабарлама, Талқылау, сұрақ, дау, аргумент, бас тарту, телефонмен сөйлесу, жазу.

4. Эмпирикалық элемент рефлексияны қамтиды, содан кейін тәсілдерді түзету және қарым-қатынас процесінің жетістіктерін бағалау.

Бастауыш мектеп жасында коммуникативті оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру оқушының жеке басын дамыту үшін ең тиімді болып табылады, жасына байланысты, оқыту мен әлеуметтенуге сезімтал. Көптеген зерттеулерге сүйене отырып, мектептің төменгі сыныптарында балаларда коммуникативті қабілеттерді қалыптастыру міндетін қоятыны кездейсоқ емес, сонымен бірге жаппай оқытуды іс-әрекетке негізделген тәсілді қолдану арқылы жүргізу ұсынылады.

Коммуникативті қабілеттер коммуникативті дағдыларды қалыптастыру үшін негіз болып табылады, оның ішінде: мұғаліммен және оқушылармен оқу ынтымақтастығын жоспарлау; жанжалдарды шешу; серіктестің қарым-қатынас әрекеттерін бақылау, бағалау.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті қабілеттері-бұл бастауыш сынып оқушысының коммуникацияның міндеттері мен шарттарына сәйкес өз ойларын толық және дәл жеткізе білу қабілеті; ана тілінің грамматикалық және синтаксистік нормаларына сәйкес сөйлеудің монологиялық және диалогтық формаларын білу. Коммуникативті қабілеттерге серіктестің не білетінін түсінуге негізделген қарым-қатынас серіктесі үшін түсінікті

мәлімдемелер құру мүмкіндігі кіреді; серіктестен қажетті ақпаратты алу үшін серіктеске сұрақтар қою мүмкіндігі.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті қабілеттерін дамыту оқушылардың ынтымақтастығы, олардың жалпы қызметі процесінде белсенді түрде жүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Евфимовская, А. В. Развитие коммуникативных универсальных действий младших школьников в урочной деятельности [Текст] / А. В. Евфимовская // Молодой ученый. - 2017. - № 40. - С. 168-170.

2. Зимнякова, И. Ю. Формирование коммуникативных и регулятивных умений в процессе группового взаимодействия младших школьников [Текст] / И. Ю. Зимнякова // Наука и образование: новое время. 2015. - № 1 (6). - С. 114-115.

3. Коротаева, Е. В. Развитие отношений сотрудничества у учащихся начальной школы [Текст] / Е. В. Коротаева, О. В. Домрачева // Педагогическое образование в России. - 2013. - № 4. - С. 169-172.

4. Микерова, Г. Ж. Диагностика коммуникативных умений младших школьников [Текст] / Г. Ж. Микерова, О. Л. Брусенцова // Вестник кубанского государственного университета. - 2015. - № 8. - С. 49-51.

5. Терлецкая, О. В. Теоретические аспекты формирования коммуникативных умений у младших школьников [Текст] / О. В. Терлецкая // Евсевьевские чтения. Серия: педагогические науки. - 2017. - № 3. - С. 183-189.

6. Туйбаева, Е. И. Показатели оценки коммуникативных УУД взаимодействия младших школьников и их результативность [Текст] / Е. И. Туйбаева, О. Л. Брусенцова // Современные тенденции развития науки и технологий. - 2015. - № 1. - С. 116-117.

7. Агафонова, И. Н. Развитие коммуникативной компетентности учащихся [Текст] / И. Н. Агафонова // Управление начальной школой. - 2016. - № 2. - С. 12-17.

УДК 156.222

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПОНЯТИЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

А.Х. Даулбаева, Д.Б. Ахметова

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова
Актау, Казахстан

Аннотация. В научной статье рассматриваются и выявлены ключевые составляющие формирования компетентного подхода в связи с обновлением содержания начального образования. Компетентностный подход предполагает усвоение, овладение и использование отдельных друг от друга знаний и умений в комплексе.

Ключевые слова: компетенции, компетентностный подход, компетентный человек, начальная школа, математические понятия.

«Знание – сила. Информация освобождает.

Образование является предпосылкой прогресса
в каждом обществе, в каждой семье», – Кофи Аннан.

Изменения, происходящие в системе образования ориентируют его на общее развитие человека: на развитие творческой инициативы и самостоятельности обучаемых,

конкурентоспособности, мобильности будущих специалистов и др. Эти изменения нашли отражение в документах, обеспечивающих правовую базу образования [1]. В них обращается внимание на необходимость смены образовательной парадигмы: от получения готовых знаний к творческому поиску и интегративному оперированию полученными результатами, то есть развитию у учащихся ключевых компетенций, что связано с внедрением в процесс обучения компетентностного подхода.

В качестве внедрения инновационных изменений в процесс образования является включение понятий «компетентность», «компетенции», «компетентностный подход» как возможность обеспечения личностной готовности субъекта обучения эффективно мобилизовать внутренние и внешние ресурсы для решения постоянно возникающих проблем и задач в процессе профессиональной деятельности.

Современный этап развития образования нацелен, прежде всего, на формирование ключевых компетенций. Понятие «компетентность» до последнего времени употреблялось в сфере образования относительно среднего и старшего звена обучения. В Концепции развития образования Республики Казахстан на 2022-2026 годы отмечено то, что среди стран Содружества Независимых Государств в типовом учебном плане начальной школы Казахстана самая высокая максимальная нагрузка. К примеру, в России среднегодовое количество учебного времени составляет 2393 часа, а в Казахстане – 3664,5 часа [2]. В связи с этим в настоящее время нарастает необходимость использования элементов компетентностного подхода к образованию уже в начальной школе.

Впервые идея формирования ключевых компетенций в учебном процессе была выдвинута экспертами Совета Европы в 1996 году в «Европейском проекте» по вопросам образования. Эта идея нашла выражение в «Государственном образовательном стандарте основного общего образования» в следующих положениях:

- компетентность объединяет в себе интеллектуальную и навыковую составляющие образования;
- компетентность означает способность мобилизовать полученные знания, умения, опыт и способы поведения в условиях конкретной ситуации, конкретной деятельности;
- компетентность формируется в процессе обучения не только в школе, но и под воздействием окружающей среды, то есть в рамках формального и неформального образования.

В соответствии с этими положениями система образования должна быть нацелена на формирование ключевых компетенций. Компетенция может рассматриваться как ключевая, если она имеет следующие характерные признаки:

- обладает интегративной природой, то есть вбирает в себя ряд однородных или близкородственных умений и знаний;
- многофункциональна, то есть овладение ею позволяет решать различные проблемы в повседневной жизни;
- многомерна, то есть включает различные умственные процессы и интеллектуальные умения [3].

В работах исследователей по проблеме компетенций таких известных авторов, как Н. Хомский, Р. Уайт, Дж. Равен, А. В. Хуторский, С. Г. Альбекходжаева, М. М. Книсарова, В.И. Байденко, Н. А. Гришанова условно выделяются три этапа становления компетентностного подхода в образовании [4-6].

Первый этап (1960-1970 гг.) характеризуется введением в научный аппарат категории «компетенция», созданием предпосылок разграничения понятий «компетенция, компетентность».

Второй этап (1970-1990 гг.) характеризуется использованием категории «компетенция, компетентность» в теории и практике обучения языку, профессионализму в управлении, руководстве, менеджменте, в обучении общению, а также разрабатывается содержание понятие «социальные компетенции».

Ғылым бір орында тұрмайды, сонымен бірге қазіргі білім де өзгереді. Әрине, мектептерде олар оқыту моделінен әлдеқашан алыстап кетті, оқушы тек ақпаратты пассивті тыңдап, есте сақтаған кезде, қазір оны қолдана білу маңызды алынған білім, сонымен қатар жаңа шешімдер жасау, қолда бар деректерді сыни тұрғыдан қайта қарау және ғылым мен техниканың бұрын қолданылмаған мүмкіндіктерін ашу.

K-12STEM технологиялары практикалық дағдыларды дамытуға, мектеп түлектерінің оқу орындарында және одан әрі кәсіби қызметте шығармашылық идеяларды жүзеге асыруды жалғастыруға дайындығын қалыптастыруға бағытталған оқытуда үлкен мүмкіндіктерге ие. Сабақтарда студенттер қарапайым және қол жетімді инженерлік шешімдерге негізделген заманауи материалдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, өнімнің прототиптерін дербес жасайды.

Соңғы өнімді жасау үшін студенттер бұрыннан бар жабдықтың бөлшектерін пайдалана алады немесе пластиктен және картоннан модель жасай алады, бірақ кез келген жағдайда әртүрлі материалдарды біріктіру тәжірибесіне ие болады, заттардың қасиеттерін ескеруді үйренеді және оны мүмкіндігінше функционалды және тиімді ету үшін модельдің құрылымдық компоненттерін қалай жақсы біріктіру керектігін түсінеді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту- K-12STEM оқытудың тағы бір мүмкіндігі. Сыни тұрғыдан ойлау қазіргі жағдайға тәуелсіз бейтарап көзқарасты, белгілі фактілерге күмән келтіре білуді, өз шешімдерін құру үшін қолда бар деректерді тәуелсіз талдауды қамтиды, бұл жалпы ғылымның қозғалтқыштарының бірі, ал қазіргі ғылымда бар шындыққа жаңаша көзқараспен қараудың және жаратылыстану ғылымдары саласындағы жаңалықтарға жақындаудың көптеген перспективалары бар. Сыни тұрғыдан ойлайтын жасөспірім ақпараттық кеңістікпен тиімді қарым-қатынас жасай алады, кез-келген ақпаратта қайшылықтарды бағалай алады және таба алады [1]. Бұл қабілет әсіресе балалардың ойлау

қабілетінде шектеулер жоқ, мұнда фантастикалық идеялар денсаулық сақтау мәселелерін шешудің, болашақта тұрақты экожүйе құрудың немесе басқа инновациялардың кілті бола алады.

Мұнда STEM бағдарламаларының тағы бір перспективасын атап өту керек - бұл проблемалық оқытуды қолдану. Бұл тәсіл жаратылыстану ғылымдарын оқытуда жақсы нәтиже көрсетті және STEM тәсілдерін жүзеге асыруда проблемалық жағдайларды шешу, дұрыс жауаптарды табу, жоспарланған шешімге кедергілерді жеңу ең жақсы жолмен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұнда оқушылардың ақыл-ой белсенділігінің, зерттеу белсенділігінің және тәуелсіздігінің ерекше стилін қалыптастыру маңызды сәт болып табылады [2]. Мысалы, экологиялық достық үйдің құрылған моделінде табиғи жарықтандыруды бақылау жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін, бұл мәселені шешу үшін мәселенің себебін табу, оны шешу кезеңдерінің реттілігін әзірлеу, оны шешу үшін математика, физика, табиғи материалдардың сипаттамалары туралы білімді пайдалану қажет.

STEM бағдарламаларын іске асыруда ақпараттық технологияларды қолдану перспективасын да асыра бағалау мүмкін емес. Бүгінгі таңда медицина, құрылыс, химия, физика, биотехнология және басқа да ғылым салаларында ақпараттық технологияларды белсенді қолданатын оқу орындарының түлектері сұранысқа ие болып келеді.

K-12 STEM сабақтарында оқушылар жұмысының ажырамас бөлігі есептеулерді жобалау үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдалану болып табылады және көптеген жобаларда материалдық модельді жасамас бұрын оның электронды прототипі жасалады. Бүгінгі таңда әрбір орта буын оқушысына қолжетімді тиісті бағдарламалық құралды пайдалана отырып, соңғы өнімнің техникалық қасиеттері мен тиімділігін электрондық прототипте сынауға болады.

Мысалы, тығыздығы, температурасы, қысымы және кинетикалық заңдылықтары сияқты су ортасы туралы деректерді пайдалана отырып, терең теңіздегі зерттеу станциясының сипаттамаларының нақты жағдайларына сәйкестігін тексеруге болады.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде мектептерде STEM білім беру мүмкіндіктерін қолдау бағдарламалары іске қосылды. Канадада, Америкада, Еуропа елдерінде жаратылыстану пәндерін интеграциялау қажеттілігі мектептер бағдарламасына физика, химия, биология және информатика сияқты бірнеше пәндерді біріктіретін "science" пәнін енгізу арқылы шешіледі[3].

Осы пәндерді біріктіру үшін арнайы пән жоқ мектептерде STEM оқытуды қолдану мүмкіндіктері қандай? Әрине, интеграцияланған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қосымша білім алуға болады, мысалы, дизайн және робототехника, биотехнология немесе нанотехнология бойынша элективтер, сондай-ақ әртүрлі бағыттағы үйірмелер мен секциялар.

Бірақ жалпы білім беру стандарттары аясында STEM оқытуды жүзеге асыру үшін жаратылыстану циклі пәндерін біріктіруге болады.

Біріншіден, екі немесе одан да көп пәндердің интеграцияланған сабақтарын өткізу мүмкіндігі бар, мысалы, химия, биология және физика тұрғысынан судың қасиеттерін зерттеу сабағы, осы пәндердің мұғалімдері жоспарлаған және оқушылардың құрамы, молекулалардағы химиялық байланыстар туралы білімдерін талап ететін тапсырмаларды қамтиды. Графикалық редакторларды қолдана отырып, адам қаңқасының құрылымын зерттеуге арналған интеграцияланған биология және информатика сабағының тағы бір мысалы немесе жарық пен фотосинтез процесінің қасиеттерін зерттеудегі физика мен биологияның интеграциясы.

Екіншіден, STEM бағдарламаларын жүзеге асыру бірнеше пән бойынша білімді қолдана отырып, оқушылардың жобаларын құру және бірнеше пән мұғалімдерінің кеңестері арқылы мүмкін болады, мысалы, оқушыларға математика, физика және информатика туралы білім қажет болатын бейнені жазуға арналған ұшқышсыз ұшу аппаратының моделін құру.

Үшіншіден, әдетте екі-үш апта ішінде өтетін жазғы мектептер үшін үлкен әлеует бар. Мұнда студенттердің белгілі бір уақытты және бірнеше пәндердің дағдыларын қажет ететін ғылыми білімді практикада қолдану бойынша тапсырмаларды орындауы мүмкін. Мысалы, бұршақ өскінін немесе сабағының бірнеше қисықтары бар белгілі бір биіктіктегі басқа қарапайым өсімдікті өсіру міндеті.

Сонымен қатар, студенттер топырақтың құрамын есептеп, анықтап, суару режимін жоспарлауы керек, иілу қажет болатын өсімдік сабағындағы қашықтықты есептеу қажет болған кезде, ересектер кәсіби қызметте кездесетін топтық жұмыс тәжірибесін алуда, зерттеу әлеуеті мен сыни ойлау дағдыларын дамытуда интеграцияланған оқытуды ұйымдастырудың бұл түрі.

Инженерлік шешім зауыттың қисық сызықтарын құрайтын жағдайларды жобалау және жасау үшін техникалық әлеуетті пайдаланады. Әр оқушының шығармашылық ойлау бағыты мен белсенділік қарқынын таңдау мүмкіндігі болған кезде оның жеке қабілеттері де ескеріледі.

Әрине, STEM оқытуды жүзеге асыру жолдары бұл мүмкіндіктермен шектелмейді, олардың перспективалары сипатталғандарға қарағанда әлдеқайда кең, және бүгінгі таңда әрбір мұғалім, оның шеберлігі мен жеке қызығушылығы қоғамның қазірдің өзінде инновациялық технологияларды кеңінен енгізуге қаншалықты дайын болатынына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Linking K-12 STEM Pedagogy to Local Contexts: A Scoping Review of Benefits and Limitations. Kathryn Holmes, Erin Mackenzie, Front. Educ., 11 August 2021

2. An Analysis of Cultural Influences on STEM Schools: Similarities and Differences Across K-12 Contexts. Kristin Lesseig, Jonah Firestone, David Slavitt, Tamara Holmlund 2018

3. Developing Workforce Skills in K-12 Classrooms: How Teacher Externships Increase Awareness of the Critical Role of Effective Communication Bradley Bowen, Teresa Shume 2020-06-02

ӘОЖ 574

ОРТА МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

М.С. Бекешова, А.А. Иманбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі мектеп оқушыларында белгілі бір білім жиынтығын қалыптастырып қана қоймай, олардың өзін-өзі тәрбиелеуге, өз қабілеттерін жүзеге асыруға деген ұмтылысын оятуы керек.

Түйін сөздер: CLIL әдісі, мектеп, шет тілі,

Бұл процестерді дамытудың қажетті шарты оқушылардың оқу-танымдық қызметін жандандыру ғана емес, сонымен қатар көпмәдениетті тұлғаны дамыту болып табылады.

Орта мектеп оқушыларға бірнеше шет тілдерін үйренуге жағдай жасап, ынталандыруы керек.

Шет тілін үйрену көпмәдениетті білім берудің негізі болып табылады. Қоғамдағы білім беру жүйесіне және оның жағдайына көп нәрсе байланысты екенін бәрі біледі, іс

жүзінде бұл болашақ қоғамның негізі, ал қоғамда және оның қарым-қатынас жүйесінде маңызды, егер орталық болмаса, тілдің ролін атап өту маңызды.

Мектеп білім беру мекемесі ретінде өз кезегінде шет тілін сәтті үйренуге жағдай жасауға және дамытуға қабілетті.

CLIL аббревиатурасы content and Language Integrated Learning — шет тілін және басқа оқу пәндерін оқытуды біріктіру дегенді білдіреді.

Бұл терминді алғаш рет 1994 жылы Дэвид Марш (Дэвид Марш, Дживаскила университеті, Финляндия) ұсынған[1].

Оқытудың бұл түрі пәндер немесе олардың жеке бөлімдері шет тілінде оқытылатын оқу жағдайларын сипаттады, осылайша екі мақсатты көздейді: оқу пәнін оқу және бір уақытта шет тілін үйрену.

Марш өз зерттеулерін жалғастырды және 2001 жылы әдістеменің мәні келесідей түсіндірілді: CLIL шет тілін үйренуді басқа пәндерді үйренудің құралы ретінде қарастырады, осылайша оқушының оқуына деген қажеттілігін қалыптастырады, бұл оған қарым-қатынас қабілеттерін, соның ішінде ана тілін қайта қарастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. (D. Marsh, B. Marsland & K. Stenberg, 2001).

Қазіргі қоғамдағы CLIL әдістемесі қазіргі заманғы адамды ұлтаралық және мәдениетаралық кеңістікте әлеуметтендіру мәселелеріне басымдық береді, ал екінші тілді меңгеру кәсіби білім мен мүмкіндіктерді кеңейту құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты тілдерді оқытудың жаңа білім беру технологиялары пайда болуда. Осындай технологиялардың бірі-CLIL пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту (ContentandLanguageI tegratedLearning).

Үлкен энциклопедиялық сөздік билингвизм деп түсініледі ("bi" (лат.)- қос және "lingua" - тіл), немесе екі тілді, екі тілді меңгеру тілдер бірдей дәрежеде.

Осыған байланысты қазіргі заманғы дереккөздерде бұл екі ұғым баламалы ретінде қолданылады. Бірақ арнайы әдебиеттерде әртүрлі нұсқалар немесе екі тілділіксорттар бар.

J. Bechert және W. Widgen өз жұмыстарында үш негізгі ұғым —«билингвизм», «диглоссия» және «тілдік байланыстар» атап көрсеткен. Олар екі тілділік ауыспалы деп санайды жеке адамның немесе жеке адамдар тобының екі тілді қолдануы және зерттелуде психоллингвистика және әлеуметтік лингвистика деп аталады.

А. Е. Карлинский тілдік өзара әрекеттесу теориясының ішінде екі тәуелсіз теория - тілдік байланыс теориясы және екі тілдіктеориясын айтады.

Ол тілдік байланыс теориясы бар деп санайды өзара әрекеттесетін екі тілішілік процестерді зерттеу және қос тілділік теориясы байланысты мәселелерді ашады тілдердің функционалдық қасиеттері олардың кім екеніне қарамастан пайдаланады.

Осылайша, тіл теориясының зерттеу пәні контактілер-тілдік жүйе, ал зерттеу пәні екі тілділік-анықтаушы болып табылатын байланыс[2].

Біздің жұмысымызда біз екі тілділік ұғымын қолданамыз американдық ғалымдар М. Сигуан және В. Ф. Макки. Олар бұл " екі тілді өзінен басқа адам деп атауға болады бірінші тіл, салыстырмалы түрде басқа тілде құзыретті және қабілетті ұқсас тиімділікпен кез - келген жағдайда тақырыптарды немесе олардың басқаларына " сенімді [Сластенин 2003].

Бұл жағдайда біз мінсіз немесе теңдестірілген дегенді білдіреміз екі тілділік, ал іс жүзінде мұндай екі тілділік жеткілікті сирек құбылыс.

Бұл ұғым толық емес, бірақ оны екі тілді адамда билингвизмнің даму деңгейін бағалауға қолдануға болады. Онда екі тілде тілдік жүйелер екеуіне бірдей иелік ету керек делінген. М. Сигуан мен В. Ф. Макки билингвизм туралы бірнеше сипаттамалық белгілерді атап көрсетеді.

Кейде біз әлсіз тілдің кері әсерін байқай аламыз басым. Екі тілді адамда интерференцияның көрінісі емес бұл оның тілдік жүйелерінің тәуелсіздігіне қарсы дәлел, керісінше, бөтен элемент байқалады, өйткені ол басқа элементтерден ерекшеленеді дұрыс құрастырылған сөйлем.

Әйтпесе интерференция байқалмас еді, өйткені екі жүйе бір жүйеге біріктірілген болар еді.

Екіншіден, билингваның көрінетін күш - жігерсіз тез өту қабілеті жағдайларға байланысты бір тілдік жүйеден екіншісіне, содан кейін тілдік жүйелердің ауысуы бар.

Сонымен қатар ауысу үздіксіз ауысуға айналуы мүмкін, бұл жиі кездеседі бұл сөйлеуді аудару қажет аудармашыларда кездеседі қатарынан немесе параллель шығыңқы.

Үшіншісі, екі тілде сөз тіркестерінің немесе мәтіннің тең мағыналарын аударуға қабілетті екі тілдік жүйеде.

Сонымен қатар, егер билингва сөйлей бастаса, содан кейін ол алдын-ала аудармасыз жалғастыра алады. Қос тілділікке тән төртінші қасиет объект болып табылады психология және психоллингвистика сияқты ғылымдарды қарастыру тіл мен ойлаудың өзара байланысы мәселесін зерттейді.

Екі тілді қабілет бір мағынаны бір тілден екінші тілге аудару ұсынылады ойды ресми сәйкестендіруге қарсы маңызды дәлел және қатаң ауызша емес мағынаның деңгейіне ие болу пайдасына тіл деңгейі. Әр түрлі тілдер тек жалпы ұғымдарды жеткізе алады, бірақ ішінара олар өздерінің мәндерін әкеледі, сондықтан сіз бәрін аударма аласыз, бірақ олай емес әрқашан бұл процесс қарапайым және ешқашан мінсіз болмайды.

Мысалы, математикалық мәтінді аудару өте оңай, өйткені мұнда жалпы ұғымдар басым және оларды екі тілде де оңай жеткізуге болады, бірақ егер көркем мәтіннің аудармасы туралы айту, мұнда жағдай басқаша. Бір тілдің екінші тілге азайтылмауы екі жақты сипатқа ие, бір жағынан, екі тілді адамның жүзеге асыра алмауы мінсіз аударма объективті себептермен түсіндіріледі, мысалы мәдениеттердегі айырмашылық[3].

Екінші жағынан, субъективті де қосылады жеке тұлғаның жеке тілдік тәжірибесінің нәтижесі сияқты себептер ол иелік етеді немесе жеке пайдалану кезінде алған тәжірибесі бар алынған тіл.

В. Ф. Ғабдулхаковтың пікірінше, билингвизм (билингвизм) болып табылады әр түрлі аспектілерді ашатын зерттеу объектісі, мысалы лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық, социологиялық және т. б.

Біздің зерттеуімізде біз Л. Л. Салехованың анықтамасын аламыз: "Екі тілді оқыту- бұл өзара байланысты қызмет жеке оқу процесінде оқытушы мен студенттер / оқушылар объектілерді немесе пәндік салаларды жергілікті және шетелдік құралдармен нәтижесінде белгілі бір құзыреттердің синтезіне қол жеткізілетін тілдер, шет тілдерін меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін және пәндік мазмұнды терең игеру".

Осылайша біз жасай аламыз дейді, екі тілді оқыту сонымен бірге қабылдау құралы болып табылады екі тілді білім беру және жеке тұлғаны қалыптастыру процестері сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуге ашық оқушы. Л. Л. Салехова екі тілді оқыту құрылымында мыналарды ажыратады "шет тілінде пәндік білімді оқыту" және "екі тілді оқыту".

"Шет тілінде пәндік білімді оқыту" туралы айтатын болсақ, ол бұл шет тілін құрал ретінде қолдануды білдіреді білім алушылардың пән бойынша білімдерін меңгеруі.

Ал "екі тілді оқыту" мыналарды қамтиды: Пәнді оқыту және оқушылардың пәндік білімді игеруі екеуінің өзара байланысты қолданылуына негізделген белгілі бір аймақ тілдерді білім беру қызметі құралы ретінде. Анықтаманың деректеріне сүйене отырып, біз бұл туралы қорытынды жасадық шет тілінде пәндік білімді көбірек дәрежеде оқыту "Даму" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес келеді[4].

2013-2020 жылдарға арналған білім берудің "Шет тілдерінде білім беру бағдарламаларының санын көбейту, бірінші кезекте ағылшын тілінде" басым бағыттарының бірі болып табылатын мектептер міндеттері болып табылады. Белгілі бір тілді меңгеру процесінде шет тілін оқыту екі тілді өзара байланысты қолдану арқылы пәндік білім және білім беру құралы ретінде шет тілін меңгеру қызметі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексашина И.Ю. Интегративный подход в естественно-научном образовании// Научный журнал «Академический вестник», 2019-выпуск 3(8)- С.20-30
2. Всесвятский, Б.В. Системный подход к биологическому образованию в средней школе / Б.В. Всесвятский. – М.: Просвещение, 2015
3. Максимова, В.К. Межпредметные связи в обучении биологии / В.К. Максимова, Н.В. Груздева. – М., 2017
4. Хохлов Н. Г. Интегрированная система обучения в высшей школе за рубежом. – М. : МАСИ, 2020. – 111 с.

ӘОЖ 574

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ

Қ.Б. Достанова, Н.И. Дуйсенова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Халықтың денсаулығы, оны сақтау мен нығайту әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік және экономикалық даму жүйелерінде ерекше маңызға ие болып келеді. Әсіресе соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының өте нашарлап кетуі мамандардың ерекше назарын аударып отыр. Бұл, ең алдымен, мектепте оқыту мен әскерде қызмет етуге әзірлеуде, кәсіби міндеттерді атқаруда, репродуктивтік мүмкіндікті қалыптастыру мен жүзеге асыруда, демографиялық көрсеткіштердің жағдайына және басқа да жайттарға жағымсыз әсер етуде.

Түйін сөздер: ДДСҰ, мектептік аурулар, тәуекел әсерлер.

Статистика көрсеткендей, соңғы жылдары Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер денсаулығының нашарлау үрдісі байқалуда.

Адам денсаулығына әсер ететін ықпал етуші күштердің арақатынасына тең: генетикалық факторлар–15–20%; қоршаған орта әсері–20–25 %; дәрігерлік көмек деңгейіне тәуелді–10–15 %; адамдардың тіршілік ету салты және жағдайы–50–55 % [1].

Халық сырқаттанушылығының құрылымы мынадай үлестерді қамтып отыр (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша): жұқпалы және паразит аурулар–3,0%, жүйке жүйесі аурулары–3,5%, көз бен оның қосалқы мүшелерінің аурулары–4,5%, қан айналымы жүйесінің аурулары–4,6%, тыныс алу мүшелерінің аурулары–41,8%, асқорыту мүшелерінің аурулары–6,8%, тері мен шел жасушасының аурулары–2,8%, сүйек бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тін аурулары–2,9%, несеп–жыныс жүйесінің аурулары–6,6%, жүктіліктің, босану мен туғаннан кейінгі кезеңнің асқынуы–2,6%, жарақаттар мен уланулар–6,5%, басқалар–9,4%.

Жасөспірім шақ балалықтан ересек өмірге өтудің өтпелі кезеңі ретінде сипатталады, сол себепті де зерттеушілер жыныстық жетілу кезеңі саналатын 14–16 жас аралығындағы оқушылардың саулығына көп көңіл бөлуде. Жасөспірімдер ағзасының жеке физиологиялық ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы олардың білім игеруге қабілеттілігінен көрініс тауып, заманауи мектептің мәселелерімен, соның ішінде оқу үдерісін компьютерлендіру мәселесімен байланыстырылады. Соңғы жылдары педагогтар «мектептік аурулар» деген терминді қолданып жүр, ал дәрігерлер қазіргі мектептегі білім беруді жасөспірімдер денсаулығының нашарлауының басты себебі деп танып отыр және осы жағдайды оқыту үдерісіндегі инновациялық технологиялардың қолданылуымен

байланыстырады. Әдебиеттік дереккөздер бойынша, статистикалық тұрғыдан дәлелденіп отырғандай, әр бесінші жасөспірімнің 14 жасқа қарай көруі нашарлап, әр сегізіншісінің дене сымбаты бұзыла бастайды, ал әр үшінші жасөспірімде тыныс алу жолдарының ауруы пайда болады.

Қалыпты дене сымбаты жасөспірімнің денсаулығы мен үйлесімді дене дамуының көрсеткіші саналады. Оның бұзылуының бірінші белгілері көп жағдайда байқалмай қалады, сондықтан балалар ортопед дәрігерге омыртқа бағанының коррекцияға өте қиын бағынатын, елеулі өзгерістеріне байланысты тап болып жатады. Мектеп оқушыларының арасында салауатты өмір салты туралы әңгімелер жүргізу мен жасөспірімдердің дұрыс дене сымбатын қалыптастыру бойынша заманауи алдын алу шаралары сколиоз мәселесінің аса маңыздылығына негізделіп отыр [2].

Соңғы жылдары балалардың арасында офтальмопатологиялардың артуы байқалуда. Балалардың ауруға шалдығу көрсеткішімен бірге олардағы көрмеуге қатысты мүгедектік мәселесі де қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттай отырып, ең өзектілердің бірі болып қалып отыр. Көздің патологиясы балалар арасындағы бірінші реттік мүгедектіктің құрылымында 5-ші орын алады. Асқынған миопия мен туа біткен катаракта негізгі нозологиялар болып табылады. Әсіресе балалар алыстан көрмеу ауруымен жиі ауырады.

Медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының, жергілікті атқарушы биліктің бірлескен қарқынды әрекетінің және барлық халықтың белсенді қатысуының көмегімен ғана балалардағы көру мүшелерінің ауруларын төмендетуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Соңғы жылдары жасөспірімдер мен жастар арасында етек жайған шылым шегу мен нашақорлық мәселесі әлемнің барлық елдері үшін ең өзекті болып табылады және ерекше айта кетерлік жайт, жастардың есірткіні қолдану жағдайлары көп елдердің, соның ішінде Қазақстан Республикасы үкіметінің де алаңдаушылығын тудыруда.

Жасөспірімдер мен жастар арасында шылым шегу мен есірткіні қолданудың тез таралуы, оны қалай да болса табуға итермелейтін есірткіге деген тәуелділіктің артуы, адамды рухани және физикалық тұрғыдан құлдырауға ұшырататын жағдай, мөлшерлемені арттыруға деген құлшыныс – осының бәрі ерекше дабыл қақтыруда.

Биологиялық тұрғыдан қарастырғанда, балалар мен жасөспірімдердің ағзасы өсу сатысында, яғни дамудың аяқталмаған кезеңінде болады. 17 жасқа дейінгі уақытта онда қуатты морфофункционалдық қалыптасулар жүріп жатады, осыдан ағзаның жағымсыз әсерлердің ықпалына деген сезімталдығы артады. Оған қоса осы жас кезеңінде әлеуметтік әсерлердің біртұтас кешенінің (мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, кәсіби білім, еңбек әрекеті) ықпалы мен бір-бірін алмастыруы қатар жүріп жатады. Ересектердің көпшілігі үшін байқалмайтын немесе елеусіз саналатын сәл ғана қарқындылық әсерінің өзі дамып келе жатқан ағзаға елеулі ықпал етіп, оның бейімделгіштік мүмкіндіктерінің төмендеуіне, морфофункционалдық ауытқуларға соқтыруы, оның алдағы даму үрдістеріне ықпалын тигізуі мүмкін.

Ресми статистиканың деректері бойынша республикада балалардың жалпы ауруға шалдығуы (100 мың халыққа есептегендегі тіркелген аурулардың саны) 1,2 еседей артқан. Соның ішінде балалардағы жүйке ауруларына шалдығу деңгейі республика бойынша 2011 жылы 100 мың адамға 3191,1 оқиғаны құраған. Қазақстан аумағын 5 жасқа дейінгі балалардағы неврологиялық аурулар бойынша аудандастыру көрсеткендей, ең төменгі деңгей Атырау (13,4 оқиға), Ақтөбе (22,7 оқиға), Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген. Бұл облыстар 5 жасқа дейінгі балалар арасында жүйке ауруларының таралуы бойынша саулығы анағұрлым жоғары саналады. Неврологиялық аурулардың орташа деңгейіне Алматы, Қызылорда, Қостанай облыстары жатады, мұнда ол 1000 балаға шаққанда 42,8-ден 49,3-ке дейінгі ретті құрайды. Көрініп тұрғандай, неврологиялық аурулардың жоғары және өте жоғары деңгейлерін экологиялық және әлеуметтік факторлармен байланыстыруға, яғни

химиялық әсерлердің баланың ағзасына түсіретін нақты жүктемесімен түсіндіруге болады[3].

Қазіргі жағдайда балалар денсаулығының күрт нашарлауы баршаға белгілі жайт. Шартты түрде балалардың 40%–ға жуығын ғана дені сау деп бағалауға болады. Жылына 10–12 млн адам туберкулезге шалдығады. Соңғы 2 жылда ересектердің арасында ауруға ұшырау 26%–ға, ал балаларда 25%–ға артқан.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша жасөспірімдік кезең–бұл 10 жас пен 19 жас аралығы. Жасөспірімдік кезең адамның қалыптасып, дамуында ерекше орын алады. Ағзаның морфофункционалдық дамуы жалғаса береді, осыған қатысты жасөспірім ағзасының орта әсерлерінің әрекетіне деген жоғары сезімталдығы пайда болады.

Бұл кезеңде ағзаның қызмет атқарушы жүйелерінің сандық және сапалық үрдістерімен сипатталатын биологиялық доминант және жасөспірімдердің ересек қоғамға ауысуына қатысы бар әлеуметтік доминанттар ерекше маңызға ие болады.

Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығының қалыптасуы–ғылым мен қоғамның тарапынан көп назар аударуды қажет ететін, көп тізбектен тұратын қиын үдеріс. Ағзаның өсуі мен дамуының шиеленісті кезеңдерінің бірі саналатын осы жасөспірімдік кезеңде қыздардың репродуктивтік денсаулығының бұзылу қаупі көбейеді.

Жасөспірімдердің арасында жасанды түсік жасатудың саны арта түсті. Жасөспірімдік жүктіліктің 60%–ға жуығы түсік жасаумен аяқталады. Қазақстанда түсік жасатудың саны дамыған елдердегі осы көрсеткішпен салыстырғандағыдан әлдеқайда жоғары, 1000 жасөспірімге 39,7 тең. Барлық түсік жасатулардың 11%–ы жасөспірімдердің үлесіне тиесілі.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы тарап бара жатқан, толғандырып отырған мәселелерінің бірі – тіс шірігі (кариес). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) көрсеткіштері бойынша, бүкіл әлемдегі мектеп жасындағы балаларда 60–90% және ересектерінде 100% тіс шірігі бар.

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің арасында тіс шірігінің 2013 жылғы таралу көрсеткіші мынадай болды: Атырауда–99,66%, Шығыс Қазақстанда–92,3%, Оңтүстік Қазақстанда–98%, Батыс Қазақстанда–59%, Ақтобеде–90,1%, Қарағандыда–97,6%, Жамбылда–98,7%, Павлодарда–98,6%, Қостанайда–98%, Қызылордада–93%, Ақмолада–99,8%, Солтүстік Қазақстанда – 96%, Манғыстауда – 99%, Алматы қаласында – 89%, Астана қаласында–90%, Алматы облысында–71% .

«Қазақстан–2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде «Ұлт денсаулығы–**табысты болашағымыздың негізі**» деп анықталды, ал аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын қалыптастыру оның басты құрамдас бөлігі болып табылады. Елбасы атап көрсеткендей, біз балалар денсаулығын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін енгізу мәселесін толықтай ойластыруымыз қажет.

16 жасқа дейінгі барлық баланы медициналық қызмет көрсетудің толық жиынтығымен қамту қажет.

Мектеп ұзақ уақыт бойы еліміздегі барлық балалар мен жасөспірімдерге білім беру мен тәрбиелеудің қоғамдық жүйесі болып келеді. Мектепте оқыту жеке тұлғаны қалыптастыру мен оған білім берудің ғана кезеңі саналмай, оқушының денсаулығын қалыптастыруға да бағытталуы тиіс. Мектепте оқу мерзімі балалар мен жасөспірімдердің ортаның қолайлы және қолайсыз ықпалдарына анағұрлым сезімтал болатын шағы саналатын, өсу мен дамудың қарқынды кезеңдерімен тұспалдас келеді. Осылайша мектептік кезең балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы қалыптасатын ең маңызды кезеңі болып табылады. Осы кезеңде аурулардың дамуы мен тұқымқуалаушылықтың детерминделген бейімділігінің сай келу қаупі, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен дамуының бұзылу жағдайы пайда болудың дәрігерлік–әлеуметтік қаупі де анық көрініс табады.

Оқыту кезеңінде денсаулық жағдайының оқу жүктемесіне сезімталдығы өте жоғары. Мектеп кезеңіндегі тәуекел әсерлері үздіксіз, жүйелі және ұзақ мерзімді; тіпті олардың ең мардымсыз әсерінің өзі жинақталу қабілетіне ие. Оқу үдерісін қате ұйымдастыру салдарынан денсаулыққа зардабы қоса жүретін мектептік дезадаптация қалыптасады[4].

«Мектептік ауруларды» сараптаудың нәтижесі бойынша мынадай шешімге келуге болады: оқушылар денсаулығының нашарлауына ең көп үлес қосатын–созылмалы психоэмоционалды оқу күйзелістері. Олардың басты себептері: оқу мотивациясының төмендігі, оқудағы үлгермеушіліктер, шектен тыс ақпараттық жүктемелер, қателесуден қорқуы, өте үлкен жауапкершілікті сезінуі, еркін қозғалысқа деген табиғи қажеттіліктің шектелуі және т.б.

Бүгінгі күні білім беру мекемесінің денсаулықты сақтауға бағытталған жұмысының басты бағыты: оқыту–тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруда денсаулықты сақтауға бағытталған жағдайлардың толық кешенін (күн тәртібін, тамақтандыруды, мектеп кестесін, оқушының қозғалыс белсендігін және т.б. оңтайландыру бойынша гигиеналық іс-шаралар) табу және жүзеге асыру; балалардың өзін салауатты өмір салтына, денсаулықты сақтау мәдениетіне үйрету арқылы денсаулықты сақтау мәселелерін шешу; оқушылардың жеке-типологиялық когнитивтік ерекшеліктеріне сай келетін сабақ берудің тәсілдерін іздестіру мен апробациялау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Джексенбиева А.М. Распространенность неврологических заболеваний среди детского населения Республики Казахстан // Вестник КазНМУ.–2013.–№1.–С: 58–59.

2.Тажиева К.Н., Шим В.Р., Мамбетова И.З, Джурунова К.С. Анализ показателей эффективности деятельности по организации и контролю борьбы с туберкулезом и выполнение плана туберкулинодиагностики по ГП №11, Г. Алматы // Вестник КазНМУ.–2014.–№2(2).–С: 458.

3.Вахитова Г.А. Формирование здоровьесберегающих технологий у детей подросткового возраста в условиях негосударственного образовательного учреждения. Автореф. канд. дис. Уфа, 2007, С:3.

4.Аканов А.А., Рахманов Б.Д. Ассоциация специалистов здорового образа жизни как новое направление реализации задач стратегии развития Казахстана до 2030 года // Пробл.и персп.формир. ЗОЖ: Мат.форума (1съезда) специалистов ЗОЖ–Алматы, 17–18.10.2002 г.–С: 14–15.

ӘОЖ 574

БИОЛОГИЯДАН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОРЫ МЕН ҚОЛДАН ӨСІРУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Ж.К. Дуйсенбаева, Н.И. Дуйсенова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Тұйықталған сумен қамтамасыз етілген қондырғысы балық шаруашылығында суды қайта қолдану арқылы балықтарды қолдан өсіруде қолданылатын технология. Бұл технология механикалық және биологиялық сүзгіштер қолдану арқылы жүзеге асады.

Түйін сөздер. ТСЖК, рециркуляция процесі,дегазация, аэрация және тазалау

ТСЖҚ-да балықтардың әр түрлі түрлері өсіріледі. ТСЖҚ технологиясы әр шаруашылықта да қолданады: жылына бірнеше тонн балық өсіретін үлкен шаруашылықтарда да, түрді сақтауға арналған шағын шаруашылықтарда да қолдана береді. Рециркуляция процесі балық фермерлеріне балықтарға арналған оптималды жағдайды қадағалауға мүмкіндік береді. Судың температурасы, оттегі мөлшері және күн сәулесінің түсуі балықтардың оптималды тіршілік етуіне байланысты тексеріліп отырады. Осындай жағдайлардың жақсы болуы мен әрдайым қадағалап отыруынан балықтардың ерте жетіліп, дене мөлшерінің ұлғаюына әкеледі. ТСЖҚ-да аурудың таралуы төмен, себебі әрдайым шектелген су пайдаланылады. Табиғи жағдайда судың ластануы мен ондағы аурулар балықтарды тез арада жұқтырған болар еді.

Бекіре балықтарының денсаулықтарын сақтау және көбею үшін қолайлы болу үшін суды әрдайым тазалап отыру қажет. Бекіре балықтары орналасқан бассейндегі су механикалық сүзгішке сорылып келеді, содан су тазарып, биологиялық сүзгішке келіп құяды, одан кейін тазаланған су оттегімен қанып, көмірқышқыл газы шығарылады да, қайта балықтар орналасқан бассейнге келіп құяды. Бұл рециркуляцияның ең негізгі қағидасы. Бұл жүйеге басқа элементтер қосуға болады, мысалы, оксигенация таза оттегінің пайдалануымен, ультрафиолеттік сәуле немесе озон арқылы тазалау, рН деңгейінің автоматты реттелуі, жылу алмасу, денитрификация жүйесі және т.б [1].

Бекіре балықтары күніне бірнеше рет тамақтанады. Азық желінеді, қорытылады да зат алмасуға қатысады. Желбезектерге оттегі келіп, көмірқышқыл газы мен аммиак қалдық ретінде шығарылады. Қорытылмаған ас экскремент күйінде сыртқа шығады. Көмірқышқыл газы (CO_2) және аммиак (NH_3) желбезек арқылы шығарылады. Бассейнде балық қалдықтары пайда болады.

ТСЖҚ компоненттері:

- Балық өсіретін бассейндер;
- Механикалық сүзгіш;
- Биологиялық сүзгіш;
- Дегазация, аэрация және тазалау;
- Оксигенация;
- Ультрафиолеттік сәуле арқылы тазалау;
- Озон;
- рН деңгейінің реттелуі;
- Жылу алмасу;
- Насостар;
- Мониторинг, бақылау;
- Ағып келетін су.

Балықтың түріне қарай әр түрлі бассейндер пішіні қолданылады. Бекіре балықтары жыртқыш, әрі тез қозғалғыш болғандықтан оларды дөңгелек бассейнде сақтайды.

Механикалық сүзгіш. Механикалық сүзгіде балықтардан шыққан қалдықтарды тазалайды. Қазіргі заманғы ТСЖҚ-да «микроелекттерді» пайдаланады. Оның сыртын мөлшері 40-100 микронсүзгіш мата қапталады. Микроелектің көп қолданылатын түрі барабандық сүзгіш.

Барабандық сүзгіштің қызметі: 1. Қалдықтары бар су барабанға келеді. 2. Су барабанның элементтері арқылы тазаланады. Оның күші іштегі су мен сырттағы судың деңгейінің әр түрлі болуында. 3. Қатты қалдықтар сүзіліп, қайта сүзілу орнына келеді. 4. Шаймалы сұйықтық құйылатын құрылғыда су шашырайды. Органикалық қалдық сүзгіш элементтерден қалдық жиналатын орынға жиналады. 5. Қоқыстар судан тазарады.

Биологиялық сүзгіш. Механикалық сүзгіш қалдықтардан тазартқанымен, судың құрамында азот, фосфат сияқты органикалық қалдық қалып қояды. Соны тазалау үшін биологиялық сүзгіш қолданады. Фосфат инертті зат, ол усыз, бірақ азот бос аммиак күйінде өте уытты, оны биосүзгіште уытсыз нитратқа айналдыру қажет. Органикалық заттардың ыдырауы биологиялық үдеріс және ол биосүзгіштегі бактериялар көмегімен жүзеге асады.

Гетеротрофты бактериялар оттегіні пайдаланып, көмірқышқыл газын шығарып, органикалық заттарды тотықтырады. Нитрификациялық бактериялар аммиакты нитритқа, содан соң нитратқа айналдырады.

Биосүзгіштің нәтижелілігі мына факторларға байланысты:

1. Жүйедегі судың температурасына;
2. Жүйедегі судың рН деңгейіне.

Нитрификацияның жылдамдығы судың температурасы мен рН байланысты. Су температурасы 10-35°C (оптимальді 30°C), рН деңгейі 7 немесе 8 болуы қажет. Судың температурасы негізінен балық түріне байланысты келеді. Бекіре балықтары үшін 10-15°C сақталады. рН төмен болған сайын биосүзгіштің нәтижесі де төмен болады, сондықтан оны үнемі 7-ден жоғары ұстап тұру қажет. Басқа жағынан, рН жоғары деңгейде болуы аммиактың жоғарлауына да әкеледі. Бұл қарама-қарсы міндеттердің арасына тепе-теңдік табу қажет. Сол үшін рН 7-7,5 аралығында ұстауға тырысады.

Су тазартқыш жүйеде рН мағынасы:

1. CO₂ газы, балықтар мен биосүзгіштегі биологиялық активтер арқасында шыққан газ;

2. нитрификация арқасында пайда болған қышқыл.

CO₂ газынан судың аэрациясы арқылы тазартылады. Балықтар аммиак пен аммоний қосылған зат бөледі, соның ішінде аммиак көп болады.

Биосүзгіштер пластмассалық жабдықпен қапталады, оның бетінде бактериялар өседі. Бұл бактериялар жұқа пленка болып жатады. Суды сүзген кезде, бактериялы пленка судың құрамындағы аммиакты нитратқа айналдырып, залалсыздандырады. Қалдықтар сыртқа шығарылады.

Аэрация, дегазация және тазалау. Судың бассейнге бармас бұрын судың құрамындағы газды алып тастау керек. Бұл дегазация процесі аэрация немесе тазалау арқылы жүзеге асады. Биосүзгіштен өткен судың құрамында көмірқышқыл газы, биосүзгіштен қалған бактериялар, бос азот болады. Су құрамындағы көмірқышқыл газы мен бос азот балықтың өсуіне кері әсерін тигізеді. Анаэробты жағдайда, әсіресе, теңіз суында, күкіртті сутек пайда болады. Бұл газ балыққа өте қауіпті. Тіпті, аз концентрация күйінде балықты өлтіреді. Аэрация суға ауа жіберу арқылы жүзеге асады. Ауа көпіршіктері мен судың турбулентті кездесуінен су құрамындағы газдар кетеді [2].

Кесте 1. Тұйықталған сумен жабдықтау қондырғысында балық өндіруді жүргізу кестесі

Іс-шара	Жұмыс жүргізу сипаттамасы
Тамақтандыру	Балықтың түрі мен көлемі-салмағына қарай күнделікті өткізіледі
Бассейнді тазалау	Әр тамақтандыру алдында жүргізеді. Бассейнде санитарлы режимді сақтап отыру керек. Экскременттер мен желінбеген азықтар алынады.
Сұрыптау	Шабактарды саудаға шығаратын бассейнге көшіретін кезде жүргізіледі
Салмақты өлшеу	10 күнде 1 рет өлшенеді. Соған сәйкес берілетін жемінде өлшеп отырады.
Тәуліктік тағам мөлшерін есептеу	Тағам мөлшерін есептеу формула бойынша есептеледі: $C = P \times A \times n / 100$, С- тәуліктік тағам мөлшері, Р- балықтың орташа массасы, А- тәуліктік норма, % балық массасынан, n- бассейндегі балықтар саны, дана.

Жүйедегі суды ауыстыру	Күнде судың 5% ауыстырып отыру қажет
Судың негізгі параметрлерін өлшеу	Күнделікті өлшеулер жүргізіледі: - судың температурасы, °С - судың құрамындағы еріген оттегінің мөлшері, мг/л - рН Алынған көрсеткіштер гидрохимиялық параметрлері жазылған арнайы журналға тіркеп отырады.
Балықтардың мөлшері мен азайғаны жайында есеп	Күнделікті өлген балықтардың есебі жазылып отырады.

ТСЖҚ-да жасалатын күнделікті жұмыс уақыты мынадай:

6:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру, өлген балықтардың есебі.

8:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

9:00 - судың негізгі көрсеткіштерін алу:

- температура
- еріген оттегінің мөлшері

гидрохимиялық анализ жасау:

- NO₂
- NO₃

10:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

12:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

14:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру, судың негізгі көрсеткіштерін алу: температура, еріген оттегінің мөлшері.

16:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

17:00 - гидрохимиялық анализ жасау:

- NO₂
- NO₃

18:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру, өлген балықтардың есебі.

20:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру, судың негізгі көрсеткіштерін алу: температура, еріген оттегінің мөлшері.

22:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

24:00 - бассейнді экскременттерден және азық қалдықтарынан тазалау, балықты тамақтандыру.

ТСЖҚ жабдықтарын жабдықтаумен балық өсіруші документтерді ауысымдық қызметкерге береді. 24:30-дан кейін балық өсіру цехында жарықты сөндіру қажет, балықтардың жағдайын түнгі уақытта әр сағат сайын қаралып отырады.

Бекіре шаруашылығында өнім беретін табынның болуы аса маңызды. Бұл, біріншіден, өндіретін, ұрпақ қалдыратын материалдың болуы, екіншіден, балық шаруашылығының негізгі мақсаттарының бірі таза генофондтың сақталуына әкеледі. Бекірені қолдан өсіру бұл шаралар жиынтығы. Себебі, соның арқасында балық мөлшері табиғи жағдайға қарағанда көп болады.

Тәжірибелі балық фермерлердің қатысуымен бекіре балықтардың өндіруші табынын таңдауы 3 кезеңге бөлінеді:

1. Бірінші кезең. Бастапқы инспекция. Балықтардың сыртқы жарақаты мен дене бөлшектерінің зақымданған жерлері болса, оларды қабылдамайды.

2. Екінші кезең. Клиникалық. Ауру белгілерін анықтайды: дененің сыртқы қабығының түсінің өзгеруі, бұлшық еттерінің жағдайы, желбезек некрозы.

3. Үшінші кезең. Балықтардың жасын анықтайды.

Осы кезеңдер арқылы өндіруші табын анықталып, оларды арнайы фермаларға кеме арқылы әкеледі. Бекіре балықтары жыныстық жағынан кеш жетіледі. Жыныстық жағынан жетілдірудің әдіс-тәсілдері бар. Олар: физиологиялық әдіс және гипофиздік инъекция. Бұл әдістер бекіре балықтарындағы гонадотропты гормонды активтендіреді. Бұл гормон жыныстық жағынан жетілдіреді. Гипофиздік инъекция зарарсыз сперма мен уылдырықтың тез жетілуіне әкеледі.

Инъекция жасамас бұрын, гипофиз ұнтағын физиологиялық сұйықтықпен (65 мг NaCl × 100 мл дистилденген су) араластырады. Алынған суспензияны шприц арқылы арқа бұлшық етіне енгізеді. Бұл әдісті қолдану үшін балық IV саты жетілуі қажет. Бұнымен қоса, соңғы жылдары сурфагон қолданып жүр. Бұл зат гипофизден гонадотропты гормонның бөлінуін тездетеді.

Бекіре балықтардан уылдырықтар алудың бір тәсілі - жұмыртқа жолын тілу болып келеді. Бұл тәсіл аналықтардың жансыздануынан сақтайды. Аналық балықты арнайы көлбеу тұрған үстелге басын жоғары қаратып, сүйеп қояды. Алғашында уылдырықты аналық жолдан сүзіп алады. Содан соң, уылдырық шашуы тоқтатылған соң, генитальді тесік арқылы скальпель енгізеді де каудальді бөліктің қабырғасын тіледі. Жұмыртқа жолы тілінген соң уылдырықтың генитальді тесікке келуі қайталанатын. Уылдырық бос ағып шыққанша дейін оны аналық жолдан сүзіп отырады. Болған соң балықтың басын жоғары көтерген дұрыс. Бұдан уылдырықтың 80-90% алынады. Содан соң, 1 сағат өткен соң тілімдемей уылдырықты алуға болады. Уылдырық алынып болған соң, балықты жібереді. Сол кезде балық қозғалып кете береді. Кей жағдайда ол бір қапталға жатып қалады да, желбезектері арқылы демалып жатады. Бірақ, біраз уақыттан кейін балық өз қалпына келеді. Қалып қойған уылдырық екі-үш тәулікте шыға бастайды.

Алынған уылдырық санын білу үшін, 1 г уылдырық санын санайды. Содан соң алынған уылдырық массасына қарай санын анықтайды.

Бірнеше аталықтардан ұрықтанушы спермалар алынады. Олардың қозғалысын микроскоп арқылы 5 баллды шкаламен анықтайды.

Бекіре балықтарын ұрықтандыруда 3 әдіс бар. Олар: «кұрғақ», «орта құрғақ», «дымқыл». Көп жағдайда «орта құрғақ» әдісті пайдаланады. Уылдырығы бар ыдысқа сперма, суды араластырады. 1 кг уылдырыққа 10 см³ сперма алынады. Сперманы сумен 200 рет ажыратады. Ұрықтану процесі шашыраңқы жарықта жүргізеді. Уылдырықты 3 минут араластырып болған соң, сперманы сумен бірге төгеді. Артық сперманы алу үшін уылдырықты сумен шайады.

Ұрықтанудан кейін, жасуша бөлінуінен соң уылдырық кілегейлі қасиетке ие болады. Кілегейден ажырату үшін саз, балшықтар қолданады. 1 кг уылдырыққа 4 л су мен 0,5 л балшық қажет. Ажыратқан соң уылдырықтарды инкубациялық аппараттарға орналастырады. Инкубациялық кезең дегеніміз ұрықтанған уылдырықтан эмбрионның даму үдерісі. Инкубация үдерісінің ең басты міндеті - ұрықтың дамуына ең қолайлы жағдай жасалынуы. Уылдырық инкубациясы «Осетр» аппаратында жүзеге асады:

1. Аппараттағы су шығынын реттеу;
2. Уылдырықтың laidан тазалануы;
3. Уылдырықты өлген уылдырықтардан тазартуы.

Инкубация кезінде күн сәулесінің тіке түсуі қауіпті, сондықтан оны таңертен шашыраңқы жарықта жүргізеді. Бұл кезде судың параметрлері ескеріледі:

-рН 7,5-8,0 көп, 6,5 аз болмауы керек;

-тотығу 5-15 мг О₂/л көп болмауы керек;

-еріген О₂ 6-8 мг/л төмен болмауы керек.

Бұл жағдайда личинкалар тамақтандырылмайды. Бұл олардың тыныштық күйі. Тамақтану күйге көшкен кезде ғана оларды бассейндерге көшіреді. Активті тамақтану, яғни личинкалар өздері қозғалып жүріп азықты іздеуге кіріседі. Тірі азық ретінде артемии, дафния, науплий, олигохеттар қолданады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Альпейсов Ш.А., Сисенгалиева Г.Ж., Камелов А.К.Современное состояние рыбных ресурсов Урало-Каспийского бассейна и перспективы их освоения. Рыбохозяйственные исследования в Республике Казахстан: история и современное состояние//сборник научных трудов. Алматы:Бастау.- 2005. - С: 65, 206-211

2.Лавровский В.В. Жизнь рыб и их разведение. - М: изд-во «Колос»,1966. - 117с.

3.Мудатов С.М., Курманов Б.А. О размножении экологических групп рыб в водоемах Западно-Казахстанской области // Межрегиональная научно-практическая конференция «К истокам Европейской культуры» Уральск 1997-80-81стр

ӘОЖ 574

КВАНТОРИУМДАР ЖЕЛІСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІНІҢ ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫНДА STEAM- БІЛІМ БЕРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Ж.О. Оңғалиева, Э.У.Сагиндыкова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі әлемде болып жатыр әсер ететін технологиялық революция адамдардың өмірінің барлық салалары, соның ішінде білім. Инновациялық технологияларды енгізу, жоғары жылдамдықты ақпарат ағындары, ғылыми ашылулар қоғамның өміріне әсер етеді, оны өзгертеді.

Түйін сөздер: робототехника, бағдарламалау, 3D модельдеу,кванториум.

Қазіргі әлемде адамдардың өмірінің барлық салаларына, соның ішінде білімге әсер ететін технологиялық революция жүріп жатыр. Инновациялық технологияларды енгізу, ақпараттың жоғары жылдамдықты ағындары, ғылыми жаңалықтар қоғам өміріне әсер етіп, оны өзгертеді.

Бұл қалыптасқан білімнің, әдістердің өзектілігін жоғалтуына әкеледі, ал олардың орнына ғылым мен білімді алға жылжыта отырып, қоғамның жаңа сұраныстарына жауап бере алатын басқалар келеді.

Қазіргі заманның ең сұранысқа ие мамандықтары IT-мамандар, инженерлер, бағдарламашылар, нанотехнология саласындағы инженерлер болды. Осы кәсіптердегі адамдар шешетін мәселелердің көпшілігі жан-жақты, пәнаралық сипатқа ие, бұл тек жоғары білімнің ғана емес, сонымен қатар жалпы орта білімнің мазмұнын өзгертуді талап етеді.

Осы күнге дейін қолданылып жүрген аясы тар монопәндік білім беру ортасы осы проблемаларды көруге, оларды шешу жолдарын белгілеуге және еңсеру жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруға дайын және қабілеті бар жалпы білім беру ұйымының түлегін тиісті дәрежеде дайындауға мүмкіндік бермейді.

Осылайша, қазіргі заманғы жаратылыстану - ғылыми білім берудің мазмұнына, ең алдымен, орта жалпы білім беретін мектепте оқу пәндерінің мазмұнын кең пәнаралық интеграциялау, биология, физика, химия пәндері бойынша білім беру процесін әр түрлі

деңгейдегі және аспектідегі кешенді, пәнаралық мәселелерге негізделген ішкі және пәнаралық байланыстарды орнату бағытында ұйымдық трансформациялау міндеті тұр.

Болашақ мамандары әртүрлі пәндік салалардан жан-жақты дайындық пен білімді қажет етеді. Пәнаралық интеграция, мысалы, ақпараттық технологиялардың өзара ықпалынан тұратын конвергенцияның NBIC саласында, Еуразиялық ғалымдар одағы биотехнология, нанотехнология және когнитивтік ғылымның жаңа тенденциялары аясында ерекше өзекті болып отыр.

Термин бұл атауды облыстардың бірінші әріптері бойынша алды: N-нано; B-био; I-инфо; C-когно. Оның авторлары-Михаил Роко мен Уильям Бейнбридж, бұл өзара әрекеттесуді алғаш рет 2002 жылы сипаттаған. Ғылымдар жеке – жеке дамығанымен, бір мақсатты көздейді-білім мен технологияның дамуын қамтамасыз ететін технологияларды дамыту. Қазіргі уақытта олардың ең дамыған бөлігі – басқа қызмет салаларының дамуына мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникативтік технологиялар [3]. Білім беру саласында бұл технологиялар "мұғалім-оқушы" жүйесіндегі біліммен жұмыс істеудің дәстүрлі нысандарын басқаларға, ең алдымен, білім алушылардың интернеттен және бұқаралық ақпарат құралдарынан қажетті ақпаратты өз бетінше іздеумен, жеке тұлғаның ішкі жоспарынан табылған ақпаратты өңдеумен және оны ішінара иемденумен, түсіндірумен және ұсынумен байланысты басым, толықтырушы және алмастырушы болады.

Коронавирустық пандемия жағдайында дамыған әр түрлі цифрлық платформаларда қашықтықтан оқыту форматтары білімнің пәндік өрісін бұлдыратып, оны дәстүрлі түрде жаратылыстану ғылымдары мектебінде оқудан шығарып, оған жаңа сапалық және сандық сипаттамалар, вариация және жеке бағдар берді.

